

**“МӘДЕНИ МҰРА”  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ  
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ  
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ**

---

Құл-Мұхаммед М. А., бас редактор  
Тәжин М. М. бас редактордың орынбасары  
Нұрғазин Н. М. жауапты хатшы  
Әбділдин Ж. М.  
Әбусейітова М. Қ.  
Әуезов М. М.  
Байпақов К. М.  
Бұрханов К. Н.  
Ертісбаев Е. Қ.  
Зиманов С. З.  
Кекілбаев Ә.  
Қасқабасов С. А.  
Магауин М. М.  
Мәмбейев С. А.  
Нұрпейісов Ә. Қ.  
Нысанбаев Ә. Н.  
Рахмадиев Е. Р.  
Сұлтанов Қ. С.  
Сүлейменов О. О.  
Тасмагамбетов И. Н.  
Хұсайынов К. Ш.

**ББК 63. 2  
Қ 18**

“МӘДЕНИ МҰРА”  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ  
ШЫҒЫСТАНУ СЕКЦИЯСЫ:

**Әбусейітова М. Қ.** (төрайым),  
**Муминов Э. Қ.** (төрайымның орынбасары),  
**Медерова Д. Е.** (жауапты хатшы)  
**Еженханұлы Б., Базылхан Н., Нұрманова А. Ш.**

*Қытай деректемелерін аударған, түсіндірмелері мен  
ескертулерін жазған Ж. Ошан, Б. Еженханұлы*

**Фылыми редакторы М. Қ. Әбусейітова**

© Ж. Ошан, Б. Еженханұлы, аудармалар мен түсіндірмелер, 2006  
ISBN 9965-798-61-3 © “Дайк-Пресс” баспасы, 2006

## **Kіріспе**

«Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. V том. Әuletтік тарихи жылнамалар. 3-бөлім» кітабы — «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Шығыстану секциясы жоспарлаған бес томдық «Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері» сериясының бесінші томы.

Бұл томда Қытайдың ерте заманда құрастырылған әйгілі тарихи шығармасы «Ресми жылнама төрт патшалық тарихы» атты жылнамаларда сақталған түркі-монгол тілдес елдер туралы деректемелер жинақталып, көне қытай тілінен қазіргі қазақ тіліне аударылып, оларға тарихи-деректеметану түргысынанғыны түсіндірмелер берілді. Бұл томдагы деректемелер мыналар:

- 1) «Ляоши», 30-цзюань, «Тяньцзо патшаның өмірбаянына қосымша: Батыс Ляо (Қарақытай) мемлекетінің тарихы»
- 2) «Юаньши», 1-цзюань, Патшалар шежіресі I, «Тайцзу»
- 3) «Юаньши», 2-цзюань, Патшалар шежіресі II, «Тайцзун»
- 4) «Юаньши», 2-цзюань, Патшалар шежіресі II, «Динцзун»
- 5) «Юаньши», 3-цзюань, Патшалар шежіресі III, «Сянъцзун»
- 6) «Юаньши», 117-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны IV, «Шучи»
- 7) «Юаньши», 118-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны V, «Тэ Сюечань»
- 8) «Юаньши», 119-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны V, «Алаусы тицзихули»
- 9) «Юаньши», 120-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны VII, «Чжабаэрхочжаның өмірбаяны»

- 10) «Юаньши», 120-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны VII, «Шучитайдың өмірбаяны»
- 11) «Юаньши», 120-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны VII, «Чжэнхайдайдың өмірбаяны»
- 12) «Юаньши», 120-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны VII, «Хэсымайдидің өмірбаяны»
- 13) «Юаньши», 121-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны VIII, «Субутайдың өмірбаяны»
- 14) «Юаньши», 121-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны VIII, «Чаосының өмірбаяны»
- 15) «Юаньши», 122-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны IX, «Ба-эршу-а-эртә дәңзиньнің өмірбаяны»
- 16) «Юаньши», 122-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны IX, «Хасананың өмірбаяны»
- 17) «Юаньши», 124-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны XI, «Тататунаның өмірбаяны»
- 18) «Юаньши», 128-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны XV, «Тутуханың өмірбаяны»
- 19) «Юаньши», 130-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны XVII, «Бухумудың өмірбаяны»
- 20) «Юаньши», 149-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны XX-XIV, «Го Баоюйдің өмірбаяны»
- 21) «Юаньши» 63-цзюань, шежіре XV, География VI, «Солтүстік Батыс аймақтардың географиясы туралы қосымша мәліметтер».

Бұл деректемелер уақыт көрсеткіші жағынан XII ғасырдың басынан бастап XIV ғасырға дейінгі аралықты қамтиды. Осы уақыт ішіндегі ең елеулі оқига Еуразия даласында, соның ішінде ұлы қытай қорғанының батысы мен солтүстігіндегі көшпендердің алтын бесігі саналатын аумақта жауынгер түркі тайпаларының тарих сахнасынан біртінделеп ығысып, олардың орнына неше ғасыр бойына түркі халықтардың билігіне көніп, ұзақ замандар бойына олармен тығызы этно-саяси байланыстарға түскен, бұл орайда түркілердің мәдениеті мен ұлттық болмыстарын өз бойына терең сіңіріп келген моңгор тайпаларының билікке қол созу оқигасы болды. Бұл үрдіс шын мәнінде қидандардың Қытайда тарих сахнасынан орын

алу оқиғасымен басталды. 907 жылды Қытай жеріндегі Тан империясы империяның саяси өмірінде орын алған түрлі қайшылықтардың асқынуынан ақыр соңында біржолата құрыды. 907 жылдан 960 жылға дейінгі аралықта Орталық Қытай аймағында Соңғы Лян (907–923 жж.), Соңғы Тан (923–936 жж.), Соңғы Цзинь (936–947 жж.), Соңғы Хань (947–950 жж.), Соңғы Чжоу (951–960 жж.) деген бес әulet өмірге келді. Осы аталған әuletтердің ішіндегі Соңғы Тан әuletін Шато түркітерінен шыққан Ли Цуньсюй, Соңғы Хань әuletін Шато түркітерінің тарғы бір өкілі Лю Чжиюань, ал Соңғы Цзинь әuletін түркі халықтарының Ши Цзинтан есімді өкілі құрды.

Дәл сол 907 жылды Ляохә дариясының бойын қоныстанған монголтекті қидан тайпаларының көсемі Елюй Абаоцзи қидан тайпаларын біріктіріп, Җидань (Қидан) мемлекетінің құрылған дыбын жариялады. Қидандар 947 жылды Солтүстік Қытай жеріндегі түркіекті Ши Цзинтан құрган соңғы Цзинь (Хоуцзин) мемлекетін қиратты да, мемлекетті Ұлы Ляо мемлекеті деп атады. Осыған дейін қидандар Монголияда қоныстанған түркі-монгол тайпаларына бірнеше мәрте жорық жасап, Алтай тауларының күнгей бетіне, тіпті Жонғарияға дейін барып, ондағы елді «тарту-таралғылар әкеп тұруға» немесе «бүйрігін тыңдауға мәжбүр етіп қайтқан» еді. Дегенмен, 1125 жылды Манжүрия тарапынан келген манжүр тектес шұршіттердің қидандарға жасаған тегеурінді соққысы қидандардың Солтүстік Қытай жеріндегі билігін біржолата күйретті. Алайда осыдан біраз бұрын қидандардың Елюй Даши есімді ханзадасы шұршіттердің тұтқынынан аман қашып құтылған еді. Ол әуелі Монголияда біраз уақыт болып, ондағы бұрынғы өзіне тәуелді болған түркі-монгол көшпенделері есебінен өз күшін едәуір толықтырып алды, артынша Алтайдың күнгей бетіне, одан Тарбағатай тауының күнгейіндегі Еміл бойына, одан соң Жетісуга көшіп келіп, осы барыста өкіметін құрып, мемлекетін «Си Ляо» деп атады. Қарақытай мемлекеті деп аталған мемлекет осы еді. Содан бастап бұл хандықтың туы 1211 жылға дейін құламай, ақыры Найман хандығының соңғы мұрагері Күшліктің қолынан қирады. Бас-аяғы 88 жыл өмір сүрген бұл хандықты мұсылман деректемелерінде «Қарақытай хандығы», қытай деректемелерінде «Батыс Ляо мемлекеті» деп атайды.

Монголиядагы жағдайға келсек, IX ғасырдың орта шенінде Енесей бойын мекен еткен қыргыздар Үйгыр қағанатының ішкі саяси өмірінде етек алған алауыздықтарға байланысты туындаған бұлғақты пайдаланып, Үйгыр қағанатының шаңырағын ортасына түсіріп, халқын жан-жакқа бостырып, тоздырып жіберген еді. Асылы, қыргыздар түркі жұрттының заңды мұрагері ретінде Монголияда билік орнатуға тиіс еді, дегенмен олар онда тұрақтап тұра бергеннің орнына, көп өтпей өздерінің атажұрттына қарай жылжып кетті. Осы ораїда Монголияның қиыр шығысында қоныстанып келген монгол тайпалары ата-бабаларынан бері қарай мекендейген тайгалардан шығып, жайылымдық аймақтарға қарай жылжи бастады. Шамамен, IX ғасырдың соңғы жартысы мен тұтас X ғасырдың өн бойында монгол тайпалары Керлен, Онон, Тогла өзендерінің басына қарай келіп, сол маңдағы көшпенді түркі үйгыр, теле тайпаларымен тоғысып жатты. Бұл монголдар тіл, салт-сана, дүниетаным, шаруашылық пен тұрмыстық қам-қарекетінің барлық салаларында түркілерден үлгі ала бастады. Былайғы жерде осындаі өн бойы түркі өркениетіне дең қойған монгол үрпақтары күнбатыста үш өзеннің басынан күншығыс жақта Бүйүркөлге дейінгі ұлан-ғайыр дала-да көшіп-қонып жүрді. Уақыт өте келе олар Монголиядагы елеулі этно-саяси күшке айнала бастады.

X ғасырдан XII ғасырдың соңына дейінгі уақыт ішінде ұлы далада монголдардан басқа да түркі-монгол текті этностық топтар бой қөрсетіп келді. Олардың қатарында есімі Түркі қағанаты заманынан бері мәшіүр болып келген татарлар да болды. Олар бұл дәуірде Құлұн көлі мен Бүйүркөлдің маңында көшіп-қонып жүрді. Орхон мен Селенгенің аралығын меркіттер, Орхон мен Тогланың аралығын керейлер, Ханхайдан Алтайдың батысына дейінгі аймақта наймандар, Онон өзенінің бойында жалайырлар, Қалқа өзені бойында қоныраттар, Қытай қорғанының терістік жағында оңғыттар отырды, ал Байкалдың төрт тәңірегіндегі тайгада аң аулауды кәсіп еткен түрлі халықтар қоныстанып жүрді. Бұл этностар мен этно-саяси бірлестіктердің кейбірінің аты бұрыннан мәлім болса, кейбірінің этномимдері бұған дейін онша әйгілі болмай келді немесе бұл этномимдерге олар кейін келе ие болды. Тарихи деректемелерден белгілі болғанында, осы уақыт ішінде татарлар, монголдар, меркіттер, керейлер мен наймандар осылардың

бәрі де дала билгін қолына алу мақсатында түрлі саяси, әскери қам-қарекеттер жасағаны анық. Осы тарыстар Темүжін бастаған монголдардың Монголияда жеңіске жетуіне байланысты аяқталды. Содан байлайғы жерде тұтас Монголия мен Алтайды мекендер келген көшпенді түркі-монголдар бір тудың астына топтаса бастады. Этностиқ монголдардың Монголияда жеңіске жетуімен ондағы монголдардың түріктенуі біржола тоқталып, Монголиядағы түркі тайпаларының монголдану дәуірі басталды. Керісінше, Орта Азия мен Қазақстанга келген монголдардың жекелеген топтары баз баяғысынша түркі қауымына сіңісп кетіп жатты.

### **Томға енгізілген деректемелер туралы қысқаша мәлімет**

«Ляоши», авторы Тото(Toqto). Оның шыққан тегі меркіт, 1314 жылы туылып, 1355 жылы дүниеден өткен. Әкесінің аты Мачжаэртай (Мажартай?). Кішкентай кезінен бастап әкесінің інісі Бајан деген адамның қолында өсіп, сол кісіден тәрбие алған. Кейін келе Юань патшалығында мемлекет аппаратында түрлі маңызды міндеттерді атқарып, елдің саяси өмірінде өзіндік орны бар тарихи тұлға болды. 1341 жылы «юшәнсян» лауазымына ие болды. Кейін Сун, Ляо, Цзинь әулеттері тарихын құрастыруға жауапты болды. Осы Тотоның тікелей басшылығында «Ляоши» кітабы 1343 жылдың мамыр айынан 1344 жылдың наурыз айы аралығында жазылып болды. Жиыны 116 цзюань болған кітапта Монголия мен Алтайдағы және Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі халықтардың сол дәуірдегі тарихына қатысты құнды деректер топтастырылған.

Осы томға біз «Ляоши», 30-цзюань, «Тяньцзо патшаның өмірбаянына қосымша: «Батыс Ляо (Қарақытай) мемлекетінің тарихы» деген, бар болғаны 1376 иероглифтен тұратын деректемені аударып енгіздік. Хатталған мазмұндарында бірқатар керегар жайттар мен кінәрраттардың болғанына қарамастан, бұл деректеме осы салада еңбек етіп келе жатқан әлем ғалымдары тарапынан Қарақытай (Батыс Ляо) мемлекеті тарихын зерттеудегі ең өзекті тарихи деректеме ретінде танылып, бұдан өзге деректемелердің барлығы қосымша деректемелер саналып келеді. «Силяо ши

мо» атты бұл деректемеде Қарақытай мемлекетінің саяси тарихы жазылған деуге болады. Яғни, аталмыш мемлекеттің құрушысы Елюй-Даши мен оның мұрагерлерінің генаологиясы мен оған қатысты жыл қөрсеткіштері, ел өмірінде орын алған елеулі саяси және әскери оқиғаларға қатысты мазмұндар толық сақталған. Атап айтар болсақ, деректемеде Елюй Даши қатарлы бес билеушінің (оның екеуі әйел, бірі Дашидің жұбайы, енді бірі қызы, олар хандықтың екінші және төртінші буын билеушісі болған) хандыққа билік еткен дәүірдегі ірі саяси оқиғалар баяндалған, сонымен бірге аталмыш билеушілердің жарлықтарының үзінділері сақталып қалған. Шын мәнінде, Қарақытай хандығының саяси тарихы осы деректеменің негізінде ғана жазылып келеді. Соңдықтан, деректеме отан тарихының аталмыш дәүірін зерттеуде аса құнды мәлімет саналады. Сонымен, деректеменің осында маңыздылығы мен уақыт қөрсеткіш жағынан сәйкестігін ескере отырып, біз томдағы № 1 деректеме ретінде «Ляоши», 30-цзюань, «Тяньцзо патшаның өміробаянына қосымша: Батыс Ляо (Қарақытай) мемлекетінің тарихы» атты деректемені аударып бердік. Аталмыш деректеменің аргы қайнары туралы бізге ешқандай мәлімет жетпеген. Дегенмен, қытай деректеметанушыларының пікіріне қараганда, бұл деректеме Найман ханы Қүшліктің орда тарихшысының қолынан әкетілуі әбден ықтимал. Қытай деректеметанушыларының айтуынша, бұл монгол шапқыншылары Баласағұн қаласын басып алған кезде болса керек. Біздің аудармамыз 1976 жылы Қытайдың «Чжун хуа шу цзой» баспасының нұсқаларды салыстыру және мәтінта-нулық талдау жасау арқылы шығарған «Ляо ши» кітабының жаңа нұсқасына сүйене отырып жасалды.

Томда екінші топтағы деректемелер қатарында Қытайдың Монгол-Юань әулеті заманындағы әулет тарихы болған «Юаньши» кітабында сақталып келген, ұлттымыздың төл тарихына қатысты ең басты деректемелер бар.

«Юаньши» кітабының авторы — Сун Лянъ. Еңбек жалпы жиыны 210 цзюаньнан тұрады. 1368 жылы Юань патшалығының соңғы кезіндегі монгол билеушілерінің қатыгез билігінен запы болған этностық қытай шаруалары көтерілісінің жетістіктерін шебер пайдалана білген Чжу Юаньжчан деген адам монголдарды қытай жерінен қуып шығып, өзін Орталық Қытай аймағының кезекті пат-

шасымын деп жариялайды. Таққа отыра салысымен Юань патшалығының тарихын құрастыруға кірісіп, тарихшыларға өткен патшалықтың тарихын дереу жазып шығуға бүйірді. Нәтижесінде 143 күннің ішінде осынау алып еңбек құрастырылып кітап болып шыгады. Ғылыми құндылығы жағынан аталмыш дәуір тарихын зерттеудегі маңдаіалды тарихи мәліметтер топтамасы саналатын бұл еңбекте ұлттымыздың тарихына қатысты аса құнды деректемелер сақталған. Томның көлемі мен бағдарламаның орындалу уақытының тырыздығы сияқты себептерге байланысты біз ұлттымыз тарихының аталмыш дәуірін зерттеуге ең керекті делінген жекелеген деректемелерді енгіздік. Аударма «Юаньши» кітабының 1976 жылы Қытайдың «Чжун хуа шу цзюй» баспасы шығарған нұсқасы негізінде жасалды.

№ 2 деректеме, яғни 1-цзюань, Патшалар шежіресі I «Тайцзу». Бұл деректеме Шыңғыс хан шежіресі іспетті, онда монгол тайпаларының тарихы, Шыңғыс ханның ата-бабасына қатысты аңыздар, сонымен бірге жалайыр, қоңырат, найман, меркіт, керей, оңғыт сияқты қазақ халқының этностық тегіне тікелей қатысты ерте заманғы түркі-монгол тайпалары туралы аса құнды деректер бар. Сол дәуірде жазылған монголдық және мұсылман деректемелерінен кем түспейтін бұл деректеме күні бүгінге дейін әлемнің көптеген тілдеріне аударылған.

№ 3 деректемеде Ұлы Монгол ұлысына Үгедей қаған билік еткен дәуірдегі Қазақстан тарихына қатысты аса құнды мәліметтер бар.

№ 4 деректеме, яғни «Юаньши», 2-цзюань, Патшалар шежіресі II, «Динцзун» — Күйік хан шежіресі болып табылады. Онда Ұлы Монгол ұлысының қаған тағына Күйік хан отырғаннан кейінгі және соған дейінгі, одан кейінгі аралықтағы ел өміріне қатысты елеулі оқиғалар баяндалған. Деректемеде Монголиядагы ұлы орда-да, Шағатай және Үгедей ордаларында, Жошы Ұлысында болып өткен елеулі саяси оқиғалар мен әскери жорықтарға қатысты аса құнды деректер сақталған.

№ 5 деректеме, яғни «Юаньши», 3-цзюань, Патшалар шежіресі III, «Сяньцзун» — Мөңке (Möŋke) немесе Менгу ханның шежіресі. Онда Ұлы Монгол ұлысының қаған тағына Мөңке хан отырған жылдардағы Еуразия даласында орын алған елеулі оқиғалар жазылған.

№ 6 деректеме, ягни «Юаньши», 117-дзюань, жекетүлғалар өмірбаяны IV, «Шучи» Алтын Орда хандығының негізін құрган Шыңғыс ханның тұңғыш ұлы Жошыға арналған.

«Юаньши», 118-дзюань, жекетүлғалар өмірбаяны V, «Тә Сюэчань» деп аталған № 7 деректемеде қазақ халқының этностиң қалыптасуына негіз болған байырғы руладың бірі қоңыраттардың тарихына қатысты маңызды деректер жазылған.

№ 8 деректеме, ягни «Юаньши», 119-дзюань, жекетүлғалар өмірбаяны V, «А-ла-у-сы тицзихули» — қытай қорганы маңында қоныстанған байырғы түркі тайпаларының бірі болған онғыттардың билеушісінің өмірбаяны туралы.

№ 9 деректеме, ягни «Юаньши», 120-дзюань, жекетүлғалар өмірбаяны VII, «Чжабаэрхочжаның өмірбаяны» Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі қожалардың тарихына қатысты. Онда сол дәуірдегі қожалардың көрнекті өкілдерінің бірі Чжабаэрхочжаның өмірбаяны туралы деректер бар.

«Юаньши», 120-дзюань, жекетүлғалар өмірбаяны VII, «Шучитайдың өмірбаяны» деп аталған № 10 деректемеде монголдардың меркіттерді, наймандар мен керейлерді, одан әрі Қазақстан мен Орта Азияны жауап алудың қатысты қосымша мәліметтер көзделеседі.

«Юаньши», 120-дзюань, жекетүлғалар өмірбаяны VII, «Чжэнъхайдың өмірбаяны» деп аталған № 11 деректемеде Шыңғыс ханға ерте берілген нояндардың бірі Чжэнъхайдың өмірбаяны берілуімен қоса сол дәуірге қатысты тарихымыздан мәліметтер беретін бірталаі деректер сақталған.

№ 12 деректемеде қазақ халқының этностиң негіздерінің бірі саналатын қаңлы, қыпшақ, асу тайпаларының тарихына қатысты деректермен бірге орыс және басқа да халықтарға қатысты деректер де сақталған.

№ 13 деректеме, ягни «Юаньши», 121-дзюань, жекетүлғалар өмірбаяны VII, «Субутайдың өмірбаяны» Шыңғыс ханның әйгілі қолбасшыларының бірі болған Субутайдың өмірін баяндауга арналған. Онда монголдардың Қазақстан мен Орта Азияны, Персияны, Еуропаны жауап алу оқиғалары сөз болады.

№ 14 деректеме, ягни «Юаньши», 121-дзюань, жекетүлғалар өмірбаяны VIII, «Чаосының өмірбаяны» Найман билеушісі Күшліктің үрпақтары туралы, олардың Юань мемлекеті өміріндегі атқарған рөлі туралы құнды деректер береді.

№ 15 деректеме, ягни «Юаньши», 122-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны IX, «Ба-эршу-а-эртә дәңзиниң өмірбаяны». Бұл деректемеде монгол шапқыншылығына дейінгі және одан кейінгі Бесбалықтағы Ұйғыр Ідүқ-құты Ба-эршу-а-эртә дәңзиниң өміріне қатысты деректер бар. Монгол шапқыншылығынан ығыстап Орта Азия мен қазіргі Шыңжаң жеріне қарай көшкен меркіттер мен наймандар туралы және монгол шапқыншылығына дейінгі кезде Жетісудағы елеулі этностардың бірі болған қарлұқтар туралы мәліметтер берілген.

№ 16 деректеме Хасана есімді адамның өмірбаянынан сыр шертеді. Ең құндысы – деректемеде осыған дейін Қазақстан жерін мекендей келген Аэрхунь тайпасы туралы мәліметтер кездеседі.

«Юаньши», 124-цзюань, жекетұлғалар өмірбаяны XI, «Тататунаның өмірбаяны» деп аталған № 17 деректемеде Найман абызы Тататунаның жеке өміріне қатысты, сонымен бірге Найман ұлысының саяси, мәдени өмірі туралы аса құнды мәліметтер бар.

№ 18 деректеме, ягни «Юаньши», 128-цзюань, жекетұлғалар өмірбаяны XV, «Тутуханың өмірбаяны» қыпшақтардың Еділ мен Жайық бойына қоныстанған тайпаларының өткен-кеткен тарихы туралы баяндайды.

№ 19 деректеме, ягни «Юаньши», 130-цзюань, жекетұлғалар өмірбаяны XVII, «Бухумудың өмірбаяны» қаңлы тайпасынан шыққан Бухуму есімді адамның өмірбаянын сөз етумен қоса онда қаңлылар мен керей ұлысының тарихи байланыстарына қатысты деректер бар.

№ 20 деректеме, ягни «Юаньши», 149-цзюань, жекетұлғалар өмірбаяны XXXIV, «Го Баоюйдің өмірбаяны» Шыңғыс ханының Го Баоюй есімді этностық қытай ноянының өмірбаянын негіз ете отырып, монголдардың Орта Азия мен Қазақстан жерін жаулап алу барысына қатысты кейбір құнды деректерді ұсынады.

«Юаньши» («Юань патшалығының тарихы»), 63-цзюань, шежіре XV, География VI, «Солтустік-батыс аймақтардың географиясы туралы қосымша мәліметтер» деген тақырыппен берілген № 21 деректемеде XIII–XIV-ғасырлар арасындағы Қазақстан мен Орта Азияның тарихи географиясы туралы аса құнды деректер бар.

Ескерте кетерлік бір жайт, біздің «Ляоши» мен «Юаньши» кітаптарынан таңдап алған бұл үзінділеріміз сол замандағы тарихымызға қатысты деректемелердің шағын бір бөлігі ғана. Кітаптың көлемі мен бағдарламаны орындау уақытының тырыздығына байланысты, көпшілік қауымға ұсынуға болатын бірқатар құнды деректемелерді бұл жолы толығырақ қамтуудың сәті түспеді. Алдағы уақыттарда бұл жолдағы еңбекімізді жалғастырып, тарихымызға қатысты деректемелерді тауып жинау және аударып жариялау ісін ілгері бастыра береміз деп сенеміз.

Томда ілгеріде аталған әрбір деректеменің аудармасы алдында тәржімешінің деректеме туралы жалпы сипаттамасы, зерттелу тарихы туралы шолуы, сондай-ақ мәтіндең есім, жер-су атауларына, тарихи оқиғаларға қатысты егжей-тегжейлі ғылыми түсіндірмелері беріліп отырды.

**«Ляоши», 30-цзюань,  
«Тяньцзо патшаның өмірбаянына қосымша:  
Батыс Ляо (Қарақытай) мемлекетінің тарихы»**

«辽史»卷30 «天祚本纪. 西辽始末»  
译注

**Аударма және түсіндірмелер**

**М**онгол тілдес қидан ұлтының Солтүстік Қытай жерінде құрган Ляо патшалығы (907—1125 жж.) құлаған шақта, сол патшалықтың билеуші Елюй әулетінің шонжары Елюй Даши аман қалған бір топ әулет мүшелерін бастап, алдымен солтүстік-батысқа, яғни қазіргі Монгол даласына қарай шегініп барып, өзі бастап жүрген қидандарды үйіткі күш ету негізінде сондағы түрік-монгол тайпаларын маңайына топтастырды. Қүш жинап алған соң, одан әрі батысқа қарай ат басын бұрып келіп, елін қазіргі Жетісу және Шу өңірлеріне қоныстандырыды да, өзін-өзі «гурхан» деп атап, хандық туын көтерді — бұл 1124 жылды болған оқиға еді. Содан бастап бұл хандықтың туы 1211 жылға дейін құламай, ақыры Найман хандығының соңғы мұрагері Күшліктің қолынан қиаратылған. Бас-аяғы 88 жыл өмір сүрген бұл хандықты мұсылман деректемелерінде «Қарақытай хандығы», қытай деректемелерінде «Батыс Ляо мемлекеті» деп атайды. Бұл хандық туралы қытай деректемелері ішіндеңі ең құндысы әрі көлемді-

реті — «Ляоши» кітабының 30-цзюанындағы «Тяньцзо патшаның өмірбаяны» деп аталатын тараудың қосымша материалы ретінде сақталған «Батыс Ляо (Қарақытай) мемлекетінің тарихы».

Аталмыш деректеме сақталған «Ляоши» кітабы 1344 жылы Юань патшасының бүйіркімен құрастырылған. Деректеме 1376 иероглифтен құралған, негізгі мазмұны — Қарақытай хандығының (деректемеде бұл хандықты «Си Ляо», яғни «Батыс Ляо» деп атайды) жалпы саяси тарихы. Онда хандықтың Елюй Дашиден бастап есептегендегі бес билеушісінің (ішінде екеуі әйел, яғни Дашидің жұбайы мен қызы хандықтың екінші және төртінші буын билеушісі болған) кезіндегі ірі саяси оқиғалар баяндалған, сондай-ақ сол билеушілердің жазған біраз жарлықтарының үзінділері сақталып қалған. Шындығына келсек, Қарақытай хандығының саяси тарихының қаңқасы осы деректеменің негізінде ғана құрастырылған.

Аталмыш деректеменің аргы қайнары туралы бізге ешқандай мәлімет жетпеген. Дегенмен, қытай деректеметанушыларының пікіріне сүйенсек, бұл деректеме наймандардың ханы Күшліктің орда тарихшысының қолынан әкетілуі әбден ықтимал. Бұл, қытай деректеметанушыларының айтуынша, монгол шапқыншылары Баласағұн қаласын басып алған кезде іске асса керек<sup>1</sup>.

Біздің тәмемдегі аудармамыз 1976 жылы Қытайдың «Чжунхуа шу цзюй» баспасының нұсқаларды салыстыру және мәтінта-нулық талдау жасау арқылы шығарған «Ляоши» кітабының жаңа нұсқасына сүйене отырып жасалды.

\*\*\*

Елюй Дашиді<sup>2</sup> жұрт «Батыс Ляо» деп те атаған<sup>3</sup>. Дашидің есейгенде қойылған аты<sup>4</sup> — Чундэ<sup>5</sup>. Тайцзу патшаның<sup>6</sup> сегізінші үрпағы. Ол қидан жазуы мен қытай жазуын қоса менгерген, атқа мықты, садақ атуға шебер. Тяньцин<sup>7</sup> жылнамасының 5-жылғы патшалық емтиханында ол үзиньши<sup>8</sup> атағын алғып, ханълинь инфән<sup>9</sup> лауазымына ие болған. Кейін келе чэнчжи<sup>10</sup> лауазымына көтерілген. Ляо [патшалықтар] ханълиньді<sup>11</sup> линь-я<sup>12</sup> деп атайды. Сондықтан, ол Даши линь-я деп те аталған. Содан соң ол Тайчжоу<sup>13</sup> және Сянчжоу<sup>14</sup> қатарлы екі чжоудың<sup>15</sup> қышисі<sup>16</sup> [садан соң], Ляосинъцзюнь<sup>17</sup> армиясының үзедушисі<sup>18</sup> болған.

Баода<sup>19</sup> жылнамасының екінші жылы Цзиннің<sup>20</sup> армиясы күн сайын жақындалап, ал Тяньцзо патша босып кеткен шақта<sup>21</sup>, Даши уәзірлерімен бірлесе отырып, Циньцзинъван [Елюй] Чуньді патша тағына отырғызады<sup>22</sup>. Чунь қайтыс болған соң, жұрт оның әйелі Сяо Дәфәйдің<sup>23</sup> мәртебесін «патша анасы» деп көтеріп, сол арқылы Яньді<sup>24</sup> сақтап қалмақ болған. Цзинь армиясы [Яньге] жеткенде, Сяо Дәфәй Тяньцзога қашып барады. Ашуға булықкан Тяньцзо [Сяо] Дәфәйдің басын кесті және Дашиді кінәлап, оған: «мен әлі тірімін ғой! Чуньді патша тағына отырғызуға сенің қалайша батылың барды?» деді. Сонда Даши былай деп жауап беріпті: «Алдияр! Сіз барша елдің күш-қуатын өз алақанызызға ұстай отырып, жауымызға бір рет болса да тойтарыс жасай алмадыңыз, керісінше елді тастап, шалғайға безіп кеттіңіз де, өзініздің қара халқынызды азаптозаққа қалдырыңыз. Чунь сияқты он адамды таққа отырғызақта, олардың барлығы да Тайцзу патшаның үрпағы ғой. Басқаларды панаалаудан гөрі олардың таққа отырғандары артық емес пе?» Не айтарын білмей қалған [Тяньцзо] патша Дашиге арақ-шарап пен тағамдар сыйлайды да оның кінәсін кешіреді.

Өзінің қаупті жағдайда екендігін сезген Даши Сяо Июе<sup>25</sup> мен По Лиқоны<sup>26</sup> өлтіріп, өзін-өзі «ван»<sup>27</sup> деп жариялады, 200 атты әскерді бастап түн жамыла қашып кетеді. Олар солтустікке қарай үш тәулік жүріп барып, Хәйшүйді<sup>28</sup> кесіп өтіп, ақ татарлардың<sup>29</sup> сянвәні<sup>30</sup> Чуангүэрмен<sup>31</sup> кездесті. Чуангүэр 400 жылқы, 20 түйе және біршама қойларды [Дашиге] тарту етті. Соңан соң олар батысқа қарай жүріп Кәдунь қаласына<sup>32</sup> жетті де, Бәйтін дұхуфуда бекінді<sup>33</sup>. [Сол жерде Елюй Даши] Вәйву<sup>34</sup>, Чундэ<sup>35</sup>, Хуәйфань<sup>36</sup>, Синь<sup>37</sup>, Далинь<sup>38</sup>, Цзыхә<sup>39</sup> және То<sup>40</sup> қатарлы 7 чжоудың<sup>41</sup> [билиеушілері] мен үлкен сары шивәй<sup>42</sup>, дила<sup>43</sup>, қоңырат<sup>44</sup>, джаджи-рат<sup>45</sup>, еси<sup>46</sup>, бигудә<sup>47</sup>, нила<sup>48</sup>, далагуай<sup>49</sup>, дамили<sup>50</sup>, меркіт<sup>51</sup>, хәчжу<sup>52</sup>, вугули<sup>53</sup>, үзубу<sup>54</sup>, пусувань<sup>55</sup>, тангут<sup>56</sup>, хумусы<sup>57</sup>, сидә<sup>58</sup> және үзюәрби<sup>59</sup> қатарлы 18 тайпаның вандары<sup>60</sup> мен халықтарын жинап, оларға мынадай жарлық түсіреді: «Менің ата-бабам барлық қыыншылықтарды жеңе отырып, мемлекет құрғанынан бері 9 үрпақ, 200 жыл болыпты. Цзиньдіктер<sup>61</sup>, асылы, біздің боданымыз еді. Сөйті тұра, олар біздің мемлекетімізге шапқыншылық жасап, халқымызды қырып, қалаларымызды қирагтты. Сол себептен, жат жерде босып, тозып жүрген біздің Тяньцзо патшамыз күні-түні уайым-

қайғыга бөленинде. Мен болсам, міне, әділетті арқалай отырып, батысқа қарай ат басымды бұрып отырмын. [Менің мақсатым — ] өзге елдердің күш-қуатын пайдалану арқылы ата жауымды жойып, өз елімнің бұрынғы иеленген жерлерін қайтарып алсам деймін. Осыған байланысты мен сіздерден мына бір жайтты білгім келеді: сіздерде де осындай мемлекетімізді қадірлеп, патша әuletінің мұңын мұңдап, бірлесе отырып патша ағзамды құтқарып, халқымызды қызыншылықтан шығарсақ деген ниет бар ма екен?». Сөйтіп ол қол астына 10000-нан астам сұрыпталған әскери жинағы. Содан соң ол қолбасшы-шенеуніктерін тағайындаған, әскери бөлімшелерді құрып, әскерлерді қажетті қару-жарақпен қамсыздандырыды.

Келесі жылдың «цзя у» күні<sup>62</sup> көк тайынша мен ақбоз атты құрбандыққа шалып, тәнір мен жер ананың, сондай-ақ ата-бабалардың аруағына бағыштап аза білдіргенмен соң әскерлерін бастап, батысқа қарай аттанды. Сонда ол алдымен үйғырлардың ханы Білгеге<sup>63</sup> хат жолдап мынаны айтқан: «Бұрын, біздің Тайцзу патшамыз солтүстікке жорық жасап, Бугухань қаласын<sup>64</sup> басып өткен шақта<sup>65</sup>, Ганьчжоуга<sup>66</sup> елші жіберіп, сенің Умучжу<sup>67</sup> есімді бабаңа былай деп жарлық түсірген: «Егер сіз ежелгі атамекенізді сағынсаныз, мен ол жерді сізге қайтарып алып берейін. Ал егер сіз ол жерге қайта алмаймын десеңіз, онда мен ол жерді өзіме қаратып аламын. Ол жер менікі болған күннің өзінде оны сіз өз құзырымда деп есептей беруінізге болады». Сонда сенің бабаң өз алғысын айтумен қоса «мемлекетіміз осында көшіп келgelі оншақты үрпақ өтті, жауынгерлеріміз бен қарапайым халықтарымыздың барлығы осы топыраққа үйреніп, көше беруді ауырсынады. Сондықтан, [ежелгі көне жүртқа] қайтып бара алмаймыз» дегенді білдірген-ді. Осы бір тарихи оқиғадан біз екі ел арасындағы тату-тәтті қарым-қатынастың бір таңда-ақ орнатыла салмағандығын білуімізге болады. Қазір мен міне батыстағы Дашиге<sup>68</sup> бару үшін сенің жерінді басып өтпекпін. Менің осы жорығыма сенің күмәнің болмағай». Хатты алғаннан кейін Білге дереу Дашиді өзінің хан сарайына бастап апарып, үш күн бойы салтанатты қонақасы береді. Содан соң Даши әрі қарай аттанарда Білге Дашиге 600 жылқы, 100 түйе және 3000 қой сыйлады. Сонымен қоса ол өз үрпақтарын Дашиге ақ үйлі аманатқа беретіндігін білдіріп, Дашиді өз елінің шекара-сына дейін шығарып салды. [Даши бастаған жорықшылар] өткен

жерлердегі қарсыласқандардың барлығын жеңіп, барлық бағынгандардың көңілін тыныштандырды. Жорық 10 000 лиге<sup>69</sup> жалғасып, бірнеше елді бағындырды және сансыз түйе, жылқы, сиыр және қоймен қоса да мұліктөрді қолға түсірді. Армияның күш-қуаты күн сайын өсіп, арыны күн сайын еселеніп тұрды.

Сөйтіп, [Даши бастаған жорықшылар] Самарқанд<sup>70</sup> жеріне жетті. Сонда Сиойдегі<sup>71</sup> елдер 100 000 әскер жинап, [қолбасшысы] «Хуэршань»<sup>72</sup> деп аталған олар [Даши бастаған жорықшыларға] тойтарыс бермек болып қарсы шықты. Екі жақтың арақашықтығы шамамен, 2 лидей-ақ қалды. Сонда Даши өз жауынгерлеріне былай деді: «жау жақтың адам саны көп болғанымен, соғыс тәсілдерінен жүрдай көрінеді. Шабуыл жасасақ, олардың алдыңғы шебі мен артқы шебі бір-біріне көмектесе алмай қалатын түрі бар. Біздің армиямыз женіске сезсіз қол жеткізеді». Сөйтіп, ол «лю-юаньсы да-ван»<sup>73</sup> лауазымды Сао Волила<sup>74</sup> мен «чжаотаофуши»<sup>75</sup> лауазымды Елюй Суньшаньғе<sup>76</sup> 2 500 жасақ бастап, жаудың оң қанатынан, «шумилюаньфуши»<sup>77</sup> лауазымды Сяо Ла-абу<sup>78</sup> мен «чжаотаоши»<sup>79</sup> лауазымды Елюй Чжусоеге<sup>80</sup> 2 500 жасақ бастап, жаудың сол қанатынан, ал өзі [қалған] қалың қолды бастап жаудың қарсы алдынан шабуыл жасауды үйғарды. [Даши армиясының] үш қанаты түгелдей шабуыл жасап еді, Хуэршань ойсырай жеңіліп, өлтірлгендерінің мәйіттері ондаған лиге созылған жерде шашылып қалды. Содан соң Дашидің армиясы Самарқандта 90 күн бекінді. Хуэйхуэй мемлекеттінің елбасы<sup>81</sup> бағынып келіп, өз жерінде ерекше саналатын бүйімдарды [Дашиге] тарту етті.

Содан кейін әрі батысқа қарай Ҷиәрманығе<sup>82</sup> жеткенде, шенеуніктер мен қолбасшылар Дашиді ресми түрде патша етіп жариялады. Даши «цзячэн» жылы<sup>83</sup> 2-айдың 5-күні патша тағына отырған. Бұл кездे Даши 38 жаста еді. Ол «гурхан»<sup>84</sup> аталды. Сонымен қоса оған қытайша «Тянью патша»<sup>85</sup> деген құрмет титулы қойылды да, [Ляо патшалығының (?)] жылнамасының атауы «янъчин»<sup>86</sup> деп өзгерілді. Содан соң ол өзінің дүниеден өткен атасына «Сы-юань патша»<sup>87</sup>, әжесіне «Сюань-и ханшайым»<sup>88</sup> деген атақты, соңдай-ақ өзінің тегі Сяо деп аталатын бәйбішесіне «Чжао-дә ханшайымы»<sup>89</sup> деген атақты берді. Сөйтіп, ол барша қолбасшылары мен шенеуніктеріне былай деді: «Мен<sup>90</sup> сіздермен бірге 30 000 ли<sup>91</sup> жол жүріп, арасында шөл даланы кешіп, қыыншылық пен жапаны күндіз де,

түнде де көріп шықтым. Бұғінгі таңда, міне, ата-бабаларымның аруагы мен сіздердің маган көрсеткен еңбектеріңіздің арқасында мен патшалығымыздың дәстүріне сай келіңкіремесе де патша тағына отырып жатырмын. Меніңше, сіздердің аталарыңыз берілгенде болайық». Сөйтті де ол Сао Волиладан<sup>92</sup> бастаған 49 адамның аталарына әр дәрежедегі құрмет атағын берді.

Янъчин жылнамасының 3-жылы ол армиясын бастап кері шығысқа қарай жүрді. 20 күндік ат жолын жүріп өткенде олар бір шүрайлы жерге жетті. Олар осы жерге өздерінің ордасын салып, оны Ғұз-орда<sup>93</sup> деп атады. Ол «янъчин» деп аталаған жылнамасын «кангоге»<sup>94</sup> өзгертіп, осы жылды «канго жылнамасының 1-жылы» деп атады. Сол жылы 3-айда, ол «лю-юаньсы даван» лауазымды Сао Волиланы<sup>95</sup> армиясының бас қолбасшысы<sup>96</sup>, дила тайпасынан<sup>97</sup> шыққан, бұрын «тучжи шумиоань ши»<sup>98</sup> лауазымына ие болған Сяо Чалаэрабуды<sup>99</sup> оның орынбасары етіп, джаджират<sup>100</sup> тайпасының төресі<sup>101</sup> Елюй Янъшанды<sup>102</sup> «дубушу»<sup>103</sup> лауазымына, орда қорғаушысы<sup>104</sup> Елюй Тегэні<sup>105</sup> «дуцзянь»<sup>106</sup> лауазымына тағайыннады. Оларға 70 000 атты әскер бастатып, шығысқа қарай жорыққа аттандырды. Соңда Даши көк тайынша мен ақбоз атты құрбандыққа шалып, тәңірге тағзым етіп, ту тігіп, барша жауынгерлердің алдында серт беріп, былай деді: «Ұлы Ляо патшалығымызды Тайцзу патша мен Тайцзун патша әртүрлі машақаттарды жеңе отырып құрган. Алайда олардың мұрагер үрпақтары ойын-тамашаға ғана беріліп, мемлекет істеріне көнілдерін бөлмеді. Соның салдарынан жер-жерде қарақшылар бүлік жасай бастап, ақыры патшалығымыздың астан-кестенін шығарды. Мен сіздерді бастап, осыншалық шалғайдағы шөл далага келіп отырмын. Менің мұндағы мақсатым — ұлы патшалығымызды қайтадан қалпына келтіру. Бұл жер маган да, сіздерге де мәңгі мекен болмас». Сонымен қоса, ол бас қолбасшы Волилаға: «Осы реткі жорықта сен мыналарды есіңнен шығарма: марапаттау мен жазалай істерін дер кезінде мұлтіксіз орында. Жақсы-жаманды жасақтарыңмен бірге көр. Әске-ри лагерінді шүрайлы жерлерге құр. Жауынның әл-қуатына қарай шабуылдың үйимдастыры. Бәлені өзің тауып, женіліске ұшырама» деп бүйрек берді. [Алайда, жорыққа шыққандар] 10 000 лиден астам жол жүріп, ешқандай табысқа қол жеткізе алмай, керісінше,

көптеген сиырлары мен жылқылары қырылып қалған. Сол себептен бұл жорық тоқтатылып, әскерлер кері қайтарылды. Соңда Даши былай депті: «Тәңірім мені жақтамады. Бұл тағдырдың ісі ғой!». Канго жылнамасының 10-жылды Даши қайтыс болды<sup>107</sup>. Ол тақта 20 жыл отырған екен<sup>108</sup>. Оның қайтыс болғаннан кейінгі берілген құрмет атағы<sup>109</sup> — Дәцзун<sup>110</sup>.

[Қайтыс боларында], өзінің ұлы Иленің<sup>111</sup> әлі жас екендігін ескере отырып, Даши билік тізгінін ханшайымына қалдыратындығы туралы өсietтік айтып кеткен. Ханшайымның өз аты Табуянь<sup>112</sup>. [Даши қайтыс болған соң] ол «Ганъянь ханшайымы»<sup>113</sup> деген атақ алғып, билік тағына отырды да, жылнаманың атауын «сянъцин»<sup>114</sup> деп өзгерту. Ол тақта 7 жыл отырды. [Ол қайтыс болғаннан соң] оның ұлы Иле таққа отырып, жылнаманың атауын «шаошин»<sup>115</sup> деп өзгерту. Ол еліндегі 18 жастан асқандардың санағын алған еді. Соңда елінде 84 500 отбасы бар екендігі анықталды<sup>116</sup>. Ол 13 жыл тақта отырып барып, қайтыс болды. Оның қайтыс болғаннан кейінгі берілген құрмет атағы — Жәнъцзун<sup>117</sup>.

[Иле қайтыс болғанда да] өз ұлы сәби жаста болды. Сол себептен ол да билік тізгінін өз қарындасты Пусуваньге<sup>118</sup> қалдыратындығы туралы өсietтік жазып кеткен. [Иле қайтыс болған соң] Пусувань таққа отырып, жылнаманың атауын «чунфу»<sup>119</sup> деп өзгерту де, өзі «Чэнтянь ханшайымы»<sup>120</sup> деген атақ алды. Кейін ол күйеуі Сяо Долубудың<sup>121</sup> інісі Пугучжи шалимен<sup>122</sup> зинақорлық байланыста болып, алдымен күйеуіне «дунпин ван»<sup>123</sup> деген атақ беру арқылы онымен ажырасып, кейін келе оған жала жапты да оны өлтірді. Қайын атасы Волила<sup>124</sup> әскер бастап, оның ордасын қоршап алғып, садақпен оны және Пугучжи шалиді атып өлтіреді. Пусувань тақта 14 жыл отырды.

[Пусувань өлген соң] Жәнъцзунның<sup>125</sup> екінші ұлы Чжилугу<sup>126</sup> таққа отырды да, жылнаманың атауын «тяньси»<sup>127</sup> деп өзгерту. Ол билік тағында 34 жыл отырды. Билігінің соңғы жылнандағы күзде ол саятқа шыққанда, наймандардың ханы<sup>128</sup> Күшлік<sup>129</sup> 8 000 жасақ бастап, бой тасалап барып оны тұтқынға алған. Күшлік Чжилугуды қолға түсірді де, оның тағына отырып алды. Таққа отырған Күшлік қидандардың<sup>130</sup> киім-кешегін киіп, Чжилугуга «патша әкей»<sup>131</sup>, оның ханшайымына «патшайым шешей»<sup>132</sup> деген құрмет атақтарын

беріп, күн сайын оларға барып хал-жағдайларын сұрап тұрды және оларды қайтыс болғандарына дейін осылайша күтімге алды.

Чжулугу өлді. Оның өлуімен бірге Ляо [патшалығының шежіресі де] бітті.

## Тұсіндірмелер

<sup>1</sup> Вәй Лянтао 1991, 6-бет.

<sup>2</sup> Қытайша 耶律大石 деп хатталған.

<sup>3</sup> Бұл жерде ескертетін екі мәселе бар: 1) атальыш деректеменің авторы немесе оның кейінгі өндешшісі Елюй Дашидің есімі мен оның құран «Батыс Ляо», яғни Қарақытай хандығының атауын шатастырып отыр; 2) мұндағы айтылған «жұрт» — қытай жұртын мәнзеп тұрса керек.

<sup>4</sup> Қытайша «цзи (字)» деп хатталған. Дәстүрлі қоғамдағы қытайлардың әрбіреуінде екі есім болады: 1) мин (名) — бұл адамның саби кезінде қойылатын есімі; 2) цзи (字) — бұл адамның есейгенде (шамасы 20 жас кезінде) берілетін құрмет есімі.

<sup>5</sup> Қытайша 重德 деп хатталған.

<sup>6</sup> Тайцзу (太祖) — яғни Ляо патшалығының тұңғыш патшасы Елюй Абагань, ол қытай тарихнамасында Ляо Тайцзу деп аталады.

<sup>7</sup> Ляоның соңғы патшасы Тяньцзоньың жылнамасы. Ол 1111–1120 жылдарды қамтиды.

<sup>8</sup> Цзиньши (进士) — көне Қытайда шенеуніктерді сыйнау үшін Кунфуцзы ілімін негізгі мазмұн етіп, үш деңгейде мемлекеттік емтихан алынатын болған. Оның ең жоғарғы сатысында, яғни патша өз ордасында өткізетін «дяньши (殿试)» емтиханында сұрырылып шыққан алдыңғы З үміткерге осы «цзиньши» атағы беріледі.

<sup>9</sup> Ханълинь инфэн (翰林应奉) — патша ордасында хатшылық қызмет атқарушыларға берілетін лауазымның бір түрі.

<sup>10</sup> Чэнчжи (承旨) — Ляо патшалық заманында орданың хатшылық істерін басқаратын лин-я (林牙) лауазымынан бір дәреже төмен лауазым.

<sup>11</sup> Ханълинь (翰林) — Қытайдың Тан дәүірінен бастап пайды болған патшалық академия осылай аталады. Оңдагы жиналған оқымыстылардың негізгі міндеті — патшага хатшылық қызмет көрсету.

<sup>12</sup> Жоғарыдағы 9-тусіндірмеге қараңыз. Мұнда линь-я мен оның басқаратын мекемесін шатастырып отыр.

<sup>13</sup> Тайчжоу (泰州) — қазіргі Таоэр хә (洮儿河) өзенінің жоғарғы ағысындағы жерлерде құрылған Ляо патшалығының әкімшілік құрылымы. Оның басқару орталығы қазіргі ҚХР, Цзилинь провинциясының Таонань қаласында (吉林省洮南市) болған.

<sup>14</sup> Сянчжоу (祥州) — Ляо патшалығының әкімшілік құрылымы. Оның басқару орталығы қазіргі ҚХР, Цзилинь провинциясының Дэхуэй ауданында (吉林省德惠县) болған.

<sup>15</sup> Чжоу (州) — Ляо патшалығы өзінің билеген жерлерін дау (道) және фу (府) деп аталатын әкімшілік құрылымдарға бөліп, солардың құзырына қарасты чжоу деген әкімшілік құрылым құрған.

<sup>16</sup> Цыши (刺史) — әкімшілік құрылым «чжоудың» бастығы. Көне түріктер бұл лауазымды «сігші» деп айттын.

<sup>17</sup> Ляосинъцзюнь (辽兴军) — Ляо патшалығының Пинчжоу (平州 — қазіргі ҚХР, Хәбәй провинциясының Лулун ауданы) жерінде бекінген армиясының атауы.

<sup>18</sup> Цзедуши (节度使) — чжоу және онда орналасқан патшалық армияларды басқаратын адамға берілетін лауазымды атақ.

<sup>19</sup> Баода (保大) — Ляоның соңғы патшасы Тяньцзоның тағы бір жылнамасы. 1121—1125 жылдарды қамтиды.

<sup>20</sup> Цзинь (金) — Ляо патшалығын құлатқан нюйчжэндердің (чжурчжэндердің) патшалықтарының атауы. 1115—1234 жылдары өмір сүрген.

<sup>21</sup> Ляо патшасы Тяньцзо 1122 жылы өздерінің оңтүстік астанасын, яғни қазіргі Пекин қаласын тастап кеткен.

<sup>22</sup> Ляоның соңғы патшасы болып есептелетін Тяньцзо қашып кеткен соң, Елюй Даши сынды Ляо уәзірлері Елюй әuletінің оңтүстік астанасындағы (қазіргі Пекин қаласындағы) мәртебесі ең жоғары мүшесі Чуньді патша тағына көтерген. Өте қысқа өмір сүрген осы Ляо патшалық қалдықтарының мемлекеті қытай тарихнамасында «Бәй Ляо», яғни «Солтүстік Ляо» деп аталады. Цинъцзинъван (秦晋王) — Елюй Чуньнің патша болудан бұрынғы атағы.

<sup>23</sup> Қытайша 萧德妃 деп хатталған.

<sup>24</sup> Янь (燕) — көне замандағы қытайлар қазіргі Пекин төңірегін осылай да атаған.

<sup>25</sup> Қытайша 萧乙薛 деп хатталған.

<sup>26</sup> Қытайша 坡立括 деп хатталған.

<sup>27</sup> Көне Қытайдың жоғарғы билік иелеріне берілетін лауазымның бір түрі. Тарихта Қытайдың иерархиялық жүйесінің әр дәуірде өзіндік ерекшеліктері болғанымен, жалпы қытайдың дәстүрлі үғымында жоғарғы деңгейдегі билік иерархиясы былайша сатылап таралады: ди (帝, патша) → ван (王) → гун (公) → хоу (侯) ….

Бұл жерде Даши өзін ди (帝, патша) демей, ван (王) деп жариялад отыр. Бұдан оның алі де болса Ляо патшалығының мирастық жүйесін бұзғысы келмейтіндігін аңғаруга болады.

<sup>28</sup> Хәйшүй (黑水) — «Қара өзен» деген мағынада. Бұл өзен және осы кезеңдегі Елюй Даши бастаған қидандардың басып өткен жерлері туралы зерттеулердің ішіндегі ең нәтижелісі — профессор Чэн Дэчжи дің «Елюй Дашидің солтүстікке қарай жүріп өткен жерлерінің тарихи-географиялық мәселелері туралы зерттеулер» (Чэн Дэчжи 1982) атты еңбегі. Аталмыш еңбектің пайымдауынша, мұндағы Хәйшүй деп аталған өзен — қазіргі Айбиха (爱毕哈) өзені, ол ҚХР, Ішкі Монголия автономиялы өлкесінің Даэрхань-Маоминань бірлескен хошуны (达尔罕茂明安联合旗) жерінен арып өтеді.

<sup>29</sup> Мәтінде қытайша «бәй дада (白达达)» деп хатталған. Қытайдың Ляо және Цзинь патшалық заманында қытай қаламгерлері қазіргі Монгол даласындағы көшпенділерді жалпылай «дада (鞑靼 немесе 达达)» деп атаған. Сонымен қоса, олар өздеріне біршама мәдениетті болып көрінген түркі тілдес онғұттарды (қытайша «вангу (汪古)» деп те аталағы) басқа монгол тілдес этностық топтардан парықтау үшін оларды «бәй дада» яғни «ақ татар» деп, монгол тілдес этностық топтарды «хәй дада (黑鞑靼 немесе 黑达达)», яғни «қара татар» деп атаған.

<sup>30</sup> Қытайша «сянвэнъ (详稳)» деп хатталған бұл сөз — Ляо патшалық заманындағы қидандардың «солтустік билік жүйесі» деп аталағын билік жүйесіндегі лауазым атауының бірі. Ляоның билік жүйесі екі тармақтан құралған: оның біріншісі — қидандардың ежелден келе жатқан билік жүйесі. Оны олар «бәймян гуан (北面官)», яғни «солтустік билік жүйесі» деп атаған, ал екіншісі — қытайлық билік жүйесі. Оны олар «наньмян гуан (南面官)», яғни «онтустік билік жүйесі» деп атаған. «Солтустік билік жүйесі» көбінесе қидандардың ішкі қоғамында және олардың билік жүргізген солтустіктеріндегі (Монгол даласындағы) өзге көшпенділердің арасында қолданылған. «Сянвэнъ (详稳)» лауазымы Ляоның билігінде болған өзге көшпенділердің тайпа басшыларына берілетін. «Сянвэнъ (详稳)» сөзі, тегінде, «генерал» деген мағынаны беретін қытайша «цзянцзюнь (将军)» сөзінен шыққан. «Цзянцзюнь (将军)» сөзі сонау көне түрк заманында-ақ түркі-монгол тілдеріне еніп кеткен. Көне түрк ескерткіштерінде бұл сөз «санғұн» деп айтылады.

<sup>31</sup> Қытайша 床吉儿 деп хатталған.

<sup>32</sup> Қытайша «Кәдунъ чэн (可敦城)» деп хатталған бұл сөз түркі тіліндегі «Қатұн қаласы» деген сөзден шықса керек. Галымдардың пайымдауынша, аталмыш қала Қөне Үйғыр хандығы кезінде (744–840) салынған. Ол қазіргі Монгол Республикасы жеріндегі Тула өзенінің батыс жағалауындағы Баян нордың маңында (Тан Цисян «Тарихи карталар жинағы» (6), 6-карта).

<sup>33</sup> Мәтінде қытайша «西至可敦城, 驻北庭都护府» деп алынған бұл сөйлем галымдардың күмәнін тудырып келген. Мәселе «Бәйтін дұхуфуда бекінді» деген сөзден шығып отыр. Жалпы, сонау Тан патшалық дәүірінен бастап, қытайлар қазіргі ҚХР, ШУАА, Жимсары жерінде болған, түрікше «Бешбалық» деп аталағын жерді «Бәйтін» деп атап келген. Алайда, біз аударып отырган қытай деректемесінің осы жеріндегі «Бәйтінді» Бешбалықпен теңестіруге негіз жоқ. Өйткені деректемеде осы сөйлемнен кейін аталған Дашидің билігіне мойынсұнған «чжоулар» мен тайпалар сол кездегі Монгол даласында орналасқан. Осыған байланысты, галымдар бұл сөйлем туралы, әсіресе ондағы «Бәйтін дұхуфудың» қай жерді мензеп тұрганы туралы әртүрлі болжам айтып келген. Кейіреулері мұндағы «Бәйтін» қытайша «Солтустік орда» деген жалпы сөзден келген, ол жоғарыда аталған Қатұн қаласынан алғыс емес бір қаланы мензеп тұр десе, тағы біреулері бұл жерде деректеменің авторлары, яғни Юань патшалық дәүіріндегі орда тарихшылары, Ляо патшалығының шекара аймақтары жөніндегі білімдерінің аз болғандығынан «Бәйтін дұхуфуда бекінді» деген сөздерді артық жазып, қателік жіберген

деп есептейді (қараңыз: Виттфогел және Фән 1949, 634-бет; Чән Дәчжи 1982).

<sup>34</sup> Қытайша 威武 деп хатталған.

<sup>35</sup> Қытайша 崇德 деп хатталған.

<sup>36</sup> Қытайша 会蕃 деп хатталған.

<sup>37</sup> Қытайша 新 деп хатталған.

<sup>38</sup> Қытайша 大林 деп хатталған.

<sup>39</sup> Қытайша 紫河 деп хатталған.

<sup>40</sup> Қытайша 驳 деп хатталған.

<sup>41</sup> Чжоу (州) — көне Қытайдың әкімшілік құрылымы. Мұндағы айтылған 7 чжоу «Ляоши» кітабының «Географиялық баянында» кездеспейді.

<sup>42</sup> Қытайша «да хуан шивэй (大黄室韦) деп хатталған. Ерте замандағы қытай деректемелерінде ғұндардың шығысында орналасқан этностарды «дуну (东胡)» деп жалпы атаумен атай келе, оларды тағы «вухуан (乌桓)», «сяньбэй (鲜卑)» деп екіге бөледі. Ғалымдардың пайымдауынша, кейнірек тарихи сағнага көтерілген қыдандар мен шивэйлер сол сянъбэйлердің шығыс тармағынан шыққан, «шивэй» мен «сяньбэйдің» тегі бір — екеуі де «Serbi / Sirbi / Sirvi» сезінен келіп шыққан (Пелео 1934, 12-түсіндірме). Тан патшалық деректемелерінде шивэйлер көне түріктедің (туцзюелердің) шығыс жағында деп жазылады. Алайда, көне түрік ескерткіштерінде «шивэй» сезінен жақын этноним кездеспейді. Осыған байланысты, ғалымдар арасында «қытай деректемелерінде қыдандардың солтустігіндегі тайпаларды жалпылай «шивэй» деп атаған, ал сол атауларды туцзюелер жалпылай «татар» деп атаған» деген пікір бар (Хань Жулин 1986, 6-бет). Айта кетерлік бір жайт: монғолдардың аргы тегі де осы «шивэйлердің» құрамынан табылады. Тан патшалығы дәүіріндегі әдебиеттерде «монву шивэй (蒙兀室韦)» деген этноним кездеседі. Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, ондагы «монву» — «монгол» сезінің Тан патшалық дәүірі қытай тіліндегі дәлләм-дәл транскрипциясы (сонда).

Қытай ғалымдарының пайымдауынша, үлкен сары шивэй қазіргі Нонни (嫩江) өзені аңғарында орналасқан (Чжоу Лянсюо 1981).

<sup>43</sup> Қытайша 故刺 деп хатталған. Бұл тайпа Вугули тайпасының (төменде аталауды) батыс жағында орналасқан (Чжоу Лянсюо 1981).

<sup>44</sup> Қытайша «ванцзила (王纪刺)» деп хатталған. Қытайдың Ляо, Цзинь және Юань патшалық дәүірлеріндегі әдебиетте бұл тайпа атауы әртүрлі жазылып келген: «вансзиладан (王纪刺)» тыс, онда тағы «гуанцзила (广吉刺 nemese 光吉刺)», «хунцзила (弘吉刺)», «хунцзиле (弘吉列)», «хуанцзила (晃吉刺)», «юнцзила (雍吉列)», «вэнцзили (瓮吉里)» және «вэнцзилати (翁吉刺惕)» деген транскрипция нұсқалары бар. Сол кездегі қоңыраттар Ергүн езенінің (额尔古纳河) жоғарғы ағысында орналасқан (Чжоу Лянсюо 1981).

<sup>45</sup> Қытайша 茶赤刺 деп хатталған. Бұл Рашид ад-диннің «Джами ат-Тауарих» кітабында кездесетін «джаджират» тайпасы болса керек (қараңыз: Рашид ад-дин I (1), 190-бет).

<sup>46</sup> Қытайша 也喜 деп хатталған.

<sup>47</sup> Қытайша 鼻古德 деп хатталған. Бұл тайпаның орналасқан жері Сунгари (松花江) өзені мен Хэйлунцзян (黑龙江) өзенінің аңғарларында болса керек (Чжоу Лянсяо 1981).

<sup>48</sup> Қытайша 尼刺 деп хатталған. «Ляоши» кітабының «Иерархия жүйелер баяны (百官志)» тарауында «нела (涅刺)» деген тайпа атауы кездеседі. Бұл екеуі бір тайпа атауының қытайша екі түрлі транскрипциясы болса керек. Бұл тайпаның орналасқан орны беймәлім.

<sup>49</sup> Қытайша 达刺乖 деп хатталған.

<sup>50</sup> Қытайша 达密里 деп хатталған. Бұл тайпа атауы Монгол жеріндегі Тамир өзенінің атауымен байланысты болуы мүмкін.

<sup>51</sup> Қытайша 密儿纪 деп хатталған. Ляо, Цзинь және Юань патшалық дәүірлеріндегі қытай деректемелерінде бұл тайпа атауы қытайша «мэйлицзи (梅里急)», «мелицзи (灭里吉)», «меэрци (篾儿乞)» және «мелици (篾里乞)» деп те транскрипцияланған. Олардың мекені Селенге өзенінің төменгі ағысында болған.

<sup>52</sup> Қытайша 合主 деп хатталған бұл тайпа туралы басқа мәлімет жоқ.

<sup>53</sup> Қытайша 乌古里 деп хатталған бұл тайпа Хулуныбәйәр (呼伦贝尔) жерінде орналасқан.

<sup>54</sup> Қытайша 阻卜 деп хатталған. Ляо патшалық қаламгерлері өздерінің солтүстігіндегі қошпенділерді осылай атаған. Этимологиясы бізге белгісіз бұл этноним (қытай галымы Ван Цзинжу бұл сөз тибеттердің монголдарды атайдын «согпо» сөзінен шыққан деген болжам айтады. Қараңыз: Ван Цзинжу (1931) «Ляоши» кітабында «чжубуугу (术不古)» деп те хатталады. Сонымен қоса, әртүрлі тайпаларды парықтау мақсатында «Ляоши» кітабы тары «солтүстік џзубу (北阻卜)», «батыс џзубу (西阻卜)», «батыс-солтүстік џзубу (西北阻卜)» деген тайпалардың орналасқан жерін (багытын) білдіретін сөздерді «џзубу» сөзіне қосу арқылы жасалған этнонимдер мен «џзубу чжалала (阻卜札刺)» деген нақты тайпа атын қосу арқылы жасалған этнонимдерді қолданған. Галымдардың пайымдауынша, «џзубу» сөзін белгілі бір дәрежеде сол дәүірдегі қытай деректемелеріндегі «татар» («дада (鞑靼 немесе 达怛)» деп жазылады) сөзінің өзге бір баламасы ретінде қарастыруға болады (Юй Дацзюнь 1981). «Ляоши» кітабында аталған џзубулардың мекендерген жер көлеміне қарап, бұл этнонимнің шивәй деп жалпы атаумен аталған монгол тілдес этностармен қоса түркі тілдес этностарды да қамтитындырын байқаймыз. Кей галымдар џзубудың әртүрлі топтарын мына тайпалармен теңестіреді: «џзубу» («Ляоши» кітабында жай «џзубу» деп аталатын топ) жалайы мен татар, «солтүстік џзубу» — керей, «батыс џзубу» — найман (Фэн Чэнцзюнь 1939).

<sup>55</sup> Қытайша 普速完 деп хатталған.

<sup>56</sup> Қытайша «тангу (唐古)» деп хатталған. Ляо патшалық әдебиетінде тангуттарды «дансян (党项)» деп те атайды. Біздің деректемеміздің осы жерінде айтылған тангуға келсек, кей галымдар оны сол кездегі «Си ся 西夏») деп те аталатын тангуттардың мемлекетімен теңестіреді (Чжоу Лянсяо

1981), ал енді біреулер оны «Ляоши» кітабында кездесетін, Ляоға бағынатын «ници тангу (匿讫唐古)», «солтүстік тангу (北唐古)», «оңтүстік тангу (南唐古)» және «хәла тангу (鹤刺唐古)» топтарымен байланыстырады (Шу Фэнь 1984, 527-528 66.).

<sup>57</sup> Қытайша 忽母思 деп хатталған.

<sup>58</sup> Қытайша 畏的 деп хатталған.

<sup>59</sup> Мәтінде бұл этноним үш иероглифтен құралған: оның біріншісі сирек кездесетін иероглиф (ол сол жағындағы 𠂇 бөлігі мен оң жағындағы 𠂈 бөлігі қосылу арқылы құралған). Қалған екі иероглиф 而毕 деп хатталған.

<sup>60</sup> Жоғарыдағы 27-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>61</sup> Цзинь (金) — чжурчжэн этносы құрған патшалықтың атауы. Атальыш патшалық 1115 жылды құрылған, 1234 жылды моңголдар қолынан жойылған. Цзинь патшасы Хайлин ван (海陵王) 1153 жылды Ляо патшалығының астанасы болып келген Чжуңду (中都 — «ортанғы астана» деген мағынаны береді) қаласына еніп, осы қаланы өзінің жаңа астанасына айналдырған.

<sup>62</sup> Бұл жердегі «кеlesи жылы» деп қай жылды мемзеп тұрғанын деректеменің өзінен біле алмаймыз. Мұнда айтылған «цзя у (甲午)» күніне үйліуміз керек. «Цзя у» — қытайдың ай күнтізбесінде қолданылатын атау. Атальыш күнтізбе “ганьчжи”, яғни «гань (干)» деп аталағын ондық цикл белгілері мен «чжи (支)» деп аталағын онекілік цикл белгілерін құрастыру арқылы көрсетілетін жыл санау әдісімен жыл, ай, күндерді белгілейді. Екі циклдегі белгілер 60 жылда бір рет қосылып тұрады. Біздің аударып отырған деректемемізді зерттеген ғалымдардың айтуыша, мұндағы «цзя у» күні тек қана 1230 жылғы ақпан айының 20-жүлдізы болуға тиісті. Өйткені, 1230 жылдан бұрынғы бес жылдың барлығында «цзя у» күні жоқ (Лян Юаньдун 1934, 35—40 66.; Виттфогел және Фэн 1949, 635-6.).

<sup>63</sup> Мәтінде «хуэйгу ван Биләгә (回鶻王毕勒哥)» деп хатталған. Бұл жерде «хуэйгу» деп билік орталығы Тұрпан мен Бесбалақта болған Идықут үйғыр хандығын мемзеп тұр.

<sup>64</sup> Мәтінде бұл қаланың аты қытайша «Бугухань (卜古罕)» деп хатталған. Ғалымдардың пайымдауынша, бұл қала мен «Ляоши» кітабының 30-цзюанында («Тайцзу патшаның өмірбаяны») кездесетін «Гу хуэйгу чэн (古回鶻城)» («Көне үйғыр қаласы» деген мағынада) бір жерді мемзейді. Атальыш қала Монголиядағы Орхун өзенінің жоғарғы ағысында орналасқан (Вәй Лянтао 1991, 38-бет, 4-түсіндірмө).

<sup>65</sup> Тяньцзянь (天贊) жылнамасының 3-жылды (924 жылды) Ляо патшасы Тайцзу (Елюй Абагань) өздерінің солтүстігі мен солтүстік-батысындағы көшпендейлерге (цзубуларға) жорық жасап, қазіргі Монгол даласы, Жонгарияның солтүстігі және Ертіс өзенінің жоғарғы ағысы сияқты өңірлерді басып өткен. Сол жорық барысында Ляо Тайцзу «Көне үйғыр қаласында», яғни Ордабалықта еру еткен.

<sup>66</sup> Ганьчжоу (甘州) — қазіргі ҚХР, Ганьсу провинциясы, Чжан-е (张掖) қаласы. IX-XI ғасырлар аралығында өмір сүрген, қытай деректемелерінде «Ганьчжоу хуэйгу (甘州回鶻)» деп аталағын үйғырлар мемлекеттің орталығы осы жерде орналасқан.

<sup>67</sup> Мәтінде қытайша 乌母主 деп хатталған.

<sup>68</sup> Мәтінде «Даши (大食)» деп хатталған. Виттфогел мен Фән осы атау туралы былай деп түсіндірме береді: «қытайша Ta-shih (яғни «Даши». – Б. Е.) деген термин парсы тіліндегі Tāzik сөзінің транслитерациясы. Бұл сөз түркі тілінде Tadžik деп өзгерітілген... Эуелі арабтарды мензеген Tāzik сөзімен кейін келе Орта Азияда Ислам дінін тұтатын халықты, әсіресе ирандықтарды атайдын болды... «Ляошиде» Ta-shih атауы бір-біріне ұқсамайтын екі елді мензеп тұрган тәрізді: ондағы айтылған (LS 2, 4b) 924 жылғы [Ta-shih] миссиясы Бағдаттагы Араб халифатынан келуі үқтимал. Ал 1020 жылы Ляоға бір миссия жіберген және 1021 жылы өз билеушісінің ұлына Лядан бір келін түсірген Ta-shih, Сұлтан Махмұдқа жіберілген бір хаттан байқағанымыздай, Қадырханның елі болса керек... Қадырханның әuletі, яғни түркі тілдес қарахандықтар ислам дінін қошшенді түркі бұқарасынан әлдеқайда ертерек қабылдаған... Елюй Даши Ta-shih-ні іздеу үшін батысқа қарай жорық жасап, Kao-ch'ang Ұйғыр мемлекетін басып өткен... «Ляошидің» айтуыша (LS 69, 24b), ол (Елюй Даши) бір «ұйғыр қаласынан» өткеннен кейін, Суньсығанды (Самарқанды) басып алғаннан бұрын хуәй-хуәй (исламдық) Ta-shih-ні бағындырған. Осы мерзімде ол (Елюй Даши) Шығыс Түркістанды басып алған. Сол кезде ол жер Қарахан әuletінің әртүрлі тармақтарына қарасты еді» (Виттфогел және Фән 1949, 108-бет).

<sup>69</sup> Ли (里) – қытайлардың дәстүрлі ұзындық өлшем бірлігі. Әдетте 1 ли көбінесе 500 метрлік қашықтыққа тең деп есептеледі. Алайда көне қытай тарихының әр кезеңінде 1 лидін қашықтығы біркелкі болған емес. Хань империясы дәүірінде (б. з. д. 206–б. з. 220 жж.) 1 ли 414 метрге, Вэй әuletі түсінда (б. з. 386–534 жж.) 500 метрге, ал Тан империясы кезінде (618–907 жж.) 531 метрге тең болған.

<sup>70</sup> Мәтінде «Сиңысығань (寻思干)» деп хатталған.

<sup>71</sup> Сиой (西域) – «Батыс өлке» деген мағынаны білдіретін бұл атау қытай әдебиетінде алғаш рет Хань патшалық дәүіріндегі қытай қаламгері Хуань Куаньнің (桓宽) «Янь те лунь» («盐铁论») атты еңбегінде кездеседі. Сол дәүірдегі қытайдың әйгілі тарихшысы Бань Гудың (班固) «Ханьшу» («汉书») кітабына «Сиой баяны» тарауашасы түншыш рет арнайы енгізілген. Содан бастап, Орта Азия жерімен тікелей қатысы бар бұл атау қытай әдебиетінде бүтінге дейін жи қолданылып келеді. Жалпы алғанда, қытайлар қазіргі ҚХР Ганьсу провинциясындағы Юймэнъугань (玉门关) қамалы мен Янгуань (阳关) қамалының батысындағы жерлерді «Сиой» деп атайды. «Сиой» үғымы Қытайдың әр дәүірдегі саяси-әскери күш ықпалы мен қытайлардың батыс әлемі туралы білімдеріне байланысты бірде кең мағынада, бірде тар мағынада қолданылып келген. Тар үғымдағы Сиойдің аумағына қазіргі ҚХР Ганьсу провинциясы Дунъуханың (敦煌) батысындағы жерлер мен Шұға жері кіреді. Ал кең үғымдағы Сиой Орта Азия, Таю Шығыс, Үнді жері, Солтүстік Африка және Шығыс Еуропа сыңды аймақтарды да қамтиды. Біздің аударып отырған деректемеміздің осы жеріндегі Сиой Орта Азиядағы елдерді мензеп тұрганы анық.

<sup>72</sup> Мәтінде қытайша 忽儿珊 деп хатталған. Бұл сөз біраз дау-дамай тудырып келген. Дегенмен, ғалымдардың көбі «хуэршань» — «Хорасан» сөзімен байланысты, «Ляоши» кітабының авторы мүнда осылайша Хорасандарғы сел-жуктердің сұлтаны Санжарды мензеп түр” деген пікір айтады (Виттфогел және Фэн 1949, 639-бет, 30-түсіндірмे).

<sup>73</sup> «Лю-юаньсы даван (六院司大王)» — Ляо патшалығының «бәйміянъ гуань (北面官)», яғни «солтүстік басқарма» деп аталағын, көшпелі ру-тайпа істеріне жауапты билік мекемесінің бір бөлімшесі «лю-юаньсы» немесе «лю-юаньбу (六院部)» деп, ал оны басқаратын адам «даван» деп аталағы.

<sup>74</sup> Мәтінде қытайша 萧斡里刺 деп хатталған.

<sup>75</sup> «Чжаотаофуши (招讨副使)» — Ляо патшалығының өз шекара аймақтарын басқару мақсатында құрган мекеме «чжаотаосы (招讨司)» деп аталағы. Ал оның орынбасар бастығы «чжаотаофуши» деп аталағы.

<sup>76</sup> Мәтінде қытайша 耶律松山 деп хатталған.

<sup>77</sup> «Шумифуши (枢密副使)» — Ляо патшалығының орталық әскери басқармасы «шумиоань (枢密院)» деп аталағы. «Шумифуши» — сол басқарманың жоғарғы дәрежелі шенеуніктеріне берілетін лауазымдардың бірі.

<sup>78</sup> Мәтінде қытайша 萧刺阿不 деп хатталған.

<sup>79</sup> «Чжаотаоши (招讨使)» — жоғарыда (75-түсіндірмеде) айтылған Ляоның «чжаотаосы» мекемесінің басқарушысы.

<sup>80</sup> Мәтінде бұл адамның есімі қытайша 耶律术薛 деп хатталған.

<sup>81</sup> Мәтінде қытайша 回回国王 деп хатталған. Ғалымдардың айтуынша, автор бұл жерде Хорезм жағын мензеп түр (қараңыз: Виттфогел және Фэн 1949, 641-бет).

<sup>82</sup> Қытайша 起儿漫 деп хатталған бұл жер қайда екендігі туралы әртүрлі болжамдар бар. Дегенмен, ғалымдардың көбі бұл жер Самарқанд пен Бұхара арасындағы «Керманең» қаласы деген пікір айтады (Бартольд 1928, 97-бет; Виттфогел және Фэн 1949, 639-бет).

<sup>83</sup> Қытайша «цзячэнъ сүй (甲辰岁)» деп хатталған. «Ляоши» кітабының бұл жеріндегі мәлімет күмәнді. Елюй Дашидің заманындағы немесе соган жақын «цзячэнъ» жылдары 1064, 1124 және 1184 жылдар. Аталған екі жылдың Елюй Дашиге мұлде қатысы жоқ: 1064 жылды Даши дүніге келмеген және Ляо патшалығы ол кезде әлі мықты түрған, ал 1184 жылды Даши әлдеқашан қайтыс болған (Даши 1143 жылды өлген — бұл туралы біздің төмөндеғі түстіңдірмемізге қараңыз). Сондықтан мүндағы «цзячэнъ» жылын тек 1124 жылмен байланыстыруға болатын тәрізді. Алайда, «Даши патша тағына отырызылды» деген мәліметті 1124 жылға жатқызу — біздің аударып отырған осы деректемемізде тізбектелген оқигалардың ретімен сай келмейді: біздің деректемемізде Елюй Даши алдымен 1124 жылды өзін «ди», яғни «патша» демей, «ван» деп атаған (қараңыз: жоғарыдағы 27-түсіндірмे). Ол «патша» атағын «Батыс өлкеге», яғни Орта Азияға жасап барғраннан кейін алған. Ал Елюй Дашидің Орта Азияға жасаған жорығы, ғалымдардың айтуынша, 1130 жылды басталса керек (жоғарыдағы 62-түсіндірмеге қараңыз).

Осы деректемені құрастырыған кезде «Ляоши» кітабының авторы бір қателік жібергендігі айдан анық. Аталыш мәліметтің ақаулығын көрсете отырып, ғалымдар Елюй Даши 1131 жылы (Виттфогел және Фән 1949, 622-бет) немесе 1132 жылы (Вәй Лянтао 1991, 41-бет) патша титулын алды деген түжірім жасайды.

<sup>84</sup> Қытайша «Гээрхань (葛儿罕)» деп хатталған.

<sup>85</sup> Қытайша «Тянью хуанди (天佑皇帝)» деп хатталған.

<sup>86</sup> Қытайша 延庆 деп хатталған.

<sup>87</sup> Қытайша «Сы-юань хуанди (嗣元皇帝)» деп хатталған.

<sup>88</sup> Қытайша «Сюань-и хуанхоу (宣义皇后)» деп хатталған.

<sup>89</sup> Қытайша «Чжаодэ хуанхоу (昭德皇后)» деп хатталған.

<sup>90</sup> Даши бұл жерде патшалар гана айтатын «чжэн (朕)» деген жіктеу есімдігін қолданып отыр.

<sup>91</sup> Елюй Дашидің бұл саны есірелеп айтылған болса керек.

<sup>92</sup> Жоғарыдағы 74-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>93</sup> Қытайша «Хусывоэрдо (虎思斡耳朵)» деген бұл қала атауы туралы қараңыз: Виттфогел және Фән 1949, 645-бет, 11-түсіндірмे және 654-бет 38-түсіндірмे.

<sup>94</sup> Қытайша 康国 деп хатталған.

<sup>95</sup> Жоғарыдағы 73 және 74-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>96</sup> Қытайша «ду юаньшуай (都元帅)» деп хатталған.

<sup>97</sup> Җила тайпасы туралы жоғарыдағы 43-түсіндірмені қараңыз.

<sup>98</sup> Ляо патшалығының орталық әскери басқармасы «шумиоань (枢密院)» деп аталағы. «Тунчжи шумиоань ши» — сол басқарманың жоғарғы дәрежелі шенеуініктеріне берілетін лауазымдарының бірі.

<sup>99</sup> Қытайша 萧查刺阿不 деп хатталған.

<sup>100</sup> Жоғарыдағы 45-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>101</sup> Мәтінде қытайша «тулу (禿魯)» деп хатталған бұл лауазым «Ляоши» мен «Цзинь ши» кітаптарында «тули (吐里 nemese 秃里)» деп те жазылады. «Ляоши» кітабында бұл қандай лауазым екендігі туралы мардымды мәлімет берілмеген. Ал «Цзинь ши» кітабында бұл туралы мынадай деректер кездеседі: 1) «тек шет аймақтағы елдерді басқаратын мансапты адам «тули (秃里)» деп аталағы... Бұлардың барлығы Ляо патшалығынан келген лауазым атаулар» (ЦШ, 55-цзюань); 2) тайпаларды басқаратын лауазымдардың ішінде «1) тули. Ол 7-дәрежелі лауазым. Оның билік құзыры — тайпалардағы дау-дамайлардың ақ-қарасын анықтау және опасыздықтың алдын алу» (ЦШ, 57-цзюань). «Цзинь шидің» осы айқандастына қарап және біздің деректеміздегі осы лауазымның исесі Ляо патшалығының патша әuletінен, яғни Елюй әuletінен шықандығын ескере отырып, біз бұл лауазым атауы түркі-моңғол тілдеріндегі «төре» сөзінен келді деп межелеп отырмыз.

<sup>102</sup> Қытайша 耶律燕山 деп хатталған.

<sup>103</sup> Дубушу (都部署) — Ляо патшалық әскери лауазымының бір түрі. Жорыққа шыққан армияның бас бақылаушысы осылай аталағы (Виттфогел және Фән 1949, 668-бет).

<sup>104</sup> Қытайша «хувэй (护卫)» деп алынған.

<sup>105</sup> Қытайша 耶律铁哥 деп хатталған.

<sup>106</sup> Дубушу (都监) — жорыққа шыққан армияда бақылау міндетіне жаупты лауазымның тағы бір түрі.

<sup>107</sup> Галымдардың басым көпшілігі ортағасырлық мұсылман қаламгері Ибн әл-Асириң қалдығын мәліметіне қарап «гурхан Елої Даши 1143 жылы өлген» деген пікірді айтады (Виттфогел және Фән 1949, 620-бет).

<sup>108</sup> «Ляоши» кітабының авторы бұл жерде нені негіз етіп «Даши тақта 20 жыл отырды» деп жазғандығы белгісіз.

<sup>109</sup> Қытайша «мяохао (庙号)» деп хатталған. Қытайдың патшалық замандарында әр патша әuletі өзінің ата-бабаларына арнап гибадатхана (қытайша «мяо (庙)») құрады. Қайтыс болған патшалардың барлығына арнап осындағы гибадатханада арнайы құрмет атагы, яғни «мяохао» беріледі.

<sup>110</sup> Қытайша 德宗 деп хатталған.

<sup>111</sup> Қытайша 夷列 деп хатталған.

<sup>112</sup> Қытайша 塔不烟 деп хатталған.

<sup>113</sup> Қытайша 感天皇后 деп хатталған.

<sup>114</sup> Қытайша 咸清 деп хатталған.

<sup>115</sup> Қытайша 绍兴 деп хатталған.

<sup>116</sup> Галымдар мұндағы сандық мәлімет Баласағұн қаласының ғана жағдайын білдірсе керек деп есептейді (қараңыз: Виттфогел және Фән 1949, 659 б.).

<sup>117</sup> Қытайша 仁宗 деп хатталған.

<sup>118</sup> Қытайша 普速完 деп хатталған.

<sup>119</sup> Қытайша 崇福 деп хатталған.

<sup>120</sup> Қытайша 承天皇后 деп хатталған.

<sup>121</sup> Қытайша 萧杰鲁不 деп хатталған.

<sup>122</sup> Қытайша «Пугучжи шали (朴古只沙里)» деп хатталған. «Шали» — қидандардың лауазым атауының бірі (қараңыз: Виттфогел және Фән 1949, 646-бет, 15-түсіндірме).

<sup>123</sup> Қытайша 东平王 деп хатталатын бұл атақ Ляо патшалығының кезінде тек аса құрметті адамдарға беріледі.

<sup>124</sup> Жоғарыдағы 74-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>125</sup> Жоғарыдағы 117-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>126</sup> Қытайша 直魯古 деп хатталған.

<sup>127</sup> Қытайша 天禧 деп хатталған.

<sup>128</sup> Мәтінде Қүшліктің лауазымы «ван» деп хатталған.

<sup>129</sup> Қытайша «Цюйчулой (曲出律)» деп хатталған.

<sup>130</sup> Мәтінде «ляолықтардың» деп хатталған.

<sup>131</sup> Қытайша «тайшанхуан (太上皇)» деп хатталған.

<sup>132</sup> Қытайша «хуантайхоу (皇太后)» деп хатталған.

**«Юаньши», 1-цзюань,  
Патшалар шежіресі I  
«Тайцзу»  
(«ЧХШЦ» нұсқасы, 1—28-66.)**

(«元史» 卷一 本紀第一  
«太祖»  
中华书局点校本第1 - 28页) 译注

**Аударма және түсіндірмелер**

**Т**айцзэудың<sup>1</sup> құрмет аты — Фатиянь ционьшэну-хуанди<sup>2</sup>. Θз аты — Темучжэнъ<sup>3</sup>, руы җивовэнъ<sup>4</sup>, мәнгү тайпасының адамы<sup>5</sup>.

Оның [Темүжіннің] оныншы атасы Бодуанъчаэр<sup>6</sup> деген адам еді. Оның [Бодуанъчаэрдің] анасының аты — Алань гохо<sup>7</sup> еді. Olsen Тобәнъ Мелицзянь<sup>8</sup> деген адамға күйеуге шығып, одан екі ұл туады. Ұлken ұлының аты Боянъгэдахәй<sup>9</sup>, екінші ұлының аты Боянъгэдахәй<sup>10</sup> екен. Кейін келе күйеуі қайтыс болып, Алань<sup>11</sup> жесір қалыпты. Бір күні түнде үйиқтап жатқанында, шаңырақтан бір ақшыл сәуле түседі. Сол сәуле үйге кіргеннен кейін, дереу алтын-сары түсті адамға айналып, оның төсегіне шығып алады. Алань үйкесінан тұрганнан кейін өзінің жүкті болып қалғанын біліпті. Сөйтіп ол бір ұл туыпты. Бұл Бодуанъчаэр еді. Бодуанъчаэрдің тұр-түсі жан пендеге үқсамайтын ерекше адам болыпты. Ол кем сөзді, көп ешкімге сөйлемейді екен. Сонымен, туыстары оны сірә

кеміс болар деп ойлап жүріпті. Тек анасы Алань ғана: «Бұл бала кеміс емес, ақыл-есі сау. Оның үрім-бұтағынан өте текті адам шығады» дейді екен. Алань өлгеннен кейін ағайындары бар мал-мұлікті өзара бөлісіп алышты да, Бодуанъчаәрдің еншісіне ештеңе бермепті. Сонымен, Бодуанъчаәр: «Бай болу, кедей болу түгелімен адам баласының тағдырына байланысты, тәйірі-ай! Байлық деген не гой дейсің!» дегенді айтып көк ала атына мініп жолға шығып кетеді де, Болитунь-Алань<sup>12</sup> деген жерді жападан-жалғыз мекен-деп жүреді. Ол иен далада ішерге ас таппай тентіреп жүргенде, даланың аң-құстарын аулап жеп жүрген қыран құсқа кездеседі. Бодуанъчаәр аттың қылышынан жіп есіп, тұзақ құрып, әлгі тұз тағысын ұстап алыш, оны қолға үйретеді. Құсын қоянға, қаз-үйрекке салып, нәпақасын содан айырады. Осылайша тәңірдің жебеуінде нәпақасын бір күн тапса, бір күн таппай тіршілік кешіп жатады. Ол бұл жерді осылайша бірнеше ай мекендергеннен кейін, бұл маңға Тунцзилихулу<sup>13</sup> жақтан неше ондаған тұтінді бір ауыл кешіп келіп, қоныстана бастайды. Бодуанъчаәр болса басына шөптен күркे тігіп, олармен бірге тұрып, бірге жүріп, селбесіп тіршілік кеше бастайды. Осыдан бастап жеке басының тіршілігі де мәнді бола бастайды. Құндердің күнінде Бодуанъчаәрдің екінші ағасы оны есіне алыш: «Бауырымыз салтбас, сабау қамшысымен жалғыз өзі жапан даラға қаңғып кеткен еді. Қазір құрсағы ашып, киімі тозып қайда жүр екен?» деп ойлайды. Осылайша, оны іздеп тауып, ауылына алыш қайтады. Жол-жөнекей келе жатып Бодуанъчаәр ағасына: «Тунцзилихулу маңында бассыз, баусыз жүрген бір топ иесіз ауыл отыр. Біз қол жинап келіп, оларды бағындырып алсақ қайтеді?» деген кеңес береді. Оның бұл ұсынысын туысқаны да құп көреді. Олар өз ауылдарына барғаннан кейін, Бодуанъчаәрге мықты жігіттерді іріктең беріп, әлгі ауылды бағындырып қайтуға жібереді. Айтқандай олар бұл ауылды түгел бағындырып алады.

Бодуанъчаәр қайтыс болғаннан кейін оның орнына баласы Балинъсихәйлатухәбәйсюй<sup>14</sup> мұрагер болады. Оның ұлының аты Менянь-Дудунь<sup>15</sup> еді. Менянь-Дудуньнің әйелінің аты Моналунь<sup>16</sup> еді. Ол жеті ұл тауып, күйеуінен жесір қалған еді. Моналунь аса адуынды, мінезі шорт адам болатын. Бір күні Моналунь арбамен бір жаққа кетіп бара жатып, ауыл маңындағы жайылымда, ялаиэр<sup>17</sup> тайпасының бір топ баласының шөптің тамырын қазып жеп жүрге-

нін көріп, ашу шақырады. Оларға: «Бұл жер менің балаларымның бәйге салып, ат жүгіртетін жері. Бұл жердің ойран-асырын шығарып бұлдіріп тастағандарың қалай?» деп арбасын солай қарай бұрып балаларға ұмтылады. Осы кезде балалардың біреулері арбасын астына түсіп жарақат алады. Жазатайымда балалардың тағы біреі шығын болады. Бұған ашуланған ялаиэрлер Моналуның біткен жылқысын барымталап алғып кетеді. Жылқыға жау шапты деген хабар құлағына тигенде, Моналуның ұлдары сауыттарын киүоге ұлгермей жапатармагай атқа қонып, барымташылардың соңынан қуа жөнеледі. Моналунь: «Балаларым сауытсыз кетті. Жауын жеңе алмас па екен» деп іштей қатты қамығады. Артынша ұлдарының сауытын апарып беруге келін-кепшіктерін жібереді. Бірақ олар бәрібір олардың арттарынан қуып жете алмай, ауылға қайтып келеді. Нәтижесінде соғыс сәтсіз болып, оның алты ұлы бірдей соғыста мерт болады. Ялаиэрлер осы орайда ауылға қайта шауып, Моналуңді де өлтіріп тастайды. Сөйтіп, олар бүкіл бір әулеттің тұқымын түздей құртады. Немеренің ұлкені болған Хайду<sup>18</sup> әлі кішкентай болғандықтан, оны шаранасынан шайқап, омырауын емізген сүт анасы үйген отынның ішіне жасырып тастағандықтан, ажалдан сол гана аман қалады. Ал, Моналуның жетінші ұлы Начжәнь<sup>19</sup> Балаху еліндегі<sup>20</sup> қайын жұртына қайыншылап кеткендіктен, бұл қыргыннан ол да аман-сау қалады. Ол аулыңа жау шапты деген хабар құлағына тие салысымен, өз аулына қайтып келсе, жұртта он шақты ауру-сырқау кемпір-кешек пен Хайду гана қалғанын көреді. Мұны көріп, ол амалы таусылып әңкі-тәңкі болады. Бақытына орай, жылқыларды барымталаган кезде інісінің сары аты жетекте кетіп бара жатып, үш рет жетегін үзіп қашып, ақыры ноқтасымен ауылға қашып келген еді. Начжәнь сол атты ұстап мініп алады. Ол жылқышыларша жасанып алғып, ялаиэр ауылдары отырган жаққа беттейді. Жол-жөнекей араларына біраз жер тастап, бірі алдында, бірі артында, бүркіт салып, аң аулап саят құрып жүрген әкелі-балалы екі адамды көреді. Начжәнь олардың қолындағы құсын танып, «Бұл менің ағамның құсы фой!» дейді. Содан соң алдында кетіп бара жатқан адамның қасына барып қараса ол өзі уыздай жас жігіт екен. Оған: «Ішінде торы аты бар, бір үйір жылқының шығысқа қарай беттеп бара жатқанын көргенің бар ма?» деп өтіріктен жөн сұрайды. Ол оған: «Көргенім жоқ»

деп жауап береді. Одан соң жас жігіт одан: «Жүрген жерінен қаз-үйрек көрмедің бе?» — деп сұрайды. Начжэнь оған: «Көрдім» деп жауап береді. «Көрген болсаңыз, көрген жеріңізге мені ертіп баrasыз ба?» — деп сұрайды жас жігіт. «Жарайды ертіп барайын!» дейді Начжэнь. Сонымен, екеуі бірге жүріп кетеді. Өзеннің бір інтек жеріне келгенде, арттағы адамның қарасы үзіледі. Осы кезде Начжэнь оны тарпа бас салып, өлтіріп тастайды. Содан соң оның аты мен құсын байлап тастап, артта келе жатқан адамның алдынан шығады. Оған да манағы сөздерін қайталайды. Арттағы адам: «Алдыңғы жақта қаз-үйрек атып жүрген адам менің балам еді. Ол анда неғып қозғалмай жатыр?» деп сұрайды. Осы кезде Начжэнь оған мұрнынан ақсан қанын көрсетеді. Ал анау атты адам оның мұнысына шамырқанып қоя береді. Начжэнь қапыда оны да өлтіріп тастайды. Ол одан әрі таман тағы біраз жүріп бір таудың бөктерінде жайылып жатқан неше жұз жылқыны көреді. Байқаса бақташылардың арасында ересек ешкім жоқ көрінеді, барлығы бала екен. Олар ақсүйек ойнап өз алдарына мәз болып жүр. Начжэнь бұл жылқылардың өз ауылшының жылқылары екенін таниды. Содан соң балаларға да манағы сауалын қайталайды. Артынан таудың басына шығып, төнірекке көз салады. Жақын маңда ешкімнің қарасы көрінбеген соң, балаларды түгел өлтіріп тастап, жылқыларды айдал, бүркітті салып үзап кете барады. Жолдан Хайду мен кәрі-күртаң кемпірлерді ертіп алып, Балаху жеріне<sup>21</sup> барып қоныстанады.

Хайду ат жалын тартып мінгеннен кейін, Начжэнь Балахуцегудің<sup>22</sup> барша халқын бастап, оны хан көтереді. Хайду хан тағына отырғаннан кейін, ялаиэрлерге қарсы жорық жасайды. Оларды өзіне бағындырып қайтады да, күш-қуаты одан сайын арта түседі. Ордасын Балахәхәй<sup>23</sup> өзеннің бойына тіктіріп, әрлі-берлі қатынауга қолайлы болу үшін өзеннің үстіне өткел салдырады. Осыдан кейін төрт төніректе тұратын халықтардан оған ел болу үшін келіп қосылғандардың қарасы молыға тұсті.

Хайду өлгеннен кейін оның орнына баласы Байсинхуәр<sup>24</sup> отырды. Байсинхуәр өлгеннен кейін, оның орнына баласы Дуньбинай<sup>25</sup> отырды. Дуньбинай өлгеннен кейін, оның орнына оның баласы Гәбулиханъ<sup>26</sup> отырды. Гәбулиханъ өлгеннен кейін, оның орнына баласы Балиданъ<sup>27</sup> мұрагерлік етті. Балиданъ өлгеннен кейін оның

орынына баласы Есүгей<sup>28</sup> болды. Ол қаншама ру-тайпалардың базын біріктіріп, атағы шартарапқа таралады. Есүгей өлгеннен кейін, Чжииоаннның үшінші жылы қазан айында<sup>29</sup> оған Леңзу Шэньюань хуанди<sup>30</sup> деген құрмет берілді.

Сонау бір заманда, Леңзу<sup>31</sup> татарларға жорық жасап, олардың Темучжэнъ<sup>32</sup> деген әмірін қолға түсіреді. Дәл осы кезде Суаньи-тайхоу Юэлунъ<sup>33</sup> Тайцзуды дүниеге әкеледі. Ол шыр етіп жерге түскенде шенгеліне бір кесек қатқан қанды шенгелдеп туган екен. Леңзу бұған таң қалаады. Сонымен, өзінің осы реткі женісін мәңгілік есте сақтау үшін, соғыста қолға түсірген тұтқыны Темучжэнънің атын қояды.

Тұыстас тайчиулер<sup>34</sup> бұрын Леңзумен өте тату болған екен. Кейін келе Таәрбутай<sup>35</sup> билік жүргізгеннен кейін, араға кірбендік түсіп, бара-бара олардың бір-бірімен арадағы қарым-қатынастары мұлдем үзіліп қалыпты. Леңзу дүниеден өткен кезде, қаған әлі бұғанасы қатпаған жас болғандықтан, елдің көбі тайчиулер жаққа көшіп кеткен еді. Басқаны былай қойғанда оның қасында жүрген Тодуань хоәрчжэнъ<sup>36</sup> есімді жақын серігі бар еді. Сол кісінің өзі, қағаннан бойын аулаққа салмақ болады. Қаған оған кетпеуді өтініп, жылап-еңірейді. Бірақ, Тодуань [хоәрчжэнъ] оған: «Айдын көлім суалды, асқар тауым шағылды. Маган енді мұнда тұра берудің не қайраны бар?!» деп тамам елді бастап көше жөнеледі. Суаньи-тайхоу оның бұлайша өздерін жетім-жесір деп қорлаганына қатты ашуланып, қолына ту алыш, шеріктерді бастап барып, бөліне көшкен елдің жарым-жартысын қайта көшіріп келеді.

Кезінде қағанның<sup>37</sup> қарамағындағы Шочжи<sup>38</sup> деген адам Салихәд<sup>39</sup> тұратын болған. Ол кезде Жамүқаның<sup>40</sup> қол астындағы Тутайчаэр<sup>41</sup> деген адам Юйлюйгә бұлақ<sup>42</sup> деген жерде тұрушы еді. Сол кісі дәйім жылқы айдалап, барымта алуудың қамында жүретін адам еді. Сонымен, бір кезде Салихә маңында өрісте жүрген жылқы үйрлерін қуып кетеді. Шочжи жігіттерді бастап жылқы табынының ішіне тығызып жүріп, әлгі барымташыны атып өлтіреді. Бұған ашуланған Жамүқа жауласып, тайчиулермен ымыраласып, отыз мың адамдың қалың қолмен жорыққа аттанады. Бұл тұста қағанның қолы Дағаньбаньчжусы<sup>43</sup> деген жерде тұратын еді. Бұл сұйт хабарды ести салысымен жақын маңдағы елге жаушы жіберіп, әр рудан жиналған қосынды он үш күренге<sup>44</sup> бөліп, Жамүқаның қолымен қиян-кескі ұрыс салады да, оларды женіп, қуып жібереді<sup>45</sup>.

Ол тұста рулар мен тайпалардың арасында тек тайчиулердің жері кең, халқы мол болып, олар ең қуатты ел саналатын. Сол тайчиулердің ішіндегі чжаоле<sup>46</sup> деген руы қағанмен іргелес жақын жерде отыратын. Қаған бір кездері аң аулап жүріп, аң аулап жүрген чжаоле руының адамдарына кездесіп қалады. Қаған оларға: «Бұгін кеш бізben бірге болып, менің құрметті қонағым болып кетіңдер!» дейді. Чжаоле адамы оған: «Сіздің қонағыңыз болу көптен бері көкейде жүрген арманым еді. Әйткенмен, бізben бірге жүргендердің саны 400 адам. Ішіп-жем жетпейді деп жарымын қайтарып жібердік. Бұгін әуре болып қайтесіз?» дейді. Қаған олардың қалған адамдарын жік-жапар болып қонақша шақырып, сол күні оларға аста-төк қонақасы беріп күтіп алады. Ертесінде олар жалғасты аңға шығады. Қаған өзінің адамдарына аңды чжаолелер жаққа қарай үркітуді тапсырады. Нәтижесінде чжаолелер аулына мол олжамен қайтады. Бұған разы болған оның халқы: «тайчиулер өз туысымыз бола тұра арбамыз бен атымызды ұрлап маза бермей отыр. Онысымен қоймай, аузымыздары асымызды да жырымдап, тартып жеп отырған жоқ па? Оларда ұлысқа ие боларлық салаут жоқ. Ұлысқа бір ие болса, Темучжәнъ ханзада ие болар» деседі. Осы тұста чжаоле билеушісі Улугке<sup>47</sup> тайчиулер зорлық-зомбылық жасай бастайды. Бұған жаны төзбеген ол Тахайдалумен<sup>48</sup> бірге елін бастап келіп, беріледі. Әрі өзінің тайчиулерді қырып тастап, еңбек көрсеткісі келетінін айтады. Қаған оған: «Мені шырт үйқыда жатқан жерден ояттың. Бұгіннен бастап арбаның ізі, адамның жымы тұскен жердің барлығын тартып алып, соның барлығын сендерге берейін» дейді. Бірақ, әлгі екеуі айтқанына тұрмай, қайта бөлініп кетеді. Осы жолда Тахайдалуды тайчиулер өлтіреді. Чжаоле руы осыдан кейін қайта бас көтере алмайды.

Осыдан кейін қағанның атақ-абыройы асқақтай бастайды. Ханының қатыгездігі мен жөнсіздігіне төзе алмаған тайчиулер қағанның мейір-шапағатты адам екенін, өзім деген адамға үстіндегі тонын шешіп беретін, астындағы атын түсіп беретін жомарттығына тәнті болып, бөлініп келіп қағанды паналай бастайды. Міне, бұлардың қатарында Чилаовэнъ<sup>49</sup>, Чжэбе<sup>50</sup>, Шилигэ Ебуганъ<sup>51</sup> қатарлы адамдар мен доланцэи<sup>52</sup>, чжалаләр<sup>53</sup>, ману<sup>54</sup> қатарлы руларды атауга болады. Бұлардың барлығы кезінде өз аяқтарымен келіп берілген еді.

Бір кездері қаған өзінің Сюәчә<sup>55</sup>, Даочу<sup>56</sup> қатарлы туыстарымен бас қосып<sup>57</sup>, әрбіреуі бір арбадан қымыз алып, Вонань<sup>58</sup> өзенінің бойында ұлан-асыр той жасайды. Тойда қағанды және оның басқа нояңдары мен Сюәчәбецзидің<sup>59</sup> шешесі Хуэрчжэнъ<sup>60</sup> қатын қатарлыларды бір дастарқанға отырғызып, олардың алдарына бір саба қымыз қойдырады. Содан соң, Сюәчәбецзидің өгей шешесі Ебекайға<sup>61</sup> арнап бір айырым саба қымыз қояды. Бұған Хуэрчжэнъ «Сендер мені қорладыңдар. Ебекайды менен жоғары санап, алаладыңдар» деп шамданады. Мұны қағанның бақыршысы Шицюэр<sup>62</sup> әдейі жасап отыр деп, оны балағаттайды. Сөйтіп, олардың араларына кіrbіндік түседі. Бұл тойда қағанның атын дайындалп тұруға қағанның інісі Белигутай<sup>63</sup> жауапты болады да, Сюәчәбецзи жақтың атын дайындалп тұруға Боли<sup>64</sup> жауапты болады. Той үстінде Болидің қасында ере келгендердің біреуі көрмеден шылбыр ұрлап жатқанда, оны Белигутай ұстап алады. Бұған Боли ашулаңып, қару жұмсап, Белигутайдың арқасын шауып тастанады. Бұған қызынғандар да болады. Бірақ Белигутай оларды сабырға шақырып: «туыс-туғандар бір-біріңмен жаңадан табысып жатқанда, мен үшін ренжіспеңдер. Мениң жарам жеңіл» деп қанша басу айтқанына қарамастан арада жанжал басталып кетеді. Олар бір-бірін піспектің астына алып сабасады. Ақыры біздің жақ Хуэрчжэнъ, Холиңзинъ<sup>65</sup> қатынды тартып әкеледі. Артынан Сюәчәбецзи адам салып, татуласу тілегін білдірген соң, екі қатынды оларға қайта қайтарып береді. Осы кезде татардың<sup>66</sup> Меучжэнъсяолитуы<sup>67</sup> өзінің Цзинь мемлекетіне<sup>68</sup> берген сертінен танғандығы үшін<sup>69</sup>, Цзинь билеушісінің оны жазалауға аттандырған Чэнсян Ванъянъсянды<sup>70</sup> деген қолбасшысы көп ескермен жорыққа аттанып, оларды солтүстік тарапқа қарай қыып бара жатқаны туралы хабар келеді. Қаған бұл хабарды ести салысымен жақын маңдағы елден қол жинап, Вонань өзенінің жағасында тосып алып, олармен соғыспақшы болады. Ол Сюәчәбецзиге қол жинап, көмекке кел деп елші жібереді. Бірақ оны уағдалы жерде алты күн тосып, ақыры келмеген соң қаған олармен өзі барып соғысады. Меучжэнъсяолитуды өлтіріп, адамдарын тұтқындалп, көп мал-мұлқін олжалап қайтқан еді<sup>71</sup>.

Осы кезде қағанның бір бөлім елін наймандар<sup>72</sup> шауып кеткен еді. Қаған олармен соғыспақшы болып, Сюәчәбецзиге қол жинауды өтініп, елінен алпыс адамын елшіге жібереді. Сюәчәбец-

зи ескі дауды қоздырып, олардың арасынан онын өлтіріп тастап, қалған елуінің киімін шешіп алып, жалаңаш қуып жібереді. Қатты ашуланған қаған қаңарына мініп: «Сен Сюәчебеңзі өткен жолы жазықсыздан-жазықсыз менің Шициоэріме қамшы жұмсаған едің. Белигутайымның етіне таңба салған едің, онымен қоймадың. Бүгін енді жаумен бірге жауығып жағамнан алдың-ау!» деп налиды. Сонымен, әскер бастап құмның аргы бетінде отырған оларға қарсы соғысқа аттанады<sup>73</sup>. Олардың ел-жұртын қырып-жойып, қалғанын тұтқындарап байлап алады. Сюәчә<sup>74</sup>, Даочу қатарлылар әйелі мен бала-шагасын ертіп, қашып құтылады. Арада бірнеше ай аралаганнан кейін қаған Сюәчә мен Даочуды бағындыру үшін екінші мәрте жорыққа аттанады. Бұл жолы ол Телету<sup>75</sup> шатқалында олардың көзін біржолата жояды.

Кэле елінен<sup>76</sup> Чжааганьбо<sup>77</sup> келіп қосылды. Чжааганьбо сол елдің ханы Ванханның інісі еді. Ванханның өз аты — Толи<sup>78</sup>. Цзинъдерден [шүршіттерден. — Ж. О.] «Ван»<sup>79</sup> деген атақ алған. Бұл елдің тілі оған келмегендіктен, «Ван» дегенді «Ванхань» деп атап кеткен<sup>80</sup>.

Ванханның әкесі Хуәрчжахусы Бәйлұ<sup>81</sup> өлгеннен кейін, оның орнына Ванхан таққа отырады. Ол өзінің ағалары мен інілерін шетінен өлтіре бастайды<sup>82</sup>. Оның әкесінің інісі Цзюйэр[хань]<sup>83</sup> әскер бастап жорыққа аттанып, Ванханмен соғысады. Ванханның қолын Халавәнь шатқалында<sup>84</sup> қамауға алып, сонда жеңеді. Соғыста женіліп қалған Ванхан жұз шақты әскерімен қашып құтылып, Леңзуга қашып барды. Леңзу өзі қол бастап барып, Цзюйэр[хань]ды Сисяра<sup>85</sup> қуып жіберіп, ел-жұртын Ванханның өзінен қайтарып алып береді<sup>86</sup>. Ванхан бұған қатты разы болады, әрі онымен одақ құрып, екеуі бір-бірімен «анд»<sup>87</sup> болады [Анда — хуа тілінде<sup>88</sup> бір-бірімен зат алмастырып достасу деген сөз]. Леңзу дүниеден өткеннен кейін Ванханның інісі Еликәхала<sup>89</sup>, Ванханның адамдарды тым көп өлтіргеніне наразы болып, одан бөлініп найман еліне қашып кетті. Найман ханы Инаньчи<sup>90</sup> әскер аттаңдырып, Ванханга қарсы жорыққа аттанады. Оның ел-жұртын түгел тартып алып, оған [Еликәхалаға. — Ж. О.] алып берді. Ванхан Хәси<sup>91</sup>, Хуәйгу<sup>92</sup>, Хуәйхуәй қатарлы үш елді басып өтіп<sup>93</sup>, Циданьдарға<sup>94</sup> қашып барды. Кейін [Циданьдармен де] шығыса алмай, жанжалдасып атының басын өз еліне қайта бұрды. Жолда азығы таусылып, ешкінің

сүтін талғажау етті. Түйенің қанын сорып, сонымен қоректенеді. Сөйтіп, жоқшылықтың тауқыметін тартып, көрмеген азабы қалмайды. Қаған кезінде Леңзумен жақсы дос болғанын ескеріп, адам жіберіп қасына шақыртады. Одан соң қаған өзі алдынан шығып қабылдап алады. Оған қосынның ортасынан орын беріп, асырап сақтайды<sup>95</sup>. Артынша олар Туула<sup>96</sup> өзенінің жағасында салтанатты рәсім өткізіп, [қаған] Ванханды құрметтеп өзіне әке етіп алады.

Көп өтпей<sup>97</sup> қаған мелици тайпасына<sup>98</sup> жорық жасап, олардың әмірі Тотомен<sup>99</sup> Монача тауында<sup>100</sup> соғысады. Бұл елдің мал-мұлқін, етіндігі мен жинаған астығын түтел тонап алып, шып-шырғасын шығармастан Ванханға табыс етеді. Осыдан кейін Ванхан елінің басы қайтадан құрала бастаған еді.

Арада тағы біраз уақыт өткеннен кейін Ванхан өз күшіне өзі сеніп, қағанға ешқандай хабар берместен жеке өзі қол бастап, мелицилерге тағы да жорықта аттанады. Мелицилер жеңіліп қашып кетеді. Тото қашып барып, Баәрхұчжәнің қыын шатқалдарына барып бекінеді. Бұл жорықтан Ванхан аса мол олжамен оралса да, әкелген олжасынан қағанға ештеңе берген жоқ. Бірақ, қаған мұны да көңіліне алған жоқ еді<sup>101</sup>.

Дәл осы кезге дейін найман билеушісі Буюйлухан<sup>102</sup> астамдық танытып, есе бермей келген-ді. Қаған бұл жолы тағы да Ванханмен бірге соларды бағындыру жорығына аттанып кетеді<sup>103</sup>. Олар Хәйсинъбashi жеріне<sup>104</sup> жеткенде олардың [наймандардың] Едәтоболу<sup>105</sup> бастаған алдыңғы шептеп жүрген қосындарымен кездеседі. Ол жүз адамдық қосыннымен келіп соғысқа араласқанымен, қарсы жақтың таяп келе жатқан қалың қолын көріп ығысталп барып, таудың бір биғіне таман шегінген кезде, атының айылы үзіліп кетіп, қолға түсті. Көп өтпей қаған наймандардың батыр қолбасшысы Цюйсюе сабала екеуімен кездесті<sup>106</sup>. Бұл күні күн кешкіріп кеткендіктен, қосындар өзді-өзінің бекіністеріне барып түнеп, ертесінде қайта соғысуға уағдаласады. Осы күні кеште Ванхан басқалар біліп қалмас үшін түнеп жатқан жеріне көп жерден от жаққызып тастап, қосындарын бастап басқа жаққа кетеді<sup>107</sup>. Қаған мұны ертеңінде таңертеп біледі. Оның басқадай пирсында болғанын іші сезіп, ескерін бастап Салихә<sup>108</sup> жаққа қарай шегінеді. Кейін, Ванхан өзі Туула өзенінің бойына қайтып оралады да, Ванханның ұлы Илахә<sup>109</sup> мен Чжааганьбо қосындары бір-бірімен бас қосады. Цюйсюеу<sup>110</sup> қатар-

лылар осы мәліметтерді алғаннан кейін, торуылдап жүріп олардың еш дайындықсыз бейқам көшіп бара жатқан еліне шабуыл жасайды. Илахә бұл хабарды дереу Ванханға мәлімдейді. Ванхан Илахәге қасына Булухудәні<sup>111</sup> ертіп олардың соңынан қууды бүйірады және өзінің елшілерін [қағанға] жіберіп: «Наймандар жолсыздық жасап, бейқам жатқан халқымды тонады. Тайцзы<sup>112</sup> сенің төрт мықты қолбасшың<sup>113</sup> болушы еді. Соларыңды жіберіп, кеткен есемді қайтарып бересің бе?» деп сәлем жолдайды. Қаған откен-кеткен реніштерін ескермesten, Баэршу<sup>114</sup>, Мухуали<sup>115</sup>, Болохунь<sup>116</sup>, Чилаовэнъ<sup>117</sup> төртеуін дереу сонда жөнелтеді. Қосын келуден бұрын, Илахә Цюйсюеуды қуып жетіп, онымен соғысқан екен. Соғыста күйрәй женіліп қалыпты. Ал Булухудә болса бағыза тұтқынға түсіпті. Илахәнің атының санына оқ тиіп, өзі де тұтқынға түсе жаздал, қатты қиналып тұрган кезде, төрт күлік дер кезінде жетіп келіп, наймандарды қуып жібереді. Тонап алған мал-мұліктерін қайта тартып алып, шып-шыргасын шығармастан Ванханның өзіне табыс етеді. Осыдан кейін қағанның інісі Хасаәрмен<sup>118</sup> бірге наймандарға тағы да жорық жасайды. Екі жақ Хуланъчжанъцы<sup>119</sup> тауында шеп құрып, соғысып, оларды [наймандарды] күйрете жеңеді. Қөптеген қолбасшылары мен адамдары қырылады. Өлген адамдардың мәйіттері тау-тау болып үйіліп қалады. Осыдан кейін наймандардың күш-қуаты едәуір әлсіреп кетеді.

Бұл кездері тайчиулердің әлі де едәуір мықты кезі еді. Қаған мен Ванхан Салихә өзенінде бас қосып, сол жерден жорыққа аттанып, тайчиу билеушісі Ханху қатарлылармен<sup>120</sup> Вонань өзенінің бойында алапат соғыс жасайды. Олар жеңіліп қаша жөнелген жауды соңынан қуа соғып, олардың есепсіз көп адамын өлтіреді және тұтқындаиды<sup>121</sup>.

Хадацзинъ<sup>122</sup>, санъчжиу<sup>123</sup>, долубанъ<sup>124</sup>, татар, хунцзила елдері наймандар мен тайчиулер жеңіліпті деген хабарды естігенде барлығының бойын үрей билеп, беймаза күйге тұсken еді. Олар Аләй-дуанъ<sup>125</sup> бұлагының бойында бас қосып, ақ айғыр сойып, ант ішіп, қаған мен Ванханға жорық жасайтын болып уағдаласады. Хунцзила<sup>126</sup> тайпасының билеушісі Дэй<sup>127</sup> бұл істің сондай сәтті боларына сенбегендіктен астыртын адам жіберіп, болған істен құпия мәліметтер береді. Қаған мен Ванхан Хутуцзэ<sup>128</sup> деген жерден жолға шығып, Бәйілекуаның<sup>129</sup> жағасында соғысып, оларды да талқандайды<sup>130</sup>.

Осыдан кейін Ванхан өз қосындарын бөліп алып, [Цэ] лулин<sup>131</sup> өзенін бойлап өз алдына кетеді. Чжааганьбо, Аньдунашу<sup>132</sup> және Яњхотоэр<sup>133</sup> қатарлы адамдарына: «Менің ағамның мінезі ойпылтойтып тұрақсыздай адам. Аға-бауырларымның бәрін өлтіріп болды. Бұл зобалаңнан біздің басымыздың аман қалуы қалай болар екен?» деп кеңеседі. Аньдунашу бұл сөздерді жайып жібереді. Ванхан Яњхотоэр қатарлыларды ордасына шақырып алыш, әуелі олардың байлауын босаттырады. Содан соң Яњхотоэрге: «Сен біздің баяғыда Сися елінен [Таңғұт елі – Ж. О.] қайтар жолда, басымызға іс түсіп, арып-ашып келе жатқан кезде бір-бірімізге жасаған сертімізді бүгін түгелдей ұмытып калғансың ба?» деп сұрайды. Осы сөздерді айтып, оның бетіне түкіреді. Одан соң отырғандардың барлығы барып, оның бетіне бір-бір түкіреді. Ванхан бұдан кейін де Чжааганьбоны бірнеше жерде кінәлаган еді. Оның балағаттаған сөзіне төзе алмай, ақыр аяғында Чжааганьбо мен Яњхотоэр қатарлылар наймандарға қашып кетеді.

Қаған әскерін Чәчәэр<sup>134</sup> тауына жинап, татарларға жорық жасайды. Соғыспақ болып алдынан шыққан [татар] билеушісі Алаудоуэр<sup>135</sup> қатарлылар соғыста жеңіліп қалады<sup>136</sup>.

Осы тұста хунцзилалар бағынгалы келген еді. Хасаэр олардың бұл ниетін толық түсінбегендіктен, оларды атып-шаба бастайды. Нәтижесінде хунцзилалар Жамұқа жаққа шығып, соған беріледі. Артынша долубань, ицила, хадаңзинь, қолуласы, татар, санъжиу қатарлы тайпалар Цзянъхэ<sup>137</sup> өзенінің бойында бас қосып, Жамұқаны Цюйэрхань<sup>138</sup> деп ұлықтайты. Тулойбеэр<sup>139</sup> өзенінің жағасына барып: «Арамыздан осы антыйызға опасыздық еткен адам шықса, жарқабақтай опырылсын. Қара ормандай оталсын» деп ант беріседі. Одан соң жарқабақтың шетіне барып, жарқабақты тепкілейді. Қылыштарын сермен қара орманды отайды. Одан соң әскерлерін бастап келіп жарқабақты таптатады. Олардың арасында Гахайха<sup>140</sup> деген адам да болған еді. Ол кісі қағанға міндет атқаратын Шаоуэр<sup>141</sup> деген адамның құдасы еді. Сол Шаоуэр құдасына амандаласа барған сапарында, ол жақтан алда болғалы жатқан қастандықтың жай-жапсарын естіп-бледі. Сонымен онда көп аялдамай, қаған түрган жерге келіп, олардың жасамақшы болған қастандықтарының мән-жайын түгел [қағанға] жеткізеді. Қаған оларға қарсы дереу әскер аттандырып, Хайллаэр, Тәнихолухань жерінде<sup>142</sup> олармен

сөгісіп жеңеді. Жамұқа қашып құтылады. Хунцзилалар келіп бағынады<sup>143</sup>.

Ит жылы<sup>144</sup> қаған әскер аттандырып, Улухуәйшилянъчжэнъ өзенінің<sup>145</sup> бойында аńчи татар<sup>146</sup>, чахань-татар<sup>147</sup> қатарлы екі тай-паға жорық жасайды<sup>148</sup>. Шабуылды бастамас бүрін олар: «Жауды түбегейлі жеңіп, қашқан жауды қуған кезде, жаудың жүртінда қалған мал-жан мен дүние-мұліктен олжа алмайық. Соғыс аяқталғаннан кейін түсken олжаны бір жерге жинап, бірлікте үлеске салайық» деп келіске еді. Айтқандай бұл соғыста олар жеңіске жетеді. Бірақ Аньтань<sup>149</sup>, Хочаэр<sup>150</sup>, Далитай<sup>151</sup> үшеуі айтқанға түрмай уағда бұзады. Қатуланған қаған олардың алған олжасын түгел тәркілеп алып, қосындарына үлестіріп береді.

Ілгеріде соғыста жеңіліп, Баәрхұчжәнънің құз шатқалына қашып кеткен Тото кейін келе ол жақтан қайтадан қайтып келіп, зобалаң туғыза бастағандықтан, қаған қол бастап оған қарсы соғысқа аттанып, оны қуып жіберген еді. Бұл жолы ол найманнның Бу(луюй)[юйлу]ханымен [Бүйрық ханмен] және долубань, татар, хадаңзинь, санъчжиу қатарлы тайпалармен астасып, бірлікте шабуыл жасайды. Қаған жау жағдайын бақылауға төрт атыраптағы биік таулардың басына қарауылдар қояды. Қоған өтпей қарауылдардың бірі найман қосындарының таяп қалғанын хабарлайды. Қаған мен Ванхан әскерлерін қамалдың ішіне енгізіп, қамалға мықтап бекініп алады. Илахә солтустік жақтан келіп, өз қосындарын биік тау басына жайғастырады. Найман қосындары оған неше дүркін шабуылдап, еш нәтиже шығара алмай, кері қайтады. Осыдан кейін Илахә де өз қосындарын қамалдың ішіне кіргізеді. Соғыс басталардың алдында, қаған қосындарды сұрыптаған, ана-мыналарын басқа жаққа орналастырады. Өзі Ванханнның қасына қанаттаса барып орналасып, Аланьсай қамалын<sup>152</sup> қалқан етіп, Цюэитань<sup>153</sup> даласында қанды қыргын соғыс жасайды<sup>154</sup>. Соғыс кезінде наймандар күн жайларатып, қарлы боран соқтырып, соның көмегін пайдаланып шабуылдар үйымдастырмақшы болған еді. Бірақ қарлы боран өздеріне қарай соғып, өз шебінің тоз-топалаңын шығарған еді. Найман қосындары үшін соғысу мүмкін болмағандықтан, қосындарын бастап шегіне бастайды. Бұл кезде жер бетін ақ мамық қалың қар басып қалған еді. Қаған осы орайда әскерін атқа қондырып шабуылға шығып, найман қосындарын ойсыратып тастайды.

Осы кезде Жамұқа өз әскерін бастап наймандарға көмекке келген еді. Олардың женіліп, шегініп бара жатқанын көріп, ат басын кері бүрады. [Жамұқа] қайтар жолда өзін [«Гор-хан» деп] сайлаған тайпаларды түгелімен тонап алады<sup>155</sup>.

Қаған өзінің тұнғыш ұлы Шучиге<sup>156</sup> Ванханның қызы Чаоэр байцзиді<sup>157</sup> айттырып, Ванханның (ұлы) [немересі] Тусахәге<sup>158</sup> қағанның қызы Хоачжэнъбайцзиді<sup>159</sup> атастырып құда болмақшы болады. Бірақ бұл құдалықта талаптардың бәрі орындалмайды. Содан бастап екі ортада дүрдараздықтар орын ала бастаған еді. Осыдан бұрын, қаған мен Ванхан күш біріктіріп, наймандарға жорық жасаған кезде, олар ертесінде соғыспақшы болып, бір-бірімен уағдаласқан еді. Бірақ Жамұқа Ванханға барып: «Мен сізге сұықторғай сияқты болсам, басқалар сізге қаз-үйрек сияқты. Сұықторғай қысы-жазы демей, солтустікте жасай береді. Қаз-үйректер болса күн сұыта бере оңтүстікегі жылы жаққа ұшып кетеді» дегенді айтады. Мұнысы қағанды сенімсіз дегені еді. Ванхан бұл сөздерді естіп, секем алып, қосындарын басқа жаққа алып кеткен еді. Жамұқа бұл жолы құдалық сәтсіз болды деген хабар құлағына тиісімен Илахәра барып: «Тайцзы сөз жүзінде Ванханның баласымын дегені болмаса, наймандармен үнемі хабарласып тұрады. Бұл әкең екеуінізге түбі жақсы болмас. Егер сіз әскер аттандырап болсаңыз, мен де сізben бірге аттанып, өз көмегімді берер едім» дейді. Илахә оның бұл айтқандарына сенеді. Осы кезде Далитай, Хочаэр, Аньтанъдер қашып шығып, Илахәні панарап жүрген еді. Солар да: «Сіз Суаны тайхоудың<sup>160</sup> ұлдарын шапсаныз, біз де қолдан келген көмегімізді аямаймыз» деп даурығады. Илахә бұған қатты қуанады. Елші жіберіп, бұл істі Ванханға айтады. Ванхан: «Жамұқа деген сөзінде пәтүәсі жоқ адам. Оған сенуге болмайды» дейді. Бірақ Илахә айтқанынан қайтпай, араға төрт мәрте елші жібереді. Ванхан: «Мен өз өмірімде, Тайцзыға сүйеніп жан сақтап келген едім. Сақал-шашым қурап, қартайып құр сұлдерім қалған кезде, құлағыма маза бермедіңдер гой! Әйтеуір басыма пәле тауып бермесеңдер болды» дегенді айтады. Осыдан кейін Жамұқа дереу барып қағанның жайылымын өртеп жіберіп, қашып кетеді.

Доңыз жылы<sup>161</sup> Ванхан мен ұлы екеуі қағанға қастандық жасаудың қамына кіріседі. Олар елші жіберіп: «Құда болу туралы бүйімтайыңды лайық көріп отырмызы. Келіп Бухунъчаэр<sup>162</sup> ішіп

кет» деп сәлем айтады (Бухунъчаэр — хуа тілінде [қытай тілінде — Ж. О.] құдалық шарабы деген сөз). Қаған бұған сеніп, он шақты адаммен құдалыққа аттанады. Жарым жолға келген кезде, көкейіне әлдеқандай құдіктер келіп, қасындағы нөкерлерінің біреуін елшіге жіберіп, тәңір жарылқасын айтады да, қаған өзі бармай кері қайтады. Ванханның бүл жоспары іске аспай қалғаннан кейін, ол енді дереу әскер бастап жорыққа аттану туралы кеңес құрады. Жылқышы Цишили<sup>163</sup> бұл істі естіп, Бадай<sup>164</sup> деген інісі екеуі қағанға астыртын хабар жеткізеді. Қаған әскерін дереу Алансай қамалына аттандырып, оны-мұнысын басқа жаққа орналастырады. Чжэлимайды<sup>165</sup> алдыңғы шепке қойып, Ванхан қосындары келе салысымен шеп жайып бірден соғысқа араласып кету үшін сақадай сай дайын тұрады. Ең бірінші чжулицзинь<sup>166</sup> тайпасымен кездеседі. Одан кейін дунай<sup>167</sup> тайпасымен кездеседі. Оның артынан Холи-шилемән<sup>168</sup> шеріктері кездеседі. Міне, осылардың барлығы жеңіледі. Ең сонында Ванханның жеке қосындарымен кездесіп, ол да жеңіледі. Осы кезде Илахә жағдайың қынданап бара жатқанын көріп, дегбірі кетеді. Өзі де майданға тұсken кездесіп, оқ тиіп, қысылтаяң қүйге түсіп әскерін шегіндіріп әкетеді. Целий<sup>169</sup> тайпасының адамдары Ванханды тастап, [Темучжэнъге] келіп беріледі<sup>170</sup>.

Ванхан жеңіліп қайтып кетеді. Ал қаған әскерін бастап Тұнгәцзэ<sup>171</sup> деген жерге барып тоқтап, Алихай<sup>172</sup> деген адамды Ванханға елшіге жіберіп, Ванханға айта бар деп мынадай сәлем жолдайды: «Хан ием, баяғыда ағакеңіз Цзюйэрханънан қорқып қашып, басынзыға құн туып келгенізде, мына менің әкем Цзюйэрханъға шабуыл жасап, оны жеңіп, өзін Хәсиге<sup>173</sup> қуып жіберіп, жері мен ел-жұртын түгелдей сізге алып берген еді. Мұны, хан ием, біздің сізге жасаған бірінші жақсылығымыз дейік. Хан ием, бір кезде сізді наймандар шауып, сіз өзіңіз күнбатыс жаққа қашып кеткен едіңіз. Сіздің ініңіз Чжааганьбо Цзинь<sup>174</sup> жерінде тентіреп жүрген кезде, мен адам жіберіп қасыма шақырып алған едім. Осыдан кейін ол тағы мелицилердің қыспағына ұшыраған кезде, мен тағы да ағам Сюечәбецзи мен інім Даочоуды жібердім. Оларды сонда өлтірген еді. Мен мұны сізге жасаған екінші үлкен жақсылығым дер едім. Хан ием сіз арып-ашып қайтып келген кезінде, мен Хадинлидің<sup>175</sup> аргы жағына дейін барып, сол жақтағы елдің қойын,

жылқысын, мал-мұлқін торап алып келіп, соның барлығын, хан, сізге беріп, жарым айға жетпейтін уақыттың ішінде қасыңызда жүргендердің аштарын асқа тойғызып, арықтарын семіртіп берген едім. Бұл менің, хан ием, сізге жасаған үшінші жақсылығым еді. Бір кездері, хан ием, сіз маган айтпай жалғыз өзініз мелицилерді шауып, ырғын олжага батып қайттыңыз. Бірақ ол жақтан алған олжаныздан маган бір тал қылышық та берген жоқсыз. Сөйте тұра мен оны қөңіліме алмаған едім. Одан кейін, хан ием, сізді наймандар шапқан кезде, мен төрт қолбасшымды жіберіп, олжаланған малжаныңды тартып алып, өзінізге қайтартып беріп, күйрекен мемлекетініңді қайтадан құрып берген едім. Бұл менің сізге жасаған төртінші жақсылығым болатын. Мен долубань, татар, хадацзинь, санъчжиу, хундзила қатарлы бес тайпага жорық жасаған едім. Мен қаз-үйрекке шүйілген ақсұңқардай, көзіме шалынғанды құр жібермеуші едім және қолыма түскен олжамды түгелдей, хан ием, сізге апарып беруші едім. Бұл менің сізге жасаған бесінші жақсылығым еді<sup>176</sup>. Менің жасаған осы бес жақсылығымның барлығы да болған, шырылдаган шындық. Хан ием, сіз менің сізге жасаған осы жақсылықтарымды өтемесеніз де, мен сізге жақсылығымды өтеді меді деп бұлданбас едім. Бірақ, хан ием, сіз бүгін жақсылыққа жамандық істеп, маган қарсы әскермен жорыққа аттанғаныңды қалай түсінсем екен!.. Бұл сөздерді Ванхан естігеннен кейін ұлы Илахәра: «Мен кеше не деген едім?! Ұлым сол сөзді енді есінә сақта!» дегенді айтты. Илахә: «Болар іс болды, бояуы сінді. Енди барды салып соғысқаннан басқа ешқандай жол жоқ. Соғыста егер біз жеңсек, оны біз қосып аламыз. Ол жеңсе бізді ол қосып алады. Бар болғаны осы ғана. Көп сөздің не керегі бар?» деген жауап береді.

Бұл тұста қағанның Аньтань, Хочаэр деген туыстарының барлығы Ванханның қасында еді. Қаған Алихайды елші етіп Ванханга сәлем жолдаған жолы, сол туысқандарыма да айта бар деп мыналадай сөздерді айтады: «Бұрын біздің елде хан жоқ кезде, Сюәчә мен Тайчу екеуі атамның бірге тұған ағасы Балаханың<sup>177</sup> үрпағы болғандығы үшін, мен оларға сендер хан болыңдар деген едім. Сонда бұл ұсынысқа екеуі де қарсы болған еді. Содан соң, мен Хучаэр сен әкемнің ағасы Некуның<sup>178</sup> баласы едің. Сен хан бол дегенімде, сен де қабыл көрмеген едің. Мұндай игі іс-

ті қалай аяқсыз қалдыруға болар еді. Аньтань, сізді аргы атамыз Ҳутуланың<sup>179</sup> ұлы болғанының үшін мен хан тағына сізді отырғызайын дегенде сіз де қарсы болған болатынсыз. Ақыры мені хан көтерген сендер едіңдер гой! Эту баста менде ондай ой болмagan еді гой! Ойламаган жерде мені осындаï күйге душар етеді деп кім ойлаган. Үш өзеннің бойы ата-бабамыздың жері. Сендер онда басқа ел қондырманадар. Сендер қазір Ванханга қызмет етіп жатырсындар. Ванхан тұрлаусыз адам. Ол бүгін маган мынаны істегендеге, ертең сендерге не істемейді? Мен кетейін! Енді мен кетейін!» дейді. Аньтань қатарлылар оның бұл сәлеміне бірауыз жауап қайтармайды.

Қаған Ванханға елшілерін аттандырғаннан кейін, өзі әскер аттандырып, хунцзила<sup>180</sup> руының бір тармағына жататын неэрдзинъ<sup>181</sup> елін торап алады. Одан шығып Банъчжун<sup>182</sup> өзеннің бойына жетеді. Өзен сұы лай еді. Қаған сол шалшық суды ішіп, көпшілікке серт береді. Ициле<sup>183</sup> тайпасының Боту<sup>184</sup> деген адамы холула<sup>185</sup> тайпасы жағынан жеңіліп кетіп бара жатқан жолда қағанға кезігіп, екеуара одақ құрады. Хасаэр басқа жақта Халахунъ<sup>186</sup> тауында тұратын еді. Ал оның әйелі мен балалары Ванханның тұтықыннанда болатын. Ол өзі кенже ұлы Тохуды<sup>187</sup> ертіп, қашып құтылады. Жолда азығы таусылып, құстың жұмыртқасын теріп жеп, көрмен қорлықты көріп, ақыры өзен бойында бір-бірімен табысады. Бұл кезде Ванханның күшінің мығым тұрган кезі еді. Ал қағаның күйі өте әлсіз болатын. Сондықтан кімнің жеңіп, кімнің жеңілерін бағамдау әлі қиын, елдің басына күн туган қатерлі кез еді. Өзен сұын бірге ішкендердің барлығы «батпақ су ішкендер» аталып, бұл олардың қиын заманының сын сағаттарын бірге өткергендігінің күәсі болады. Ванханның қалың қолы келіп жетті. Қаған олармен Халанъчжэншато<sup>188</sup> деген жерде шайқасып, Ванхан қолы жеңіліп қалады<sup>189</sup>. Оның Аньтань, Хочаэр, Жамұқа сияқты нояндары Ванханды өлтірмекші болады. Бірақ, онысы іске аспай, наймандарға қашып кетеді. Далитай<sup>190</sup>, Балянь<sup>191</sup> қатарлылар елін бастап келіп, қағанға келіп бас иіп, бағыныштылық танытты.

Қаған әскерін Вонан өзеннің жоғарғы жағына жинап, Ванханға шабуыл жасауға дайындала бастайды. Ол Ванханға тағы да екі елшісін жіберіп, оған жалғаннан-жалған мынау Хасаэрдың сізге айтқан сәлемі еді дегізіп былай дейді: «Мен қазір ағам Тай-

цзының<sup>192</sup> қайда жүргенін білмеймін. Мениң әйелім мен балаларым Ван<sup>193</sup> сіздің жақта жүр. Мен оны іздең тапсам деймін. Бірақ, қайдан іздең табамын? Ван, егер сіз біздің бұрынғы достығымызды ескеріп, өткізген қателіктерімді кешірер болсаңыз, сізге қол қузырып бағынуға дайын отырғанымды айтқым келеді». Ванхан бұл сөздерге сеніп, келген екі елшінің жанына өз адамын қосып беріп<sup>194</sup>, уағданың нышаны ретінде торсыққа өз қанын құйып, беріп жібереді. Олар келгеннен кейін, екі елшіге жол бастатып, шеріктердің аузына ағаш тістетіп<sup>195</sup>, Җәкәжжәюньду<sup>196</sup> тауына қарай тұнделетіп жорыққа аттанады. Олар қамсыз жатқан Ванханға тұтқиыл шабуыл жасап, оны жеңеді. Кәле<sup>197</sup> елінің барлық халқын түгелдей бағындырады. Ванхан мен Илахә қан майданнан қашып құтылады. Ванхан қатты өкініп: «Мениң ұлым мені қате түсінген екен. Мына қасіреттің орны енді қанша өкінгенмен де толмас!» – дейді. Ванхан қан майданнан қашып шыққан бойда, жолшыбай найман қолбасшысына кездеседі. Олар оны өлтіріп тастайды<sup>198</sup>. Илахә Сисяға<sup>199</sup> қашып барып, барынта жасап күн кешіп жүреді. Қөп өтпей Илахәга сисялықтар әскер аттандырып, ел аумағынан қуып жібереді. Ол одан шығып Цюсі<sup>200</sup> еліне қашып барады. Цюсі елінің әмірі әскер аттандырып, оған шабуыл жасап, оны өлтіріп тастайды<sup>201</sup>.

Қаған Ванханды жойғаннан кейін, жол бойы Темайгай<sup>202</sup> даласында аң аулап, саят құрып, жарлық шашып, жорықтан жеңіспен оралады. Қағанның атақ-данқының бұлайша асқақтауы найман ханы Тайян Ханның<sup>203</sup> қызғанышын тудырады. Ол ақ татар<sup>204</sup> би-леушісі Алахусы<sup>205</sup> деген адамға елші жіберіп: «Естуімше Шығыста біреулер қаған<sup>206</sup> болып жатыр дейді. Аспанда екі күн болмайтыны сияқты, халықтың қалай екі қағаны болсын? Сіз менің оң қолым болып аттанар болсаңыз, мен олардың садақтары мен жебесін тартып алар едім» деген сәлем айтады. Алахусы бұл хабарды астырытын адам жіберіп, қағанға айтады. Қөп өтпей ол өзі келіп бүкіл ел-жүртімен біржолата бағынады.

Тыщан жылы<sup>207</sup> қаған Темайгай даласында құрылтай өткізіп, наймандарға жорық жасау туралы кеңес құрады. Ноңдардың бірсыптырасы, қазір жазғытурымғы арықшылық уақыт. Ат-көліктеріміз арық, жорықты күзге қарай ат қонданған кезде жасасақ деген кеңес береді. Тек қағанның інісі Вочицзинъ<sup>208</sup> ғана: «Қандай

бір істі болмасын дер кезінде шешкенге не жетеді. Ат арық дегенді сылтау етіп мынандай келелі істі кейінге қалдыруға бола ма?» деген пікір айтқан еді. Бұл пікірді Белигутай<sup>209</sup> да қолдайды. Ол: «Наймандар біздің қорамсағымызды тартып алмақшы болғаны бізді қорашсынғаны емес пе?! Біз олармен өліспей бітіспеуіміз керек. Олар ұлысымыз ұлken деп мардымсып жатқанда, біз оларға тұтқылдан шабуыл жасайтын болсақ, сөзсіз жеңіске жетеміз» дейді. Бұл сөздерді естіп қаған ерекше қуанады. Ол: «Дұрыс, мұндай аламандар тұрганда, біз неге жеңбейміз!» дегенді айтып, наймандарға қарсы жорыққа аттанып кетеді. Ол әуелі қалың қолды Цзяньтәгай тауына<sup>210</sup> жинап, алдымен Хубилай<sup>211</sup> мен Чжәбе<sup>212</sup> екеуін қосынның маңдайалды шабуылшылары<sup>213</sup> етіп аттандырады. Тайянхан қолын Аньтай<sup>214</sup> тауынан жылжытып, Ханъхай тауына әкеп орналастырады<sup>215</sup>. Ол мелици begi Тото, кәле тайпасының әмірі Алян тайши<sup>216</sup>, Вэйла тайпасының<sup>217</sup> билеушісі Худухуа беңзи<sup>218</sup> және тулубань<sup>219</sup>, татар, хатацзинь<sup>220</sup> санъчжиу<sup>221</sup> қатарлы тайпалармен күш біріктіріндіктен, олардың әскер қуаты ерекше мығым еді. Осы кездे біздің қосынның бір арық аты қашып барайп, найман қосындары тұрган жаққа етіп кеткен еді<sup>222</sup>. Тайянхан бұл атты көргеннен кейін, ұлықтарымен ақыл-кенес құра отырып, оларға: «Мұндай болғанда мәнгулердің аты арық екен. Біз алдымен оларды шырғалап, ортамызға таман енгізіп алғаннан кейін, тарпа бас салып, байлап-матап тастайық» деген кеңесін айтады. Оның қолбасыларының бірі Холисубачи бұл пікірді мұлде құпта майды. Ол: «Бұрынғы өткен хандарымыз жорыққа аттанғанда еш уақытта беті қайтпаған еді. Олар өмірінде атының сауыры мен жігіттерінің жонын дүшпанына көрсеткен емес еді. Бұлайша қоян бұлтақ әдіске көшу қорыққандық емей немене? Егер шынымен қорқып тұрсаң, онда қолды неге қатындарға басқартпаймыз?» дегенді айтты. Мынау сөздерді естігенде Тайянхан қатты қапаланды. Ол атынан қарғып түсіп, соғысты дереу бастауды бұйырды. Қаған ортанғы қолды басқаруды Хасаэрға тапсырады. Бұл кезде Тайянханмен бірге бір майданда жүрген Жамұқа ол жақтан бөлініп шығып, қаз-қатар боп сап түзеген қаған қолының сондай ретті екенин көргеннен кейін, қасындағыларға: «Наймандар алғаш жорыққа аттанғанда, мәнгу әскерлерін еліктің лагындаі сілкілеп, бір тал пүшпағын да қалдыромай жейміз дескен еді. Мына қосын тым ай-

бынды көрінеді. Соған қараганда олар бұрынғысынан әлдеқайда оңалып кеткен екен» дейді де, өз қосындарын бастап басқа жаққа тайып тұрады. Бұл күні қаған найман қосындарымен кеш батқанша соғысты, Тайянхан согыста қолға түсіп, өлтірілді. Оған қарасты әр тайпаның қосындары тоз-тозы шығып, бытырап кетті. Осы кеште түн қатып, қыннан жол тауып, қашып шықпақшы болған [найман-дардың] көп адамы құздан құлап мерт болды. Қалғандары ерте-сінде түгелдей тізе бұкті<sup>223</sup>. Сонымен, долубань, татар, хадацзинь, санъчжиу қатарлы төрт тайпа түгел келіп бағынды<sup>224</sup>.

Осыдан кейін мелицилерге жалғасты түрде жорық жасалады. Олардың begi Тото Тайянханның інісі Буюйлуханъға қашып кетті. Оған қарасты Дайэр усунь<sup>225</sup> деген адам қызын беріп, бағынғандығын білдіреді. Бірақ, кейін келе бүлініп, қайта қашып кетеді<sup>226</sup>. Қаған Тайханъчжайға<sup>227</sup> дейін барып, одан әрі қарай Болохуань<sup>228</sup> мен Шэнъбай<sup>229</sup> екеуінің басқаруына оң қанат қосынды беріп, жорыққа аттандырады. Олардың бүлігін түбекейлі тыныштандырады.

Сыр жылы<sup>230</sup> қаған Сисяга жорыққа аттанып, Лицзили қорғанын<sup>231</sup> алып, Лосы қаласынан<sup>232</sup> әрі таман барып, олардың ел-жүр-тын тонап, түйелерін түгел айдал қайтты.

Бірінші жылы<sup>233</sup>, бұл жыл барыс жылы еді, қаған өзіне қарасты тайпалардың ақсүйектері мен өзінің барлық нојандарының басын қосып, тоғыз пүшпақты ақ туын тігіп, Вонан өзенінің басталған жерінде патша тағына отырады. Оған қарасты ру-тайпалардың ақсүйектері мен нојандары оны құрметтеп «Чэнцзисы хуанди»<sup>234</sup> деп ұлықтайды. Бұл Цзин әuletінің Тайхә жылнамасының 6-жылы еді<sup>235</sup>.

Қаған тағына отыра салысымен наймандарды бағындыруды одан әрі жалғастыру үшін тағы да әскер аттандырады. Бұл жолы Буюйлуханді Улута<sup>236</sup> тауында бейқам аң аулап, саят құрып жүрген жерінде қолға түсіреді<sup>237</sup>. Тайянханның ұлы Цюйчулойхань<sup>238</sup> мен Тото екеуі Еэрдәши өзенінің<sup>239</sup> бойына қашып кетті.

Қаған Цзинь еліне<sup>240</sup> жорық жасау туралы [нојандарымен] ақыл-кеңес құрды. Қағанының Цзинь еліне жорық жасаудағы түпкі мақсаты олардан өткен заманда өзінің аргы аталары болған Сянъбухай ханды<sup>241</sup> өлтірген ата-баба кегін қайтару болатын. Цзинь елінен қолға түсken тұтқындардың айтқандарынан Цзинь билеушісі Цзин<sup>242</sup> деген адамның тым қатыгез адам екендігін естігеннен

кейін, қаған оған жорық жасауга біржолата бекінді. Дегенмен бұл жолғы жорыққа женіл-желлі аттануға дәті жетпеді.

Екінші жылы, яғни қоян жылының күзінде<sup>243</sup>, Сися еліне қайтадан жорық жасайды. Бұл жолы Волохай қаласын<sup>244</sup> жаулап алды.

Сол жылы, Аньтань<sup>245</sup> мен Буула<sup>246</sup> екеудің цилицисыға<sup>247</sup> елшіге жіберді. Іле-шала Едә-инали тайпасы және Алитиеэр<sup>248</sup> тайпалары түгелдей елшілерін жіберіп, сыйлыққа қыран құстар тарту етті.

Үшінші жылы, яғни ұлу жылы<sup>249</sup> көктемде, қаған Сися жерінен қайтып оралды.

Жазды өз жайлайындағы ордасында откізді.

Қыста тағы да Тото мен Цюйчуюиханға<sup>250</sup> қарсы жорық жасалады. Осы жолғы жорықта Воила<sup>251</sup> біздің алдыңғы шептегі қосындарға кездесіп, соғыссыз берілді және қосынға жол бастап береді. Жорықшылар Еәрдәши өзенінің жағалауына жетіп, мелицилермен соғысып, олардың көзін жояды. Тотога оқ тиіп өледі. Цюйчуюи Циданьға<sup>252</sup> қашып кетті.

Төртінші жылы, яғни жылан жылы<sup>253</sup> Вәйіүер елі<sup>254</sup> өз аяқтарымен келіп, бағыну ниетін білдірді. Қаған Хәси жеріне жорыққа аттанып кетті. Сися билеушісі Ли Аньцуань<sup>255</sup> өз ұлын бас қолбасшы етіп тағайындал қарсылық көрсетеді. [Бұл соғыста] олар женіп, қосынның орынбасар қолбасшысы Гао Лингун<sup>256</sup> тұтқынға түсті. Улахай<sup>257</sup> қаласын басып алып, Тайфу<sup>258</sup> Сибишиді<sup>259</sup> тұтқынға алды. Одан әрі Кәимән<sup>260</sup> қақпасына баса-көктей еніп, Сися қосындарын тағы бір мәрте женіп, Вәйминлинъун<sup>261</sup> деген қолбасшысын тұтқындаады. [Артынша] Чжунсинфуды<sup>262</sup> қоршауға ала бастады. [Қаған] [Хуан]Хәнің сүйн қалага қарай бұрып жіберуді бүйірді. Арнасынан асқан дария сүйн бөгеттерді бұзып өтіп, әскери қосындар тұрған жерді су басып кетіп, өздері қоршауда қалып қоя жаздаған кезде, қапысын тауып қоршаудан сыйтылып шығып кеткен еді. [Кейін] Тайфу Эда<sup>263</sup> деген адамды Чжунсин[фу]ға елші етіп жіберіп, Сися билеушісін бағынуға бүйірді. Сися билеушісі амалсыздан қызын беріп, бітімгершілікке келуді өтінді.

Бесінші жылы<sup>264</sup> жылқы жылының көктемінде, Цзинь елі бізге жорық жасау туралы ақыл-кеңес құрып, Ушабао қамалын<sup>265</sup> тұрғызды. Қаған олардың қосындарын талқандау міндетін Чжэбеге<sup>266</sup> тапсырды. Ол қамалды тартып алып, одан әрі шығысқа қарай жағасты жорыққа аттанды.

Өткен бір кездерде қаған Цзинь еліне тарту-таралғы беріп тұратын болған еді. Цзинь билеушісі бұл салықтарды Цзинчжоу<sup>267</sup> аймағында қабылдап тұруды Вэйван Юньцзига<sup>268</sup> міндеттейді. Осы кездесуде Юньцзи қағанға біршама дөрекілік жасаған еді. Юньцзи патша ордасына қайтып барғаннан кейін қағанға жорық жасау туралы өтініш жасамақшы болған еді. Өкінішке орай, Цзинь елінің патшасы Цзинь дүниеден өтеді де, Юньцзи патша тағына мұрагерлік етеді. Ол тақса отырғаннан кейін біздің елге қатысты арнаулы жарлық шығарады. Сонымен бірге келген елшіден «қаған бұл жарлықты тізерлеп отырып қабылдасын» деген жарлық береді. Қаған Цзинь елінің елшісінен: «Жаңа патшаларыңың аты кім?» деп сұрайды. Цзинь елінің елшісі: «Жаңа патшамыз – Вэйван!» деп жауап қайырады. Қаған оңтүстікке қарап тұрып, жерге бір түкіреді де: «Мен Чжунюаньың патшасы аспаннан түскен әулие шығар деп ойласам, осындай ақымақ, осындай ынжық адам да патша бола ма екен? Мен не үшін мұндай адамға тізерлеуім керек!» дегенді айтып, солтүстікке қарай аттанып кете барады. Цзинь елшісі еліне қайтып барғаннан кейін болған істің мән-жайын әміріне айтып береді. Юньцзи одан бетер ашуланады. Қаған келесі жолы Цзинь еліне салық төлей келгенде, оның сазайын тарттырмақшы болады. Өзіне қастандық жасалатындығын қаған да сезеді. Сонымен ол Цзинь елімен арадағы байланысты түбегейлі үзеді. Осыдан кейін арадағы әскери дайындық бұрынғыдан бетер күштейтіле бастайды.

Алтыншы жылы, ягни қой жылы<sup>269</sup>, қаған Целойлянь<sup>270</sup> өзенінің бойында еру отырған еді. Сиойдегі<sup>271</sup> Халалу елінің<sup>272</sup> билеушісі Асилан хан<sup>273</sup> келіп бағынды. Вэйуэр елінің<sup>274</sup> билеушісі Идуху<sup>275</sup> келіп қағанға сәлем берді.

Екінші айда қаған қолды өзі бастап, оңтүстікке жорыққа аттанды. Ехулинде<sup>276</sup> Цзинь елінің Дин Сюэ<sup>277</sup> деген қолбасшысын жеңіп, Дашибий<sup>278</sup>, Фэнли<sup>279</sup> қатарлы аудандарын басып алды. Цзинь елі Ушабао қамалын қайта жөндеуге кірісті.

Күзгі жетінші айда Чжэбені Ушабао мен Уюэинге<sup>280</sup> шабуыл жасауға аттандырды. Ол оны басып алды.

Сегізінші айда қаған Цзинь қосындарымен кездесіп, Сюань-пиннің<sup>281</sup> Хуэйхэчуан<sup>282</sup> деген жерінде соғысып, оларды қүйрете жеңді.

Торғызыншы айда Дэсинфуды<sup>283</sup> басып алды. Цзюйонгуаньді<sup>284</sup> сақтап тұрган әскери қолбасшы қорқып, басқа жаққа қашып кетті.

Чжэбе оның артынан өкшелелей қуып қытай қамалының ішіне кіріп, одан әрі Чжуандуга<sup>285</sup> дейін барды.

Қысқы 10-айда Цзинь елінің мал табындарын барымталап, олардың үйір-үйір жылқыларын айдап қайтты. Елюй-Ахай<sup>286</sup> тізе бүкті. Ол ордага келіп қаганмен кездесті. Қаган ұлдары Шучи<sup>287</sup>, Чахэтай<sup>287</sup>, Вокотай<sup>289</sup> қатарлыларды Юньнэй<sup>290</sup>, Дуншэн<sup>291</sup>, У<sup>292</sup>, Шо<sup>293</sup> қатарлы чжоуларға<sup>294</sup> аттандырды. Олар бұл жерлерді ба-сып алды<sup>295</sup>.

[Қаган] осы жылы қыста Цзинь елінің солтүстік жақ шекаралық аймақтарын қыстады. Лю Болинь<sup>296</sup>, Цзягучжангэ<sup>297</sup> қатарлылар келіп бағынды.

.....

.....

14-жылы, яғни қоян жылы<sup>298</sup> жаздың алтыншы айында Сиой біздің елшілерді өлтіргендігі<sup>299</sup> себепті, қаган өзі қол бастап жорыққа аттанады. Эдала қаласын<sup>300</sup> басып алып, олардың билеушісі Хач-жиәр Чжиланьтуды<sup>301</sup> тұтқындаады<sup>302</sup>.

15-жылы яғни, ұлу жылының<sup>303</sup> көктемгі үшінші айында, қаган Пухуа қаласын<sup>304</sup> басып алды.

Жазғы бесінші айда Сунсыгань<sup>305</sup> қаласын басып алып, Еэрдәши дариясының бойына келіп дамылдады.

Күзде Вотолоәр қаласына<sup>306</sup> шабуыл жасалып, қала жаулап алынды...

16-жылы, яғни жылан жылы<sup>307</sup> көктемде қаган Бухаәр<sup>308</sup>, Сунсыгань<sup>309</sup> қатарлы қалаларға шабуыл жасады. Қаганың ұлы Шучи ханзада Янцзигань<sup>310</sup>, Баәрчжэн<sup>311</sup> қатарлы қалаларға шабуыл жасап, бұл қалаларды түгелімен жаулап алды.

Жазғы мамыр айында Темәнъгуаньгэ<sup>312</sup> барып, жазды сонда откізді. Цзинь елінің патшасы Угусунь Жундуань<sup>313</sup> деген адамды елшіге жіберіп, мемлекеттік дәрежелі жолдама жібереді. Қаганды мәмлеке келіп, бір-бірімен «анд» болуды талап етті. Бірақ оның бүл талабы қабылданбады.

Күзде хаган Банъләхэ<sup>314</sup> қатарлы қалаларға шабуыл жасады. Шучи, Чахэтай, Вокотай ханзадалар Юйлунцзечи<sup>315</sup> қатарлы қалаларға шабуыл үйымдастырды және сол қалаларды түгел жаулап алды.

Қазан айында, ханзада Толәй<sup>316</sup> Малучаекә<sup>317</sup>, Малу<sup>318</sup>, Силасы<sup>319</sup> қалаларын жаулап алды. 17-жылды, яғни жылқы жылы<sup>320</sup> көктемде ханзада Толәй Тусы<sup>321</sup>, Ничауәр<sup>322</sup> қалаларына шабуыл жасады. Қайтқан жолында Мулаи<sup>323</sup> елін басып өтіп, ол елде жаппай тонаушылық жасады. Шошоланы<sup>324</sup> өзенінен өтіп, Ели<sup>325</sup> қатарлы қалаларды жаулап алды. Осыдан кейін қаганның қосындарымен бас қосып, Талиханъчжайға<sup>326</sup> бірліктөшілдегі шабуыл жасап, оны басып алды.

Жазда [қаган] Талиханъчжайды жайлады. Сиой билеушісі Чжаланьдин<sup>327</sup> қашып шығып, Меликәкәханьға<sup>328</sup> барып қосылып, сонымен күш біріктіре бастады. Хутуху<sup>329</sup> олармен соғысып, жеңіліп қалды. Сонымен, қаган қосынды өзі басқарып, жорыққа аттанаип, Меликәкәханьді қолға тұсірді. Чжаланьдин ұстаптайды да қашып кетті. Оның артынан Бала<sup>330</sup> қуып кеткен еді. Бірақ, қуып жете алмады.

Күзде Цзинь елі екі ел арасында бітімгершілікке келу мақсатымен Угусунь Чжуандуаньды қайтадан елшіге жіберіпті. Елшілер қаганмен Хуэйгу мемлекетінде<sup>331</sup> кездесті. Қаган оған: «Мен бұрын хандарыңызға Ҳәшо<sup>332</sup> жерін маган боліп берсін. Мен сені Ҳәнань ваны<sup>333</sup> етіп тағайындаімын. Содан соң бір-бірімізге шабуыл жасамайық дегенімде, хандарыңыз тілімді алмай қойған еді. Қазіргі кезде Мухуали ол жердің барлығын бағындырып болды. Енді менен немененің бітімгершілігін сұрап отыр?» деп сұрайды. [Угусунь] Чжуандуань оған өлердегі сөзін айтып жалынады. Сонымен қаган: «Ат өксітіп алыстан келген еңбегінді ескерейін. Ҳаныңда айтып бар: Ҳәшо жері енді менің жерім. Гуаньсидегі<sup>334</sup> қазір біз таласып жатқан қалаларды маган берсін! Мен хандарыңызды Ҳәнань ваны етіп тағайындаімын. Бұдан былай маган соқтықтайтыныш жатсын!» дегенді айтады. Сонымен, [Угусунь] Чжуандуань еліне қайтады....

18-жылы<sup>335</sup>, яғни қоңыр жылдың көктемгі наурыз айында Тайши Гован<sup>336</sup> Мухуали дүниеден озды.

Жазда [қаган] Балувань даласын<sup>337</sup> жайлады. Ханзада Шучи, Чахэтай, Вокотайлер мен Бала қатарлылардың бастауындағы қосындар бір-бірімен бас қосып, Сиой қалаларының жағдайын реттеп, онда далухуачилерді<sup>338</sup> тағайындаіды. Сол арқылы бұл қалаларды өз бақылаударына алды.

19-жылы, яғни мешін жылы<sup>339</sup> Сун<sup>340</sup> елінің Дамин басқармасының бас бақылаушысы<sup>341</sup> Пэн Ибинь<sup>342</sup> Хэбэйга шабуыл жасады. Ши Тяньни<sup>343</sup> онымен Энъчжоуда<sup>344</sup> соғысып жеңді.

Сол жылы, қаған Шығыс Иньду мемлекетіне<sup>345</sup> барды. Сол жерде алдарынан «Цзяодуань»<sup>346</sup> кездесіп, ат басын көрі бүрді.

20-жылы, сиыр жылының<sup>347</sup> көктемгі бірінші айында, Тайцзы ордаға қайтып оралды<sup>348</sup>.

....

22-жылы<sup>349</sup>, яғни доңыз жылы, күзгі жетінші айдың бесінші жүлдізында қағанның денсаулығы сыр бере бастады. 18-жүлдізы күні қаған Саличуанның Халаостуындағы ордасында<sup>350</sup> дүние салды. Көз жұмар алдында ол өзінің оң-солындағы әмірлеріне: «Цзинь елінің ең мықты қосындары Тунгуаньға<sup>351</sup> топтасқан бекіністің оңтүстігі таумен, солтүстігі ұлken дариямен тұтасып жатыр, ол жерді алу тым қыын. Ең дұрысы, ол жерге Сун елінің жері арқылы шабуыл жасау керек. Сун мен Цзинь елдері ежелден бері бір-бірімен жау. Сондықтан, олар біздің жорық барысында олардың жерін басып өтуімізге келісімін береді деген сөз. Мұндай болғанда, біз қосындарды бастап, Тан, Дэн аймақтары арқылы Далянга тіке соққы береміз. Бұл кезде Цзинь жағы сасқанынан, Тунгуаньдағы әскерін ұзақ жорыққа аттандыруға тұра келеді. Нәтижесінде неше түмен қалың қол мың ли шалғайдан көмеккө аттанатын болады. Шеріктепі қалжырап, ат-көліктепі болдырган олар уағдалы жерге жеткенімен, бәрібір соғысқа жарамайды. Сонымен біздің қосындар оларды оп-оңай жеңіп алады»<sup>352</sup> деген сөздерді айтып болып, көзін жұмған екен. Ол 66 жасында дүниеден озды. Мәйіті Циняньгуге<sup>353</sup> жерленді. Чжиюаньнің үшінші жылы<sup>354</sup> қыстың оныншы айында оған «Шэнхуанди»<sup>355</sup> деген құрметті атақ берілді. Чжиданың екінші жылы<sup>356</sup> қысқы 11-айда «Тайцзы фатиянь џионь шэнхуанди»<sup>357</sup> деген құрметке ие болды. Храмдық аты Тайцзы. Жалпы жиыны 22 жыл бойы тақта отырды.

Қаған салмақты да сабырлы, алысты болжай білетін көреғен адам еді. Әскери өнердің данышпаны еді. Сондықтан ол жер бетінен қырықстан астам мемлекетті жойып, ең соңында Сисяны бағындырып жатқан еді. Оның әмірінде небір таңғажайыптардың болғаны анық. Өкініштісі, кезінде осы оқигаларды дер кезінде хатқа түсіріп отыратын тарихшының болмауынан, көп нәрселер хатқа түспей ұмытылып кетті.

Тышқан жылы<sup>358</sup>. Бұл жылды ұлысты ханзада Толәй өз басқаруына алды<sup>359</sup>.

## Түсіндірмелеर

<sup>1</sup> Тайцзу (太祖) – Қытайдың ескі дәстүрі бойынша патша өлгеннен кейін, патшага арнап тұрғызылған храмда бақылық болған патшаның арауағына сиынран кезде ататын храмдық аты. Мәтіндегі Тайцзу – Шыңғыс ханның храмдық аты.

<sup>2</sup> Тайцзу Фатиянъ ционьшэнхуанди (太祖法天启运圣武皇帝) – Монгол мемлекетінің атасы болған Темүжінің құрметті аты. Қазақша: «Тәнірдің бүйірығын атқарушы киелі баҳадұр Тайцзу қаған[патша] » деген сөзге жуық келеді. Қубылай Қытай жерінде Пекин қаласын астана етіп, Юань мемлекетін құрганнан кейін, Қытай мәдениетінің әсеріне мықтап ұшыраған Шыңғыс ұрпақтары әuletтігі саяси, мәдени өмірінде қытай мәдениетіне тән дағдыларға мән бере бастады. Соның бірі ретінде айтар болсақ, олар әuletті құруышы және оны жалғастырушы о дүниелік болған императорларға арнайы храмдық аттар қойып, оларды сол атымен атайды. 1265 жылы Қубылай қаған Қытай жерінде көнеден қалыптасқан тәртіп бойынша, Монгол империясының іргесін қалаушысы Темүжінге Тайцзу (太祖) деген храмдық ат берді. Келесі жылды ол өзінің осынау батыр атасының арауағын құрметтеп Шәнухуанди (Киелі баҳадұр қаған [патша]) деген атты беруді бүйірді. 1309 жылы Юань әuletтінің кезекті императоры Шыңғыс ханның шөпшегі Қайшанк (海山) өзінің Шыңғыс бабасына деген мол ізетін білдіре отырып, оны: «Фатиянъ ционьшэнхуанди» (Тәнірдің бүйірығын орындаушы киелі баҳадұр қаған [патша]) деген құрметті атпен атауды бүйірді. Ескерте кетер болсақ, Қытай деректемелерінде «Шыңғыс қаған» деген атада көп кездеспейді. Шыңғыс қаған аты тек мұсылмандық және монголдық деректемелерде бар. Жувейни, Рашид ад-дин қатарлылардың еңбектерінде оның атын «Синггіс қап» деп жазады. Ал, монголдың «Күпия шежіресінде» «Синггіс-қаян» делінген. Ең соңғы гылыми зерттеу жетістіктері Cingis деген есімнің IX, X ғасырларға тән Енесей жазбаларының бірінде кездескенін дәлелдеді. Атақты француздың түркологі Louis Bazin бұл сөздің дүрыс оқылымын 1985 жылы соңғы рет анықтап шықты. Сөйтіп, ол Cingis деген атақтың түркі сөзі екендейгін, оның «қүшті», «мыңты» және «берік» деген сияқты мағыналары болғандығын ресми түрде дәлелдеп берді (қараңыз: Чэнь Дэчжи 1997 (13), 239-бет).

<sup>3</sup> «Юаньши» кітабында 铁木真 деген хатталған. Әрі тұтас еңбекте бірізділік сақталған. «Юаньши» кітабының басқа деректемелерінде Темүжін аты же-ке-жеке: 帖木真 (Темучжэнь), 特穆津 (Тэмүцзинь) деген түрде кездеседі. Темүжіннің аты туралы біршама кеңірек тоқталғандардың бірі – К.Д’Оссон болды (қараңыз: К.Д’Оссон. 216-бет, 21-түсіндірме).

<sup>4</sup> Җивовэнь — қытайшасы 乞渥温. Қиян атауы «Юаньши» кітабында дәл осылай болып хатталған. Қиян (Qiyan) этномім қытайлық басқа деректемелерде жеке-жеке: 黑颜 (Хэйянь), 吉狎 (Цзися — бұл атамыш иероглифтердің қазіргі оқылуы), 怯特 (Цетэ) т. б. болып әртүрлі транскрипцияланған. Деректемелерде Қиян сөзінің көпше түрі ретінде 乞牙惕 (Цияти) деген транскрипция кездеседі. Бұлардың барлығы — байырғы тайпа аты Қияттың әр басқа жазылуы. Аңыздарда айтылуынша, ерте заманда монгол еліне көршілері шауып, тұтас бір елден ерлі-байлы екі ер мен екі әйел ғана тірі қалады. Олар Эргунқұн шатқалына қашып барып, сонда тіршілік етіп жатады. Сол екі еркектің біреуінің аты Қиян, екіншісінің аты Нукуз екен. Кейін келе Қияннан тараган үрпақтар қияттар деп аталған. Ұақыт өте келе бұл атадан тараган үрпақтар өсіп-өніп, үлкен бір әuletке айналып, кейінгі үрпақтар тек өз аталағының атын атаумен ғана шектеле бастайды. Сөйтіп Қият аты көмескіде қалып қояды. Дегенмен, ол адамдардың санасынан мұлде жойылып кеткен жоқ еді. Монголдардың ата-тегіне қатысты бұл аңыз Шыңғыс ханның ұлы атасы Хабул мен атасы Бартанның заманына дейін жалғасып келді. Рашид ад-дин ұсынған деректемелерге негізделгенде, Хабул мен оның атасы Бартанның үйгарымымен олардан тараган үрпақтар бұл атты қайта жаңғырта бастаған. Олар әдеттегі қияндар және қиян-бертечиндер деген екі тапқа жіктелген. Мұнда әдеттегі қияндарға Бартан батырдың үлкен ұлынан тараган Мәнгіту-Қиянның үрім-бұтақтары болған Юркин (Үүркін), Чаншият қатарлы аталарап жатқызылады. Ал қиян-бертечиндерге Бартан батырдың үшінші ұлы Есүгей әулеті жатты.

Монголдардың ататегі туралы айтылатын аңыздардағы Қият атты адамның әйелімен бірге көрші елдің қанды қыргынинан қашып құтылып, Erkéné Qöп тауына барып жасырынып, сонда тұқым-жұрағаты өсіп-өніп, рулы елге айналуы туралы аңыз көне түріктердің ататегіне қатысты аңыздардағы, көрші елдің шабуылынан аман қалған жалғыз еркектің Гаочанның солтустігіндегі тауга қашып барып, сонда қаншық қасқырмен қосылып, одан тараған үрпақтардың Ашына атты рулы елге айналғаны туралы IV ғасырға тән аңызымен сарындаған келеді. Енді монголдардың бұл аңызын көне түріктердің осынау аңызының монголдар арасындағы жаңғырығы десе де болады. Осының өзі монголдардың аргы аталары мен түріктердің аргы ата-бабалары ортасындағы қандай да бір тарихи сабактастықтардың жатқанын дәлелдеуге жеткілікті еді. Алайда, монголдардың өз ата-бабалары туралы аңыз мұнымен аяқталмайды. Арада қанша ұақыт еткені белгісіз бір заманда Борте-Чино деген адам зайнабы Марал сұлумен бірге Онон өзені басталатын Бүрхан-қалдун тауына көшіп келіп, мекен еткені баяндалады. Әрине, бұл да аңыз. Бар болғаны түріктердің көк бөрі туралы аңызының басқа бір қырынан қайталануы еді.

Қиян Боржигин туралы монголдың «Құпия шежіресінде» Шыңғыс ханның оныншы атасы Бодончар-мунхаг заманынан бастап, осынау атауды қолдана бастағаны айтылады (Шежіре бойынша болғанда бұл X ғасырдың бастапқы жылдарына тұра келеді). Дегенмен, мұндағы жорамалдың соншалықты дұрыс

буолуы екіталай. Тұріктедің тотемдік аңыздары бір ғана көк бөрі туралы болса, монголдардың аңызына қошпенділердің марал тотемі қосылып тұр. Дегенмен, монголдардың ататегі туралы аңыз осы арада түгей салмайды, әрі қарай тағы сабактаса түседі. Сонымен, Борте-Чиноның оныншы үрпағы, ал Шыңғыс қаганың он бірінші атасы болған Добу-мергеннің («Юаньши» кітабында Тобэнь Мелиңзянь делінген) Алан-қоуа (Alan-gho'a, Alanqo'a) атты әйелге үйленген. Алан-қоуа Добу-мергеннің көзінің тірісінде үш бала туғаны, ол өлгеннен кейін гажап нұрдан тағы үш бала туғаны туралы аңызben жалғасын табады.

<sup>5</sup> Мәтінде 蒙古部人 деп жазылған. Бұны сөзбе-сөз аударғанда монгол тайпасының адамы, яғни тегі немесе елі – монгол тайпасы деген сөз болып шығады. Жалпы, Шыңғыс хан монгол мемлекетінің шаңырағын көтермес бұрынғы қытай деректемелерінде монголдарды 蒙古部 (мәнгубу), наймандарды 乃蛮部 (найманбу), керейлерді 克烈部 (кәлебу), оңғыттарды 汪古部 (вангубу) деп атаған. Осындағы 部 (бу) иероглифінің жеке мағынасы ру, тайпа немесе ел деген үгымды береді.

Ал, монгол этнонимі деректемелер бетінен ең алғаш «Цзю Таншу», 199-цзюоань, II «Бәйди» цзюоанындағы шивэйлер туралы берілген деректемелерден кездеседі. Онда оларды 蒙兀室韦 [Мән – у Шивэй] деп атаған еді. «Синь Таншу» 219-цзюоань, «Бәйди» цзюоанында 蒙瓦 (Мәнва) делінеді. Бұл деректемелерде монголдардың 大室韦 (Дашивай – Ұлы шивай) тайпаларына қарасты болғаны айтылады. 大室韦 (Дашивай – Ұлы шивэй қауымы сірә, өздерін «Тай-шивэй» деп атаса керек. Себебі, Шыңғыс хан монголдарды біріктірудің алдында тайджеит [«Құпия шежіреде»: Тайычигұт (Tayichi'ut) делінеді] атты монгол тайпасының аты аталады. Ғалымдардың зерттеу жетістіктерінше VIII–IX ғасырлардағы деректемелерде кездесетін 蒙兀 (мән – у) және 蒙瓦 (Мәнва) тіркестеріндегі иероглифтер арғы және орта ғасырларда жеке-жеке ‘Mung-nguat’ және ‘Mung-ngwa’ деп оқылған екен (қараңыз: Pelliot P., T'oung Paо, 26-т. 126). Осыдан кейінгі жерде монгол сөзінің қытайша транскрипциясы әртүрлі жасалып келді. Қытай ғалымы Ван Говэй өзінің «Ляо, Цзинь әuletі дәүіріндегі монголдар» деген зерттеуінде: Ляо, Цзинь әuletі заманына қатысты деректемелерден монгол этнонимінің жиырмадан аса түрлі транскрипциясын көрсетіп берген (қараңыз: Хань Жулинь, 1982: Монгол этнонимі, 145–146-беттер). Қөшілік ғалымдар деректемелерде «Шивэй» деп атанған этносты монголдардың арғы аталарап деп қарап келді. Олардың пайымдауынша болғанда, монголдар тұңғыстар (шығыс хулардың) нәсілінен тараган шивэйлерден (қыт: 室韦 (Шивэй) – Шығай, Шұгай, немесе Шығай. – Ж. О.) тарайды делінеді. Сонымен, шивэйлер тұңғыстардың (шығыс рулардың) бір тармағы болса, монголдар шивэйлердің бір бұтағы деп есептеледі. Қытай ғалымы Цзян Инлян: «Тұріктеги шивэйлерді татар деп атаған. Соңдықтан, қазіргі кезде қөшілік ғалымдар шивэй мен татар этнонимдерін қосарлап қолданып: «шивэй-татар»

деп атауды дағдыға айналдырып отыр» деген пікірді ортага қояды (қараңыз: Цзян Инлян 1990: 3-том, 4-бет, түсіндірме).

<sup>6</sup> 孛端叉儿 – Бодуанъчаэр. Кей деректемелерде: 孛端察儿 – Бодуанъчаэр және т. б. Рашид ад-дин өз еңбегінде: Бодончар-каан (Būdunj(a)t Qāān) деп жазады. Монголдың құпия шежіресінде: Бодончар-мунхаг (Бодыншар-мәжнүн) делінеді. Монголдың құпия шежіресінің баяндауынша: Добын мерген қайтыс болса да, оның әйелі Алұн сұлудан Буха-хатаги, Бухату-салж, Бодончар-мунхаг деген үш ұл туған делінеді. Аңыз бойынша қарастыранда Бодончар Шыңғыс ханның оныншы атасы болып келеді. Егер біз бір атана орта есеппен 20–25 жыл деп есептейтін болсақ, Бодончардың жасаған жылдары X ғасырдың бірінші жартысына тұра келеді. Мұндай мәселеге тек қана аңызға сүйеніп пікір айту тым баянсыз болатыны рас. Дегенмен, Бодончардың жасаған заманын Түрік қағанаты немесе Ұйғыр қағанаты заманына таман жылжытудың мүмкіндігі де жоқ емес. Мұны басқа емес, Бодончардың өз атынан байқаудың сәті түседі. Мұндай болғанда Бодан оның аты. Ал «Чар» оның мансабы болып шығады. Чар – көне түрік тіліндегі мансап аты «Чор» сөзінің монгол тіліндегі дыбыстық өзгерістерге түскен түрі болуы мүмкін деп тұспалдауга болады. Бізге белгілі болғандай көне түрік тілінде: Чор (Čür) деген көдүілгі мансап аты. Қытай деректемелерінде Чор деген мансап аты көбінесе 哥 (До – бұл иероглифтің қазіргі қытай тіліндегі оқылуы) деген иероглифпен таңбаланады, кей деректемелерде бұл сөз 喀 (бұл иероглиф қазіргі қытай тілінде де Чо деп оқылады) деген иероглифпен де таңбаланған. Кезінде көк түрік ақсүйектері атқаратын міндеттердің ішіндегі ең кішісі осы Чор болғаны белгілі. Мысалы, Батыс-Түрік қағанаты құрамындағы он оқ халқының бес оқ Дулу тайпаларының Билемешілеріне түгелдей осы чор мансабы берілген. Чор Шығыс-Түрік қағанаты өмірінде де болды. Чор – атқаратын міндеті және дәрежесі жағынан Иркінмен қарайллас мансап санауды. Олардың арасындағы парқы иркін түріктерге бағынышты болған бөгде тайпаның өз билеушісіне берілетін мансап болса, чор бір гана көк түріктің қаракөк тұқымдарынан, яғни Ашына әuletінен шыққан адамдарға беріледі. Олар орталықтан тағайындалып жіберілетін болды. Дегенмен, уақыт өте келе өздерін түрік атай бастаған, Ашына әuletіне туыстас тайпалардан шыққан билеушілер де чор міндетіне тағайындалатын болды. Бұл тұста олардың дәрежесі иркіндерден жоғары болды. Түрік қағанаты заманында түркілер бөгде ұлыстар мен бағынышты тайпаларға жіберіліп, міндет атқарған мансаптыларының қай-қайсысы болмасын ол елге немесе тайпаға өздерімен бірге руластарынан жасақталған әскерін ауыл-аймағымен қоса ала жүрді. Олардың бұл мансабы атадан балаға жалғасатын мирасқорлық үлгіде жалғасты. Бұл олардың өздері билеген елге етene сіңісіп кетуіне қолайлы шарт-жагдайлар әзірлеп берді. Алда-жалда Қағанат ыдырап кеткен жағдайда олар көбінесе кешегі қағанат атынан өзі билік жасап келген елге билігін одан әрі жалғастыра алды. Сейтіп былайғы жерде сол елдің ақсүйектері ретінде тағы бір қырынан көрініп, билігі баз баяғысынша жалғаса берді. Елде жаңа

билік орнаган жағдайда, олар алдымен жаңа биліктен мансап алу, одан соң өз билігін сақтап қалу жолында өзі билеп келген елге басшылық жасап, сол жолда түрлі саяси қадамдар жасай алды. Мұнда өз ұлсыс қолемінде өз алдына оңаша отау тігуте дейінгі батыл саяси қадамдар жасалған кездері де болды. Егер жаңа үкімет оларды біржолата бағындырып, оларды билеу үшін орталықтан өз өкілдерін жіберген күнде бұл өкілдер бәрібір сол ақсүйектер қауымы арқылы билік жүргізуге мүдделі болып қалды. Сөйтіп, олар ұлстың екінші билік иесі болды. Монгол шежірелерінде Бодончардың әкесі Добын мерген өлгеннен кейін киеден, нұрдан жаратылуының мәнісі осында болғанға үқсайды. Осынау аңыздың өзі монголдардың есте жоқ ескі замандағы тарихының айнасы іспетті. Себебі, мұндай аңыздың халық арасында тууының өзі өткен замандағы қандай да бір тарихи оқиғаның елесі еді. Қытай ғалымы Хань Жулинь: «Түркі-монголдардың ата-бабалары туралы аңыздары» атты зерттеуінде бұл аңызды үйгірлардың аспаннан келген киелі нұрдың бір түп дарақта түсіп, құдіреттің тылсым күшімен әлгі дарақтың жүкті болғаны, кейін келе осы дарақтан өз қағандарының туылғаны туралы аңызымен байланыстырады (қаралығы: Хань Жулинь, 1982: 374–388-беттер). Сонымен, монголдардың өз ата-бабалары туралы аңыздарды жинақтайды келгенде, бұл аңыздар ең алдымен көне түркілердің көк бөрі туралы үгімі негізінде қалыптасқан. Оナン соң Үйгір қағанаты заманындағы Монголияны мекен еткен түркі-теле тайпаларының «киелі нұрдан жаралу» туралы манихеизмдік діни наным-сенімдерінің мазмұндарымен сабактастық тапқан деген қорытынды шығаруға болады. Мұның өзі монголдар мен түркі халықтары арасындағы этно-мәдени және этно-саяси қатынастардың тарихи тамырының тым теренде жатқандығын білдіреді.

<sup>7</sup> 阿兰果火 Алань гохо делінеді. Ғалымдар «Құпия шежіреде» кездескен бірнеше түрлі варианттарын жинақтайды келіп, бұл әйелдің атын Alan-gho'a, Alanho'a деген пікірге келіседі. Sanang Setchen өз еңбегінде: Aloung — Ghowa (Алоң сұлу) деп жазған.

<sup>8</sup> Мәтінде 脱本咩哩健 деп хатталған. Бұл адамның аты монголдардың «Құпия шежіресінде» «Dobun-Mergen» деп жазылған.

<sup>9</sup> Мәтінде 博寒葛答黑 деп хатталған.

<sup>10</sup> Мәтінде 博合睹撒里直 деп хатталған. «Құпия шежіре» Боханъгэдахәй және Бохәдусаличжи деген осы екі ұлды Алун-гуа күйеуі Добүн мерген өлгеннен кейін туды дейді. Онда: Добүн мерген қайтыс болса да, оның әйелі Алун-гуадан Буха-хатаги, Бухату-салж, Бодончар-мунхат деген үш ұл туады делінеді. Ал, Алун-гуа Добүн мергенге тигеннен кейін Бүгүнүтәй, Бәлгүнүтәй деген екі ұл туганы айтылады. Рашид ад-диннің еңбегінде де Алун-гуаның жесір отырып үш ұл туганы туралы мәлімет бар.

<sup>11</sup> Мәтінде Алань гохо 阿兰果火 деген есім қысқартылып 阿兰 (Алань) деп қана жазылған. Деректеменің төменгі бөлігінде де солай жазылған.

<sup>12</sup> Мәтінде бұл жердің аты 八里屯阿懶 деп хатталған. «Құпия шежіре» бұл жердің атын Балжийн арал деп жазады.

<sup>13</sup> 统急里忽鲁 — Тунцзилихуу. Осы тарауда 帖尼火魯罕 Тенихолухань деген жер аты да кездеседі. Осындағы 忽魯罕 хулу[ханъ] немесе 火魯罕 холухань дегендердің барлығы монгол тіліндегі бұлақ, бастау дегенді білдіретін «горхи» сезінің қытай тіліндегі түрлі транскрипциялануы еді (қараңыз: «Юаньши», 25-бет, 1-түсіндірме). Бұл бұлақтың атын «Құпия шежіре» Тұнхәләг горхи деп жазады. Қазақ тіліне аударушылар оны Тұңқелік бастауы деп аударған.

<sup>14</sup> Мәтінде 巴林昔黑刺禿合必畜 деген иероглифтермен хатталған. «Құпия шежіреде» бұл кісінің аты Барим-ширату Хабыш делінеді.

<sup>15</sup> Мәтінде бұл адамның аты 晕年笃敦 деп хатталған. «Құпия шежіре» Мәмән-тудун деп жазады. Ал, Рашид ад-дин кітабында Дутум-Мәмән деп жазған. Тіркестің бірінші бөлігіндегі «Менян» немесе «Мәмән» деген оның аты десек, соңғы тіркестегі Дудун, Тудун, Дутум дегендердің мансап аты болуы да мүмкін. Бұл мансап та жоғарыдағы Чор сияқты Монголияға көк түріктер мен үйғыр түріктері үстемдік орнатқан заманнан қалған дерек. Сөздің шығы төркіні — қытайлар 吐屯 (иероглифтердің қазіргі оқылуы: Тутун) деп жазған, көне түріктер turtun деп атаған мансап атынан келуі мүмкін. Тутун (turtun) Ашына тайпасына жататын көк түрік билеушісінің бөгде ұлыстар мен рулада жіберген бақылаушы елшілері болатын. Атқарған міндеті мен жүргізетін билігінің маңызды болуына қарай, тутуңдыққа тек Ашына тайпасынан шықсан ақсүйектер гана тағайындалып отырды. Түрік қағанатының шивәй тайпаларына билік жүргізгенін, оларды тортундар арқылы билегенін бірінші болып «Сүйшу» кітабы хабарлайды. Онда: түріктер оларды үш тутун арқылы үнемі өз басқаруында ұстап отырды деп жазды (қараңыз: «Сүйшу» 84-щюань, Шивәй баяны). Фалымдар осындағы «turtun» сезі түріктерге қытайлық мансап аты 都统 (Дутун) сезінен барған деп жорамалдайды. Бір қызығы, бұл сөз түрік тіліне енгеннен кейін түрік тілінің ықпалына ұшырап, уақыт өте келе қытайлардың өздері де танымай қалған. Сондықтан Тан дәүіріндегі адамдар бұл сөзді қытай деректемелеріне түсірген кезде оны 吐屯 (Тутун) деп қайта транскрипциялаган.

<sup>16</sup> «Юаньши» маттінде Менянь-Дудунның әйелінің аты 莫拿伦 Монаулун деп хатталған. Рашид ад-динде Munuun деп жазылған. «Құпия шежіреде» оның аты сәл басқашалау болып, Намуулун (Nomoloun) делінеді.

<sup>17</sup> Мәтінде жалайыр этномимі 押刺伊而 (Ялаиэр) деп хатталған. Қытай деректемелерінде жалайыр этномимі бұдан өзге чжалаэр (札刺儿), чжалаиэр (札刺伊儿), ялаиэр (押刺伊儿) т. б. түрінде кездеседі. «Құпия шежіреде» бұл атау жалайыр делінеді. Ал, Рашид ад-дин кітабында оны Жалайир деп транскрипциялаган. Жалайылардың аты қытай деректемелерінде ертеден мәлім. Қидандардың Солтүстік Қытай жерінде құрган Ляо әuletі дәүіріне қатысты деректемелерде, атап айтқанда «Ляоши» кітабында бұл тайпа алғаш рет: «𢂔зубу чжалаэр бу» (阻卜札刺部) деген атпен мәлім болды. Атальыш дәүірде Ляо әuletі жалайырлар қоныстанған аймақта 𢂔зубучжалабуцзедушисы (阻卜札刺部节度使司) деген арнаулы басқару аппаратын құрып, оларға

Ляо мемлекетінің шекаралық аймақтары бодан халықтары ретінде билік жүргізіп отырды. Жалайырлар бұл кездері Онон өзенінен оңтүстікке қарайғы Керулен өзенінің орта және төменгі бойларын қоныстанған. Дегенмен, жалайырлар қауымы қидандардың Ляо мемлекетінің мұндай бодандығына түбегейі мойынсұнып қалған емес еді. Олар әр кез Ляо әuletіне қарсы көтерілістерге шығып отырған. Реті келгенде қидандардың шекаралық аймақтарына дәйім әскер аттандырып, ондағы қала-кенттерді тонап алып отырды. Ляо мемлекеті де олардың бұл әрекеттеріне жауап ретінде әскер аттандырып жаза жорықтарын үйімдастырып отырған. XI ғасырдың басында, нақтырақ айтқанда Ляо Шэнцзунның Тунхә жылнамасы жылдарында (983—1012 жж.) император Елюй Суса және Сяоталинь қатарлы қолбасыларын «Цзубу» тайпаларын («Цзубу»тайпалары деген Найман, Керей, Меркіт, Жалайыр және басқа тайпалар) бағындыру үшін солтүстік далага бірнеше мәрте жорыққа аттандығаны белгілі. Бұл сияқты көшпенділерді тәубасына келтіру жолындағы жорықтар кейін де болып тұрды. Ляо армиясының осындағы жорықтарының бірінде жалайырлар жағы жеңіліп, аса ауыр күйзеліске үшірап, босып кетеді. Монголдар қоныстанған аймақтарға барып шөптің тамырын қазып жеген аянышты замандарды бастарынан өткерді. Жалайырлардың басынан өткен бұл оқиға шамамен Ляо әuletінің соңғы кезеңінде болды дөлінеді (қараңыз: Чэнь Дэчжи 1997 (13), 268-бет).

Қазірге дейінгі қалыптасқан көзқарастар бойынша, жалайырлар монгол тайпалары деп қаралады. Мұндай көзқарастың туындауына сірә, жалайырлардың бір бөлімінің ұзақ жылдар бойына монголдардың қоластына қарасты болып қалған тарихы мен жалайыр жұртының Шыңғыс хан монгол тайпаларының басын қосу барысында монголдар тараپында болып, монголдардың ел болуына еселі үлес қосқан тарихы себепкөр болса керек. Солай дегенмен, жалайырларды монгол тайпасы деуге негіз боларлық дерек не тарихи енбектерде, не монголдық шежірелерде жоқ, олар монголдардың қайсыбір атасынан таралды деген ешбір мәлімет кездеспейді. Бар болғаны Қайдудың заманында монголдар бағындырып алып, оларға тәуелді болғаны жазылады. Тарихи де-ректемелерді сараптағанда қайсыбір тарихшылар айтып жүргендей тамам жалайыр монголдарға «Унаган боол» (Атадан құл) болды дегенді теріске шығаруға болады. Бұл жағын Қадырғали Жалайыр берген деректемелер де растай түседі. Ол өз енбегінде жалайырлар «монголдар бізден ата кегін қашан да бір қайтарады деп алдын ала сақтанып, Дутун-Мәнәннің үрпақтарының жазасы үшін оларды өлтіргендердің үл-қыздарын тұтқындаپ, Қайдуга құлдыққа береңді. ...» деп жазады (қараңыз: Қадырғали Жалайыр 1997: 39-бет). Рашид ад-диннің берген деректемелері де жалайырлардың өткен тарихы туралы біраз нәрсөлердің басын ашып алуымызға көмектеседі. Рашид ад-дин: «Бір кездері олардың иұрттары (жұрттары. — Ж. О.) Қарақорымдағы Қадіма (qadīmā, орысшаға Кима деп аударылған — Ж. О.) [жерінде] болыпты. Олардың ададығы [сонша], өздерінің жиган-терген сарымайын үйгір билеушісі Горханың бурасына [жеуге] беріп отырған. Сол себепті олар b (i)lāgēh деп

аталған» (қараңыз: Рашид ад-дин СЛ I-1.92-бет). Рашид ад-дин берген бұл мәліметтен біз айтулы оқиға 840 жылдан бұрыннырақта, атап айтқанда Монголияға Үйғыр қаганаты билік етіп түрган заманда болған, жалайырлар ол дәүірде Үйғыр қаганатына қарасты тайпалардың қатарында қаганаттың орталық аймағы саналатын Қарақорым өнірінде отырған деп түйіндеуімізге болады. Осының өзі жалайырлардың, кейін галымдардың жазғанында, «Шығыстан батысқа қарай ең ерте жылжыған байыргы монголдардың (Шивәй – Татар) бір тайпасы» емес (бұл туралы қараңыз: Чэнь Дәчжи 1997 (13), 268-бет), керісінше батыстан шығысқа қарай жылжыған түркі тайпалары деген қортынды жасауымызға мүмкіндік береді. Олардың Қарақорымнан жылжып шығыстағы Керулен бойына қоныс аударуы Үйғыр қаганатын Енесең қырғыздары күйреткеннен кейін, бұрынғы Қаганатқа қарасты тайпалардың батысқа, шығысқа және оңтүстікке қарай тарыдай шашылып кеткен тарихи оқиғаға сай келеді. Жалайырлар XI–XII ғасырлардың өн бойында Онон өзенінің шығысы мен Керулен өзенінің терістігінде отырған халқы мол, қабыргалы ел болған. Соран сай маңындағы көршілеріне сес көрсетіп отырған. Жалайырлар туралы кезінде Рашид ад-дин, Қадыргали Жалайыр, Әблғазы қатарлыштардың қай-қайсысы да аса құнды деректемелер қалдырды. Рашид ад-диннің айтуынша жалайырлар мынадай он тайпага болінген: 1) Жат [В нұсқасында: hān]; 2) Тукурауын [S нұсқасында: tūqrāt; В нұсқасында: tqrāt]; 3) Кунк сауыт [В нұсқасында: q (?)n (?)kn (?)sāñ]; 4) Кумсаяуыт [S нұсқасында: kūmāñt; В нұсқасында: Kūmsāñt. Орыс тіліне Кумсаяуыт деп аударылған]; 5) Уят [барлық нұсқаларында: aūyāt]; 6) Нилҗан [L нұсқасында: bīlqāñ]; 7) Қуркин [C,L,I нұсқаларында: kūkīr; В нұсқасында: kūkr; А. Березин еңбегінде: kūgīñ.]; 8) Тулангит [tūrgāñkīt]; 9) Тури [В нұсқасында: bīgī. Басқа нұсқалардың барлығында: tūñī]; 10) Шанкут [S, B, нұсқаларында және А. Березин еңбегінде: Snkqūt] (қараңыз: Рашид ад-дин СЛ I-1. 92-бет; Рашид ад-дин ҚА I-1. 149–150-беттер). Осы он тайпа жиыны 70 күрен ел болған (бір күренде 1000 тұтін болған). Оларды монголдарға ең ерте берілген түрік тайпасы деуге болады.

<sup>18</sup> Мәтінде 海都 деп хатталған. Қайду Шыңғыс ханның алтыншы атасы. Бала кезінде ауылы жалайырлардың шапқыншылығына тап болып, туган туystары түгелдей соғыста өлеңді де, тек Моналунның ең үлкен немересі болған Қайду ғана тірі қалады. Бархулардың арасында жүрген әкесінің інісі Начинды барып паналайды. Есейе келе ел билеп, ата кегін алып, жалайырларды бағындырады. Ол билік жүргізген кездे монголдарға көрші бір қауым ел оларға бағынып, монгол елдігінің іргесі қалана бастады. Осы түргыдан Хайду монгол тайпаларының ел қатарына қосылуына негіз салған адам саналады.

<sup>19</sup> Мәтінде 纳真 деп хатталған. Қатысты деректемелерде Начин деген атпен мәлім.

<sup>20</sup> Мәтінде 八刺忽 деп хатталған. Қоңе түрік тайпасы. Бұл тайпанаңың аты қытай жазбаларында Цзинь әулеті дәүірінен (1115–1234 жж.)

кездесе бастайды. «Юаньши», «Циньчжэнлуу» т. б. қытай деректемелерде бұл этнонимнің транскрипциясы бірізді емес. Жеке-жеке Балаху (八刺忽), Баэрху (八儿忽), Балихуэй (巴里诙), Баэрхунь (八儿浑) болып әртүрлі жазылған. Осында айтылғандардың барлығы бір гана Барху дегеннің қытай деректемелеріндегі әр басқа транскрипциясы болды. Монгол ұлсысы құрылудан бұрын олар Байкалдың шығысындағы Баргузин өзені атырабында отырған. Монголдық деректемелер оларды Hoi-yin irgēn қауымының қатарына жатқызған.

Мұсылман деректемелері мен монгол деректемелері «Барху» дегеннің соңына монгол тіліндегі көптік жалғауды қосып оларды «Бархут» деп те жазған. Мысалы, Рашид ад-дин: «Барқут (b (a) qūt), Құри (qūrī), Тулас (tūlās), Тұмат (tūmāt). Барлығы бір-біріне өте жақын бұл халықтар жалпы беттік Барқуттар деп аталағы. Себебі олардың юрттары мен қоныстары Селенгенің аргы бетіндегі, монголдар Баргуджин-Токум (b (?)rğyjñ-tüküm) деп атайдын аймақтың қыыр шетінде» деп жазады. Рашид ад-дин еңбегінде бархулар туралы бұдан басқа да құнды деректер бар. Ойраттар туралы берген мәліметінде ойраттардың қонысы болған сегіз өзен (s (a)nķis tūrān) өнірін ерте заманда тұмattар мекенденгендігі туралы мәлімет береді. Ал қыргыздар туралы «Кем-кемшік уәләятының[тағы] бір шеті Найман тайпалары қоныстанған аймақтармен және таулармен шектеседі. Оңда Хори, Барғу [(S.C нұсқаларында: b (a)ğū, L.R.B нұсқаларында: (b (?)rğ (?)ū), Тұмат (tūmāt), Баяуық (bāyāūk); В нұсқасында: b (?)āt (?)lūk; L нұсқасында b (?) ālūk; C, I нұсқаларында bālūk түрінде жазылған. А. Березин еңбегінде bālūk деп көрсеткен. Бірақ, орыс тіліне Байаут деп аударылған (қараңыз: Рашид ад-дин ҚА I-1. 245 және 246-66.)] қатарлы тайпалар бар. Олардың кейбіреулері монголдарға жатады. Баргуджин-Токум уәләятында тұрады. Ол да осы аймаққа көршілес келеді» деп жазады. Автор бұл аймақта бұдан басқа да көптеген тайпалар тұратындығын ескере отырып, мұндай тайпалар ретінде: Ойрат, Бұлақачин (būl (a) ġājīn), Карамучин (k (a)r (a)mūjīn), Хүйн-Урианхай (hūjn-aīgīānkqeh) сияқты тайпалардың атын атайды. (қараңыз: Рашид ад-дин ҚА I-1. 199-бет.).

Барху жүртіңін ататегі туралы олардың тайпалық құрамында аталған тайпалар аты бірталай мәселеңінің басын аша алады. Мысалы, мұндағы Хори ертедегі Құрихандардың үрпағы болса, Барху түрік руникаларындағы «Байырқы». Оларды қытай деректемелерінде кездесетін «Баегу» деп аталағын байырғы түрін тайпаларының үрпақтары деп қарастыруымызға тура келеді. Бұл туралы пікірді алғашқылардың бірі болып қытайлық ғалымдар айтқан: «Бархулар өте байырғы тайпа, олар Вэй, Цзинь оңтүстік және солтүстік әулеттер заманында (386–556 жж.) «Баегу» (拔也古) деп аталған. Олар – ғұндардың үрпағы, теле тайпаларының бірі» (қараңыз: Ишкі Монгол FA. Тарих институты: I том, 11-бет). Сүй, Тан әулеттері заманындағы деректемелерде олар 拔野古 (баегу) деп аталды. Бұл тұста олар теле тайпаларының бірі ретінде аты атап жүрді. Сол кездердің өзінде олардың түтін саны 60 мың, әскер саны

10 мың болған. 660 жылды Баегулар Тан әuletіне қарсы көтеріліске шығып, өз беттерінше барып түріктердің билігін қабылдаған (қараңыз: «Синътаншу» 217-цзюань, Хуэйгу баяны).

<sup>21</sup> Мәтінде 八刺忽之地, яғни баерхуладың жері деп жазылған. Бұл жерде бархуладар қоныстанған аймақ айтылып отыр. Мұсылман деректемелерінде бұл аймақты Баргузин уәлаяты деп жазады.

<sup>22</sup> 八刺忽怯古诸民 — бұл тіркесті тіке аударғанда Балахуцегудың елдері деген мағына береді. Мұндағы Балахуцегу Баргуджин-Токумның тағы бір аты болуы мүмкін. Балахуцегудың елдері туралы қытайдың деректемелер де, мұсылман деректемелері де оларды жалпылама Барху // Балаху деп аталатын тайпалар деп мәлімдейді. Бұл тайпаларға Барқут (б (а) ғұт), Құри (құт), Тулас (tūlās), Тұмат (tūmāt) тайпаларынан басқа Кәрәмчин, Булагачин және Кем өзені бойындағы урасут, теленгут, кесутеми қатарлы орман халықтары жатады.

<sup>23</sup> Мәтінде 八刺合黑河 деп хатталған.

<sup>24</sup> Мәтінде бұл адамның аты 拜姓忽儿 деп хатталған. Оны Baishinghor немесе Baishinghor doqshin деуге келеді.

<sup>25</sup> Мәтінде 敦必乃 деп хатталған. Фалымдар Tumbinai деп қалпына келтірғен. Кей деректемелерде Tumbinai-sechen деп те аталады.

<sup>26</sup> Мәтінде 葛不律寒 деп хатталған. Фалымдар оның атын Qabul-qan деп атап келеді.

<sup>27</sup> Мәтінде 八哩丹 (Валидан) деп транскрипцияланған. Мұны Bartan-ba`atur деген есімнің транскрипциясы деп қарапа тұра келеді.

<sup>28</sup> Мәтінде 也速该 деп транскрипцияланған. Тиісті зерттеулер мен әдебиеттерге негізделе отырып, Yesugei (Есүгей) деген транскрипцияны алдық.

<sup>29</sup> Чжюоаннның үшінші жылды, қазан айы. Бұл Құбылай хан заманына, атап айтқанда 1266 жылға тұра келеді.

<sup>30</sup> Мәтінде Есүгейдің аруағына қойылған құрмет атағы 烈祖神元皇帝 деп хатталған. Бұл Құбылай қаған мен қытай императорлары арасында көнеден қалыптасқан дәстүрлі ұлғігебейімделіп, өз ата-бабасының аруағын құрметтеп, Есүгей баҳадүрге берген қытайша құрмет аты.

<sup>31</sup> Мәтінде 烈祖 деп хатталған. Есүгей батыр айтылып отыр.

<sup>32</sup> Мәтінде 铁木真 деп хатталған.

<sup>33</sup> Мәтінде 宣懿太后月伦 деп хатталған. Мұндағы 宣懿太后 ұрпақтарының оның аруағына ізет ету негізінде берген қытайша аты (сұлулықтың немесе ізгіліктің жаршысы деген мағынаға сәйкес келеді). 月伦 оның өз аты. «Құпия шежіреде» оның аты «Өзелүн» делінеді.

<sup>34</sup> Мәтінде 泰赤乌 деп хатталған. Бұл тайпаның аты қытай деректемелерінде 泰亦赤兀 (Тайичиу), 岱齐郭特 (Тайциготэ), 泰畴 (тайчоу), 太赤温 (тайчи-вэнь), 太丑兀里 (тайчоуули) т. б. болып та хатталған. Монгол деректемелерінде оларды «Тайычығұт» деп атаған. Рашид ад-дин еңбегінде — «Тайджиут». Бұл тайпа Լяо дәүіріндегі деректемелерде көзделсетін 大室韦 (Да шивәй) немесе 大黄室韦 (Да хуан шивәй) болуы да мүмкін. Қытай ғалымы Чэнь Дәчжи

Tayichi'ut деген сөз қытай тіліндегі «Тайцзы» (қытайшасы: 太子) дегеннен келген деген пікір айтады (қараңыз: Чэнъ Дәчжи 1997 (13), 342-бет). Олар бұл дәуірде Керулен өзенінің орта түсынан күншығысқа қарайры жерлерде отырған. Тайычығұт — шығу тегі жағынан нирон монголдардан тарайтын тайпа. Шежірелерде айтылуынша, Шыңғыс хан шыққан Боржигин тайпасымен туыстас тайпа болып, екеуі де Қайду ханнан тарайды делінеді. Хамбагай хан болған кезде Онон өзенінің бойында өзіне тиесілі бір қауым елдің басын біріктіріп жеке-дара тайпа ретінде үйисқан деген пікір бар. Хабул хан монголдардың басын біріктірген кезде тайычығұттар мен боржигиндер бір тудың астына топтаса бастаған. Кейін бұл екі тайпа арасында алауыздықтар болып, оның соңы ұзақ жылдарға созылды. Тайычығұттарды 1200 жылы керейлер мен монголдар өздеріне қосып алды. Оларға бағынбаған тайычығұттар 1201 жылы жадарапармен, 1202 жылы найманармен одақ құрып Ван хан — Темүжін одағына қарсы соғыстарға қатысты. Бұнда да женіліп, бір бөлігі найман ұлысына қосылды.

<sup>35</sup> Мәтінде 塔儿不台 деп хатталған. «Шэнүчинчжэнлу» кітабы оның атын 塔儿忽台 (Таэр ху тай) деп хаттайды. Бұл транскрипция «Құпия шежіре» мен Рашид ад-дин кітабында көрсетілген Таргудай-хириттүг деген транскрипциямен негізінен бірдей. Соган қарағанда бұл адамның атын Таргудай деп қарауга болады («Юаньши». 26-бет, 2-ескертпе).

<sup>36</sup> Мәтінде 脱端火儿真 деп хатталған.

<sup>37</sup> Мәтінде 帝 (Ди) деп хатталған. Осындағы 帝 (Ди) қытайша — император. Патша немесе қаған деген мағынадағы атау. Қытайлар елдің ең жоғары билеушісін 皇帝 (Хуанди) деп атады. Әдебиетте оны қысқартып 帝 (ди) деп те жазады. Қытай хроникаларында Шыңғыс ханды құрметтеп 成吉斯皇帝 (Чэнцзисы хуанди) деп те атаған. Төменде біз мәтіндердегі 帝 (Ди) сезінің баламасы ретінде түркі-монголдардың байырғы заманнан келе жатқан атауы болған «қаған» деген сөзді қолдандағы.

<sup>38</sup> Мәтінде 拶只 деп хатталған. Оның атын Djoudji Termela (Чжуучи Термела) деп атаушылар бар (қараңыз: К. Д'Оссон. 45-бет).

<sup>39</sup> Мәтінде 萨里河 деп хатталған. «Құпия шежіреде»: Сааръ-хәэр (Сарыкер), Рашид ад-діннің кітабында: Саари-кәхэр (ә) делінеді. Бұл жерде сөз болып отырған Сааръ-хәэр (Sa'arikä'är) қазіргі Керулен өзенінің бастауындағы Харилт нуур деген жерде болғанға үқсайды (қараңыз: З. Қинаятұлы 2001, 170-бет, 69-түсіндірме).

<sup>40</sup> Мәтінде 札木合 (Жамұқа) деп хатталған. «Юаньши» кітабының бұл тарауында осындағы транскрипциямен бірізділік сақталған.

<sup>41</sup> Мәтінде 禾台察尔 деп хатталған. Оның аты «Құпия шежіреде» Тайчар деп жазылған. Мәтінтанушылар кезінде бұл адамның аты «Құпия шежіреде» көрсетілгендей Тайчар деп, «Юаньши» кітабындағы Тутай чаэр деген транскрипция дұрыс емес деп ескерткен еді («Юаньши». 26-бет, 4-ескертпе).

<sup>42</sup> Мәтінде 玉律哥泉 деп хатталған. «Құпия шежіреде» бұл жердің аты — Өлгий булаг. Демек, 玉律哥 — осы Өлгий деген сөздің транс-

крипциясы. Тіркестің соңындағы 泉 иероглифінің мәнісі бұлақ, бастау деген мағынада. Сонымен, 玉律哥泉 жартылай транскрипция, жартылай аударма сөз болып шығады. Бұл өзенің орны Онон мен Ингоды өзендерінің арасында болған (қараңыз: К. Д’Оссон. 217-бет, 25-түсіндірме).

<sup>43</sup> Мәтінде бұл жердің аты 答闡版朱思 деп хатталған. «Құпия шежіреде» Даланбалжуд деп, Рашид ад-дин кітабында Tâlân bâldjioûch деп көрсетілген. Бұл жер Керулен өзенінің бір тармағы болған Sangghour өзенінің жағасы делінеді.

<sup>44</sup> «Юаньшидегі» түпнұсқасында: «...分十有三翼» делінеді. Бұл сөздерді тіке аударғанда, «13 қанатқа бөлді» болады. Монгол және мұсылман әдебиеттерінде бұл соғыстағы Темүжін қосындарының әскери бірлігі ретінде «күрен» деген байыргы түрік-монгол термині қолданылады. Сөйтіп, оның өз қосындарын «13 күренге» бөліп орналастырғаны айтылады. Сол себепті біз мұнда «күрен» терминін қолдандық.

<sup>45</sup> Монголдың хан тарынан үміткер екі ақсүйегі Темүжін мен Жамүқа арасында откен бұл соғыс тарихта «Он үш күрен шайқасы» немесе «Он үш қанат соғысы» деген атпен әйгілі. Соғыстың шығу себебі Темүжіннің монголдарға хан болуы хан тарына үміткер Жамүқаның қызғанышын қоздырмай қоймады. Сонымен бірге Темүжін хан тарына отырғаннан кейін түрлі қитурқы жолдармен бұрындары Жамүқага қарасты монгол тайпаларын өз жағына тарта бастады. Нәтижесінде Темүжіннің монголдар арасындағы атақ-беделі артып, құш-қуаты толыса бастады. Бұл өзгеріс монголдардың бір қауым жүртyna билік етіп отырған Жамүқаның мұддесіне тікелей қайшы келе бастады. Сонымен, Жамүқа әлі де болса қанаты қата қоймаган «Андасының» сазайын тарттыруға бел буды. Нәтижесінде туысы Тутайчаердің өлімін сылтау етіп, қол астындағы он үш рұлы елден үш түмен әскер аттанадырып, Темүжіннің көзін біржолата жойып жіберемекші болды. Бірақ, құпия жасалған жоспар әшкереlegenіп қалды да, өзіне жасалмақшы болып жатқан қастандықтан хабар алған Темүжін де қысқа уақыт ішінде, асығыс болса да соғысқа қарсы бірқатар әзірліктер жасады. Өзіне қарасты елді он үш күрен етіп үйымдастырып, 13 мың адамдың қол жинап, Жамүқаның шабуылына қарсы қорғаныс құрды. Соғыстың қалай аяқталғаны туралы деректемелер бір-біріне мұлде қарама-қарсы. «Құпия шежіреде» «Шыңғыс қаған Жамүқадан ығысып, Онон өзенінің Зерін деген шатқалына тығылды» деп мәлімдейді. Рашид ад-дин кітабы да «Юаньши» секілді Темүжін жеңіске жетті деген мәлімет береді. Соғыстың болған уақыты деректемелерде нақтылы көрсетілмейді. Фалымдардың пайымдауынша, ол 1190—1196 жылдар аралығында болған.

<sup>46</sup> Мәтінде бұл рудың аты 照烈部 (Чжаолебу) деп хатталған. Қатысты деректемелерде Жәүрәд (Ja`uret) деп кездеседі. Қытайша 照烈部 (Чжаолебу) деп хатталғанына орай жаурут деп транскрипциялаганды жөн көрдік. Қытай деректемелерінде жаурут атының 昭列 (чжаоле), 召烈台 (чжаолетай), 沼勿列亦惕 (чжаоулети) деген сияқты транскрипциясы да кездеседі. Бұл тайпа Бодончардың тоқалынан тұған Ja`uredei деген баласынан тараган үрпақ деп есептеледі. Уақыт ете келе олар өздерін ja`uret деп атай бастаған делінеді.

<sup>47</sup> Мәтінде қытайша 玉律 (Юйлюй) деп хатталған. Бұл деректемелерде Улуг деген атпен хатталған адам есімінің қытайша транскрипциясы деуге болады.

<sup>48</sup> Мәтінде 塔海答魯 деп хатталған.

<sup>49</sup> Мәтінде 赤老溫 (Чилаовэн) деп хатталған. Тарихи деректемелерде 赤刺溫 (Чилавэн), 赤老罕 (Чилаохан) деп те хатталады. Мұсылман және монгол деректемелері негізінде оны Čilaγun/Chila'un деп қалпына келтірге болады. Сулдус тайпасының адамы. Атақты батыр. Шыңғыс ханның әйгілі төрт қолбасшысының бірі.

<sup>50</sup> Мәтінде 哲別 (Чжэбе) деп хатталған. «Құпия шежіре» оның атын Зев деп жазады. Қытай деректемелерінде Жебе есімінің бұдан басқа 者別 (Чжэбе), 只別 (Чжибе) деген сияқты транскрипциялары бар. Шыңғыс ханның әйгілі «Төрт итінің» бірі.

<sup>51</sup> Мәтінде қытайша 失力哥也不干 деп хатталған. Рашид ад-дин оның атын Ширкира-Эбуген деп жазған. Барин руының адамы.

<sup>52</sup> Мәтінде 朵郎吉 (Доланџзи) деп хатталған. Дулангит – жалайыр тайпаларына кіретін рудың бірі. Рашид ад-дин еңбегінде: Тулангит [tūrānqit] деп көрсетілген. Жалайырларға кіретін руладың қатарына бұдан басқа чақа деген тайпаның да аты аталады.

<sup>53</sup> Мәтінде 札刺儿 деп хатталған. Бұл біздің жогарыдағы 17-түсіндірmede көрсеткеніміздей жалайыр этномимінің тағы бір түрлі хатталуы еді.

<sup>54</sup> Мәтінде 忙兀 (Ману) деп хатталған. Рашид ад-дин бұл рудың атын мангут деп жазады. «Құпия шежіреде» Мангут делінеді. Монголдың нирон тайпасынан тараған тайпа. Шыңғыс хан дәүірінде мангут қатарлы бес тайпана монгол даласындағы құмды шөлдің оңтүстік-шығыс болігіне көшіріп әкеп қондырып, оларды «бес аймақ» деп атайды. Кейін Цзин мемлекетіне жорық жасаған кезде негізгі қосынды осы бес тайпадан жасақтайды.

<sup>55</sup> Мәтінде 薛撤 деп хатталған. Бұл монгол ноянының аты «Құпия шежіре» қатарлы деректемелерде Сашабек делінеді, біз Сашабек деп атайдыз.

<sup>56</sup> Мәтінде 大丑 деп хатталған. «Құпия шежіреде» Тайчу деп жазған. Тұрасы осы Тайчу деп қабылдауға болады.

<sup>57</sup> Мәтінде «帝会諸族薛撤, 大丑 (及薛撤別吉) 等» [Қаган өзінің Сюэчә, Тайчоу [және Сюэчәбецзи қатарлы] туыстарымен бас қосып... делінген. Осындағы Сюэчә мен Сюэчәбецзи екеуі бір адам болғандақтан, мәтіннің бұл түсын «қаган өзінің Сюэчә, Дацу қатарлы туыстарымен бас қосып...» деп аудардық. «Юаньши» кітабының басқа жерінде бұл адамның аты 薛撤別吉 (Сюэчәбецзи, бұл «Сашабек» деген адам есімінің қытайша транскрипциясы) деп хатталған.

<sup>58</sup> Мәтінде 韩難河 (Вонанхә) деп хатталған. Бұл Онон өзені.

<sup>59</sup> Мәтінде 薛撤別吉 деп хатталған. Сюэчә (薛撤), яғни Сашабек деп түсіну керек.

<sup>60</sup> Мәтінде 忽兒真 деп хатталған. «Құпия шежіре» оның атын Хорижин деп жазған.

<sup>61</sup> Мәтінде 野別该 деп хатталған. «Құпия шежіре» оның атын Эбәхәй деп жазған.

<sup>62</sup> Мәтінде 失丘儿 деп хатталған. «Құпия шежіре» оның атын Шихур деп жазған.

<sup>63</sup> Мәтінде 别里古台 деп хатталған. Монгол деректемелерінде Бэлгүтэй дөлінген. Шынығыс ханның туған інісі.

<sup>64</sup> Мәтінде 播里 деп хатталған.

<sup>65</sup> Мәтінде оның аты 火里金 деп хатталған.

<sup>66</sup> Мәтінде 塔塔儿 (татар) деп хатталған. Татар этномімі қытай деректемелерінде 达怛 (Дада), 鞑靼 (Дада), 达达 (Дада), 达鞑 (Дада), 达旦 (Дадан), 塔坦 (Татан) деген иероглифтермен де кездеседі. Бұлардың барлығы татар этномінің әр дәүірдегі деректемелерде әртүрлі жасалған транскрипциясы болды. Салыстырмалы түрде айтқанда татар деген ат қытай деректемелерінде түркі деректемелеріне қарағанда кешірек пайда болды. Бұл атау Тан патшалығының орта шенінен көріне бастайды. Себебі, бұл халықты түріктер өзіне көрші татарлардың атымен атаса, қытайлар жағы өріс-қонысы өздеріне жақын Шивейлердің атымен атауына байланысты болса керек. Ол кездерде татарлар түріктердің шығысында, қидандардың солтүстік тарапында, түріктеге қарасты тайпа болды. Түріктер тарих сахнасынан кеткеннен кейін олардың бір бөлімі әуелі Монголияда құрылған Ұйғыр қыаганатына қарады. Одан кейін қыргыздарға бодан болды. Рашид ад-дин: татарлар ерте заманда әлемге әйгілі болған, ол кезде олар аса қуатты ел болып, маңындағы көптеген елдерге билік жүргізіп отырған, сондықтан басқа түркі тайпалардың барлығы өздерін татар деп атаган дейді. Дегенмен, татарлар Монголияда қуатты татар үкіметін құрды деген дерек жоқ, бір кездері Монголияда қуатты этностық топ ретінде сақталған. Татарлардың мұндай дәүренденеген шағы Ляо, Җэйн әулеті билік жүргізген кезең болса керек. Себебі, қытай деректемелері дәл осы дәүірде татар деп Монголиядағы татар тайпасын атаумен бірге онда жасап келе жатқан түркі-монгол тайпаларынан құралған түрлі этностық топтарды да татар деп атай бастағаны байқалады. Мұнда Қытай қорғаны маңына қоныстанған түркі тілді онғылттар мен қоныраттардың бір бөлігін «ақ татар» (қытайша: 白鞑靼/Бай Дада) деп атаса, мал өсіруді тіршілік көзін етуді енді-енді үйреніп, сахаралық тұрмысқа бейімделе бастаған монгол тайпаларын «қара татар» (қытайшасы: 黑鞑靼/Хэй Дада) немесе «Пілсен татарлар» (Қытайша: 熟鞑靼/Шу Дада) деп атады. Ал олардың тайгалық аймақтарда қалып қойып, бұрынғысынша аңшылық пен балық аулауды көсіп етіп, шөп күркелерді панарап жүрген бөлігін «Шикі татар» (қытайша: 生鞑靼 / Шэн Дада) деп атап келді. Сол сияқты, шамамен, Орталық Монголия жерінде торғыз тайпаның қосылуынан қуатты ұлысқа айнала бастаған этностық топты «Торғыз татар» деп атай бастағы. Қытай галымы Чэнь Дэчжи: «Ляо патшалығы дәүірінде Өтікен – Хангай таулары мен Орхон өзенінің бастауын қоныс еткен Җэзбу-татар тайпалары деп атанғандар керей тайпасы еді» дейді (қараңыз: Чэнь Дэчжи 2005. 216-бет). Дала тұргындарының енді бір бөлігін

тұрмыс салтына қарай «қара арбалы татар» (黑车子鞑靼/Хэй чэцзы дада), енді біреуін қоныстанған жеріне қарап «Иньшань татарлары» (阴山鞑靼/Иньшань дада) деп атап келді. Шын мәнінде бұлардың барлығының бірдей татарлармен этностық туыстығы шамалы болатын. Татар тайпалары түркі тайпалары ма, болмаса монгол тайпалары ма деген мәселеде ғалымдардың көшпілгі оларды монгол тайпаларының санатына қосады. Дегенмен, олардың ұзақ жылдар бойына түркі халықтарының билігін қабылдаған этно-саяси байланысы мен Түрік, үйгир және қыргыз қағанаттарының Монголиядағы билігінің ыдырауына байланысты олардың негізгі бөлігінің басқа жаққа қоныс аударуына қарамастан, бір бөлім түркі рулаresының Монголияда жалғасты қоныстанип келгенін ескере отырып «татарлар нағыз монголдар еді» деген сөзді абайлап қолдануымызға тұра келеді.

Деректемелерде монголдар жауап алудың алдында татарлар алты үлкен тайпадан құралған, 70 мың түтін елі болған, осы алты тайпаның арасында Tutuqli'ut tatar (тайпа аты Tutuq деген мансап атынан шыққан) атты тобы ең мықты болған деген деректемелер бар.

<sup>67</sup> 穢兀真笑里徒 — Меучжэнсюолиту. «Құпия шежіреде»: Мәгүжин-сүүт. Рашид ад-дин бұл татар билеушісінің атын: Муджин-Султу деп жазды. Татарлар бұдан бұрын Ляо, Цзинь патшалығына вассалдық танытып келген. Ал патшалық болса оларға көмек көрсетіп, солар арқылы өздеріне жауалық танытқан көшпендердің де, монголдардың да басынан откен. Соңдықтан олардың қай-қайсысы да татарлармен жауласып келген еді. Меучжэнсюолиту 1195 жылы Цзинь патшалығының хатагин, салжиуд тайпаларын жазалау жорығында жүрген қолбасшысына шабуыл жасап, олардың ат-көліктөрі мен азық-тұлғатерін тонап алады. Келесі жылы Цзинь патшасы жаза жорығына аттандырған Вангин-чансаннан жеңіліп, Олжа өзеніне қарай шегінеді.

<sup>68</sup> 1115 жылы этностық шүршіттің (女真/нюючжэнъ) ванян тайпасының көсемі Агуда деген адам құрган мемлекет. Агуда шүршіт тайпаларын біріктіргеннен кейін, Солтүстік Қытай жерінің билігін алу мақсатында, бұған дейін оны билеп келген этностық қидандардың Ляо мемлекетіне қарсы түрлі жорықтар жасай бастайды. 1125 жылы олар Оңтүстік Қытай жеріндегі этностық қытайлар құрган Оңтүстік Сун мемлекетімен күш біріктіре отырып, Ляо мемлекетін біржолата күйретті. 1153 жылы ел астанасын қазіргі Пекин қаласына көшірді. 1234 жылы монголдар мен Оңтүстік Сун мемлекетінің бірлескен қосыны тарапынан жойылды.

<sup>69</sup> Мәтінде ілгеріде 67-тусіндірmede баяндалған оқиға айтылып отыр.

<sup>70</sup> Чэнсян Ванянсян 丞相完颜襄 монгол деректемелерінде Вангин-чансан (王京丞相) деп аталады. Рашид ад-дин еңбегінде Чинсан деп жазады. Шүршітердің хан тұқымынан тараған ақсүйек. Татарларға қарсы жасалған бұл жорықта ол Ванян Аньго (完颜安国) деген адаммен бірге екі бағытпен жорықта аттанып барып, татарларды жеңіп, оларды Олжа өзені жаққа қуып тастайды. Осы кезде бұрыннан өші бар керей Оң хан мен монгол Темүжін

қатарлылар әскер шығарып татар билеушісі Меучжэнсяолитуды өлтіріп, оның басын Чэнсян Ванянсяннің қанжығасына байлап береді.

<sup>71</sup> «Юаньши» бұл жерде Темүжін татарлармен өзі барып соғысқан деген сияқты мәлімет береді. Деректемелерде жиі қайталана беретін мұндай қарама-қайшылықтар кейде әдей қолдан жасалса, көбінесе мәселенің мәнжайын жете түсінбеуден де туындаиды. Дей тұрганмен, монгол дәүрінен қалған деректемелердің бәріне Темүжіннің шашбауын көтере баяндау тән екені шындық. «Цзиньши. Ванянсянның өмірбяяны» бұл оқиғаның 1196 жылы (Чэнан жылнамасының 1-жылы) болғанын хабарлағды. Татарлар 1185 жылдар шамасында шүршіттердің Цзинь мемлекетінің шекаралық аймақтарына шабуылдарын жилеме түсken. Мұндай арандатуға Цзинь мемлекеті де қарап отырган жоқ. Сол жылдың өзінде солтустікке татарларды жазалаура қыруар әскер аттандырыды. Келесі жылы Цзинь мемлекеті татарларды жаңыштау үшін тағы да әскер аттандырып, бұл қосынды басқаруды Ванянсянга (完颜襄) жүктейді. Цзинь мемлекеті Монголиядагы тайпаларға елшілер аттандырып, татарлардың қылмысын жариялап, оларды Цзинь қосындарымен селбесіп татарларды жазалаура атсалысуга үгіттейді. Нәтижесінде, бұл хабар Темүжіннің құлағына тиеді. Ол бұл хабарды татарларда ата-бабасының кегі бар керейдің Оң ханына жеткізеді. Сонымен, олар әскер аттандырып, Олжа өзенінің бойында татарларды жеңіп, Меучжэнсяолитуды өлтіріп, олардың «арбасын, ат-көлігін, астығын түгел тонап алады». Цзинь қолбасшылары олардың осы жолғы еңбектері үшін керейдің Оң ханына Ван (王/ван-хан) деген атақ береді. Темүжінге Ja`ut-quri (札兀惕忽里 – Чжаоутихули бұл сөз «шекарашиб қосындардың қолбасшысы» деген мағынада болған) деген атақ береді. Бұл әрине, Тогырыл ханға берілген Ван шенімен салыстырғанда әлдеқайды қораш еді. Соған қараганда бұл соғыста оның сахарадагы беделі тәмен болумен бірге атальыш соғыста татарларды женинде мардымды үлесі де болмаган деуге болады. Егер Тогырыл ханың ұлы Ілқанің сенұн (генерал) деген шенін де оған осы соғыстағы еңбегі үшін Цзинь әuletі берді деген жорамал шындыққа асар болса, онда Темүжінге берілген шен Оң ханың ұлы Ілқага берілген шенниен де кіші болып шыгады. Бұған қарап Темүжіннің бұл кездे Монголиядагы шама-шарқының қаншалық екендейгін шамалуа қыын емес. Дегенмен, осының өзі оның монголдар арасындағы абырайын асқақтатып, монголдарға болған билігін бекемдеуге зор көмегін тигізген тәрізді. Ол жорықтан орала салысымен уағданы бұзды, ата жауымыздан ата-бабаның кегін алу үшін әскер шығарудан бас тартты дегендерді сылтау етіп, қыяттардың бір тармағы болған жүрхилерді талқандап, оларға қарасты халықты тартып алады. Сөйтіп, өз одагы көлеміндең ең үлкен бақталастарының бірінің көзін жойды.

<sup>72</sup> Мәтінде 乃蛮 деп хатталған. Біз найман елі деп аудардық. Найман этнонимінің 奈曼 (Найман), 乃满 (Найман), 耐满 (Найман) 奈蛮 (Найман) 乃马 (Найма) деген транскрипциялары да кездеседі. Найман елі бұл тұста Алтай тау жоталарының батысы мен шығысында кең қанат жая қоныстанған

халқы мол қабырғалы ел болды. Олар ұлыс ретінде Қанқай тауы мен Алтай тауы арасында отырды. Олардың орталық аймағы қазіргі Қобда аймағы маңы болған деген болжамдар бар. Соңдықтан олардың өріс-қоныстары Алтайдың күнгей бетіне, Қара Ертіс пен Зайсан маңына дейін, тіпті Тарабатай тау жоталарына дейін созылып жатқан. Осы маңда олар Жетісу-дың қарлұқтарымен, Орталық Қазақстан мен Шығыс Қазақстанның қаңлы-қыпшақтарымен тығыз байланыстарда болып отырған. Мұнда қаңлылардың жекелеген топтары Көк Ертістің бойында наймандармен аралас отырған. Ұлыс аумағының екінші бір шеті Жоңғар даласы арқылы Бесбалықтың Ұйғыр Идиқ-құттымен шекараласып жатқан. Наймандардың шығыс жақ шекара-сы Қанқай тау жоталары арқылы керейлермен іргелес болды, солтүстікегі көршілөр Енесейдің қыргыздары болды. «Юаньши» кітабының география туралы баянында олардың бұрыннырақта Кем өзенінің жағалауын (Енесейдің жоғарғы бойын. – Ж. О.) мекен еткендігі туралы дерек бар. Дегенмен, бұл дерек наймандардың барлығы Енесей бойынан келді деген ұғымды бермеуге тиісті. Онсыз да наймандардың күшійген кездердегі солтүстік шекарасы қыргыздар қоныстанған аймақтарға дейін созылып жатқаны белгілі. Сонымен, наймандардың негізгі бөлгін көп заманнан бері қарай осы өлкені қоныстанып келе жатқан байырғы түркі тайпаларының ұрпағы деуге болады. Кей ғалымдар наймандардың қоғамдық өміріндегі жазу-сызуға ден қоюын, оны өздерінің күнделікті өмірі мен мемлекеттің кәдесіне жарата білуін, дін тұтынуын, қалалар мен кенттерде тұруын, мал шаруашылығымен қоса жер өндеумен, қол өнеркәсібімен айналысу сияқты өркениет нышандарын олардың үйгірлар қоныстанған аймақтармен көршілес отыруымен байланыстыра қарадаға әуестік танытады (қараныз: Цай Мәйбяо 1986, 5-бет). Бізше болғанда бұлай деп қарадаға еш негіз жоқ. Керісінше, бұл дүниелер Түркі қаганаты мен үйір қаганаты заманынан жалғасып келе жатқан дастүрлі дүниелер, ата-бабаларынан еншіге тиген халықтың қазынасы болатын. Себебі, олар түркі халықтарының бағзы заманда қалыптастан мәдениеті мен руханиятын, тілін, салт-дәстүрін, жазу өнерін, өкімет басқару, ел басқару, әскер ұстау тәртібін қалпын құратпай сақтап келген елдің бірі болды. Най-мандар да өздерінің шығыстағы көршілөр керейлер сияқты несториан дініне мойын бұрады. Олардың бұл дінді қабылдау уақыты керейлермен бір дәүірде болуга тиісті. Ғалымдар «Ляоши» кітабындағы Нянбагә (粘八葛), «Циньши» кітабындағы Нянбаэн 粘拔恩 дегендегер найман этнонимінің атальыш дәүірдегі транскрипциясы деп қарайды. Осы деректемелердің берген мәліметтері бойынша: наймандар қидандар қүшійген шақта бір сэт болса да олармен вассалдың қатынас орнатқанға үқсайды. Олар Ляо патшалығына елшілерін жіберіп, олармен түрлі барыс-келістер жасап тұрған. Кейін қидандардың Қытай жеріндегі Ляо мемлекеті жойылып, Қидан ханзадасы Елюй Даши батысқа қоныс аударғаннан кейін наймандар Батыс Ляо мемлекетімен де бір кез сондай қатынастарда болған еді. Кейін келе Цзинь мемлекетімен арадағы қатынастарына мән бере бастағаны байқалады. «Циньши» кітабы

1175 жылы Нянбаэн билемешісі Салия Биньтасы мен қаңды билеушісі Богу қатарлылар патша ордасына елші жіберіп, Батыс Ляолықтардың берген арауалы белгісі мен таңбасын тапсырып алыш, Цзинь мемлекетінің арауалы белгісі мен таңбасын беруді талап еткенін хабарлайды. Кейін келе Цзинь билеушілері олардың ханын «Даван» атағымен ұлықтаған. Наймандар болса бұл атақты өз тілдеріне бейімдеп, «Tai-on» деп атаумен бірге соңына өздерінің «хан» деген сөзін қосып «Tai-on-han» деп атап келген.

<sup>73</sup> «Күпия шежіреде» «Шыңғыс қаған жүркіндермен соғысуга аттанды. Жүркіндер Керуленнің Көде аралының Долан бұлтыры деген жерінде отырғанда, тұтқылдан шабуыл жасайды. Сашабек пен Тайшу екеуі аздаған адамын ертіп қашып кетеді» деп жазылған.

<sup>74</sup> Мәтіннің бұл тұсында Сашабектің аты тағы да Сюәчэ (薛撤) деп хатталған.

<sup>75</sup> Мәтінде бұл жердің аты 贴烈徒 деп хатталған. «Күпия шежіре» оны Тәлә эту аузы деп жазады.

<sup>76</sup> Мәтінде 克烈部 (Кәлебу) деп транскрипцияланған. Қытай деректемелерінде керей этнонимі 克烈 (Кәле), 可埒 (Кәле), 凯烈 (Кайле), 怯烈 (Целе), 克列亦 (Кәлеи) 杰列宜 (Цзели) т.б. деген сияқты әртүрлі транскрипцияланған. Мұндай транскрипция керей этнонимінің айтылуына едәүір жақын келеді. Аталмыш этнонимінің соңына монгол тіліндең көптік «-ит» жалғауының жалғанбауына қараганда қытайлар керей этнонимін монгол тілді халықтар арқылы емес, керейлердің өз аузынан естіп, транскрипциялаганына көз жеткіземіз. Ал, монголдық деректемелерде және сол негізде қалыптасқан дағдыны сақтай отырып жазылған мұсылман деректемелерінде керей этнонимінің соңына «ит» жалғауы жалғанып, Kereit болып жазылған. Қытайлық деректемелерде мұндай үлгі негізінен кездеспейді. Соған қараганда аталмыш дәүірде өздерін шынымен де «керей» деп атаған деуге болар. Керей этнонимі монголдық деректемелерде Хәрэйд (Керейд), мұсылман деректемелерінде керайт (Kérayit – Kereyit) болып транскрипцияланған.

Аталмыш дәүірде керейлер Қанқай мен Кентай аралығында, Орхон өзенінің жағағы бойында, Тұла өзені бойында, атап айтқанда, Орталық Монголияда отырды. Олар солтустікте Селенге өзенінің төменгі бойы мен Байкал көлінің оңтүстігіне қарайғы аймақтарда меркіттермен көршілес болды. Ал, шығыс жағында монголдармен іргелес отырды. Оңтүстікте Гоби даласы арқылы таңғыттармен, оңтүстік-шығыс тарапта оңғыттармен шекараласып жатты. Олардың оңтүстік-шығыс жақ шекарасы қытай қорғандарына дейін созылып жатты. Наймандар сияқты керейлер де Алтай тауының шығыс сілемдері арқылы Бесбалықтарғы үйғырлармен түрлі қарым-қатынастар жасап отырған. Олар наймандармен кикілжіңдесіп қалған кезде осы жол арқылы үйғырлармен, сондай-ақ олардан батысқа қарайғы жерлердегі Қарақытай мемлекетімен және қазіргі Қазақстан аумағында отырған басқа да түркі тілдес халықтармен түрлі қарым-қатынастарда болып отырған. Деректемелерге жүгінер болсақ, керейлердің Ляо патшалығы билік құрып түрган кездің

өзінде күшті бірлестікке үйімдасып, өздерінің ең жоғарғы билеушісін хан деп атаганы белгілі болып отыр. Олар сырттай Ляо мемлекетіне вассалдық танытып, олардан Даван (қытайшасы 大王 деп хатталады. Кезінде керейлер мен наймандар көне түріктер сияқты бұл сөзді өз тілдеріне бейімдеп «Тай-он» деп қабылдаған) деген мансап атын қабылдаса керек (қараңыз: Чэнь Дэчжи 2005, 218-бет). Ляо патшалығының Да-анъ жылнамасының 6-жылды, атап айтқанда 1089 жылды керей билеушісі Могусыны (Marquis=Marcus) Цзубу тайпаларының билеушісі (бұл жерде қандай атақ берілгені белгісіз, қытайша мәтінде «阻卜諸部长» деп хатталған) деп ұлыстаған еді. Керейлер несториандар болды. XI ғасырдың бастапқы жылдарында «200 мың керей түріктері өз хандарымен бірге дінге шоқынды» деген дерек бар (бұл туралы қараңыз: René Grousset 1998. 245-бет). Бұл дерекке сенер болсақ, олардың несторианды бастап қабылдаған уақыты бұдан әлдеқайда ерте болуга тиіс.

<sup>77</sup> Мәтінде 札阿辯宰 (Чжааганьбо) деп транскрипцияланған. «Құпия шежіреде» негізінен Žaq-a-Qambu (Жақа-Қамбұ) деп жазылған. Рашид ад-дин еңбегінде: Djâgamboî деп атап, осындағы Djâ деген «мемлекет» деген сөз, gamboû «даңқ» деген сөз деп, парсыша айтқанда: Amîr-i vilâyat немесе Amîr-i mou'azzam (бір елдің билеушісі) деген сөз деп түсіндіреді. Деректемелерде оның аты Керейтай делінеді. Березин оның атын Кегі деп жазған (қараңыз: И. Березин 1858, С. 107).

<sup>78</sup> Мәтінде 脱里 (толи) деп транскрипцияланған. «Құпия шежіреде» Тоорил (To'oril) және Тоорил ванхан делінеді. Рашид ад-динде: Тогорил [tūğ (u)rīl]. Бұл көне түрік тіліндегі Toghroul немесе Toghril сөзіне тұра келеді, бұл сөз кейір әдебиетте монгол тілінің өзгерістеріне ұшырап, Тоорил (To'oril) болып өзгерген. Toghroul есімі Селжүқ түріктері билеушілерінің арасында жиі кездесетін есімдердің бірі болған. Мәтіндегі 脱里 осы Тоорил (To'oril) дегеннің қытайша транскрипциясы деуге болады.

<sup>79</sup> Мәтінде Ван (王) деген иероглиф жазылған.

<sup>80</sup> Мәтінде 汪罕 (Ванхан) деп транскрипцияланған. Марко Пого оның атын Aung-khan, unc-san деп жазады (қараңыз: Марко Пого, Минаев аудармасы, 82–86-беттер). Рашид ад-дин кітабында aünk-khan делінеді. Бұлардың барлығы қытайша 王 (Ван) деген иероглифтің транскрипциялануы еді. Атамыш дәуірде осынау қытай сөздерін парсылар да қабылдаған. Олар «Ван» деген сөзді өз қалпында «Wan» деп қабылдаса, «Даван» деген сөзді «Tai wan» деп қабылдаған. Кезінде түркілер мен монголдардың қай-қайсысы да қытайша лауазым атағы болған «Ван» (王) деген сөзді «Оң» деп қабылдаған әрі өздерінің ел билеген вандарын «Оң» деп атаган. Құлтегін ескерткішінде: «Kül tigin yadaýin oplayu tägdi. Oñ tutuq yugçin yaraqlıǵy äligin tutdî yaraqlıýdî qayanqa ançuladî...» делінеді. Қытайлық ғалымдар ескерткішті қытай тіліне аудару барысында, қатысты деректемелерді салыстыра отырып, «Оң tutuq» 王都督 (Ван дуду) деп аударған (қараңыз: Гэн Шиминь 2005: 129-бет). Түркі-монголдар арасында «Ванды» «оң» деп атап қана қоймастан, әрі «оң» сөзінің түбірінен бірнеше терминдер де жасалған. Мы-

салы, Ванга қарасты халықты «Ongli’ut» деп атаган (қараңыз: Чэнь Дэчжи 1997 (14), 63-бет). Onglighut — «Ванга қарасты халық». Бұл сөздің шығу төркіні Титуqlighut («тұтұққа қарасты халық») деген сөздің шығу төркінімен бірдей (қараңыз:Хань Жулин 1982:364-бет). Қорытып айтқанда, мәтінде кездескен Ванханды (汪罕) керейлердің өздері де, көршілері де «Оң хан» деп атаган деуге негіз бар.

<sup>81</sup> Мәтінде 忽而札胡思杯祿 (Хуэрчжакахусы Бәйлу) деп транскрипцияланған. Тіркестің алдыңғы бөлігіндегі «Хуэрчжакахусы» — оның аты. Рашид ад-дин құjāgūš (Курджакуз-Буюрук) деп жазған. Бұл несториандық ат болуы бек мүмкін. Ал Бәйлу бұл оның мансап дәрежесі немесе құрмет атағы, көне түркі заманынан мәлім болып келе жатқан «бүйрый» сөзінің транскрипциясы дейді. Бүйрый сөзі туралы мәлімет қытай деректемелерінде ең бірінші Түрк қаганатының саяси өміріне қатысты деректемелерде кездеседі. Оnda 梅录 (Мәйлу), 梅祿 (Мәйлу), 密祿 (Милю), 媚祿 (Мәйлу) деген сияқты транскрипциялары кездеседі. К.д'Оссон бұл сөздің «Воуоигоис» деген транскрипциясын ұсынады. «Құпия шежіреде» Бүйруг (Виутиқ) деп жазылған. «Бүйрый» атағы монголдардың билік құруының алдында керей, найман, татар билеушілерінің арасында жи қолданылып келген лауазымның бірі болды.

<sup>82</sup> Құршақұс Бүйрый хан өлгеннен кейін балалардың ұлкені болған Тогырул хан тағын қантегіспен тартып алады. Ол осы мақсатта өзінің Тай-Темур-Тачі және Бұқа-Темүр деген екі бірдей інісін өлтіріп тастайды (қараңыз: Рашид ад-дин, ҚА, 214-бет). Онымен тынбай Еркеқара есімді үшінші бір бауырын өлтірудің қамына кіріседі. Осы мақсатта ол әкесінің бауырларына да қол сала бастайды. Бірақ әкесінің інісі Гүр хан бұған қарсы болады. Ол Оң ханмен жанжалдасып, Оң хан жеңіліп «Қарауын қысаңы деген жерге барып тығызып, одан жұз кісімен қашып шығады. Сөйтіп, Есүгей ханга келгенде, Есүгей хан оны асырап күтеді. Және өзі бастап әскер алып шығып, Гүр хан Қашын еліне қашып кеткенде, оның халқы мен малын Ван ханға әкеп береді». Оң ханның тағы бір бауыры Еркеқара қорқып қашып шығып, наймандардың Инанышы ханын панарайды.

<sup>83</sup> Мәтінде 菊儿 [罕] Цзюйэр[ханъ] деп транскрипцияланған. Бұл — Gürkhan немесе kür-khan дегенниң қытай тіліндегі транскрипциясы. В. В. Бартольд бұл сөзді «Хандардың ханы» деп атайды (қараңыз: В. В. Бартольд 1922. 22-бет). Бұл лауазым — түркі халықтарының арасында бұрыннан бар атақтардың бірі.

<sup>84</sup> Мәтінде 哈刺溫隘 (Халавәнь-ай) деп хатталған. Бұл Қарауын шатқалы немесе Қарауын қысаңы деген сөз. «Құпия шежіреде» Қарауын-хавчил деген жер аты кездеседі. Бұдан тыс «Қараун-жидү» деген жер аты да бар. Рашид ад-дин кітабында осыған үқсас жердің аты «Қараун-Джидун» деп аталағып, бұл жер керейдің жырқын тайпасының билеушісі Құйык Батырдың иұрты (жұрты) делінеді. Мамандар мәтінде кездескен Халавәнь шатқалын Селенге өзені маңында, меркіттер қоныстанған аймақтың онтүстігінде, Селен-

ге мен Орхон өзендерінің төмөнгі бойындағы осы екі өзеннің арасындағы тау дейді (қарашыз: Чэнъ Дәчжи 2005. 226-бет).

<sup>85</sup> Қытайша 西夏 деп хатталады. Қытайлар Данциянцян (党羌羌) немесе Дансианцян деп (党项羌) атаған этнос құрған мемелекет. Қытайлық деректемелер Данциянцян (党羌羌) немесе Дансианцян (党项羌) деп атап келген бұл халықты түркі-монгол жүрті жекеше «Тангу», көпші түрінде «Тангуд» деп атап отырған. Мұсылман деректемелері оларды «Тангут» деп жазады. Ұлыс жерінің Хуанхенің батысында болғаны үшін қытайлар бұл мемлекетті Ҳәси (дарияның батысы) деп те атаған. Бір қызығы, осы «Хәси» сөзін монголдар өз тілдеріне бейімдеп «Хашин» деп атаған. Бұл елді біздің атабабаларымыз таңыт деп атаған көрінеді. Мемлекетті 1038 жылы таңғыт билеушісі Ли Юанъхао (ЧжАО Юанъхао) құрады. Астанасы Синфу (қазіргі ҚХР Нинся Хуэйцзу Автономиялы өлкесінің орталығы Иньчуань қаласы тұрған жерде) деген қалада болады. Олар өз мемлекеттерінің атын «Дася» (大夏) деп атап келеді. Дася мемлекеті географиялық орны жағынан сол кездегі Орталық Қытайда билік жүргізіп тұрған Солтүстік Сун әuletінің солтүстік-батыс тарапына орналасқандықтан, Сун әuletіндегі этностиқ қытайлар оларды «Сися» (Батыс Ся ) деп атауға әддettенген. Сол негізде қытайлық әдебиеттерде бұл елді «Сися» деп атап келеді. Сися елі ең қүштің кезде ұлыстың құрамында 22 аймақ болған еді. Ұлыстың аумағы бүгінгі Нинься аумағын түгелдей, Ганьсу провинциясының басым көшілік аумағын және Шаньси провинциясының солтүстік бөлігі мен Ҷинхай провинциясының солтүстік-шығыс бөлігін, сондай-ақ Ишкі Монголияның бір бөлім аумағын алғып жатты. Ұлыс тұрғындары ала-құла болып, олардың арасында негізгілері таңғыттар, қытайлар, қыдандар, тибеттер мен үйғырлар болады, негізінен отырықшы егіншілікпен және мал бағумен айналысты. Ұлыста небір ірі шаһарлар болды. Тұрлі көлемдегі елді мекендерінің саны да едәуір мол болады. Ел басқарудың тұрлі тәртіптері негізінен қытайлық үлгі негізінде құрылады. Өз алдына «Сися жазуы» деген жазулары болады. Мұнда Орталық Қытай аймақтарында билік құрған Сун мемлекетімен, Солтүстік Қытай жерін билеген этностиқ қыдандардың Ляо мемлекетімен (907–1125 жж.) және этностиқ чжурчуттердің Ҷэнь мемлекетімен (1115–1234 жж.) толассыз қақтығысады. Осында жаугершіліктеге Сися дербес мемлекет ретінде 190 жыл бойы өмір сүрді. Ақыры 1227 жылы оны монголдар біржолата жойды.

Этностиқ таңғыттардың Сися мемлекеті XII ғасырдың он бойында Монголияндағы қуатты керей ұлысымен аса жақсы қарым-қатынастарда болып отырған (бұл туралы толығырақ қарашыз: «Қазақ өркениеті» 2005. №1, 30–39 беттер).

<sup>86</sup> Қытай ғалымы Мән Нань тұрлі деректемелерге сүйене отырып, бұл оқиға 1171 жылы болды деп қорытынды шығарған. «Қазақ өркениеті», 2005. №1, 35–37 беттер).

<sup>87</sup> Қытайша 按答 (Анда) деп хатталған. Бұның көне түрік тілі сөзі екендері байқалады. Қазақ тілінде бұл сөз жеке-дара сақталмаса да «Құда-анд» деген қос сөздің сырары ретінде ғана сақталып, әуелгі жеке-дара магынасы өшкіндеп қалған.

<sup>88</sup> Мәтінде 华言 (Хуаянь // хуа тілі) деп қытай тілі айтылып отыр.

<sup>89</sup> Мәтінде 也力可哈刺 (Еликәхала) деп хатталған. «Құпия шежіре» оның атын Erke-Qara деп жазады. Көне түркі-монгол тілдерінде «ерке» сөзінің «билик» және «әмірші» деген мәнісі болған. Бұл атау түркі халықтарының арасында жеке адам аты ретінде де, атақ ретінде де кездеседі. Байыры заман тағылымында «Qara» — қасиетті ұғым. Сөйтіп, бұл атты Erke-Qara деп қалпына келтірге болады.

<sup>90</sup> Мәтінде 亦难赤 деп хатталған. Найман ханының аты «Құпия шежіреде» Инанча Билгэ деп жазылған. Көне түрік тілінде inantch (de inan – нану, сену) сөзінің «сенімді немесе нанымды адам», «көпті көрген тәжірибелі адам» деген сияқты мәндері болған (бұл сөз туралы қазіргі қазақ тіліндегі наным, нану, илану сөздерімен салыстырысақ та айтарлықтай түсінік аламыз). М. Қашқари: «Ынанш: сенімді, иланымды Ынанш бег – Сенімді бек» деп түсіндіреді (қараңыз: М. Қашқари. 163-бет). Inantch сөзінің түркі тілдес халықтардың арасында әріден қолданыста болғаны белгілі. Inantchou деген ат VIII ғасырға жататын Орхон ескерткіштерінен де кездеседі. Деректемелер бойынша, бұл лауазым қырғыздардың және олармен қанаттас жатқан тайпалардың билеушісінің лауазымы ретінде «Инал» және «Инан» деген түрде кездесіп отырады. Бұл тектес мәртебе атамыш дәүірдегі Хорезм шаң билеушілерінің арасында да жиі кездесетін мәртебе болады. Мысалы: Хорезм шаңына қарасты Отырар билеушісі Қайырқан қаған Тоглы Иналшүқ (Инанчик) немесе Иналхан деп аталса, Хорезм шаңының бас қолбасшысы Огул Қаджыб Инанчхан деген атпен белгілі болды. Рашид ад-дин: «...Наймандардың билеушісі Инанч-Билгэ Букухан (aīnāj-b (i)lkeh-būkū-khān)[Inalchuq] еді. «Инанч» деген «сенім» деген сөз; «Билгэ» оның құрмет аты. Bilgä kakhan көне түркі және үйғыр қағандарының аты ретінде үнемі кездесіп отырады. [Магынасы] «ұлық» деген сөз. Букухан ерте заманда өткен бір ұлы әміршінің есімі. Үйғырлар және [басқа] көптеген тайпалар оны ерекше құрметтейді [сағына еске алады]» деп жазады.

<sup>91</sup> Мәтінде 河西 (Хәси) деп хатталған. Мұнда қытайлар Хәси деп атап келген Хуанхәнің батысында жатқан Таңғыт мемлекеті айтылып отыр. Хәси туралы 85-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>92</sup> Мәтінде 回鹘 деп хатталған. Бұл үйғыр деген этнонимнің транскрипцияларының бірі деп есептеледі. Бұл жерде Бешбалықтағы Идуқ-құт үйғырлары айтылып отыр.

<sup>93</sup> Мәтінде 回回 деп хатталған. Қытай деректемелерінде хуэйхуэй атаяның беретін ұғымы біршама кең. Бұл жерде Орта Азия мен Қазақстандағы отырықшы мұсылман елдері айтылып отыр. Көшпенді түркілер мен монголдар сол кездегі бұл елдерді жалпылама «Сартаяул елі» деп атаған. Оң хан-

ның Хуэйхуэй жеріне баруы туралы «Юаньши» берген бұл мәлімет «Құпия шежірде» де бар. Онда «...одан кейін найманнан қорқып қашып, Сартаял жеріндегі Шүй өзеніндегі қарақытайдың Гүр ханына барады. Онда бір жыл болған соң, тағы да тоқтай алмай, үйгир жерін кезіп, таңғыт еліне өтеді. Бес ешкіні шөрелеп сауып, түйенің шұбатын ішпік күн көріп, соқыр сұр атымен зорға Темүжінге келгенде...» деген сияқты мәліметтер келтірлген. Демек, бұл жердегі Хуайхуэй өз алдына айырым бір ел емес. Мұнда қарақытай Гор ханға қарасты жерлер айтылып отыр. Яғни Оң хан бұл жолы қарақытай астасы Баласагұнға келіп, сонда қарақытай билеушісі Гор ханнан саяси баспана іздеген. Бірақ онда да көп тұрақтал тұра алмаған.

<sup>94</sup> Мәтінде 契丹 деп хатталған. Қидан этномінің қытайдыша транскрипциясы. Бұл жерде Елюй Даши құрган Қарақытай мемлекеті айтылып отыр.

<sup>95</sup> Оң ханың Орта Азия мен Қазақстан жерінде билік құрып отырған Қарақытай Гор ханмен жанжалдасып, Монголияға қай жылы қайта оралғаны беймәлім. Җәнә Дәчжи қазіргі қолда бар деректемелер мен қатысты тарихи оқигаларға жан-жақты зерттеулер жасай отырып, бұл оқиға 1196 жылдан бұрын болған деген байламға келеді (қараңыз: Җәнә Дәчжи 2005, 228-бет). Бұл оқиғаның 1196 жылдың алдында болғанына көзіміз жеткенмен, қай жылы болғаны қүнгірт күйі қала береді. Дегенмен, 1825 жыл шамасында жазылған, Таңғыт елінің тарихы туралы «Сися шуши» атты еңбекте 1173 жылы ақпан айы шамасында Оң ханың Қарақытайға кетіп бара жатқан жолда Таңғыт елін басып өткені, арада бір жыл өтпей 1174 жылдың қазан айы шамасында Қарақытай жерінен қайтып келе жатқан жолда азыры таусылып, қол астындағы нөкерлері қарақшылықпен айналыса бастағандықтан, таңғыттықтардың арнаулы әскер шығарып оны қуып жібергені, осыдан кейін монголдың Темүжіні өз адамдарын жіберіп оны құтқарып алғаны туралы дерек кездеседі (қараңыз: «Сися шуши». 442, 443-беттер; бұл деректемелер туралы толығырақ қараңыз: «Қазақ өркениеті» 2005. № 1, 37-бет ). Егер «Сися шуши» кітабының авторы У. Гуанчэннің берген деректемелері шын десек, онда керей Оң хан бірінші мәрте әкесінің інісі Гор хан тарапынан 1171 жылы тақтан тайдырылса, екінші мәрте наймандар қолдаған өз інісі Еркеқара тарапынан 1173 жылы тағы бір мәрте тақтан тайған болады. Онда оның Монголияға қайтып бару оқиғасы 1174 жылдың соңы болады да, наймандардың жақтасы болған Еркеқараның қолынан керей ұлысының билігін қайта тартып алуы 1175-жылдар шамасына тұра келеді.

<sup>96</sup> Мәтінде 土兀刺河 (Туулахә) деп хатталған. Монголиядағы өзен аты Толаның тары бір түрлі транскрипциясы. Әдебиетте бұл өзенің аты Туула болып та кездеседі. Орхон-Енесей ескерткіштерінде негізінен «Тогла» дедінеді.

<sup>97</sup> Мәтінге қатысты уақыт көрсеткішін 未岁 (Вәйсүй) деген екі иероглифпен хатталған. Бұл сөзді «жылға жетпей» деп түсінумен бірге «шамалы уақыттан кейін», «көп өтпей» т.б. деп түсінуге де болады. Бұл «Юаньши» кітабының атальыш жорық туралы берген жыл көрсетпесі деп қарауга болады. И. Березин бұл оқиғаны жылан жылы, хижраның 593 жылы болды деп

көрсеткен (қараңыз: И. Березин 1858, 111-бет). Бұл жыл 1197 жылға тұра келеді. Ол тары Шыңғыс ханның меркіттерге шабуыл жасап, оларды жеңген жердің атын Монча (Mountcha) деп жазған. «Юаньши» кітабында бұл жердің атын Монача тауы (莫那察山) деп көрсеткен.

<sup>98</sup> Мелици (蔑里乞) — ягни меркіт. Меркіт тайпасының аты қытай деректемелерінде жеке-жеке: 箕儿乞 (Меэрци), 灭里吉 (Меэрцзи), 梅里急 (Милицзи), 密儿纪 (Миэрцзи), 默而吉 (Моэрцзи), 迈礼吉 (Майлицзи) т. б. болып та хатталады. Бұл текстес транскрипциялардың барлығы «Меркі» деген сөзге өте-мәте жуық. Меркіт аты Рашид ад-дин қатарлы мұсылман деректемелерінде Мерикит, монгол деректемелерінде Мәргид болып әртүрлі жазылған. Тарихи деректемелерде олардың 兀都夷 (Удуи), 麦古丹 (Майгудан), 脱脱邻 (Тотолин) немесе 脱脱里 (Тотоли), 兀花思 (Ухасы) немесе 兀洼思 (Увасы), 察浑 (Чахунь [қазақ меркіттерінің бір табы қазір де «Шагыр» делінеді]) деген жекелеген руладан құралғаны айтылады. «Құпия шежіре» меркіттерді «үш меркіт» деп атап, үш меркітке Удуйд мәргид, уvas мәргид, хаат мәргид қатарлы тайпаларды жатқызды. Меркіттер Удүит (Отау үй), Ouas Merkit [қытайшасы: 兀洼思] немесе Ouhuas [қыт.ауд: 兀花思] және 合阿惕 Қият (Qa'at) деген үш тайпадан құралған. Рашид ад-дин еңбегінде удуит меркіттің жеке-жеке: Угуз (aūfz) [бұл тайпаның аты Рашид ад-дин еңбегінің түрлі нұсқаларында бірдей емес, атап айттар болсақ, S нұсқасында: aūhr; С нұсқасында: aūfū-mrkīt; L нұсқасында: aū (?)fū-mrkī (?)t; В нұсқасында: azhr-mkrīt; Березин: aūhr-mkrīt (Орысша ауд: Ухур-мергит)], Мудан және Тудалин деген руладан құралғанын мәлімдейді. Мұндағы Удуит меркіттері Орхонның тәменгі бойындағы Буракер деген жерде, ouas меркіттер (Ou'as Merkit 兀洼思) Орхон мен Селенгенің ортасындағы Тахун аралында, қияттар Селенге өзеніндегі Қарашкегерде отырған деп мәлімдейді. Аты аталаған үш тайпа удуит тайпасына үйіткіш етіп жалпылама меркіттер деп аталаған. Меркіттер өз билеушісін «бек» деп атаған. Бектердің begi — Ағабек (немесе Тайбек) деп атalsa керек. Ағабектер негізінен удуит меркіттерден шыққан. Үш меркіт біртұтас осы Ағабекке бағынатын болған. Меркіттер XII ғасырдың он бойында қуатты ұлыс ретінде сақталып келген. Деректемелерден белгілі болғандай, монголдарды Хамбағай хан билеген кездерде меркіттер мен монголдар дос ел болған. Ол кездері Хамбағай ханның ұлы мен меркіт begi Тудур анда болған. Кейін келе монголдар оларға біртұтас одақ құру туралы талап қойса керек. Бірақ бұл ұсыныс меркіттердің қарсылығына тап болады. Артынша монголдар әскер аттандырып, жаулап алу жорықтарын үйімдас-тырады. Нәтижесінде Тудур қолды болып, оның ұлы Тоқто қашып кетеді. Осыдан кейін екі ел арасындағы соғыс оты тұтана бастаған.

1125 жылды қидан Елюй Даши батысқа ауған кезде, осы меркіттерден көмек алғаны туралы мәлімет бар. Монгол баһадүр Есүтей заманында болған «жесір дауынан» кейін екі ел арасындағы алауыздықтардың соңы түрлі жаугершіліктеге апарып соқты. Меркіт тайпасы бүгінгі қазақтардың құрамында Орта жүздегі Он екі абақ керейдің бірі ретінде сақталып келеді.

Қытай деректемелерінде меркіттердің аты XI ғасырдан бастап көріне бастайды. Орхон мен Селенге өзендерінің төменгі бойына қоныстанған олар орман халықтарымен көршілес орын тепкен. Меркіттер жауынгерлігімен, мергендігімен маңайындағы көршілөрін иманына келтіріп отырған. Олар да басқа түрік текті тайпалар сияқты Ляо әулетінің Да-ань сегізінші жылры (1092 ж.) керей билеушісі Могусы (Марғұз) туының астына топтасып, ата жүртін қидан шапқыншылығынан азат ету жолындағы соғыстарға қатынасады. Шоучан жылнамасының үшінші жылры (1097 жылы. — Ж. О.) Ляо мемлекетінің сол кездегі кезекті лясибейлұчжаоташи (Ляо мемлекетінің солтүстік-батыс тарапындағы Чжаоташи атты органының міндеттерін атқарушы ұлыры. — Ж. О.) Елюй Оләла бастаған Ляо басқыншыларынан жеңіліп қалады. Меркіт билеушісі Хулуба (Хұлубай. — Ж. О.) Ляо қолбасыларымен бітімге келеді. Ол Ляо әкіметіне бұрынды өріс-қоныстарын өздеріне қайтарып беру туралы талаптар қояды. Артынша екі жақ бір мәмілеге келсе керек. Себебі, «Ляоши» кітабы меркіттердің осыдан кейінгі бір мезгіл үақытта Ляо мемлекетіне елші жіберіп, тарту-таралғы беріп тұратыны туралы мәліметтерді үсьна бастайды.

<sup>99</sup> Мәтінде 脱脱 деп хатталған. Аталмыш дәүірдегі меркіт begi. «Юаньши» сияқты қытайлық деректемелерде удуит меркіттің begi болған бұл адамның есімі негізінен алғанда 脱脱 деген екі иероглифпен хатталады. Бұл есімді t'o-t'o=Toqtō деп қалпына келтіруге болады. Рашид ад-дин өз еңбегінде оның атын Тоқтай-беки, Тоқта-беки деп екі түрлі жазған. «Құпия шежіре» «Toqtoya-beki» деп жазады. Эр ел әдебиеттерінде хатқа түскен үлгілеріне қарағанда аталмыш меркіт begiңін аты сіра «Тоқта-ага-бек» болса керек. Себебі, меркіттердің eñ жоғарғы билеушісі өздерін «бек» деп атағаны бізге көп жағдайда белгілі жайт есептеледі. Меркіт өз ішінде үш тармақта бөлінгенімен, қалған екі тобының бәрі бір удуит меркіттің begi Тоқта-бекке бағынғып отырған. Осы орайда олар өз әміршілерін «Ағабек» деп атаған. Сонымен, жоғарыда көрсетілгөткеніміздей, әр ел деректемелерінде әртүрлі аталған меркіт әміршісінің аты «Тоқта-ага-бек» делінсе керек (бұл есім және оның лауазымы туралы қараңыз: R. Pelliot, «T'ong rao». 1930, 24). Біз мәтінде оның есімінің 脱脱 деп транскрипцияланған түстарын түгеледей «Тоқта» деп аудардық.

<sup>100</sup> Мәтінде 莫那察山 (Моначашань) деп хатталған. Бұл таудың аты «Құпия шежіреде» Мурыш суілі деп жазылған. Рашид ад-дин Монча деп жазған. Бұл таудың нақты орны әзіріше белгісіз.

<sup>101</sup> Бұл соғыста Оң ханның жеткен табыстары осының алдындағы Темұжіннің меркіттерге шабуылы кезінде қол жеткізген табыстарынан әлдекайда қомақты болған. Бұл жолы ол меркіт begiңін Тогұз бек (Tôgûz bek) деген бекзадасын өлтірген. Құтқұтайдай (Құтқұтайды Рашид ад-дин I том, бірінші кітабында қатұны деп көрсетеді. Ал екінші кітабында оның қызын делінген) және Шағарун есімді екі қызын және ханымдарын, Ходу, Чулұн [Рашид ад-дин Тоқтабектің Чилаун есімді бұл ұлын Оң ханның қызынан туған жиені еді деп мәлімдейді (қараңыз: Рашид ад-дин, ҚА, I-1 82-бет]

деген екі баласын, қарасты халқымен қоса иемденіп алған. Рашид ад-дин бұл оқиғаның шамамен жылды жылы, хижраның 594 жылы болғанын хабарлаған. Бұл 1198 жылға туралы келеді.

<sup>102</sup> Мәтінде 不 (鲁欲) [欲魯] 罕 By (луой) [юйлу] хан деп хатталған. «Юаньши» кітабының көне нұсқаларында бұл тірекес (鲁欲)罕 (By (луой) хан) деп хатталған. Кейін келе «Юаньши» кітабын баспадан қайта шыгару кезінде мәтінтанушылар мен галымдар «Шэнүдинъчжэнлу», «Күпия шекіре» және Рашид ад-диннің «Жылнамалар жинағы» қатарлы еңбектерді салыстыра отырып, 不 [欲魯]罕 By [юйлу]хан деп өзгерткен. Бұл Бүйрек хан дегенінің қытайша транскрипциясы еді.

Бұған дейін найман ханы Бүйрек хан мен монголдар арасында пәлендей қақтығыс болмағанын ескергенде бұл реткі жорықтың мақсатын Темүжінмен байланыстыруға келе бермейді. Найман ұлысын бүкіл керей ұлысының қас дүшпаны деуге тіпті де келмейтін еді. Себебі, бұған дейін найман билеушілері керей ұлысын құлатуды мақсат еткен емес. Бар болғаны Оң хан бастаған топтың керей ұлысындағы билігін құлатып, оның орнына өздеріне бауыр басқан Еркеқара сияқты адамдарды қоюды мақсат тұтып келеді. Соңдықтан бұл реткі жорықты Темүжіннің де емес, керей ұлысының басқа ақсүйектерінің де емес, тек қана Оң ханның жеке мұддессі үшінған жасалды деуге болады. Себебі, бұл тұста найманның әйгілі Иinanшы Білге қағаны өліп, оның мұрагер ханзадалары Тайаң хан мен Бүйрек хан тұтас бір ұлысты екіге бөледі. Біреу байыргы найман жерінің жазық өлкелеріне, екіншісі таулы өнірлеріне билік жүргізіп, бір-бірімен араз болып отырған еді. Бұл енді байыргы түрік жұрттың бірегей қағаны болуға үмтілған Оң хан үшін наймандармен арадағы ескі даудың есебін айырып, кеткен есесін қайтарудың табылmas сәті болса керек. Бұл жорық монголдың тізгінін өз қолына алууды мақсат тұтқан Темүжін жөнінен алғанда да улken жетістік болды. Ол бірінші рет монгол жерінен аттап шығып, Алтайдың күнгей бетін көріп қайтты. Сосын басқа елді жаулап алуудың, салбурындың ұзақ жорықтың не екенін көзі көреді. Дәл осы жорықтан бастап Темүжіннің санасында өзгерістер байқалады. Оның бүрінгі монголдардың қожасы болу арманы тағы бір бійкке көтеріледі. Оң хан бұл жорықта Тайаң ханға тиіскен жоқ. Алдымен Ұлықтақ пен Сороқсу (Қобда өзенінің басы) маңындағы Бүйрек ханға шабуыл жасаган. Олар тосын келген қалың қолды көріп Алтайдың күнгей бетіне таман жылжып кетсе керек. Оң хан ескерлері найманның алдыңғы шеп қосындарымен Құмсекір мен Үліңгір маңында кездесіп, женеді. Одан әрі қазіргі ҚХР ШҰДА Бурылтогай ауданы аумағындағы Қызылбаш көліне (қазір Үліңгір деп аталады) дейін қуып барады. Рашид ад-дин Бүйрек хан осы жерден Кем-кемшікке қашып барды деген мәліметті ұсынады.

<sup>103</sup> Оң ханнның Темүжінмен бірге найманның Бүйрек ханына жасаган бұл жолғы жорығы 1199 жылы болған.

<sup>104</sup> Мәтінде бұл жердің аты қытайша 黑辛八石 (Хэйсинбаш) деп хатталған. Бұл Қызылбаш деген түрікше топонимнің қытайша транскрипция-

сы болатын. Бұл жер қазіргі ҚХР ШҰАА аумағындағы Алтай аймағында. Осы аймақта Үліңгір өзені құттың Үлыңгір деген көл бар. Оны ерте заманда «Қызылбаш» көлі деп атаған. Рашид ад-дин бұл көлдің атын «Qizil-tach» деп жазады. Бұл Рашид ад-диннен немесе кейінгі кездегі көшірушілерден кеткен қателік не көлдің «Qizil-tach» деген де аты болғаны қәзірше беймәлім. Дегенмен, көлдің аты «Qizil-bachi» болуға тиіс. Бұл жағын монголдық деректемелер де растай алады. «Құпия шежіре» бұл көлдің атын «Хишилбаши нур» деп жазады.

<sup>105</sup> Мәтінде бұл найман қолбасшысының есімі 也的脫字魯 деп хатталған. Бұл сөзді иероглифтердің дыбысталуына қарай отырып: Иеті-тобұлұқ деп оқуға болады. Әйткенмен, Рашид ад-дин бұл адамның атын Yéti-Toûqlouq (Жеті тулы) деп жазған. Біз осы мәліметті дұрыс деп ойлаймыз.

<sup>106</sup> Мәтінде 曲薛吾撒八刺二人遇 (Цюйсюе сабала әр жәнъ юй) деп хатталған. Соған орай бұл тіркесті Цюйсюе, Сабала екеуімен кездесті деп түсінуге келеді. Монгол және мұсылман деректемелері мен «Юаньши» кітабынан басқа қытайлық деректемелердің берген мәліметі осындағы «Цюйсюе, Сабала» деген тіркестің бір ғана адамның аты екендігіне көзімізді жеткізеді. «Юаньши» кітабында «Наймандардың батыр қолбасшысы Цюйсюе, Сабала екеуімен кездесті» деген жаңсақ мәлімет беруіне оның авторларының «Цюйсюе Сабала» деген тіркесті екі адамның есімдері деп қарастыруы себепкөр болған сияқты. Рашид ад-дин оның атын: «Kūksū-Sâbrâq (Kūks (a)- ū-sâbrâq) деп жазады. Ол тағы «Kūksū деген жөтел немесе қоксау науқасы салдарынан даусы сырылдаш шыратын адам. «Sâbrâq» жер аты ...» (Бұл адамның аты Рашид ад-дин кітабының түрлі нұсқаларында біркелкі емес. В, I, С нұсқаларында Sârâq; L нұсқасында Sârât болып келеді. Екінші кітапта да басқашалау. Оnda Кокесу Сабрак делінеді) деп жазады. «Құпия шежіреде» көбінесе Kökse' u Sabraq деп жазғанымен, ішінәра Köksegu Sabraq деп атаған. Сонымен, наймандар өзінің осынау әйгілі қолбасшысын қоксау адам сияқты белгілеріне қарай оған Kūksū-Sâbrâq – Қоксау-Сабырақ деген лақап ат берсе керек. Рашид ад-дин оны «Бүйрек ханның бектерінің бегі» деп атаған.

Найманның осы қолбасшысы өз қосындарымен келіп, Үліңгір тараптан жорықтан қайтқан Оң ханның Тола өзені бойына қайтар жолынан тосып жатса керек. «Құпия шежіре» берген мәлімет бойынша бұл жердің аты «Байдрақ бәлчир» делінеді. Рашид ад-дин бұл жерді «Байдарак-Бәлчирә» деп атайды және бұл атаудың Байтарақ деген оңғыт ханшайымының есімімен байланысты қойылғанын айтады. Бұл жер қазіргі Монголиядағы Хангай тау жоталарының күнгей бетінде делінеді.

<sup>107</sup> «Құпия шежіре», Рашид ад-дин кітаптары қатарлы еңбектерде осы түні Жамұқаның Оң ханға Темүжіннің наймандарға қашу ниеті бар деген сияқты сөздер айтып, Оң ханды азғырғаны туралы мәліметтер бар.

<sup>108</sup> Мәтінде 萨里河 (Салихә) деп хатталған.

<sup>109</sup> Мәтінде 亦刺合 (Илахә) деп хатталған. «Цинчжэнлу» кітабында да «Юаньши» кітабымен бірдей 亦刺合 (Илахә) деп көрсетілген. Рашид ад-

дин болса оның атын Пікең деп жазады. «Құпия шежіреде» Nilqa дөлінген. Р. Pelliot кезінде осынау керей ханзадасының атын Піқа немесе Плақа деп атап дүрыс деп ескерткен еді.

<sup>110</sup> Мәтіннің бұл тұсында жоғарыда аталған найман қолбашысының есімін 曲薛吾 (Цюйсюеу) деп қана жазған. Соңдықтан біз оны «Көксау» деп түсінуді жөн көреміз.

<sup>111</sup> Мәтінде 卜魯忽得? (Булухудә) деп транскрипцияланған. Бұл Бүркіт деген есімнің қытайша транскрипциясы болса керек.

<sup>112</sup> Мәтінде 太子 (Тайцзы) деп хатталған. Бұл ханзада деген сөз. Мұнда Темүжін айтылып отыр.

<sup>113</sup> Мәтінде 四良将 деп хатталған. Бұл сөз «төрт мықты қолбасшы» деген мағына береді. Қоңа түркі-монгол тілінде дәл осы мағынадағы арнаулы атап болған. «Құпия шежіре» бұл атауды «külüküd» деп көрсетеді. Осыны ескере отырып, бұл сөзді «төрт күлік қолбасшы» деп аударуга да болады.

<sup>114</sup> Мәтінде 博尔术 деп хатталған. Оның аты Во'огси делінсе керек. Арулат тайпасынан шыққан адам. Деректемелерде жазылуынша оның әкесі кезінде Есүгей батырдың сенімді серіктерінің бірі болған. Өлген және туган жылдары туралы нақтылы дерек жоқ. Шыңғыс ханың «Dorben-kuluhud» деп аталған әйгілі төрт қолбасшысының бірі.

<sup>115</sup> Мәтінде 木华黎 деп хатталған. Қытай деректемелерінде оның аты 木合黎 (Мухәли), 模合里 (Мохәли) деп те транскрипцияланған. Қазақша бұған дейін Мұқұлай деп жазылып келді. Оның аты Muqali деп аталса керек. Жалайыр тайпасының адамы. Шыңғыс ханың «Dorben-kuluhud» деп аталған әйгілі төрт қолбасшысының бірі. 1170 туылып, 1223 жылы дүниеден өтеді.

<sup>116</sup> Мәтінде 博罗浑 деп хатталған. Тарихи деректемелерде ол Boroqul деп аталған. Туган жылды туралы мәлімет жоқ. 1207-жылы қол тұмат еліне қарсы жорықта қаза талты. Шыңғыс ханың «Dorben-kuluhud» деп аталған әйгілі төрт қолбасшысының бірі.

<sup>117</sup> Мәтінде 赤老溫 деп хатталған. Сулдус тайпасының адамы. Өлген және туган жылдары туралы мәлімет жоқ. Шыңғыс ханың «Dorben-kuluhud» деп аталған әйгілі төрт қолбасшысының бірі.

<sup>118</sup> Мәтінде 哈撒儿 деп хатталған. Монголдық әдебиеттерде Зоши Хасар. Қытайлық деректемелерде 撒只哈撒儿 (Шоҷи Хасаэр) деген атпен де кездеседі (1164—?). Батырлығымен және мергендігімен әйгілі болған. Оң ханың наймандарға қарсы соғысында ерлігімен көзге түскен.

<sup>119</sup> Мәтінде 忽闐盍側山 деп хатталған.

<sup>120</sup> Мәтінде (沉忽) деп хатталған. «Цинчжэнлу» кітабында оның атын Ханху-Ахуучу (沉忽-Ахуут) деп жазады. Рашид ад-дин берген мәлімет бойынша «Анку-Хақушу» делінеді.

<sup>121</sup> Бұл соғыс 1200 жылды болды.

<sup>122</sup> Мәтінде 哈答斤部 деп хатталған. Қытай деректемелерінде бұл тай-паның аты 合答斤 (Хэдацзинь), 合塔斤 (Хэтацзинь), 哈答吉 (Хадацзи), 哈塔斤 (Хатацзинь) деген иероглифтермен де хатталған. Бұлардың барлығы

Qatagin деген атаудың әр басқа транскрипциясы болды. Қатагин нирүн монголдарына жататын тайпа саналады. Темүжінмен ең көп соғысып, оның бүкіл монгол билігін өз қолына алуына қарсы шығып, жаугершілік көрсеткен монгол тайпаларының бірі. Кейінгі тарихтарда қатаған деген атпен белгілі.

<sup>123</sup> Мәтінде 散只兀部 деп хатталған. Нирүн монголдарынан тараған тайпа. Бұл тайпаның атын монгол деректемелері мен мұсылман деректемелерінде салжиуд (Saldji' out) деп жазады. Қытайлық деректемелерде 珊竹 (Шаньчжу), 散只兀 (Сачжиу), 散只兀儿 (Саньчжуиэр) т. б. деп те жазылған. «Цзиньши» кітабында 山只昆 (Шаньчжикунь) деп жазылған.

<sup>124</sup> Мәтінде 朵鲁班部 деп хатталған. Бұл да нирүн монголдарынан тараған тайпа. Оны монголдар дүрвән (Dörban немесе Dörbän) деп атағаны белгілі. Қытайлық тарихнамаларда 朵儿边 (доэрбань), 秃鲁班 (тулубань), 度礼班 (дулибань), 都魯班 (доулубань) деп те жазады.

<sup>125</sup> 阿雷泉 Аләйдұань — Аләй бұлагы. Монголдық деректемелерде «Алхуәй булаг» делінеді.

<sup>126</sup> Мәтінде 弘吉刺 деп хатталған. Қоңырат деген әтнонимнің қытайша транскрипциясы. Тарихи деректемелерде қоңырат сөзі 弘吉列 (хунцзиле), 晁吉刺 (хуанцзила), 雍吉列 (юнцзиле), 饗吉里 (юнцзили), 翁吉刺惕 (вэнцзили) деген түрде де көздеседі. «Ляошиде» 王紀刺 (ванцзила) деп хатталған. Шүршүттер құрган Цзинь әuletі заманындағы еңбектерде 广吉刺 (гуанцзила) 光吉刺 (гуанцзила) деп хатталған. Аргұн өзені мен Хулуң-Бүйір көлдерінен шығысқа қарай қытай қорғанына таяу жерлерге қоныстанған. Әбілғазы, Қадыргали Жалайыр қатарлылар қоңыраттарды Огус-Динлиннен таратады (қарашыз: Әбілғазы 1992. 40-бет; К.Д.Оссон 2003. 203-бет; Қадыргали Жалайыр 1997. 25-бет). Рашид ад-динде және монгол шежірелерінде қоңыраттар нағыз монголдар тобына емес, дарликин (жай монголдар) тобына жатқызылады. Олардың жаттығын монгол аяқзарды Ергене-Құннан ең өрт шыққан тайпа болғандығынан деп түсіндіреді. Бұл тайпаның арғы аталары Ergene Qun тауынан шыққан кездे, олардың аяқтары қоламтала күйіп қалғандықтан, олардың көбінің аяғы кемтәр болып келетіндігі туралы да аңыз бар (қарашыз: И. Березин. ТВО. 7, 195-бет). Қайткен күнде де қоңыраттардың монголдардан ерекшелігі болғаны, монголдарға қараганда әлдеқайда өркениетті болғаны анықталып отыр. Қытайлық деректемелер қытай қорғаны маңына қоныстанған қоңыраттар мен онғыттардың отырықшылыққа бейімділігін сөз етіп, олар «Жер өндеп егін салумен айналысады... Өздері өндірген түрлі дақылдардан тамақ әзірлейді» (қарашыз: « Цзяньян жылдарынан бергі жылнамалар», 33-цзюань.) және кейірлеулері «там үйлерде тұрады. Шөптің шүйгіні мен судың тұнығын іздең, көшіп-қонған кезбе тіршілік кешірмейді» (қарашыз: Ту Чи, 153-цзюань, монгол рулаты 2) деген деректер қалдырган. Сондықтан да қытай деректемелері өркениетті қоңыраттарды көшпенді монголдардан ерекшелеп түрік тілді онғыттармен бір топқа жатқызыған. Сөйтіп, қоңыраттар мен онғыттарды өркениетке бейім熟鞬靼 (Шу-Дада — піскен татар деген сөз) немесе 白鞬靼 (Бай-Дада — Ақ

татар деген сөз) деген атпен атап келді. Керісінше, үш өзеннің басына көшіп келіп, көшпенде мал бағуды кәсіп көзіне айналдырып, көшпенде тірлікке енді-еңде бейімделе бастаған монгол тайпаларын жабайыларға қолданатын 黑鞑靼 (Хэй-Дада – Қара татар) немесе 生鞑靼 (Шэн-Дада – Шикі татар) деген сөздермен атады. Демек, қытайлар бұл кезде қоңыраттардың даму деңгейі монголдарға қараганда көш ілгері деп білген.

Ляо әулеті заманында, жоғарыда айтылғандай, «Ақ татар» атанған қоңыраттар басында Ляо мемлекетіне бағынышты болған еді. Кейін қидан ханзадасы Елюй Даши батысқа ауған тұста осы қоңыраттардың көмегін алған еді. Кейін Җэйн әулеті заманында Монголиядағы белді тайпаның бірі ретінде деректемелер бетінен бой көрсете бастады. «Җэйніши» кітабы хабарлаған «Солтүстіктері гуандзила (Қоңырат) тайпасы, көптеген тайпаларды бастап шекарага жиі-жіңі шабуылдан отыр» деген сияқты деректемелер қоңыраттардың аталмыш аймақтағы үйітқылышың ролін әйгілейді. Шыңғыс ханның Монголиядағы түркі-монгол тайпаларын бір тудың астына біріктіру жолындағы қымылдары нәтижесінде қоңыраттар екі жарылып кетті. Елдің бір бөлігі Дәй Сеченнің бастауымен Шыңғыс ханга берілсе, екінші тобы 1200 және 1201 жылдары жаджират қатарлышармен одақ құрып, Шыңғыс ханга қарсы соғысы. Бұл соғыс сәтсіз болып, олардың бір бөлімі Шыңғыс ханга бағынды. Қалған болігі Алтай жаққа беттеп, наймандарға қосылды.

<sup>127</sup> Мәтінде 迭夷 дег hattalgan. Қоңырат тайпасының адамы. Темужіннің қайын атасы. Борте-Фуджиннің (Борте ханымның) экесі ретінде белгілі. Рашид ад-дин оның атын Дай-Нойон және Дай-Цэцэн, монгол деректемелері де Дай-Цэцэн (Дей шешен немесе Дей-шешен) дег жазады. «Юаньши» 118-цзюанында оның аты Тә Сюэчань (特薛禪) дег хатталған.

<sup>128</sup> Мәтінде 虎图泽 (Хутуцэ) дег хатталған. Бұл – Хуту көлі. Рашид ад-дин «Кутун наур» дег жазады.

<sup>129</sup> Мәтінде 杯亦烈川 дег хатталған. Яғни Буир-нор. Қазіргі Монголия мен ҚХР шекарасына таяу жатқан көл.

<sup>130</sup> «Юаньши» кітабы мен қытайлық басқа деректемелер бұл оқиганы Жамүқа Горхан атанғаннан кейін болған соғыстың алдында болғанын хабарлап келді. Бұл туралы Рашид ад-диннің берген дерегі де «Юаньши» кітабымен бірдей. Керісінше, «Құпия шежіре» алдымен Жамүқаның Горхан атанғанын тізбектей отырып, айтулы оқиганың Жамүқа Горхан сайланудан кейін болғанын баяндайды. Осы себепті бұл оқиганың нақты жыл көрсеткішін атап көрсете қыын.

<sup>131</sup> Мәтінде [怯]绿嶙 дег хатталған. Бұл монголдар «Kelügen tügen» дег атаган өзеннің қытайша транскрипцияларының бірі. Рашид ад-динде бұл өзеннің аты k (a)lūgān делінеді.

<sup>132</sup> Мәтінде бұл адамның аты 按敦阿述 (Аньдуңашу) дег транскрипцияланған. «Құпия шежіре» Алтан-Ашуг дег жазады. Altoun-achouq – Алтын ашуық деген сөз көне түркі тілінде «алтын дұлыға» деген мағынаны білдірген.

<sup>133</sup> Мәтінде 燕火脱儿 деп хатталған. Оң ханның бұл әмірінің аты «Құпия шежіреде» Elquotour (Элхудур) делінеді. Рашид ад-диннің кітабында Іл-Құтқұр (Il-Qutqur) болып жазылған. Рашид ад-динде және басқа деректемелерде бұл жолы Оң ханнан бөлініп найманның Тайан ханына қосылғандардың арасында Жақа-Қамбұдан тыс Оң ханның Іл-Құри (Il-Quri), Іл-Құтқұр (Il-Qutqur), Нарын-Тогрыл (Narin-Togril), Алын-Тайші (Alin-Taischi) қатарлы әмірлері де болған делінеді.

<sup>134</sup> Мәтінде 撒撒儿山 (Чәчәэршань) деп хатталған. Бұл тау қытай жеріне таяу маңда, қоңыраттар қоныстанған аумақта болған. «Құпия шежіреде» «Цэгцэр» деген жеке түрде де, «Цэкцэр-Чухурху» деген тіркеспен де кездеседі.

<sup>135</sup> Мәтінде 阿刺兀都儿 (Алаудоуәр) деп хатталған.

<sup>136</sup> Бұл соғысты Рашид ад-дин де 1202 жылы болған деп хабарлайды. Бұл мәлімет «Юаньши» кітабы берген мәліметпен бірдей. Эйткенмен «Құпия шежіренің» бұл туралы берген дерегі қытай және парсы деректемелеріне қарама-қарсы. «Құпия шежіре» бұл соғысты «Юаньши» кітабы алдағы жерде баяндал беретін түрлі тайпалардан құралған Оң хан мен Темұжінге қарсы одақтастардың біріккен шабуылынан кейін болған деп мәлімдейді. Мұны «Құпия шежіренің» тарихи оқиғаларды тарихи деректемеден гөрі әпостың дастанға тән ерекшеліктермен баяндауга бейімділігінен деп білуге болады.

<sup>137</sup> Мәтінде 健河 (Цзяньхэ) деп транскрипцияланған. «Құпия шежіреде» «Кан өзенінің Ергүнеге құйғанында, Жамуқаны хан деп ұлықтап, ...» делінеді.

<sup>138</sup> 公立札木合为局儿汗 (түн ли Жамуқа вэй Цзюйэр хан) делінген. Бұл «...барлығы біреу Жамуқаны Гүрхан деп ұлықтады» деген сөз. Горхан немесе Гүрхан деген байыргы заманнан келе жатқан түркілік лауазым атағы. Бұған деінін бұл лауазымды біз ендіңші керей билеушілерінің арасынан кездестіргенбіз.

<sup>139</sup> Мәтінде 禿律別儿 (Тулойбеәр) деп хатталған. Басқа деректемелерде мұндай өзен аты кездеспейді. Зерттеушілер оны Ергүне дариясына құятын шағын өзендердің бірі деп қарайды.

<sup>140</sup> Мәтінде 塔海哈 деп жазылған.

<sup>141</sup> Мәтінде бұл адамның аты 抄吾儿 деп транскрипцияланған.

<sup>142</sup> Мәтінде 海刺儿, 帖尼火鲁罕之地 делінген. Бұл соғыстың қайда болғаны туралы «Цинчжэнлу» кітабының берген мәліметі де «Юаньши» берген мәліметпен бірдей: «战于海刺儿-帖尼-火罗罕之地» (Хайләэр-Те нико лу хань жерінде соғысты) делінген. Рашид ад-дин бұл соғысты yīdī-qūrqān деген жерде болды деп мәлімдейді. Сонымен, бұл жер Манжурия таралтағы Ергүне өзеніне келіп қосылатын Хайлар өзені маңында болған. «Құпия шежіре» бұл соғыстың Көйтен (Köyiten) деген жерде болғанын хабарлайды. «Құпия шежіренің» мұндай мәлімет беретін де жөні бар. Себебі, «Құпия шежіре» осы жолғы болған соғыс пен осыдан кейін болған «Көйтен шайқасын» бір соғыс ретінде баяндаған. Бұл соғыс 1202 жылы болды.

<sup>143</sup> Бұл жерде сөз болып отырган қоңыраттар олардың жекелеген тобы деуге болады.

<sup>144</sup> Ит жылы — 1202 жылғы ит жылы айтылып отыр.

<sup>145</sup> Мәтінде бұл жердің аты 兀鲁回失连真河 деп көрсетілген.

<sup>146</sup> Мәтінде татарлардың бұл тайпасының аты 按赤塔塔儿 деп хатталған. Рашид ад-дин кітабы мен «Құпия шежіре» бойынша Алчи-Татар делінеді.

<sup>147</sup> Мәтінде татарлардың бұл тайпасының аты 察罕塔塔儿 деп хатталған. Рашид ад-дин кітабы бойынша Татар-чаган. «Құпия шежіре» бойынша џағаан-татар делінеді.

<sup>148</sup> Бұл соғыс Темүжіккінің Оң ханның көмегінсіз өзі жалғыз жүргізген алғашқы шапқыншылық соғысы болды.

<sup>149</sup> Мәтінде бұл адамның аты 按弹 деп хатталған. «Құпия шежіреде» Алтан деп жазады.

<sup>150</sup> Мәтінде 火察儿 деп хатталған. «Құпия шежіре» қатарлы еңбектерде Хучар деген атпен белгілі адам.

<sup>151</sup> 答力台 (Далитай) деген аттармен аты аталған бұл адамдар «Құпия шежіре» қатарлы еңбектерде Даритай-Отчигин деген атпен белгілі. Бұл үш адамның ушеуі де Темүжіккінің өз туган-туысқандары еди.

<sup>152</sup> Мәтінде 阿兰塞 деп хатталған. Бұл сөзді Алан қамалы деп аударуга тұра келеді. Шүршіттің Ҷэйн мемлекетінің солтустікегі көшпендейлерден қорғану мақсатында тұргызыған шекаралық қамалы. Бұл қамалдың орнын «Шэнүциньцзинлу» кітабы «Чжуанчжоудың солтустігінде» деп көрсетеді. Ертедегі Чжуанчжоу қазіргі Чифэн қаласының солтустігінде болады. Эйткенмен, шүршіттердің қорғаныс қамалдарының қазіргі Ішкі монголдың Сиучжумуцин қошунының (西乌珠穆沁旗) оңтүстігінде жатқан, Үлкен Хинган жоталарының сілемдері саналатын Уланъбао гә ту тауын басып өткені анықталып отыр.

<sup>153</sup> Мәтінде 阙奕坛之野 (Цюэитань жчие), яғни Цюэитань даласы деп хатталған. Деректемелерде Көүітен (моңғолша: Күїтен — сұық деген сөз) деген атпен белгілі. Бұл жердің қайда екені туралы әртүрлі пікірлер бар. Қазіргі Халаха өзенінің басталған жерінде, Онон мен Керуленнің ортасында делінеді. Қатысты деректемелерге негізделе отырып, шамамен қазіргі монгол ұлысының Дорнод және Сүхбаатар аймақтары мен ҚХР-дың Ішкі Монгол автономиясы аумағында болған деуге келеді.

<sup>154</sup> 1202 жылдың күз айларында болған соғыс Оң хан бастаған керей-монгол қосындарына қарсы үйимдастырылған алапат соғыс болды. Мұны Оң ханның осыдан бұрынғы наиман ұлысына, меркіт Тоқтага қарсы жүргізген жорықтары мен тайшшуд, татар т. б. тайпаларға қарсы соғыстарына жасалған қарымта деуге болады. Сонымен бірге ол моңголдардың Темүжіккінен басқа нояндары Оң ханның қанатының астындағы Темүжік билігіне қарсы үйимдастырылған соғыс болды. Бұл жарын осы соғысқа қатысушылардың тізімінен анықтауға болады. Олардың арасында батыста Алтай таулары-

нан басталып, шығыста Хинган жоталарына, оңтүстікте қытай қорғанынан басталып, солтүстікегі тайғалық жерлерде қоныстанған тайпалардың басым кебі, найманның Бүйрек ханы, меркіттің Тоқта-агабегі, ойрат begi Құтұқабек, монголдардың Жамұқасы мен тайшууд т. б тайпалардың беделді билеушіләрі қатысқаны анық. Соғыс Көйтен даласында откендіктен тарихта «Көйтен шайқасы» деп аталды. Дегенмен, шайқас аяқталғаннан кейін Оң хан мен Темүжін қашқан жауды бөлініп қуса керек. «Құпия шежіреде» тайшуудтардың соңына түсken Темүжін қолы Онон өзенінің бойында Ашшу батырдың тегеуірінді қарсылығына тап болады. Осы шайқаста Темүжін қосындарының ауыр женеліске ұшырағаны, оның өзі ауыр жарақат алғып жаны әрең қалғаны туралы деректемелерде егжей-тегжейлі жазылған. Ал керісінше Жамұқаның соңынан түсіп, Ергүне өзені бойына қарай оны өкшелей құып кеткен Оң хан қолының айтарлықтай женіске жеткені байқалады. Себебі, осы жорықтан кейін біз Жамұқаны керейлердің арасынан кездестіре бастаймыз.

<sup>155</sup> Мұндаï деректі Рашид ад-дин кітабы да хабарлайды. Сонымен, бұл соғысқа Жамұқа мұлде қатыспаған болып шығады. Осыдан кейінгі уақытта төмөндегі аудармада көрсетілгендей Жамұқа Оң ханың, нақты айтқанда Оң ханың ұлы Сенгүмнің қасынан табылады. Соған қарғанды Жамұқа аты шулы «Көйтен шайқасынан» кейін Оң хан қолынан женеліп, Сенгүмге кіріптар болғаны расталады.

<sup>156</sup> Мәтінде 术赤 (Шучи) деп хатталған. Қазақтар оны Жошы деп атаған. Шыңғыс ханың тұнғыш ұлы.

<sup>157</sup> Мәтінде 抄儿伯姬 (Чаоэрбайцзинь) делінеді. Оң ханың қызы. Есімі Чауыр begіm. «Құпия шежіре» мен Рашид ад-дин кітабында бұл қыздың аты «Чаур-бекі» делінеді.

<sup>158</sup> Мәтінде 禿散合 деп хатталған. Тарихи деректемелерде тек «Юаньши» гана оны Оң ханың ұлы деп жазған. Басқа деректемелерде, атап айтқанда «Шэнүцинчжэнлу», «Құпия шежіре», Рашид ад-диннің «Жылна-малар жинағы» қатарлы еңбектердің барлығында бұл адамды Илқаның ұлы, Оң ханың немересі деп жазады.

<sup>159</sup> Мәтінде 火阿真伯姬 деп хатталған. Темүжіннің қызы. «Құпия шежіредегі» ұлғи бойынша Хожин бике делінген.

<sup>160</sup> Бұл туралы осы деректемедегі 33-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>161</sup> Доңыз жылы 1203 жылға тұра келеді.

<sup>162</sup> Мәтінде 布浑察儿 деп хатталған.

<sup>163</sup> Мәтінде 乞 (力失)[失力] деп хатталған. «Юаньшиде» Оң ханың бұл жылқышысының аты 乞力失 (Хәлиши) деп қате жазылған. Кітаптың қателігі ау баста 力 (ли) және 失 (ши) деген екі иероглифтің орны ауысып кетуінен туындаған тәрізді. «Юаньши» кітабының біз пайдаланып отырған нұсқасында баспагерлер кітапты қайта басу барысында 乞 (力失)[失力] деп түзеткен. Оң ханың бұл жылқышысының аты басқа деректемелерде, атап айтар болсақ: «Құпия шежіреде» Kichilik деп жазылған. R. Pelliot бұл адамның аты Kichlik деп жазылу керек деп ескерткен (қараңыз: R. Pelliot «T'ong

пao». 1930, 24). Түркі тіліндегі Kichi (қісі) деген сөз бен lîk қосымшасынан құралды деп қараушылар да бар (қарашыз: René Grousset 1989, 352-бет, 1-түсіндірме). Соган қарап, бұл адамның атын «Кісілік» деген сөздің баламасы деп түсінімізге болады.

<sup>164</sup> Мәтінде 把帶<sup>フタヒ</sup> деп хатталған.

<sup>165</sup> Мәтінде 折里麦<sup>チルミ</sup> деп хатталған. Бұл Темүжіннің әйгілі нояңдарының бірі. Шыққан тегі урынқат. Рашид ад-дин кітабында Джэлмэ-Ухә деген атпен кездеседі.

<sup>166</sup> Мәтінде керейлердің бұл тайпасының аты 朱力斤<sup>スルイジン</sup> деп транскрипцияланған. Бұл тайпаның аты «Цинчжэнлу» кітабында да «Юаньши» кітабында көрсетілгендей 朱力斤 деген үш иероглифпен хатталған. «Құпия шежіре» Жіркін (Zhirkin) деп жазған. Мұсылман деректемелерінде де көбінесе «Джиркин» деген атпен жазылған. «Құпия шежіреде» бұл тайпаны керейдің ең батыр тайпасы деп көрсеткен.

<sup>167</sup> Мәтінде бұл тайпаның аты 董袞 (Дунай) деген екі иероглифпен хатталған, «Цинъчжэнлу» кітабында да осындаи иероглифтермен берілген. Ал, монгол және мұсылман деректемелері сол дәүірдегі дәстүр негізінде тайпа атының соңына монгол тілінің көптік жалғауын жалғау арқылы Дунгайд, tünkqāt (qünkqāt) деп жазған. Осындағы көптік жалғауларды алып тастайтын болсақ, бұл жеке-жеке Дунгай және tünkqāt (Тұнқай) болып шығады да, қытай деректемелерінде жасалған жоғарыдағы транскрипцияға едәуір жақындаиды. Бұл тайпаның этностық тегі қытай деректемелері телә, түркі ескерткіштері тогызығы деп атаған тайпалармен байланысты деуге болады. Мұнда оларды тогызығы тайпаларының бірі ретінде қытай деректемелері 同罗 (Тунло), түркі руникалары «тоңра» деп атаған тайпасының тікелей ұрпағы деуге болады. Бұл тайпаның түркі Қағанаты және Ұйғыр қағанаттары заманында, атап айтқанда VI–IX ғасырларда түркі қауымының отаны саналған Орхонның терістік жағында отырғаны туралы мәліметтер көптеп кездеседі. Бұл тайпа туралы толығырақ Б. Еженханұлы, Ж. Ошан. 2006, қатысты түсіндірмелерге қарашыз.

<sup>168</sup> Мәтінде 火力失烈門部 (Холи-шилемән) деп хатталған. Мұны «Хори Ширемән тайпасы» деп аударуға болады. Бірақ Холи Шилемән тайпа аты емес, адам аты екенін ескеріп «Хори Ширемән қосындары» деп аударып отырмыз. «Құпия шежіредегі» мәліметтер бойынша, ол бұл соғыста Оң ханың торғақтары мен кешіктөрін басқарған.

Холи-шилемән (火力失烈門) атының алдыңғы бөлігіндегі «Хори» оның лауазымы немесе атағы еді. Бұл тіркес аталмыш дәүірдегі көптеген тайпалардың екілдері арасынан кездеседі. Оның өз аты Шилемән деуге болады. Бұл керейлер арасында кездескен тағы бір несториандық есім. 失烈門 (Шилемән) деген адам есімі Жуайни еңбегінде Syramwn, Рашид ад-дин еңбегінде Syramwn ретінде кездеседі. Плано Карпини (Plan Carpin) мұндай есімді Chiremen деп жазады (қарашыз: Plan Carpini және William Rubruk, 170-бет). Бұл Solomon деген аттың түрік-монгол тіліндегі формасы (қарашыз: R. Pelliot, Les Mongols et la Paganité. Қытайша аудармасы, 217-бет).

<sup>169</sup> Мәтінде 恺里亦 (Целии) деп хатталған. Бұл керей этномимің қытай жазбаларындағы тағы бір түрлі транскрипциясы еді.

<sup>170</sup> Біз «Юаньши» кітабы берген жоғарыдағы мәліметтерге және жалпы осы реткі болған соғыста кімнің жеңіліп, кімнің жеңгені туралы мәліметтерге мұлдем сенуге келмейді дегіміз келеді. Себебі, бұл соғыс керейлердің толық жеңісімен аяқталғаны мәлім. Осы соғыстан кейін Темужін бар болғаны 2600 шерігі ғана қалып, Монголияның қыыр шығыс жақ аймағына таман барып бой тасалайды. Ол жақта аң атып жеп, Балжұнақ көлінің шалшың суын ішіп, әрек жан сақтағаны туралы мәліметтерге кездессең, керейлердің соғыстан кейінгі жағдайының әлдеқайда жақсы болғанын көре аламыз. Мұны олардың «монголдардың көбі Жамуқа, Алтан, Хұшарлармен бірге бізде емес пе? Темужінмен бірге жүрген монголдар ұзап қайда барад дейсің. Олар ат үстінде ағаш астында қалып таусылады. Бітті. Егер олар өздері келмese, біз барып етегімізге тезек тергендей теріп әкелейік» десіп жатқан сөзінен байқауға болады (қараңыз: «Құпия шежіре» 1992, 116-бет.). Ендеше соғыста жеңген керейлердің «Оң ханды тастап» соғыста жеңілген монголдарға «тізе бүгі» ешбір ақылға сыймайды. Егер біз Оң хан керейлерінің бір бөлігі делінген 恺里亦 (Целии/Керей) тайпасының Темужінге келіп бағынуы туралы бұл мәліметті шындық деп қарар болсақ, онда бұл оқиғаны соғыстан есептіреп қалған Темужіннің есін қайта жиганнан кейінгі күндердің оқиғасы деуге болады.

<sup>171</sup> Мәтінде 董哥泽 деп хатталған. Бұл тіркесті Дунгә сазы деп түсінуге болады.

<sup>172</sup> Мәтінде Оң ханға елшілікке аттанған адамның есімі 阿里海 деп хатталған. Монголдық деректемелер бұл адамның атын Архай Хасар деп атайды. Біз мәтінде 阿里海 деп хатталған адамды сол Архай Хасар деп түсіндік. Қатысты деректемелерде Архай Хасармен бірге елшілікке барған Сүхэхэй-жаун деген тағы бір адамның аты аталауды.

<sup>173</sup> Мәтінде 河西 деп хатталған. Бұл жерде таңғұт елі айтылып отыр.

<sup>174</sup> Мәтінде 金 деп хатталған. Бұл жерде шұршіттердің Цзинь мемлекеті айтылып отыр.

<sup>175</sup> Мәтінде бұл жердің аты 哈丁里 деген үш иероглифпен хатталған.

<sup>176</sup> Мәтінде сөз болып отырған Темужіннің Оң ханға жасаған бесінші жақсылығының нендей оқиғаны меңзеп отырғанын тек Рашид ад-дин кітабында айтылған мынадай бір оқиғаға қатысы бар деп қарастаға болады. Онда баяндалғандай: «Иә, хан әкем, кейін келе мен сұңқар құстай үшып Чурхуман тауына бардым. Бүйр көлден үшып өтіп, сізге сұры сирақ қарқараны үстап беріп едім. «Ол кім?» десеніз, мен сізге айтайдын. Ол дүрвэндер мен татарлар еді. Осыдан кейін мен тағы ақсұңқардай зымырап, Құлұн көлінен үшып өтіп, сұр сирақ тырнаны үстап әкеліп [сізге] беріп едім. Сіз тағы «Ол кім?» десіз. Ол қатагиндер, салжидтар мен қоңыраттар еді. Сіз бүтін осы тайпалардың құшін пайдаланып, солармен мениң өзімді қорқытып отырсыз.

Бұл менің сізге жасаған тағы бір жақсылығым еді» (қараңыз: Рашид ад-дин ҚА, I-2. 176 және 177-беттер).

<sup>177</sup> Мәтінде бұл адамның аты 八刺哈 деп хатталған.

<sup>178</sup> Мәтінде 聂坤 деп хатталған. Қатысты деректемелерде оның аты Нәгүүн деп жазылған.

<sup>179</sup> Мәтінде 忽都刺 деп хатталған. Бұл Қутула дегеннің қытайша транскрипциясы деп түсінуге болады.

<sup>180</sup> Мәтіннің бұл түсінде қоңырат тайпасының аты 弘吉 (利) [刺] ) деп хатталған. Бұл мәтінтанушылардың кезінде аталмыш кітаптың ғылыми басылымын жасаған кезде «Цинчжэнлу» қатарлы еңбектерге негізделе отырып жасаған түзетулері болатын (қараңыз: «Юаньши», 27-бет).

<sup>181</sup> Мәтінде бұл тайпаның аты 溺儿斤 (Неэрцзинь) деп транскрипцияланған. Бұл тайпаны қоңыраттардың бір тармагы болған елжикін (Idjikines) деп қарастаға болады. Қоңырат тайпасының рулық құрамы туралы К. Д' Оссон өз еңбегінде біршама толық баяндаган (К. Д' Оссон 2003. 204-бет).

<sup>182</sup> Мәтінде 班朱尼河 деп хатталған. Бұл бойынша Банъчжуни өзені деп түсінуге болады. «Құпия шежіре» бұл жерді Балжұна-науұр (Balžuna-naugur) деп жазады. Мұның көл не өзен екені беймәлім. Пеллио бұл жердің орнын Керулен өзенінің төменгі бойынан іздеуді ескерткен еді (Shēng wu ch'in-cheng lu. 45, 47-беттер). Җәнән Дәчжи бұл жер Керулен өзенінің төменгі бойының оңтүстік жағасында болған деп қарайды (Чәнъян Дәчжи 1997 (13). 354-б.).

<sup>183</sup> Мәтінде 亦乞烈 деп хатталған. Бұл Икирас (Ikirass) деген тайпаның транскрипциясы деп түсінуге болады. Қытай деректемелерінде бұл тайпаның аты 亦乞烈思 (Ицилесы), 亦怯烈 (Ициле), 亦乞刺 (Ицила), 亦启烈 (Ициле) деп те хатталған. Әдетте икирас тайпасы монголдардың дорлигин (Durlukin) тобынан таратылады. Шын мәнінде олар қоңырат тайпаларының бірі саналады. Шекірелер бойынша олардың шығу тегі «Алтын құмырадан жаралған», осының өзі олардың монголдардан ерекше этнос екенін анықтайды. Шыңғыс хан заманында дейінгі кезде олар Аргун (Эргүүн) өзенінің бойындағы далалық аймақтарда көшіп-қонып жүрген. Олардың дорлигин монголдардың (Durlukin/ жай монголдар) санатына қосылуы кейінгі кезде болғанға үксайды.

<sup>184</sup> Мәтінде бұл адамның аты 孛徒 деп хатталған.

<sup>185</sup> Мәтінде 火鲁刺部 деп хатталған. Қорұлас (Qorulas//Qorlos) деген тайпаның транскрипциясы деп түсінуге болады. Бұл тайпаның аты қытай деректемелерінде 火鲁刺思 (Холуласы), 火里刺 (Холила), 郭儿刺思 (Го-эрласы), 霍里刺儿 (Холилаэр) деп те хатталып келді. Хорлас тайпасы монголдардың дорлигин (Durlukin) тобынан таратылады. Олар қоңырат тайпаларының бірі саналады. Шекірелер бойынша олардың шығу тегі «Алтын құмырадан жаралған». Олар Хәлөн көлінің солтүстік-батысындағы далалық аймақтарда көшіп-қонып жүрген. Монголдардың арғы анасы саналатын Алан-қоуа (Alan-gho'a, Alanqo'a/Алун-сұлу) осы тайпаның қызы делінеді. Алан-қоуаны Шыңғыс қағанның он бірінші атасы болған Добу-мерген алған. Демек, бұл тайпаны тарихы ете үзақ, байырғы тайпа деууге болады.

<sup>186</sup> Мәтінде бұл таудың аты 哈刺浑山 деп хатталған. «Құпия шежіре» бұл жердің атын Хараун жидүн (Qârâoûn-Djidoûn) деп жазған. Haenisch бұл таудың атын Qara' oundjidoun (қарашыз: «Wörterb» 176-бет) деп реконструкциялаган. Бұл қазіргі Хинган тау жоталарының сол дәүірдегі аты.

<sup>187</sup> Мәтінде 脱虎 деп хатталған. «Құпия шежіреде» Қасардың өзінің әйелі мен Егу, Есінкей, Тұқу деген үш баласын Оң ханның жеріне қалдырып кеткені сөз болады.

<sup>188</sup> Мәтінде бұл жердің аты қытайша 哈兰真沙陀 деп хатталған. Халал-джин — әдет деген сөздің қытайша жартылай транскрипциясы және жартылай мәғыналық аудармасы болуы мүмкін. Бұл жердің орны қазіргі Ишкі Монгол автономиялы өлкесіндегі Дунучжумуцин (东乌珠穆沁旗) қошынының солтүстігінде (Чәнъ Дәчжи 1997 (13). 354 б.).

<sup>189</sup> Басқа деректемелерде осы реткі Халаньчжэншато жерінде болған соғыс туралы ешқандай мәлімет берілмеген. «Құпия шежіреде» Оң хан мен Темүжіннің ортасында болған мұндаі соғыс туралы ешбір дерек тіркелмеген. Бар болғаны алдыңғы жолғы Илқаның бетіне оқ тиғен соғыспен тамам болады. Артынан Темүжіннің Оң ханға елші жіберуі, іле-шала әскер аттандырып, Жерөндірді басып алуы баяндалады. Монголдардың керейлерді жаулап алу соғысы осымен тамам болады.

<sup>190</sup> Мәтінде оның аты 答力台 деп хатталған. Қатысты деректемелерде Даритай деп жазылғаны белгілі.

<sup>191</sup> Мәтінде бұл адамның аты 巴怜 деп хатталған. Қатысты деректемелерде Баарин деп жазылған.

<sup>192</sup> Мәтінде 太子 деп хатталған. Бұл жerde Темүжін айтылып отыр. Темүжіннің бұл кезде мұндаі атағы болмағанына қарап отырып, оны «Юаньши» авторларының өздері қосқан сөздерінің бірі деп түсінуге болады.

<sup>193</sup> Мәтіннің бұл тұсында Оң ханды 王 (Ван) деп атаған. Бұл Оң ханға шүршіттердің Ҷэйн әулеті берген атақ екені жогарыда айтылған.

<sup>194</sup> «Құпия шежіреде» Оң хан өзінің Itürken деген елшісін аттандыраны айттылады. Фалымдар оның атын Iturgen деп реконструкциялаганды дұрыс санайды (қарашыз: René Grousset 1989, 356-бет).

<sup>195</sup> Мәтінде 领军士銜枚 деп хатталған. Бұл тіркесті «Әскерлердің аузына ағаш тістетіп» деп түсінуге болады. Ерте заманда құпия әскери жорықтарға аттанған кезде шеріктеді албаты дабырласып сойлестірмеу, сол арқылы құпиялықты сақтау үшін, әр адамның аузына ағаш тістетіп қоятын болған. Темүжін керейлерге қарсы жорықта осы тәсілді қолданып, шеріктерінің аузына қамшысының сабын тістетіп қойған.

<sup>196</sup> Мәтінде 折折运都山 деп хатталған. Бұл таудың аты Djer undur тауы деп реконструкцияланған. Бұл жолғы соғыс осы таудың қысаң жері болған Djer qabtchiqai (Жер қапшагай) деген жerde болды (қарашыз: René Grousset 1989, 356-бет). Соғыс үш тәулікке созылды.

<sup>197</sup> Мәтіннің бұл тұсында керей этнонимін 克烈 деген екі иероглифпен хаттаган. Аталмыш дәуірдегі қытай деректемелерінде бұл этнонимді көбінесе осы екі иероглифпен хаттайды.

<sup>198</sup> Рашид ад-дин еңбегінде Оң ханды өлтірген екі шекарашибының атын Құри Сұбаууч және Тинк-Шал деп жазады. «Цинчжэнлу» бұл екі адамның атын 火里速八赤 (Холисубачи) және 帖迪沙 (Тедиша) деп хаттаған. Рашид ад-дин өз еңбегінде «Тайан хан олардың бұл қылышын жақтаған жоқ. Ол: «Сендер мұндай ұлы әмірді не себепті өлтіріп тастадыңдар? Оны тірі алып келулерің керек еді гой!» деп жазғырды. Ол [Оң ханның] ұлылығын құрметтеу [керек екендігін] әйгілеу үшін, Оң ханның басын күміспен күптетіп, өзінің алтын тағының үстінен көп уақыт бойы қойып қойды».

<sup>199</sup> Қытайша 西夏 делінген. Бұл жерде таңғыт елі айтылып отыр.

<sup>200</sup> Мәтінде 龟兹国 деп хатталған. Бұл Құсан дегенниң қытайша транскрипциясы ретінде ертеден белгілі. Бұл жердің орны қазіргі ҚХР ШҰАА аумағындағы Кучада (库车).

<sup>201</sup> «Цинъцзинлу» кітабы бұл туралы «Илахэ Сисяга (таңғытқа. — Ж. О.) барды. Одан Ицзина [қытайша 亦即纳 деп хатталған бұл қаланың орны қазіргі ҚХР Ішкі Монголия автономиялы өлкесіндегі Элутэ Эцзина ауданы аумағында. — Ж. О.] деген кенттен өтіп, Боли тибеттерді [мәтінде 波黎吐蕃 деп хатталған, бұл Bourg-Tibet дегенниң қытайша транскрипциясы. — Ж. О.] шауып сонда қоныстанбақшы болады. Бірақ тибеттер дүйім елін жинап келіп, оны бұл арадан қызып жіберді. Олар тозып Сиоидегі Цюйсянға [мәтінде 西域曲先 деп хатталған. Мұндағы Сиоидегі Шыңжаңды айтып отыр. АЛ 曲先 деген Күшар дегенниң транскрипциясы. — Ж. О.] барып Чәэрғесыман [мәтінде 彻儿哥思蛮 деп хатталған] деген жерге барып қонғанда, Хәлинчэ Хала [мәтінде 黑邻赤哈刺 деп хатталған] деген адам оны өлтіріп тастады» деп мәлімдейді (қараңыз: «Цинчжэнлу» Ван Говэй нұсқасы). Рашид ад-дин өз еңбегінде: «Монгол уәләятында Айсақ атты қала бар еді [Сангун] [Илқа Сенгүн айтылып отыр] осы ара арқылы тибеттер уәләятына бет алады, әрі сонда тұрақтауды ойластырады. Бірақ Тибет жұрты оларды құғынға алады. Оның нөкөрлерінің тоз-тозы шығады. Сөйтіп ол бұл жерден қашып шығады. Қашқар, Хотан жерінде Құсан атты уәләяты болған. Ол жерді Қылыш Қара дейтін әмір билейтін. Сол осы уәләятың Шаңар Кахах деген жерінен Сангунды тауып алады да өлтіріп тастайды» деп жазады. Рашид ад-дин өз еңбегінің енді бір түсінде «Оң хан қолды болып, өлтіріліп тасталғаннан кейін, оның ұлы Сангун қашып құтылады. Ол монгол жерінің сусыз шөлінің шетін ала орналасқан Айсак-балагасун атты елді мекенді басып өтіп, Бори Тибет аймагына қашып барып, ондағы кей жерлерді тонай бастайды. Бір мезгіл сонда болып, ол араның тоз-топалаңын шығарады. Тибет рулагы мен қара халқы жиналып келіп, олар түрган жерді қоршауга алады. Оны қолға түсірмекші болады. [Бірақ] ол согыста жеңіліп қалғанымен, қоршауды бұзып шығып, олардың құрығына ілікпей қашып құтылады да, Қашқар, Хотан уәләятына қарасты Құсату-Чәркәшмән деген жерге ауып барады. Сол жердің билеуші әмірі, Халаш тайпасының Қылыш Қара деген ұлыры оны үстап алып өлтіріп тастайды» деп жазған.

<sup>202</sup> Мәтінде бұл жердің аты 帖麦该川 деп хатталған. Мұны монголдық деректемелердегі Темәйән кегер дегенниң қытайша транскрипциясы деуге болады. Рашид ад-дин Тәмәгә деп жазған.

<sup>203</sup> Мәтінде 太阳罕 деп хатталған. Бұл найман билеушісі Тайан хан атының «Юаньши» кітабындағы тағы бір түрлі транскрипциясы деп есептеледі.

<sup>204</sup> Мәтінде 白达达部 (Байдадабу) деп хатталған. Бұл «ақ татар» деген сөздің қытайша мәғыналық аудармасы еді. Монголдар билік құрудан бұрын қытайлар оңғыттарды және қоңыраттардың жекелеген топтарын «ақ татар» деп атаған. Мәтінде ақ татар деп оңғыттарды айтып отыр. Оңғыттарды көне заманнан келе жатқан түрік тектес тайпалардың бірі деуге болады. Олардың этностық құрамы біршама құрделі болған. Негізгі бөлігі Ілгеріде Жоңғарияны мекендей, кейін келе шығысқа көшіп барып, Қытай қорғаны маңына барып қоныстанған Шато түріктегі делінеді. Дегенмен олардың түрлі замандарда Монголиядан оңтүстікке таман ауып кетіп отырған түрік текті тайпалармен толығып отырғанын байқау қын емес. IX ғасырда оларға оңтүстікке ауған бұрынғы Ұйғыр қaganаты құрамындағы түркі тілдес тайпалар да келіп қосылған.

<sup>205</sup> Мәтінде 阿刺忽思 деп хатталған. Қатысты деректемелерде оңғыт билеушісінің аты Алақуш-тегін-хури деген атпен белгілі. Мұндағы Алақуш оның аты. Тегін және хури дегендегер мансабы немесе лауазымы деп түсінуге болады.

<sup>206</sup> Мәтінде 帝 деп хатталған. Бұл иероглифтің жеке мәғынасы «патша» дегенді білдіреді. Аталмыш дәүірдегі түркі-монгол жүртінің бұл туралы ұғымдарын ескере отырып «қаған» деп аудардық.

<sup>207</sup> 1204 жылғы тышқан жылы айтылып отыр.

<sup>208</sup> Мәтінде оның аты 韓赤斤 (Вочицзинь) деп жазылған. Шыңғыс ханың кенже інісі. Өз аты Темуге. Әдебиеттерде Отчигин, кейде Темуге Отчигин деген аттармен кездеседі. Шыңғыс хан монгол мемлекетін құрганнан кейін Отчигин мен шешесі Юэлунь екеуінің еншісіне Қалқа өзені мен Хинган тауларынан шығысқа қарайғы жерлерді берді. Шыңғыс хан Орта Азия мен Қазақстанға жорыққа аттанған кезде Монголияндағы ордасын сақтап тұруды осы Отчигинге табысталды. Отчигин сөзі байырғы түрік тіліндегі «От-тігін» (От-текін) сөзінен келгені байқалады. Көне түріктерде кенже баланы қара шаңырақтың иесі деп қарап, қара шаңырақ кенже ұлға тапсырылуы себепті оны «оттегін» деп атаған.

<sup>209</sup> Мәтінде 别里古台 деп хатталған. Темүжіннің әкесі бір, шешесі бөлек інісі, әйгілі батыр. Қатысты әдебиеттерде оның аты Бәлгүтәй (Belgoutei) деп жазылып келеді.

<sup>210</sup> Мәтінде 建忒该山 деп хатталған. «Құпия шежіре» бұл жолғы әскери санақтың «Қалқа өзеніндегі Орнугтың Хәлтгий хад деген жерде» өткені туралы дерек береді. Мәтінде建忒该 (Цзянътэгай) мен монгол деректемелеріндегі «Хәлтгий» дыбысталуы жағынан тым алыс емес. «Құпия шежіреде» көрсетілген бойынша болғанда бұл жер Қалқа өзенінің батысында бола-

ды. Онда керейлердің тегеуірінді жорығынан жеңіліп, тамам қолынан қалған 2600 адамның 1300-ін бастап, Қалқа өзенінде батысына таман жылжып, аң аулап тамағын тауып жеп жүргенде жарасы асқынып өлген Құбылдарды осы жерге жерлегені туралы мәлімет кездеседі.

<sup>211</sup> Мәтінде 虎必来 деп хатталған. Бұл Темүжіннің «төрт итінің» бірі болған Құбылай батыр Құбылай ноян деген атпен де әйгілі. Барұлас тайпасының адамы. 1210 жылы әскер бастап, қарлук билеушісі Арыслан ханды монголдарға бағынышты етіп қайтқан осы Құбылай батыр еді.

<sup>212</sup> «Юаньши» кітабының осы тұсында Жебе ноянның аты 哲别 (Чжэбе) деген екі иероглифпен хатталған. Монголдың деректемелерде «Зэв» деп жазады. Өз аты Зургаадай. Бұсүүд тайпасының адамы.

<sup>213</sup> Қосынның алдыңғы шептегі шабуылшыларын атальыш дәүірдегі әдебиеттер Mangaleh деп жазады.

<sup>214</sup> Мәтінде Алтай тауының аты 按台 (Антай) деген екі иероглифпен хатталған. Мұндағы транскрипция Алтай топониміне едәүір жуық келеді.

<sup>215</sup> Мәтінде бұл таудың аты 汾海山 (Ханхай шань) деп транскрипцияланған. Бұл Алтай тау жоталарының теріскейіндегі Қанқай тау жоталары. Қытай деректемелерінде бұл таудың аты түркі дәүірінен бастап мәлім. Түркі жұртының алтын бесігі саналатын бұл аймақ қай заманда да киелі жер саналып, көшпендейлер империясының орда тіккен отаны болған. Аргысы Ғұн тәріпкүтінан бастап, Түрік Қағанаты, Ұйғыр қағанаты, Қыргыз қағанаты қатарлы қағанаттардың қай-қайсысы да өз ордасын осында тіккен. Бұл аймақ Керей Ұлысы заманында солардың қарамагында болған. Сондықтан, Керей Ұлысы дәл осы аймақта отырғаны үшін батыста Алтай тауларынан тарып, Шығыс Монголиядағы Хинган жоталарына дейінгі аймақтарға түрлі жорықтарды үйімдастырумен болды. Ұлыс жойылғаннан кейін наймандар үшін бұл аймақтың ендігі заңды иесі өздері екендігін мойынданту керек болды. Тайан хан монголдарға жасаған жорығында өзінің негізгі күштерін осылай жылжыта бастауы да соны ескертеді. Тайан ханының әскерін топтаған жерлері туралы «Юаньши» берген деректі «Цинъчжэнлу» кітабы да растайды. Атальыш еңбек бұл туралы:«营于汾海山的哈只儿兀孙 (Ханхай тауындағы Хачжиәр-усунь өзеніне келіп жайласты)» деп жазады. «Күпия шекіреде» Тайан ханының қонған жерін: «Қанқайдың Хачир ус» деген жері дейді. Дегенмен, деректемелерде белгілі болуынша, осы кезде Темүжіннің «Жебе мен Құбылай екеуін Керуленге қарай барлаушы етіп жібергені» және дәл осы мезette Тайаң ханының қарауылшылары оның негізгі қосындары түрган жерден әлдеқайда шалғайдың Саары кегер маңында Жебе мен Құбылай бастаған монголдардың алдыңғы шеп қосындарымен қақтығыса бастағаны белгілі. Бұл жер қазіргі Ұланбатырдан тым алыс емес, негізінде бұрынғы Керей Ұлысының орталық аймағы есептелетін жерлерге тұра келеді. Осының өзі наймандардың Керей Ұлысы жойылғаннан кейін, бұрынғы осы ұлысқа қарасты аймақтарға бірден өз иелігін байқата бастағандығын, монголдардың наймандарға қарсы жасалған жорығы монгол жерінің қыыр шығысынан басталғанын дәлелдейді.

<sup>216</sup> Мәтінде бұл адамның аты 阿怜太石 деп хатталған. Рашид ад-дин кітабы сияқты қатысты еңбектерде Alin-Taischi деген атпен мәлім. Бұлай болғанда оны Әлен тайжі деп қалпына келтіруге болады. Дегенмен, «Құпия шежіре» оны Arin-taiži деп береді. Оң ханның бұл ұлығы кезінде Жақа-Қамбұқұрған Оң ханға қарсы бір кеңеске қатысып, 1200-жылдар шамасында найман ханына қашып кеткен. Рашид ад-дин Жақа-Қамбұқұрған осы қара жиынға қатысушылар ретінде Алин-Тайши (Alin-Taischi), Алтұн-Ашүқ (Altun-Aşuq), Құл-Бүрі (Kul-Buri), Ел-Құри (El-Quri), Ел-Құтқұр (El-Qutqur), Нарын-Тогрыл (Narin-Togril) қатарлы адамдарды атайды. Жақа-Қамбұқұрған Оң ханның Ел-Құри (El-Quri), Ел-Құтқұр (El-Qutqur), Нарын-Тогрыл (Narin-Togril), Алин-Тайши (Alin-Taischi) қатарлы төрт әмірімен бірге Оң ханның дүшінаны найман ханына қашып кетті деп жазған. «Құпия шежіреде» бұл кеңеске қатысқандарды атайды келе, Жақа-Қамбұқұрған олардан шамалы уақыт бұрын наймандарға қашып кеткені айттылады. «Юаньши» кітабы, жоғарыда көрсетіл өткендей, осы оқиғадан кейін «Жақа-Қамбұқ мен Яньхото-эр қатарлылар наймандарға қашып кетеді» деп мәлімдейді. «Юаньши» кітабының осы түсінда оны «克烈部长阿怜太石» деп жазады. Бұл сөзді «керей тайпасының әмірі Алин Тайши» деп аударуға тұра келеді. Осының өзі Алин-Тайшының наймандар арасында салт бас, сабау қамшысымен ғана ауып бармаганын, ел-жүртімен, аламандарымен бірге барғанын және осы жолғы одақтың құрамында ол бастаған керейлердің де маңызды орын алатындығын аңғартады. Сондықтан, «Юаньши», «Құпия шежіре», Рашид ад-дин кітабы қатарлы еңбектердің барлығы Алин-Тайшыны осы реткі соғыстары наймандардың басты одақтары болған меркіттің Тоқта аға бегінің, ойраттың Құдүқа бегінің қатарында атап, оған ерекше мән берген деп түсінуге болады.

<sup>217</sup> Мәтінде 猥刺 деген екі иероглифпен хатталған. Қытай деректемелерінде бұл тайпаның аты туралы жасалған транскрипция біркелкі емес. Юань дәүіріндегі деректемелерде 外刺 (Вайла), 幹亦刺 (Воила), 幹亦刺惕 (Воилати) деп хатталған. Мин дәуіріндегі деректемелерде Вала (瓦刺) деп атап келді. Ал Ҷин дәуіріне келгенде олардың атын 厄鲁特 (Элутэ), 额鲁特 (Элутэ) деп жазып, бұл тұтас батыс монголдардың жалпы атауы ретінде қолданылды. Бұл тайпаның атын Ойр немесе ойра деп қарауға тұра келеді. Бұл бір кездегі осы өнірдің билеуші этносы болған ойғыр этномимін еске салады. Олар «Hoin irgen» (ормандақтар/ағаш елі) қауымына жатты. Ең алғашқы ата-мекені Енесейдің жоғарғы бойының оңтүстік жағалауындағы тайгалық өнірлер болды (қаранызы: Чэнь Дэчжи 2005. 91-бет).

<sup>218</sup> Мәтінде оның аты 忽都花別吉 деп хатталған. Бұл «Құпия шежіре» қатарлы еңбектерде көрсетілген Qütüqeñ-békى, Quduqa-beki деген есімнің қытайша транскрипциясы деуге болады. Ойраттар да меркіттер сияқты өз билеушілерін «Бек» деп атаған. Бұл туралы «Ҙинчжэнлу» кітабының деректемелері «Юаньши» берген мәліметтермен бірізді.

<sup>219</sup> Мәтінде бұл тайпаның аты 頂魯班 деп хатталған. Бұл Dörben//Dörbän деген тайпа атының «Юаньши» кітабындағы тағы бір түрлі транскрипциясы. Жоғарыда біз оның 朵魯班部 (долубань бу) деген транскрипциясын кездестірген болатынбыз.

<sup>220</sup> Мәтінде 哈答斤 деп хатталған. Бұл Qatayin (Қатаған) дегенниң қытайша транскрипциясы.

<sup>221</sup> Мәтінде 散只兀 деп хатталған. Бұл Saldji' out//Salžiut деген тайпа атының қытайша транскрипциясы.

<sup>222</sup> «Құпия шежіреде» «Тышқан жылы (1204 ж.) жаздың басқы айының он алтыншы күні туына сыйынып аттанып, Жебе мен Құбылай екеудін Керуленге қарай барлаушы етіп жібереді. Ол екеуді Сары кегерге [Saqari-keker] барғанда, Қандықорқаның [Qaŋqarqan] бас жағына орналасқан найманың қарауылдарына кездеседі. Осы жерде екі жақ атысып, біздің жақтан ерттеулі, арық сүр ат қолға түседі. Найман қарауылшылары оны ұстап алып, «монголдың аттары арық екен» деседі» деп жазады.

<sup>223</sup> «Юаньши» кітабында бұл тарихи оқигалар қысқаша баяндалған. Бұл туралы З. Қинаятұлы өз еңбектерінің бірінде Тайаң хан бұл жолы «Хачир (қазіргі Ханой өзені) бойынан атқа қонып, Тамир өзенін бойлай құлдап, Орхоннан етіп, Монголияның қазіргі Бұлғын аймағының жері Цахиур Могодты құлдап, Наху Хон тауының бөктерінде Шыңғыс хан қолымен бетпе-бет келеді» деп жазады (З. Қинаятұлы. Монгол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX–XII ғасырлар. Астана, 2001, 76-бет)

<sup>224</sup> «Құпия шежіреде» бұл жолы Жамұқамен бірге жүрген Жадаран, Қатаған, Салжыгұт, Дөрбен, Тайычыгұт, Қоңырат тайпаларының келіп, бағынғанын хабарлайды.

<sup>225</sup> Мәтінде бұл адамның аты 带儿兀孙 деп хатталған. «Құпия шежіре» Dair-Usun деп жазған.

<sup>226</sup> Тайыр-ұсун меркіттің бір тармагы Уас-меркіт (Uwas-Merkit) тобының begi еді. Бұл жолы ол монголдармен соғысадан бас тартып, Шыңғыс ханға бағынады. Оған өзінің Құлан есімді қызын беріп құда болады. Бірақ Шыңғыс хан Алтайдың күнгей бетінде наймандар мен Тоқта аға бектің меркіттерімен соғысуға кеткен. Осы кезде ол айтқанынан тайып, бұлік тудырып қайта бөлініп кетеді. Сонымен ол Селенге өзенінің жағасындағы Qara oospabchal деген жерде қамал салып, монголдармен қайта соғысып жеңіледі. Ақырында қатыгез жазага тап болады.

<sup>227</sup> Мәтінде 泰寒寨 (Тайханъчжай) деп хатталған. Бұл Тайхан қорған деген мағына береді. Пеллионың зерттеуінше бұл «Taïqal qourghan» (Tay basындағы қорған) деп аталса керек (қараңыз: R. Pelliot, «T'ong rao». 1930, 290-бет). Фалымдар бұл жерді Селенге тарапында деп біледі (қараңыз: René Grousset 1989, 362-бет).

<sup>228</sup> Мәтінде 宅罗欢 деп хатталған. Бұл монгол деректемелеріндегі Вогоул-Noyan деген адам есімінің қытайша транскрипциясы.

<sup>229</sup> Мәтінде 沈白 деп хатталған. Бұл монголдың әйгілі нояны Чымбай есімінің қытайша транскрипциясы. Чымбай Темүжінді ажалдан құтқарған Сорқан Сарының ұлы.

<sup>230</sup> Сиыр жылы 1205 жылға тура келеді.

<sup>231</sup> Мәтінде 力吉里寨 деп хатталған. Мұны Лицзили қамалы деп аударуга болады. Таңғыттардың қамалы берік осынау қаласының атын «Цинъчжэнлу» кітабы да 力吉里 (Лицзили) деп жазған. Рашид ад-диннің еңбектерінде lībkī, lībkī, līkī деген сияқты әркелкі болып жазылған.

<sup>232</sup> Мәтінде 落思 (Лосы) деп транскрипцияланған. Бұл қаланың аты Рашид ад-диннің еңбегінде: klnk-lāūš, klnk-lūši, klnk-ūš т.б. Бұл қаланың аты «Цинъчжэнлу» кітабында да «Юаньшидегі» сияқты 落思 (Лосы) деп хатталған.

<sup>233</sup> Мәтінде 元年 (Юаньнянь) деп жазылған. Қытайлық жылнамалық көрсеткіштің бірінші жылы әрқашан да «Юаньнянь» деп аталады. Қытай тарихшылары ете көне кезден бастап Монгол мемлекетінің құрылған уақытын барыс жылы, яғни 1206 жылы өткен ұлы құрылтайда монгол ақсүйектері мен нојандарының Темүжінді «Шыңғыс қаған» деп ұлықтаған оқиғадан бастайды. Қытайлық деректемелер осы жылды құллі қытайды монголдар билеген заманның, қытай тарихында «Юань әuletі» деп атайдын әuletтің жыл есебінің басталған жылы санайды. Сондықтан, мәтінде 元年 (Юаньнянь/бірінші жыл) деп жазған. Бұл жыл 1206 жылға тура келеді.

<sup>234</sup> Мәтінде 成吉思皇帝 деп хатталған. «Чэнцзисы хуандидегі» бұл тіркесті «Шыңғыс патша» немесе «император Шыңғыс» деп те аударуга болады. Дегенмен, сол деңгірге тән деректемелердің барлығы кезінде оны байыргы түркі-монголдық үлгі бойынша «Шыңғыс қаған» деп ұлықтағанын растайды. Солай дегенмен, кейін галымдар түркі тілді халықтардың кейір топтары кезінде монголдардың ең жоғарғы билеушілерін көне түркі тіліндегі Uluq suй деген атпен атаган дейді (Гэн Шэминь 1978 және Шан Яньбинь 1999, 20-бет).

<sup>235</sup> Цзинь әuletінің Тайхэ жылнамасының (金泰和) 6-жылы 1206 жылға сәйкес келеді.

<sup>236</sup> Мәтінде 兀鲁塔山 деп хатталған. Бұл Ұлы тау немесе Ұлук тағ деңнің қытайша транскрипциясы. Ұлук тағ (Ұлытау) тауының Алтай тау қыраттарының бірі екенінде дау жоқ. Дегенмен, оның нақты орны туралы пікірталастар болып келеді. К. Д'Оссон бұл жөнінде: «Называемые турками Улуг-Таг или Великие горы, которые, составляя на западе продолжение хребта Малого Алтая, выше озера Балхаша, отделяют Сибирь от древней Турции» деп жазған (қараңыз: К. Д'Оссон 2003, С. 66).

<sup>237</sup> «Құпия шежіреде» бұл оқиға туралы ешқандай дерек келтірілмеген.

<sup>238</sup> Мәтінде Найман ханзадасы Құшліктің есімі 屈出律 (Цюйчулой) деп жазылған. Құшлік есімінің «Юаньши» кітабындағы мұндаі үлгідегі транскрипциясы тұтас кітапта бірдей емес. Бұл туралы төменде біз қажетті жерінде ескертпіп отырамыз. «Құпия шежіреде» Құшліктің аты Қүсілік-qan дегінеді. Ал Рашид ад-дин кітабында койчлоік болып келеді.

<sup>239</sup> Мәтінде Ертіс өзенінің атын 也儿的石河 (Еэрдәши хә/ Еэрдәши өзені) деп жазған.

<sup>240</sup> Цзинь (金) мемлекет аты. 1115—1234 жылдар аралығында Солтүстік Қытай жерінде тұңғыс тілді этнос шұршіттер құрған мемлекет. Шұршіт билеушісі Агуда іргесін қалаган бұл мемлекеттің атын шұршіт тілінде «Анчуху» (Анчуху — шұршіт тілінде «алтын» деген сөз) деп атаған. Түркімөңгөл жұртты бұл мемлекетті өз кезінде «Алтан хандығы» деп атап келді. Шұршіттердің аты қытай деректемелерінде 女真 (нюйчжэн), 女直 (нюйчжи), 朱里真 (Чжуличжэн), 朱里扯特 (Чжуличэтэ), 主儿彻惕 (Чжуэрчэти), 拙儿察歹 (Чжоэрчадай) 珠申 (Чжушэн) т. б. деп әртүрлі жазылады. Бұл мемлекет 1234 жылы мөңголдар тарарапынан біржолата жойылды.

<sup>241</sup> Мәтінде 咸补海罕 деп хатталған. Қытай деректемелерінде 俺巴孩可汗 (Анбахай кәхан) деген атпен де транскрипцияланған. Мөңголдық деректемелерде тайчығұт ханы делініп, Амбагай қаған (Ambagai qayan) деп атайды. Деректемелерде Амбагай хан Шыңғыс ханының ағы бабасы Хабул ханының інісі делінеді. Амбагай хан Хабул хан өлгеннен кейін бүкіл мөңгол тайпаларына билік еткен. Татарларға қызы ұзатып барған сапарында татарлар оны ұстап алғып, шұршіттердің Цзинь мемлекетіне берген. Шұршіттер оны ағаш есекке шегелеп, қинап өлтірген.

<sup>242</sup> Мәтінде оның есімі 璞 деген жалғыз иероглифпен хатталған. Цзинь патшалығының, атап айтқанда Алтан хандығының кезекті билеушісі. Оның толық аты-жөні 完颜璟 (Ванян Цзин) (1168—1208). Қытай тарихында император 金章宗 (Цзин Чжанцзун) деген атпен белгілі.

<sup>243</sup> 1207 жыл.

<sup>244</sup> Мәтінде бұл қаланың аты 幹罗孩 деген иероглифтермен жазылған. Рашид ад-дин Урукай деп жазып, оның таңғыт тілінде Иргай, мөңгол тілінде Иргия деп атанғанын ескерткен. «Құпия шежіреде» Uraqai balaqasу деп жазады. Орны қазіргі ҚХР Нинся Хуәйцзяу Автономиялы өлкесі аумағында.

<sup>245</sup> Мәтінде 按弹 деп хатталған. Рашид ад-дин Шыңғыс ханының бұл елшісінің есімін Алтан деп жазған. Оның тегі кім екендігі және осыған дейінгі және осыдан кейінгі өмірі туралы еш дерек жоқ. Дегенмен қыргыздарға елшілікке жіберілуіне қараганда Шыңғыс ханға бағынған түркі тілді тайпалардың бірінің өкілі болғанға үқсайды.

<sup>246</sup> Мәтінде 不兀刺 (буула) деп хатталған. Рашид ад-дин Шыңғыс ханының бұл елшісінің есімін Бура деп жазған. Атының өзі айтып тұрандағы оны да түркі тілді тайпалардың бірінің өкілі деуге болады.

<sup>247</sup> «Юаньши» кітабының бұл түсында қыргыз этонимі 乞力吉思 (Цилицзисы) деп хатталған. Қытайлық деректемелер бұл дәүірде олардың атын吉利吉思 (Цзилицзисы), 怯里吉思 (Целицзисы), 乞咬契 (Цилюци), 怯里吉思 (Цилицзисы), 纇里迄思 (Хэлицзисы) деп те хаттаған. «Құпия шежіреде» қыргыз этонимінің соңына көптік жалғауын жалғап Kırğıs+ut (Кіркіс+ұт) деп жазған. Қыргыздар Кем-кемшікті өзенінен солтүстікке қарайғы Енесей

өзенінің бойында тұрған (осы және басқа да мәселелер туралы толығырақ мынадан қараңыз: К. Д'Оссон 2003, С.225). Малшаруашылығымен және егіншілікпен де айналысқан. Қала кенттерінің саны да бірталай болған. Бұл тұста қыргыздардың жалпы қанша және қандай тайпалардан тұратыны туралы еткізейтін мәлімет жоқ. Дегенмен, «Юаньши» кітабы 63-цзюань, шежіре IV, География VI «Солтүстік-батыс аймақтардың географиясы туралы қосымша мәліметтер» атты деректемеде Цзи-эрзізисы (Qırqız //Kırgız), Ханъхэна (Qabqanas), Цзянъчжоу (Kemčihud), Иланъчжоу (Hančiu) елдерін қыргыздарға қарасты елдер ретінде атайды. Рашид ад-дин қыргыздар туралы: «Киргиз и Кем-кемджеут две области смежные друг с другом. Обе они составляют одно владение (мамлакат)» деп жазған (қараңыз: Рашид ад-дин. СЛ, I–1, С. 150–151).

<sup>248</sup> Мәтінде 野蝶亦納里部, 阿里替也儿部... деп хатталған. Мұндай тіркесті жеке-жеке «Еде-инали тайпасы» және «Алити-еэр тайпасы» деп, «Еде-инали» дегенді «Иеті инал» / «Yeti inal» (Жеті Инал) деп түсінімізге тұра келеді. Мәтіндегі «Алити-еэр тайпасы» деген тіркесті «Алты ер (ел)» / «altı er (yel)» деп түсінген дұрыс. Себебі, қыргыздар арасында «Инал» деген лауазыммен қатар «Ер» деген лауазым да болды. Біздің жоғарыдағы тіркесті әкімшілік аймақ деген түсінімізді «Цинъчжэнлу» кітабы да растай туседі. Онда: «Эуелі Андан, Буула деген екі елші цилизисыларға жіберілді. Олардың билеушісі Волосы Ибан және Али ти еэр, Еде-ина ли тайпалары да [өзінің] Или гә Тे муэр деген елшісін жіберді» деп жазылған (қараңыз: «Цинъчжэнлу» кітабының Ван Говэй түсіндірме жазған нұсқасы). Солай дегенмен бұл туралы «Күтия шешірепінің»: «Түмен Қыргыз жеріне жеткенде қыргыздың нојандары Еди-Инал (Edi-Inal), Алдыгер (Aldiker), Өребек тегін (Örebek-digin) ілесіп бағынып, ақ сұңқар, ақ жылқы, қара бұлғын алып келіп, Жошымен кездеседі» деген дерегі де бар.

<sup>249</sup> 1208 жыл.

<sup>250</sup> Мәтіннің бұл түсында Құшліктің есімі 屈出律罕 (Цюйчулюйхань) деп хатталған. Бұл – Құшлік хан деген сөздің қытайша транскрипциясы.

<sup>251</sup> «Юаньши» кітабы бұл жерде ойрат этнонимін 幡亦刺 (Воила) деген үш иероглифпен хаттаған.

<sup>252</sup> Мәтінде 契丹 (Цидань) деп көрсетілген. Бұл қидан немесе қитан деген этнонимнің қытайша транскрипциясы деп саналады. Бұл жерде Гүр хан билеуіндегі Қарақытай мемлекеті айтылып отыр.

<sup>253</sup> 1209 жыл.

<sup>254</sup> Мәтінде 畏吾儿国 (Вэйүэрго) деп хатталған. Сөзбе-сөз аударғанда Ұйғыр мемлекеті. Мәтінде Бешбалықтағы ұйғыр Идүқ-құты айтылып отыр.

<sup>255</sup> Мәтінде аталмыш Таңғыт билеушісінің аты 李安全 деп хатталады. Тарихи деректемелерде 赵襄宗 (Ся Сянцзун) деген атпен белгілі. 1206–1210 жылдар аралығында таңғыттарға билік етті.

<sup>256</sup> Мәтінде 高令公 деп хатталған. Θэ аты Гао И (高逸). Лингун (令公) деген лауазымы немесе мансабы. Монголдарға тұтқын болғаннан кейін аса қайсарлық танытып, ақыры монголдардың қолынан өлеуді.

<sup>257</sup> Мәтінде 兀刺海 деп хатталған.

<sup>258</sup> Мәтінде 太傅 деп хатталған. Мансап аты. Қаланың әскери, әкімшілік бастыры Тайфу деп аталған.

<sup>259</sup> Мәтінде 西壁氏 деп хатталған.

<sup>260</sup> Мәтінде бұл жердің аты 克夷门 деп хатталады. Қамал қорғаны болса керек.

<sup>261</sup> Мәтінде 嵬名令公 деп хатталған. Мұндағы 嵬名 (Вэймин) оның аты. 令公 (Линьгун) лауазымы деп қарауға болады.

<sup>262</sup> Қытайша 中兴府 деп хатталады. Таңғыт елінің астаналық қаласы. Ертеректе 兴庆府 (Синцинфу) деп аталған. 1205 жылы моңгол шапқыншылары шабуыл жасап, кері қайтып кеткеннен кейін қаланың атын 中兴府 (Чжунсин-фу) деп өзгерткен. Орны қазіргі ҚХР Нинся Хуайцзу автономиялы өлкесіндегі Линьчуань (临川) деген жerde.

<sup>263</sup> Мәтінде бұл адамның аты 讷答 деп хатталған.

<sup>264</sup> 1210 жыл.

<sup>265</sup> Мәтінде 乌沙堡 деп хатталған.

<sup>266</sup> «Юаньши» кітабының бұл тұсында Жебенің есімін 遽別 (Чжэбе) деп тағы бір түрлі транскрипциялаган.

<sup>267</sup> Қытайшасы 净州 деп таңбаланады. Бұл жердің орны қазіргі Ішкі Монголия автономиялы өлкесі аумағындағы Сыцзыван қошының (四子王旗) солтүстік-батыс жағында.

<sup>268</sup> Мәтінде 卫王允济 (Вэйван Юньцзи) деп хатталған. Мұндағы Вэйван (卫王) оның лауазымы. Өз аты – Юньцзи (允济), толық аты-жөні 完颜允济 (Ванъянь Юньцзи) делінеді.

<sup>269</sup> 1211 жыл.

<sup>270</sup> «Юаньши» кітабының бұл тұсында бұл өзенниң аты 怯绿连 деп хатталған. «Құпия шекірде» Kelügen-түреп деп көрсетеді.

<sup>271</sup> Мәтінде 西域 деп хатталған. Сиоій – қытайша географиялық атау. «Батыс өңір», «Батыс аймақ» деп аударуга болады. Ерте заманда қытайлар Қытайдың күнбатысында жатқан аймақтарды жалпылама «Сиоій» деп атаған.

<sup>272</sup> Мәтінде 哈刺鲁部 деп хатталған. Сөзбе-сөз Қалалу елі деп аударуга болады. Қалалу (哈刺鲁) – «Юаньши» кітабындағы қарлұқ этноміне жасалған транскрипциялардың бірі. Қарлұқ этноміні аталағыш дәүірге тән қытай деректемелерінде 合儿鲁 (Хэрру), 穀禄鲁 (Ханьлуу), 匪刺魯 (Сялалу), 哈刺奴儿 (Халануэр), 柯耳魯 (Кәэрлу) деген түрде де транскрипцияланып отырған. «Құпия шекірде» монголдық үлгіге салып, Qarluqut // Qarluqut деп жазады. Бұл олардың «қарлұқтар» дегені еді.

<sup>273</sup> Мәтінде 阿昔兰罕 деп хатталған. Жувейни «Qayalgh», Рубурк «Cailac» деп жазған қаланы орталық еткен қарлұқ билеушісі. Жувейни оның есімін «Arslan Khan» деп (қараныз: Juvainy. 81-б.), олардың орталық қаласының атын «Qayalgh» деп жазған (қараныз: Juvainy. 44-б.). Бұл қаланың орны Алматы облысы Қойлық (бұрынғы Антоновка) ауылының шығыс жақ шетінде

Ашыбұлақ өзенінің жағасында (К. Байпақов, 2005. 90-бет). Қарлұқтардың Арслан ханы мен Қарақытай билеушісінің қайшылықтары себепті ол Қарақытайдан біржолата бет бұрып, монголдарға бағынғаны туралы Жувейни күнды деректемелер келтірген.

<sup>274</sup> Мәтінде 畏吾儿国 деп хатталған. Мұны сөзбе-сөз «Үйғыр мемлекеті» деп аударуга болады. Қытай деректемелері үйғыр деген этномимді 畏吾而 (Вэйуэр), 伟兀 (Вэйй), 卫吾 (Вэйй), 委兀 (Вэйй), 瑞古 (Гюйгу), 乌鵲 (Уюй), 外五 (Вайй) деп те жазады. Дегенмен, бұл дәуірде Қочо мен Бешбалық тұрғындары ғана үйғыр деп аталған. Мұны М. Қашқаридің «Үйғыр – Бес шахардағы бір елдің аты» деген қысқаша мәліметті де растайды (М. Қашқарі, 1-том, 142-б.).

<sup>275</sup> Мәтінде 亦都护 деп хатталған. Идүқ-Құт деген сөздің қытайша транскрипциясы. Бұл замандағы үйғыр Идүқ-Құтының есімі Barchuq-Alt-Digin Iduq-qut делінеді.

<sup>276</sup> Мәтінде 野狐岭 деп хатталған. Бұл жер қазіргі Хәбей провинциясындағы Ваньцюаньшаньфанбао (万全善房堡) деген жердің шығыс жағында.

<sup>277</sup> Қытайша 定薛 деп хатталған.

<sup>278</sup> Қытайша 大水泺 деп хатталған.

<sup>279</sup> Қытайша 丰利 деп хатталады.

<sup>280</sup> Қытайша 五月营 деп хатталады.

<sup>281</sup> Қытайша 选平 деп хатталады.

<sup>282</sup> Қытайша 会河川 деп хатталады.

<sup>283</sup> Қытайша 德兴府 деп хатталған.

<sup>284</sup> Қытайша 居庸关 деп хатталады.

<sup>285</sup> Қытайша 中都 деп хатталады. Қазіргі Пекин қаласы.

<sup>286</sup> Қытайшасы 耶律阿海 деп хатталады. «Чанчунь Чжэнъжэнь си ю цзи» атты еңбекте оның аты «Ила Гогун» (移刺国公) деп хатталған (Ян Цзянсинь 1987. 205-бет). «Юаньши» кітабында оған тарихи тұлғалардың қатарында мән беріп, арнаулы өмірбаяны жазылған (дегенмен, «Юаньши» кітабының осы түсі мен «Елюй Ахайдың өмірбаяны» берген мәліметтер арасында кей өкіғаның уақыт көрсеткіші жағында қайшылықтар бар). Елюй Ахай Цзинь дәүіріндегі этностық қидан (қарақытай) ұлтының өкілі. Цзинь мемлекетінде жорары лауазымды міндеттер атқарған. Кезінде Цзинь мемлекеті тарапынан Керей Ұлысына елші болып барған. Ол дәл сол жерде Оң ханның ордасында Оң ханның қол астында жұмыс атқарып жүрген жерінде Темұжінмен тұнғыш рет кездескен. Ол Шыңғыс ханга берілгеннен кейін оның қытай жеріне жасаған жорықтарында алдыңғы шепте жүріп, көп шайқастарда еңбек көрсеткендіктен, 1214 жылы Шыңғыс хан оған «Ахай-Тайши» деген атақ берген. Сондықтан, оның аты кей деректемелерде Ахай Тайши деп те жазылады. Елюй Ахай Шыңғыс ханның батысқа жасаған жорықтарына да белсене атсалысады. Отырарды жаулап алу, Отырар билеушісі, Қайырханды тұтқындау, оны жазага тарту, Бұхара, Самарқанд қалаларын жаулап алу сияқты өкігалардың басы-қасында болған. Самарқанд қаласы жаулап

алынғаннан кейін осы қаланың даруқашы болған. Ол өлгеннен кейін бұл міндетті оның Мяньсыгә (绵思哥) есімді ұлы атқарған (қараңыз: «Юаньши» – Елюй Ахайдың өмірбаяны, 3548–3550 беттер).

<sup>287</sup> Мәтінде 术赤 (Шучи) деп хатталған. Шыңғыс ханның тұңғыш ұлы Жошының есімі қытайша осылай транскрипцияланады. Кей деректемелерде 拙赤 (Чжочи) деген транскрипциясы да бар.

<sup>288</sup> Мәтінде 察合台 (Вокотай) деп хатталған. Шыңғыс ханның екінші ұлы Шагатайдың есімі қытайша осылай транскрипцияланады.

<sup>289</sup> Мәтінде 窝阔台 (Вокотай) деп хатталған. Шыңғыс ханның үшінші ұлы Үгедейдің есімі «Юаньши» кітабында негізінен осылай транскрипцияланады.

<sup>290</sup> Қытайша 云内 хатталады. Ол жердің орны қазіргі ҚХР Ішкі Монгол автономиялы өлкесі Токето (托克托) деген жердің солтүстік-шығыс жағында.

<sup>291</sup> 东胜 – бұл жердің орны қазіргі ҚХР Ішкі Монгол автономиялы өлкесіндегі Токето (托克托) деген жерде.

<sup>292</sup> Мәтінде 武 деп хатталған. Бұл жердің толық аты 武州 (Учжоу). Ерте заманғы Ужоу қазіргі ҚХР Шаньси провинциясындағы Учжай (五寨) деген жердің солтүстігінде болған.

<sup>293</sup> Мәтінде 朔 деп хатталған. 朔州 (Шочжоу) айтылып отыр.

<sup>294</sup> Чжоу (州) – қытайдың ерте замандарғы әкімшілік аймағы. Чжоудың үлкен-кішілігі әр дәүірде әр басқа болды. Хань патшалығы заманында қазан (郡) бір дәреже жоғары, Тан патшалығы дәүірінде әткен замандардағы қазанмен (郡) деңгейлес болды. Ежелгі түріктер чжоу терминін өз тілдеріне бейімдеп «сүб» деп атаған (қараңыз: Гэн Шимиң 2005. 239-бет).

<sup>295</sup> Бұл жолғы жорықта Оңғыт билеушісі Алакүш-Тегін-Құри Қытай қорғанының қақпаларын монголдарға ашып береді және оларға чжоуларға баратын жолдарды көрсетіп, өзі жол бастап отырады.

<sup>296</sup> Қытайша 刘伯林 деп хатталады.

<sup>297</sup> Қытайша 夹谷长哥 деп хатталады.

<sup>298</sup> Тайцзудың 14-жылды, яғни қоян жылды 1219 жылға сәйкес келеді. Қытайлық деректемелер мен мұсылман деректемелерінің барлығы монголдардың Орта Азияға жорық жасау уақытын осы жыл деп хабарлайды. Дегенмен, 1220–1223 жылдардағы оқигалардың уақыт көрсеткіші туралы қытайлық деректемелер мен мұсылман деректемелері арасында бір жылдық парық сақталып отырады (Pelliot. T'ouin Pao. 1929, 161-бет).

<sup>299</sup> Мұсылман авторларының мәліметтері бойынша болғанда, 1218 жылдың жаз айында Отырарга келіп жеткен Шыңғыс ханның 450 адамдық керуенін Отырар қаласының билеушісі Қайырхан инальшық саудагерлер тыңшылық жасады деген күдікпен түгел өлтіріп тастанап, керуенді тонап алған. Осыдан кейін Шыңғыс хан Хорезм шах Мұхаммедеке Қайырханды үстап беруді талап етіп, елші жіберген. Хорезм шах Мұхаммед Шыңғыс ханның бұл талабын орындаудың орнына оның жіберген елшілерінің ішіндегі этностық түрік текті

Бағра деген елшісінің басын кесіп алады да, қалған екі этностық монғол текті елшісінің басын тақырлап қырып, келген жолымен қайта жолға салады. Бұл тарихта Шыңғыс ханның батысқа жорық жасауындағы басты себептерінің бірі делінеді. Сонымен, Шыңғыс хан 1218 жылдың соңында Монголиядан аттанып, 1219 жылдың жазында Ертістік жағасында әскер топтайды. Күзге қарай Қойлық маңына таман жылжып келеді. Онда жорықшылардың қатары Бешбалықтың үйір Идүк-құты Баршүк-арт тегіннің, Қойлықтағы қарлұқ Арыслан ханның, Алмалықтағы Сығанақ тегіннің қосындарымен толығып, қосынның үзын саны 200 мың адамнан асады. Қысқа қарай олар Отырар қаласына жетеді. Қосын төрт бағытқа бөлінеді. Бірінші бағыттағы қосынға Үгедей мен Шагатай қолбасшылық жасап, олар Отырарды қоршауға алады. Екінші бағыттағы қолды Жошы бастап, бұл қосын Сырдарияның төменгі бойындағы Жент, Яңгікент қалаларына шабуыл жасайды. Ушінші бағыттағы қосынды Сұғту, Алак, Тогай қатарлылар бастап, Сырдың жоғары ағысындағы қалаларды бағындыруға аттанады. Төртінші бағыттағы қосынға Шыңғыс ханның өзі және Төле басшылық етіп, Шу өзенінің бойымен Бұхарага қарай жылжиды.

<sup>300</sup> Мәтіннің бұл түсінде Отырар қаласының аты 讷答刺城 (Эдала қаласы) деп транскрипцияланған. Қаланың аты бір гана «Юаньши» кітабының өзінде бірнеше түрлі болып хатталған. «Сибәйдибулу» тарауында 兀提刺耳 (Утэлаэр) деп транскрипцияланған. Бұдан тыс 韩脱罗儿 (Вотолоэр), 兀提刺耳 (Утэлаэр), 兀答刺儿 (Удалаэр) деген транскрипциялар да кездеседі. Монголдар Отырарға 1219 жылдың күзінде шабуыл жасап, алты айдан кейін алады.

<sup>301</sup> Мәтінде Отырар билеушісі инаншық Қайырханның аты 哈只儿只兰秃 (Хачжиэр Ҙжиланьту) деп транскрипцияланған. Мұнда 哈只儿 (Хачжиэр) деген үш иероглифті «Қайыр» дегеннің, ал 只兰秃 (җжиланьту) деген үш иероглифті «инаншық» дегеннің транскрипциясы деуге болады.

<sup>302</sup> Монгол әскерлері Отырарды алғаннан кейін қаланы тонап, мейлінше қиаратты. Қала билеушісі Қайырхан инаншықтың көзіне, құлагына қорғасын ерітіп құйып, азаптап өлтірді.

<sup>303</sup> 1220 жыл.

<sup>304</sup> «Юаньшидің» бұл түсінде мәтінде 蒲华 (Пухуа) қаласы деп хатталған. Отырар қаласының аты әртүрлі транскрипцияланғаны сияқты Бұхара қаласының атын да әр жerde әртүрлі етіп транскрипциялаған. Мәтіндегі 蒲华 (Пухуа) Бұхара дегеннің бір түрлі транскрипциясы.

<sup>305</sup> Мәтінде 寻思干城 (Сюньсығань) – Самарқанд қаласының аты «Юаньши» кітабының бұл түсінде осында үлгіде хатталған. Төменде бұдан өзге үлгідегі транскрипциясы да кездеседі.

<sup>306</sup> Мәтіннің бұл түсінде Отырардың аты 韩脱罗儿城 (Вотолоэр) деп хатталған. «Юаньшидің» бұл мәліметі бойынша болғанда Шыңғыс хан 1220 жылдың жазында Ертістік жайлап, күзде Отырар қаласына қайтадан шабуыл жасаған болады.

<sup>307</sup> 1221 жыл.

<sup>308</sup> Бұхара қаласының аты «Юаньши» кітабының бұл түсінда 卜哈儿 (Бухаэр) деп хатталған.

<sup>309</sup> Самарқанд қаласының аты «Юаньши» кітабының бұл түсінда 薛米思干 (Сюэмисыгань) деп хатталған. Бұл Самарқанд атауының расында «Құпия шежіреде» көрсетілгендей Semisgen немесе Sämiskän//Semisgab, байырғы түрік тілінде Sämiskänt атанғанын дәлелдей алады (қарашыз: R. Pelliot. T'oung Rao, 1930, 136. 1935, 159). Ескере кетерлігі, мәтінде Бұхара, Самарқанд қалаларының атына басқаша транскрипция жасалумен бірге, бұл қалалардың жаулап алынған уақыты 1221 жылы делінген. Шын мәнінде бұл оқиға осыдан бір жыл бұрын болуға тиісті. Сондықтан бұл жерде тарихи оқиғаларда қайталану бар деп күмандануға тұра келеді.

<sup>310</sup> Мәтінде 养吉干 деп хатталған. Бұл ортағасырлық қала Яңгікент деғенниң «Юаньши» кітабындағы транскрипциясы болатын. Бұл қала туралы дерек X ғасырдағы араб саяхатшылары Ибн-Хаукал мен Mac'удидің саяхатнамаларында кездеседі.

<sup>311</sup> Мәтінде бұл қаланың аты 八儿真 деп хатталған. Мәтіндегі Баэрчжэнъ (八儿真) қаласы Баршынкент (Баршынлыкент) деген қала атының қытайша транскрипциясы деуге болады. Армян саяхатшылары бұл қаланы Barchin//Parchin деп жазды.

<sup>312</sup> Мәтінде 铁门关 (Темәнъгуань) деп хатталған. Бұл жер аты қытай де-ректемелерінде ертеректен бері хатқа түсті, атап айттар болсақ «Синь Таншу» кітабының «Сиоицзюань» тармагында, қытай саяхатшысы Сюань Цзанның «Да Тан Сиоицзи» атты еңбегінде «铁门关 (Темәнъгуань)» деп хатталған. Бұл сөзбе-сөз аударғанда «Темір қақпалағы өткел» болып шығады. Мұны сол дәүірде жасалған мағыналық аударма деп қарауға болады. Түрік руникаларында ол жердің аты «Tämür qarğıza» делінеді.

<sup>313</sup> Угусунь Чжундуань (乌古孙仲端) – (?–1233 жж.) Цзинь әuletінің мансаптысы. Ұлты шұршіт, Цзиньнің мемлекет қайраткерлерінің бірі. 1220 жылы жаэда Цзинь елінің тағы бір мемлекет қайраткері Аньянъ Чжэнъфэн (安延珍奉) екеуі монголдармен бітімгершілікке келу үшін елшілікке аттанады. Олар алдымен Мұқалымен кездеседі. Одан кейін өзі Орта Азияда жорықта жүрген Шыңғыс ханмен кездесу үшін алыс сапарға аттанып, Орта Азия жерінде Шыңғыс ханмен кездеседі. 1221 жылдың қысында өз еліне қайтып оралады. Ол еліне оралғаннан кейін елшілік сапарда жол бойында көрғен-білгендерін айтып береді. Оның ауызекі айтқандарын Лю Ци деген адам хатқа түсіріп алады. Бұл еңбек тарихта «Бәйшицзи» («Солтүстікке елшілік сапар естеліктері») деген атпен мәлім.

<sup>314</sup> Мәтінде 班勒纥 қаласы деп транскрипцияланған. Бұл ортағасырлық қала аты Балых деғенниң қытайша транскрипцияларының бірі деп түсінуге тұра келеді.

<sup>315</sup> Мәтінде Үргеніш қаласының аты 玉龙杰赤 деп транскрипцияланған. Бұл қаланы алу барысында Шагатай мен Жошы арасында туындаған ала-

уыздың қаланың алынуын кешеуілдедеті. Бұған қатты ашуланған Шыңғыс хан қосынды Үгедейдің басқаруына беруді бүйірады. Үргеніш қаласы алынғаннан кейін Шагатай әкесінің қасына қайтып келеді. Ал Жошы болса Сырдарияның солтүстігінде қалды.

<sup>316</sup> 拖雷 (Толэй) — Төле, Шыңғыс ханның кенже ұлы. Монгол деректемелерінде Tolui және Tulai деп жазылып келеді. «Юаньши» кітабында Төленің аты 拖雷 (Толэй) деп аталады. Туган жылы белгісіз. 1227 жылы Шыңғыс хан тосыннан дүниеден озғаннан кейін, Төле әкесі Шыңғыс ханның Онон мен Керулен өзені бойындағы ел-жүрті мен қосындарын уақытша басқарып, оны өз бақылауына алған еді. Келесі жылы ұлы құрылтай ашып, әке өситеті бойынша ағасы Үгедейді Ұлы хан тарғына отырғызып, салтанатты ұлыстау салтын өткізіп берді. 1232 жылы дүние салдды.

<sup>317</sup> Мәтінде Марушак қаласының аты 马鲁察叶可 деп хатталған. Бұл қаланың тағы бір аты «Мерв-ал-Руд» делінген. Θз кезінде Мерв қаласына қарасты шағын қала болған.

<sup>318</sup> Мәтінде Мерв қаласының аты 马鲁 деп хатталған. «Юаньши» кітабының «Сибэйдифулу» тарауында 马里兀 (Малиу) және 马甫 (Мафу) сияқты тағы екі түрлі транскрипциясы бар. Бұл қала Меру Шахиджан деп те аталған. Мурғаб өзенінің бас жағында тұрган бұл қала Марушактан әлдеқайда үлкен болған.

<sup>319</sup> Мәтінде Серақс қаласының аты 昔刺思 деп хатталған. «Юаньши» кітабының «Сибэйдифулу» тарауында 撒刺哈夕 (Салахаси) деп транскрипцияланған. Бұл дыбыстылуды жағынан Серақс дегенге әлдеқайда жақын.

<sup>320</sup> 17-жылды, яғни жылқы жылы 1222 жылға тұра келеді. «Юаньшидің» бұл мәліметтері мұсылман деректемелеріндегі уақыт көрсеткішінен бір жыл кеш. Бұл мәселеде мұсылман деректемелері негізге алынуы керек.

<sup>321</sup> Мәтінде 徒思 деп хатталған. «Юаньши» кітабының «Сибэйдифулу» тарауында бұл қаланың аты 途思 (тусы) деген басқа екі иероглифпен хатталған. Қала монгол шапқыншылыры кезінде ауыр зарадапқа үшыраган. Қаланы ең бірінші 1220 жылы Сүбедей ноян тонап алды. Келесі жылы Төле қаланы түгелге жуық қиратып тастады.

<sup>322</sup> Мәтінде бұл қаланың аты 匪察兀儿 деп хатталған. Бұл Нишапур немесе Нишаур дегеннің қытайша транскрипциясы. Қаланың аты «Юаньшидің» әр жерінде әртүрлі хатталған, «Баршүқ-арт-тегін өміrbаянында»: 你沙卜里 (Нишабули), «Исмалилдің өміrbаянында»: 你沙不儿 (Нишабуэр), «Сибэйдифулуда»: 乃沙不耳 (Найшабуэр) деп транскрипцияланған.

<sup>323</sup> Мәтінде 木刺夷国 деп хатталған. Мұсылмандар қауымы Мулахіда деп атап келген елдің «Юаньши» кітабындағы транскрипциясы деп түсінуге болады. «Юаньши» кітабының жекелеген тарауларында бұл елдің аты кейде 没里奚 (молиси) деп те транскрипцияланған. Мұндай транскрипция төменде бірнеше жерде кездеседі. Шыңғыс хан қосындары бұл елді басып өткен, монголдар оны Мөңке ханының заманында біржолата бағындырып алған.

<sup>324</sup> Мәтінде 涣涣闌河 (Шошоланъхэ) деп транскрипцияланған. Бұл өзен Нишапур мен Аңдхой аralығындағы Жокжоран өзені еді.

<sup>325</sup> Мәтінде Гератты 也里 (Ели) деп транскрипциялаған. Ерте замандарда бұл қаланы Arīa деп атаған.

<sup>326</sup> «Юаньшидің» бұл жерінде Талиханъчжай (塔里寒寨) деп атаған, ал «Сибәйдиғулу» тарауында 塔里干 (талигань) деп хатталған.

<sup>327</sup> Мәтінде 札蘭丁 деп хатталған. Бұл Хорезм билеушісі Жалал ад-дин есімінің «Юаньши» кітабындағы транскрипциясы болды.

<sup>328</sup> Мәтінде 灭里可汗 деп хатталған. Бұл тіркес арабша «Мәлік» және түрікше «қаған» деген екі мансап атының қоспасынан жасалған «Мәлік хан» деген тіркестің қытайша транскрипциясы деп түсінуге болады. «Құпия шежіреде» Qan-Melik деген тіркес бар. «Юаньши» кітабындағы «Мели-кәхань» мен «Құпия шежіредегі» «Qan-Melik» деген екеуі бір ұғымды білдірсе керек. Бұл жерде Мерв билеушісінің өкілі айтылған деуге болады. Оның аты-жөні екі кітапта да айтылмаған.

<sup>329</sup> Мәтінде 忽都忽 деп хатталған. «Құпия шежіреде» Шікі-Құтқу (Šiki-Qutqu) делінген.

<sup>330</sup> Мәтінде 八刺 деп хатталған. Мұнда әйгілі Бала ноян айтылып отыр.

<sup>331</sup> Мәтінде 回鶻国 деп хатталған. Оны сөзбе-сөз «Хуэйгу мемлекеті» деп түсінуге болады. Қытай деректемелерінде Тан дәүірінде Монголияда билік құрған үйгырларды 回鶻 (Хуэйгу) деп атаған. Юань дәүірінің алдындағы бір кезеңде Орта Азиядағы Хорезм шах мемлекетін 回回国 (Хуэйхуэйго) деп атап келді. Дегенмен, 回鶻 (Хуэйгу) кей кездері осы 回回 (Хуэйхуэй) дегенің баламасы ретінде де кездеседі. Мәтіндегі 回鶻 (Хуэйгу) дәл осындағы мағынада Хорезм шах мемлекетін меңзеп отыр.

<sup>332</sup> Мәтінде 河朔 деп хатталған.

<sup>333</sup> Мәтінде 河南王 деп хатталған. Қытай жерінде бұрыннан барлауазымдық атақ.

<sup>334</sup> Мәтінде 关西 деп хатталған.

<sup>335</sup> 1223 жыл.

<sup>336</sup> Тайши-Гован (太师国王) Бұл екеуі де Мұқалыға көзінің тірісінде берілген лауазымдық атақтар.

<sup>337</sup> Мәтінде бұл жердің аты 八鲁湾川 деп хатталған. «Піруан» деген жер атының «Юаньши» кітабындағы транскрипциясы.

<sup>338</sup> Мәтінде 达鲁花赤 деп хатталған. Монголша мансап аты. 达鲁花赤 монголша Daguça+čin деген сөздің қытайша транскрипциясы. Көне түріктер мұндаидай мансалты Басқақ (Basqaq) деп атады. Жергілікті орындағы ең үлкен әкімшілік, әскери бақылауышы ұлық. Монгол ақсүйектері көптеген жат елдерді жаулап алғаннан кейін, бұл елдерді өздері билеуге мүмкіндігі болмагандықтан, жергілікті билеушісі арқылы басқарып отыруына тұра келді. Осы орайда бұл жерлерге өздері тараپынан даруқашылар жіберіп отырды. Негізінде, даруқашылардың билігі жергілікті ұлықтардан жогары болып, оларды бақылаш отырды.

<sup>339</sup> 1224 жыл.

<sup>340</sup> 宋 (Сун) — бұл жерде Оңтүстік Қытайдағы этностық ханъдар құрған Сун әулеті айтылып отыр. Бұл мемлекет тарихта Оңтүстік Сун мемлекеті деп те аталады. Әulet 1127 жылы құрылып, Линъянь қаласын (қазіргі Ханчжоу қаласы) астана етті. 1279 жылы монголдар біржолата жойды.

<sup>341</sup> Мәтінде 大名总管 деп хатталған.

<sup>342</sup> Бұл адамның аты 彭义斌 деп жазылады.

<sup>343</sup> 史天倪 (Ши Тяньни) — Цзинь елінің адамы. 1213 жылы монголдарға бағынған. Кейін Мұқалымен бірге монголдардың Орталық Қытай аймағын жауап алған соғыстарында елеулі еңбек етті. Кейін қол бастап, монголдың әйгілі қолбасыларының бірі ретінде тарихта аты қалды.

<sup>344</sup> Мәтінде 恩州 (Энчжоу) деп хатталған.

<sup>345</sup> Қытайша 东印度国 деп хатталған. Бұл тіркесті Шығыс Үнді елі деп аударуга болады.

<sup>346</sup> Мәтінде 角端 деп хатталған. «Юаньши» «是岁, 帝至东印度国, 角端见, 班师» деген мәліметті ғана береді. «Юаньшидің» 146-цзюаны «Елой Чуцайдың өмірбаянында»: Мешін жылы [1224 жылы] қаған Шығыс Үнді жеріне барып, Темір қақпада еру отырған кезде басында сыңар мүйізі бар, түр-пішімі маралға, құйрығы жылқыга үқсас, түсі жасыл бір хайуанға кездеседі. Ол бірден адамша сөзге келіп, нөкөрлерге: «Қағандарың ертерек кері қайтсын» дегіті. Қаған бұл жайтың жөнін Чуцайдан сұрағанда, ол: «Бұл цзядуань деген ізгілік хайуаны. Ол төрткүл дүниенің тілін біледі. Ізгілікті жебеп, жауыздықты тежеп отырады. Бұл тәнірдің, тақсыр, сізге арнаулы берген аяны екен. Тақсыр, сіз тәнірдің тұнғыш ұлы едіңіз, жер бетінде-гі қарайған халық сіздің балаларыңыз еді. Тәнірдің қалауына қулақ асып, қарайған халықтың өмірін қорғағайсыз» дегенді айтады. Сонымен, Қаған сол күні ат басын кері бүрәді. Бұл туралы «Синь Юаньши»: «Қаған қайтарда Үнді жері арқылы таңғыттарды басып өткісі келген еді. Бірнеше қаладан өткеннен кейін, таңғыттардың бүлік шығарғаны туралы хабар ала бастады, оның үстінен жол өте қиын болды. Сонымен, бағытты өзгертіп, Чжихунь (Сейхун) өзенінен өтіп, бұрынғы жүрген жолымен қайта жүріп, Самарқандқа қайтып оралды. Осы кезде оның қоластындағы біреулер: алдарынан басында сыңар мүйізі бар, түр-тұлғасы маралға, құйрығы жылқыға үқсайтын бір мақұлықты көргенін, ол бірден адамша тілге келіп: «Қағандарың тезірек еліне қайтсын» деп тіл қатқанын айтады. Сонымен, Қаған кері қайтуға бекінеді» деп жазады (қараңыз: «Синь Юаньши». 6777-бет). Дегенмен, «Синь Юаньши» бұл оқиғаны Тайцзудың 17-жылы, яғни 1222 жылдың есебіне жаткызады. «Юаньшидің» мәліметі бойынша Шыңғыс хан Шығыс Үнді еліне Тайцзудың 19-жылы, яғни 1224 жылы барған делінеді.

<sup>347</sup> 1225 жыл.

<sup>348</sup> Бұл жағын Рашид ад-дин де растап: Шыңғыс хан тауық жылының көктемінде Монголиядағы ордасына барды деп мәлімет береді (Рашид ад-дин II, 94, 118-беттер). «Күпия шежіреде» Сартауылға жасалған жорық бас-

аяғы жеті жылға созылды делінген, бұл қате. Шын мәнінде, жорық алты жылда аяқталған. Ең қызығы «Құпия шежіре» бізге тары: «Осыдан кейін тауық жылы (1225 жылы) күзде Тола өзенінің жағасындағы Қара орманға үлкен ордасын қондырды» деген дерек береді.

<sup>349</sup> 1227 жыл.

<sup>350</sup> Мәтінде «崩于萨里川哈老徒之行宫» деп хатталған. Мұндағы 萨里川 жоғарыда көрсетілгендей Sayari-keger еді. 哈老徒行宫 (Халаоту ордасы) туралы қытай ғалымы Чэнь Дәчжи: «бұл орда Керулен өзенінің жоғарғы бойында, өзеннің күнбатыс жағында болған» дейді (қараныз: Цай Мәйбояо 1986. 366-бет). Шыңғыс хан өзінің айтулы ордасында дүние салған жоқ. Ол 1227 жылы шілде айының 12-жұлдызында таңғыттарды жаулап алу жолында жорықтардың бірінде, қазіргі кезде Люпаньшань (六盘山) деп аталатын тауда дүниеден озған. Оның мүрдесі Sayari-keger жеріндегі Халату ордасына кейін жеткізілген болуы да мүмкін (қараныз: Р. Pelliot 1935. 166). Дегенмен, «Құпия шежіре» сияқты монголдық деректемелер бұл туралы құпиялық сақтаған, еш мәлімет бермеген.

<sup>351</sup> Қытайша 潼关 деп хатталады.

<sup>352</sup> Шыңғыс ханның бұл жоспарын артында қалған мұрагер ұлдары: Үгедей мен Төле 1231–1232 жылдың қыс айларында жүзеге асырды. Деректемелдерден мәлім болуынша бұл жолы жорықта Үгедей Хуанхә шебіне солтүстік жақтан Тунгуаның қарсы бетіндегі аймақтарға шабуыл жасайды. Ал, Төле Хуанхәнің оңтүстігіндегі аймақтарға сұғына кіреді. Нәтижесінде, монголдар Цзинь елінің артқы шебін талқандап тастанады. Шыңғыс хан өсінет еткендей, бұл жолғы үріс монголдардың пайдастына шешіледі (қараныз: «Юаньши». 1-том, 31-бет).

<sup>353</sup> Қытайша 起辇谷 деп хатталады.

<sup>354</sup> 至元三年 – бұл жыл 1266 жылға тура келеді.

<sup>355</sup> Қытайшасы 圣武皇帝 деп жазылады.

<sup>356</sup> 1309 жыл.

<sup>357</sup> Қытайшасы 法天启运圣武皇帝 деп хатталады.

<sup>358</sup> 1228 жыл.

<sup>359</sup> 316-түсіндірмені қараныз.

**«Юаньши», 2-цзюань,  
Патшалар шежіресі II  
«Тайцзун»  
(«ЧХШЦ» нұсқасы, 28—38-66.)**

«元史» 卷二， 本紀第二  
«太宗»  
(中华书局点校本第28 - 38 页) 译注

**Аударма және түсіндірмелер**

**Т**айцзунның<sup>1</sup> құрмет аты — И nvэнъ хуанди<sup>2</sup>. Θз аты — Вокотай<sup>3</sup>. Ол Тайцзудың<sup>4</sup> үшінші ұлы еді. Тұран анасы Гуансянь Хуанхуо<sup>5</sup> — [оның] елі Хунцзила<sup>6</sup>. [Ол] Қағанның<sup>7</sup> Цзинь елін жаулап алу, Сиойді<sup>8</sup> бағындыру жолында жасаган жорықтары кезінде, қамал бұзып қалаларды алған, шеп құрып далаларда соғысқан небір қыын кездерде аса мол еңбек еткен еді. Тайцзэу дүниеден откен кезде, ол Хобо жерінен<sup>9</sup> келіп қағанды жерлеу рәсіміне қатынасты.

Бірінші жылы<sup>10</sup> жаз айында Хулубанъсюэбучжи<sup>11</sup> жеріне келді. Осы жерде қағанның інісі Толәй оған сәлем бере келді.

Күзгі 8-айда хандар мен нојандар Целюйлань өзенінің жағасындағы Цюйдяо аланъ<sup>12</sup> деген жерде ұлы құрылтай өткізіп, Тайцзудың өситеті бойынша Күтеуалали<sup>13</sup> деген жерде патша<sup>14</sup> тағына отырды<sup>15</sup>. Осы кезден бастап хан ордасының түрлі зан-рәсімдері белгіленді. Сонымен, хан тұқымынан тараган ақсүйектер мен оның

жегжаттарының ережелерді қатаң сақтауы жолға қойылды. «Ұлық ясақтар»<sup>16</sup> жарияланды [Бұл Хуа тілінде – Ұлы заң деген сөз]<sup>17</sup>. [Осы кезде] Цзинь мемлекеті Ахудай<sup>18</sup> деген адамды елшіге жіберіп, қағанды жерлеу рәсіміне арнап арнаулы сауғалар әкелді. Тайцзун оған: «Сендердің хандарың қасарысып тізе бүкпей қойғандықтан, қағанымыз жорық үстінде жүріп қазага ұшырады. Сендер мен мұны ұмытып қалды деп отырысндар ма? Бізге сендердің сауғаларың неге керек?» деп әкелген сауғасын қабылдамай қояды. Артынша Цзинь еліне жорық жасау туралы кеңес құрды. Мәнгү қауымы арасында жылқысы жүзге толғандар бір құлын, сиыры жүзге толғандар бір бұзау, қойы жүзге толғандардан бір қозыны салық ретінде төлеуді бұлжымас заң ретінде жариялады. Астық қамбаларын жасатты<sup>19</sup>. Хабарласу бекеттерін құрды<sup>20</sup>. Хәбәй жеріндегі қытайдың түргындарының жан санын анықтау мен халықтан салық жинау істеріне Елюй Чуцай<sup>21</sup> жауапты болды. Сиойдің халық санын есептеу мен халықтан салық жинау жұмыстарын басқаруға Махәмодә Хуаласими<sup>22</sup> жауапты болды. Иньду<sup>23</sup> мемлекетінің әмірі және Мулои<sup>24</sup> мемлекетінің әмірі ордага сәлем ете келді. Сиойдегі Исыбалана қаласының<sup>25</sup> әмірі келіп бағынды.

Екінші жылдың<sup>26</sup> 7-айында Тайцзун өзі атқа қонып, оңтүстікке жорыққа аттанды.

Үшінші жылдың<sup>27</sup> күзгі 8-айында Юньчжуға<sup>28</sup> келді. Осы жерде чжуннушшән<sup>29</sup> деген мансап тұнғыш рет қолданысқа енгізіліп, мансап жүйесіне өзгерістер жасалды. Елюй Чуцай чжуннушлин<sup>30</sup> мансабына, Нянъхэ Чжуншань<sup>31</sup> цзочэнсян<sup>32</sup> мансабына, ал Чжэнхай<sup>33</sup> ючэнсян<sup>34</sup> мансабына тағайындалды.

Төртінші жылдың<sup>35</sup>... тоғызыншы айында Толәй дуниеден озды. Қаған өз ордасына қайтып оралды.

6-жылы<sup>36</sup> көктемгі бірінші айда, Цзинь елінің патшасы тағын мұрагер ұлы Чэнлинь<sup>37</sup> дегенге босатып беріп, өзіне қол жұмсап, өзін-өзі өртеп өлтірді. Қала қорғанының сыртындағы су толтырылған канал алынғаннан кейін Ванъянъ Чэнлинь де қолға түсіп, дереу өлтірілді. Сун әскерлері Цзинь патшасының сүйек күлін алып, өз жолына кетті. Сонымен, Цзинь әuletі біржолата жойылды.

Осы жылы көктемде хан-нояндар Воэрхань<sup>38</sup> өзенінің бойына жиналып, аң аулап, сауық-сайран құрды.

7-жылы<sup>39</sup> көктемнің соңында, Хэлинъ<sup>40</sup> қаласын астана етіп, Ваньләгун<sup>41</sup> сарайын салдырды. Бату<sup>42</sup>, қаганның ұлы Гюйю<sup>43</sup>, қаганның немересі Мэнгэ<sup>44</sup> қатарлыларды Сиойге жорыққа аттандырыды<sup>45</sup>. Қаганның ұлы Ходуанъ<sup>46</sup> Цин<sup>47</sup>, гүн<sup>48</sup> қатарлы жерлерге жорыққа аттанды. Қаганның ұлдары Цюйчү<sup>49</sup> және Хутуху<sup>50</sup> Сун, Тангу<sup>51</sup>, Гаоли<sup>52</sup> қатарлы елдерге жорыққа аттанды.

9-жылы<sup>53</sup> көктемде [қаган] Цзеңзечаха сазында<sup>54</sup> аң аулап саят құрды. Мэнгэ Цинъчага<sup>55</sup> жорыққа аттанады. Оларды жеңіп, билеушісі Бачиманъ<sup>56</sup> дегенді тұтынға алды.

Қысқы 10-айда [Қаган] Емачуанъде<sup>57</sup> аң аулады. Осы арадан ордасына қайтты.

13-жылы<sup>58</sup> қаган Цзеңзечаха сазында аң аулады. Қаган науқасқа шалдығып, артынан ел көлеміндегі барлық абақтыда отырған қылмыскерлерді абақтыдан босатып жіберді. Нәтижесінде ол науқасынан ада-күде айыға бастады.

Күзде Гаоли мемлекетінің билеушісі ұлын кепілге жіберді.

Қысқы 10-айда Ялаовачид<sup>59</sup> қытайлар қоныстанған аймақтарды басқаруға жауапты етіп тағайыннады.

11-айдың 4-жүлдізында аңға шықты. Айдың 7-жүлдізында Хуатегу-Хулань тауына<sup>60</sup> қайтып оралды. Аудулахэманъ<sup>61</sup> ордага шарап алыш келді. Бұл күні қаганның мереей тасып, тұн ортасына дейін шарап ішті. Айдың 8-жынсында, таң ата бере қаган ордада дүниеден озды. Ол жыныны 13 жыл хан тағында отырды. 56 жаста мезгілсіз өмірден озды.

Қаган кеңпейіл, аса жомарт, ақпейіл адам еді. Ол әр нәрсені бағамдай білетін, қандай істі болмасын ақылға салып істеуге дағдыланған. Сондықтан өз өмірінде елеулі ағаттық өткізген емес. Ол билік жүргізген заманда ел телегей-теңіз байлыққа кенеліп, төрт түлік мал өріске толды. Жолаушы жол-азық алмай жолаушылап кете беретін, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман болды.

Барыс жылының<sup>62</sup> көктемінде Алтыншы Хуанху Наймач-жәнъши<sup>63</sup> билік жүргізді<sup>64</sup>.

Тышқан жылының жазғы<sup>65</sup> 5-айында Чжуншулин Елюй Чуцай қайтыс болды.

## Тұсіндірмелең

<sup>1</sup> 太宗 — Үгедей қаған өлгеннен кейін үрпақтарының оның аруағын құрметтеу негізінде берген қытайлық ұлтідегі храмдың аты.

<sup>2</sup> Қытайшасы 英文皇帝 дегенде хатталады. Мұны «Бахадүр қаған» деген түсінуге болады.

<sup>3</sup> «Юаньши» кітабы Үгедей дегенді 窝阔台 (Вокотай) деген үш иероглифпен хаттаған.

<sup>4</sup> Қытайша 太祖 дегенде хатталады. Бұл жерде Шыңғыс қаған айтылып отыр.

<sup>5</sup> 光献皇后 (Гуансянь хуанхуо) — Үгедейдің анасы, Қоңырат қызы Бөртежүккінің құрмет аты.

<sup>6</sup> Қоңырат этнонимі «Юаньши» мәтінінің осы жерінде 弘吉刺 (Хунцзила) деген хатталған. Қоңыраттар туралы 84-беттегі 126-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>7</sup> Мәтінде қаған деген Шыңғыс қаған айтылып отыр.

<sup>8</sup> Мәтінде 西域 дегенде қазіргі Шыңжаң, Орта Азия мен Қазақстан және одан батысқа қарайты аймақтар айтылып отыр.

<sup>9</sup> Мәтінде 霍博 (Хобо) деген жазылған. Тарихта Қобық деген атпен белгілі. Орны қазіргі ҚХР ШҰАА Тарбағатай аймағына қарасты Қобықсары аумағында болған. Бұл жерді жергілікті қазақтар мен торғауыт-моңғолдар күні бүгінгі дейін Қобық немесе Қобықсары деген атап келеді. Бұл аймақты Шыңғыс хан өз балаларына жеке иеліктер үlestірғен кезде Үгедей ханға берген еді. Үгедей ханның иелігі Қобық пен Емілді (орны қазіргі ҚХР ШҰАА аумағындағы Дөрбілжін ауданы маңы) орталық ете отырып, Зайсаннан Алакөлге дейінгі аймақтарды алғып жатты. Үгедей ұлы хан тағына отырганнан кейін бұл жер оның тұнғыш ұлы Қүйіктің енісіне тиңді. Қүйік өліп ұлы хан тағына Мөңке отырганнан кейін ұлы хан тағы Үгедей үрпақтарынан Төле үрпақтарына ауысты. Үгедей үрпақтарының ішінде Қетіннен (Кötön) басқасына сенімсіздікпен қарап, оларды жан-жаққа быттыратып жіберді. Мысалы, Үгедейдің алтыншы ұлы Қаданды (Qadan) Бешбалыққа, жетінші ұлы Меликені (Mélike) Ертіс бойына, Үгедейдің бесінші ұлы Қачыдан туған Қайдуды (Qaidu) Қойлық қаласына, Қарачар деген ұлынан туған Тоқто деген немересін Еміл бойына көшіріп жіберді. Қалғандарын Орталық Қытай аймақтарына жорыққа аттандырды. Міне, осылайша бүрінғы Үгедей ұлысына қарасты жерлерді бірнеше жекелеген иеліктерге бөліп жіберді.

<sup>10</sup> 1229 жыл.

<sup>11</sup> Мәтінде 忽魯班雪不只 деген хатталған.

<sup>12</sup> 曲雕阿兰 деген иероглифтермен хатталған. Бұл Көде арал (Ködehü-aral) деген топонимнің транскрипциясы. «Құпия шекіреде» бұл жердің аты Көдеге арал деген жазылған. Бұл жер қазіргі Монголиядағы Өндөрхан (Öndörhaan) деген жердің батысында Керулен (Herlen) өзенінің бойында болған.

<sup>13</sup> Мәтінде 库铁乌阿刺里 деген хатталған. Бұл жер жогарыдағы Ҷойдяо алань (曲雕阿兰) деген топонимнің қытайша тағы бір түрлі транскрипциясы деуге болады.

<sup>14</sup> Мәтінде 皇帝 (Хуанди) делінген, патша, император деген сөзге тұра келеді. Дәл осы кезден бастап монголдар «қаған//qaghan» деген атақты нақты қолдана бастады. Соңдықтан Юань дәуіріндегі қытай деректемелері оның атын «可汗皇帝» (Кәхань Хуаньди // қаған-патша) деп хатқа түсіретін болды.

<sup>15</sup> Шыңғыс хан қайтыс болғаннан кейін мемлекетті біраз уақыт оның кенже ұлы Төле басқарғаны белгілі. 1229 жылы Төле ханзадалар мен нояндардың басын қосып, Керулен өзенінің жоғарғы бойындағы ордада қаған сайлау құрылтайын өткізді. Шыңғыс хан ұлы хан тағының мұрагері ретінде Үгедейді белгілегенімен, бұл кезде монголдардың басым көшпілік халқы мен әскери қосындары Төленің билеуінде еді. Құрылтай соңы созылып, жаздан күзге дейін неше дүркін бас қосу болса да «нақты шешім қабылданбай» сөзбүйдәгә түсті. Бұл кезде Жошы әлдеқашан дүние салған болатын. Ақыр аяғында Шагатай мен Төле ақылдаса келіп, Үгедейді ұлы хан етіп ұлықтау туралы соңғы шешім шығарды.

<sup>16</sup> Мәтінде 大札撒 деп хатталған. Бұл монголша еке жасақ (көне түрікше «Ұлық Ясақ») деген сөздің қытайша мағыналық аудармасы мен транскрипциясы. K.d`Ohsson оны Oouloug Yassa деп атаған. Қазақтар кезінде оны «жосық» деп атаған.

<sup>17</sup> Мәтінде 华言大法令也 деп кішкентай иероглифтермен хатталған. Бұл тіркесті «Хуа тілінде [қытай тілінде. – Ж. О.] – Ұлы зан деген сөз» деп аударуга болады.

<sup>18</sup> Ахудайдың аты мәтінде 阿虎帶 деп хатталған.

<sup>19</sup> Мәтінде 始置仓库 деп хатталған. Шын мәнінде бұл шаралар Шыңғыс хан заманында қолға алына бастаған еді. 1219 жылы Шыңғыс хан батысқа Хорезм шах мемлекетіне жорыққа аттанған кезде Шыңқайды Монголияға қалдырып, оның басқаруына он мың адамдық қытай тұтқындарын берген. Монголияның Қобда аймағының шығыс жағындағы Абухань тауының солтүстік бөктерінен тың ашып, қала тұргызуға бүйірған еді. Бұл қаланы қытай деректемелері Чжэнъхай қаласы (镇海城) деп жазды.

Қаланың монголша аты — Čingqai balaqasun деп аталады. Мәтіндегі 仓库 сөзі тек астық қамбаларын жасатуғана емес, сол маңнан тың ашу, қалакенттер мен елді мекендер тұргызыу сияқты мазмұндарды да қамтыды. Бұл кезде бір мыңдықтар астық қамбаларын күзетуге арнаулы адамдар орналас-тырып, оны монголша Amuchin деп атады. Ал кенттерді сақтап тұруышыларды Balaqachin деп атады.

<sup>20</sup> Мәтінде 立驿传 деп хатталған. Бұл сөзді «хабарласу бекеттерін орнату» деп аударып отырмыз. Шын мәнінде мұндаиды дүниенің отаны қытай болды. Ол кездерде ел аумағында белгілі бір қашықтық сайын бекеттер орнатып, ондағы арнаулы адамдар бір бекеттен екінші бекетке сүйт хабарларды тез жеткізіп тұрган. Мұндаиды жұмысты қытайша 驿 деп атап, құрылған бекеттерді 驿站 (Ичжань) деп атаған. Кейін көне түріктер 驿站 (Ичжань) деген тер-

минді өз тілдеріне бейімдеп Іам (ям) деп қабылдаған. Кеңін оны монголдар да қабылдап, бұл бекеттерді «јамči», онда істейтін адамды «ulaqači» деп атаған. Қарақорымнан басталған «јам» оңтүстікте Орталық Қытай жеріне, батыста Дешті Қыпшақ пен Иранға дейін жалғасып жатты.

<sup>21</sup> Қытайша 耶律楚材 деп жазылады. 1190 жылы тузылып, 1244 жылы дүниеден өтті. Этностиқ шүршіт ұлтының өкілі. Монголша аты Үртү-Сақал (Ұзын сақал). 1215 жылы монголдарға беріліп, Шыңғыс ханның кеңесшісі болған. Бұдда дінін тұтынған ерекше діндар, оқымысты адам. Бұрын Цзинь елінің мемлекеттік билігінде лауазым исесі болған. «Чжанъжанъцюйшицзи», «Сиолу», «Усин ми юй» т. б. кітаптардың авторы.

<sup>22</sup> Мәтінде 麻合沒的滑刺西迷 деп хатталған. Мұны Махмуд Хорезми деген есімнің қытайша транскрипциясы деп түсінуге болады.

<sup>23</sup> Иньду(印度) — яғни Үнді.

<sup>24</sup> Мәтінде 木罗夷国 деп хатталған. Бұл елдің аты «Юаньши» 1-дэуань, Патшалар шежіресі I. «Тайцзу» деген деректемеде 木刺夷国 (Мулаи го) деп хатталған еді. Мәтінде 木罗夷国 мұсылмандар қауымы Мұлаңыдаң (Mulāhidah) деп атап келген елдің «Юаньши» кітабындағы тағы бір түрлі транскрипциясы деп қарауга болады.

<sup>25</sup> Мәтінде 伊思八刺纳城 деп хатталған. Бұл Исфарайн деген қала атының қытайша транскрипциясы.

<sup>26</sup> 1230 жыл.

<sup>27</sup> 1231 жыл.

<sup>28</sup> 云中 — ерте заманғы аймақ. Орны қазіргі Шаньси (山西) провинциясындағы Датун (大同) қаласы тұрган жерде.

<sup>29</sup> 中书省 — қытайлық ұлтідегі мемлекеттік құрылым.

<sup>30</sup> Бұл мансаптың аты қытайша 中书令 деп хатталады. Қытайдың өткен дәуірлерінде бұл мансап уәзірлік міндеттің баламасы болған. Дегенмен, аталмыш дәуірдегі чжуңшулиннің бұрынғы чжуңшулиннен көп айырмасы болды. Мұнда ол Үгедей хан қосындары бітікшілерінің бастығы міндеттін атқарды.

<sup>31</sup> Қытайша 粘合重山 деп хатталады.

<sup>32</sup> 左丞相 — мансап. Чжуңшулин (中书令) құрамындағы екі мансаптың бірі. Сол қол уәзір деген мағынада. Дегенмен, бұл дәуірде негізінен бітікшілік міндеттерімен ғана айналысты.

<sup>33</sup> «Юаньши» кітабында бұл кісінің есімі 镇海 деп хатталған. Бұл Шыңқай немесе Шыңай деген аттың қытайша транскрипциясы. Осы томның 159-бетіндегі 1-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>34</sup> 右丞相 — мансап. Чжуңшулин (中书令) құрамындағы екі уәзірдің бірі. Оң қол уәзір деген мағынада. Бұл дәуірде негізінен бітікшілік міндеттерімен ғана айналысты.

<sup>35</sup> 1232 жыл.

<sup>36</sup> 1234 жыл.

<sup>37</sup> Мәтінде 承麟 (Чэнлинь) деп хатталған. Бұл адамның толық аты-жөні完颜承麟 (Ванъянъ Чэнлинь) болған.

<sup>38</sup> Мәтіннің бұл түсінде Орхон өзенінің аты 鞏儿寒 (Воэрхань) деп хатталған.

<sup>39</sup> 1235 жыл.

<sup>40</sup> Мәтінде 和林 деп хатталған. Аталмыш дәуірдегі қытай деректемелерінде Қарақорым (Qara-dogut) қаласының атын қысқартып 和林 (Хэлинь) деп атау дағдысы бар. Сондықтан мәтіндегі 和林 (Хэлинь) деген қала атын Qorum – Қарақорым деп түсініміз керек. Орны қазіргі Монголиядагы Архангай (Arhangai, атап айтқанда Артқы Хангай) аймағында. Қаланың оңтүстікten солтүстікке дейінгі ұзындығы екі шақырым, батьстан шығысқа дейінгі ені бір шақырым болған. Ішкі хан сарайы болған, қытайша 万乐宫 (Ванълэгун) деп аталған сарай қала қорғанының ішіне орналасқан. Қалага 1254 жылы келген француз жиһанкезі Рубрук (William Rubruk) қалада екі тұрғын үй ауданы, мұсылмандардың тұрғын үй ауданы, бір базар және қытай тұрғындары жайласқан аудан бар, олардың дені қолөнершілер, бұдан өзге қалада ұлықтар мен нояңдардың көптеген сәулетті үйлері, буддистер мен қытайлық даостердің 12 храмы, екі мешіт және бір христиан шіркеуі бар деп жазған (қараңыз: Plan Carpин және William Rubruk. 292-бет). Қала XV ғасырдың басында монголдар мен ойраттардың соғыстары кезінде мұлде қирады.

<sup>41</sup> Мәтінде бұл сарайдың аты қытайша 万乐宫 деп хатталған.

<sup>42</sup> Бату // Батый есімі «Юаньши» кітабында негізінен 拔都 деп хатталған. Бату // Батый – Жошының ұлы. Жошының ұлдары көп болған. Тарихта есімдері белгілілерінің саны 14, ал Бату оның екінші ұлы делінеді. Ол 1208 жылы туылып, 1255 жылы дүниeden озды. Батудың есімі тарихта Алтын Орданың құруышы ретінде әйгілі болды. Ол хан тағында болған кезде мемлекетті білікті басқарумен бірге, Шыңғыс хан әuletі құрган басқа ұлыстардың саяси өміріндегі елеулі оқиғаларға да атсалысып отырды. Соның ішінде Монголиядагы Ұлы орданың саяси өміріндегі елеулі оқиғаларға да айтарлықтай ықпал ете білді.

<sup>43</sup> Қытайша 貵由 деп хатталады, Үгедей қаганның тұңғыш ұлы. Бұл Gүүйк (Cuiuch) дегеннің қытайша транскрипциясы. Отандық тарих ғылымында Қүйік делінеді.

<sup>44</sup> Қытайшасы 蒙哥 деп хатталады. Төленің тұңғыш ұлы. Мамандар бұл есімді Mongka//Möjke //Möjko деп әртүрлі хаттап келеді. J. A. Boyle оның аты монгол тілінде Möngke, түркі тілінде Mengü делінетінін ескерткен (J. A. Boyle 1971, 61-бет). Бұл қазақша «Мәңгі» деген сөз. Рубрук оның атын Mangu деп жазса, Плано Карпини Mengu деп жазған. Отандық тарих ғылымында Менкес деген ат қолданылып келеді.

<sup>45</sup> Бұл реткі жорықты қытай тарихында «Чжанцзы сичжэн» («Тұңғыш ұлдардың батысқа жорығы») деген атпен атап келеді. Осы жылы Үгедей құрылтай шақырып, қыпшақтар мен орыстарға жорық жасау туралы шешім қабылдады. Ол бұл реткі жорықта қолды хандардың тұңғыш ұлдарына басқартты. Жорыққа Жошының тұңғыш ұлы Бату, Үгедей қаганның тұңғыш ұлы Қүйік, Төленің тұңғыш ұлы Менкес (Менгу) қатарлылар аттандырыл-

ды. Қаған хандардан тыс түмен басыдан төмөнгі әр дәрежелі нояңдардың да өз тұнғыш ұлдарын жорыққа аттандыруды бүйірді. «Тұнғыш ұлдар жорығында» қосынды жалпы басқару міндепті Батуға жүктелді. Негізгі қолбасшы міндепті қарт қолбасшы Сүбедейге тапсырылды. Олар 1236 жылдың күзінде бұлгарды, 1237 жылдың көктемінде қыпшақтарды талқандап, орыстарға қарай шеру тартты. 1238 жылы төрт бағытпен Мәскеуге аттанып, қаланы жауап алды. 1239 жылы Кавказ тауларының солтүстік бөктеріндегі асулады талқандап, Оңтүстік орыс даласына енді. 1240 жылы Киев қаласын алдып, қаланы тонап алды. 1241 жылы мажар шекарасына басып кіріп, ол жерде мажарлар мен немістердің бірлескен армиясын талқандап тастады. Осы қыста Бату Дунай өзенінен әрі етіп, ол жақтағы қалаларды бірінен соң бірін талқандады. 1242 жылдың басында Мажар билеушісін қолға түсіру үшін артынан қуып жүрген кезде Үгедей қағанның қайтыс болғаны туралы қаралы хабар келді де, Бату атынды басын кері бұрып, 1243 жылы Еділдің төмөнгі бойына қайтып оралды. Осында қоныс теуіп, сол жерден Сарай қаласын түрғызды. «Чжанцзы сичжэн» («Тұнғыш ұлдардың батысқа жорығы») деген жорықтың жалпы барысы осындағы болды.

<sup>46</sup> Мәтінде 阔端 деп хатталған. Бұл Kötön деген адам есімінің қытайша транскрипциясы.

<sup>47</sup> 秦 ягни 秦州 (Циньчжоу), қазіргі Ганьсу провинциясындағы Тяньшүй (天水) қаласы.

<sup>48</sup> 巩 ягни 巩昌 (Гунчан), орны қазіргі ҚХР Ганьсу провинциясындағы Лунсиде (陇西).

<sup>49</sup> Мәтінде 曲出 деп хатталған. Мұсылман деректемелерінде бұл адамның аты Kutchu деп аталады.

<sup>50</sup> Мәтінде 胡土虎 деп хатталған. Kutuhku деген кісі есімінің қытайша транскрипциясы.

<sup>51</sup> Мәтінде 唐古 деп хатталған. Таңыт дегеннің «Юаньши» кітабындағы тағы бір түрлі транскрипциясы.

<sup>52</sup> Мәтінде 高丽 деп хатталған. Корея дегеннің қытайша транскрипциясы.

<sup>53</sup> 1236 жыл.

<sup>54</sup> Мәтінде 揭揭察哈 деп хатталған.

<sup>55</sup> 钦察 — қыпшақ әтнонимінің қытайша транскрипцияларының бірі. Қытай деректемелерінде қыпшақ әтнонимінің бұдан басқа 钦叉 (Цинъча), 可弗叉 (Кәфучы), 可鼻稍 (Кәбушао), 乞卜察兀惕 (Цибучаути) деген транскрипциялары да бар.

<sup>56</sup> Мәтінде атальыш қыпшақ билеушісінің есімі 八赤蛮 деп хатталған.

<sup>57</sup> Мәтінде бұл жердің аты қытайша 野马川 деп хатталған.

<sup>58</sup> 1241 жыл.

<sup>59</sup> Мәтінде 牙老瓦赤 деп хатталған. Ортаазиялық саудагер. Азан шақырып қойған аты Yalawači болса керек. Мәтіндегі 牙老瓦赤 төрт иероглиф осы аттың қытайша транскрипциясы.

<sup>60</sup> Мәтінде 锷铁 (?) 胡兰山 (Хуатету? Хуланьшань) деп хатталған. Тіркестегі «Гу?» деп оқылуға тиісті үшінші иероглиф сирек кездесетін иероглиф

болғандықтан оны көрсетіп беру мүмкіндігі болмады. Бұл иероглиф сол жақтағы 『 және оң жақтағы 『 деген екі иероглифтің қосылуынан жасалған.

<sup>61</sup> Мәтінде 奥都刺合蛮 деп жазылған. Бұл Abd al-Rahman деген есімнің қытайша транскрипциясы. Ортаазиялық алайқ саудагер. 1239 жылдар шамасында Орта Азия аймақтарынан салық жинау жұмыстарын басқарған. Наймажжәнъ қатын билік басына шыққаннан кейін, асқан жылпостиқ танытып, айналасындағыларға пара беру сияқты жолдармен Наймажжәнъ қатынның көңілін таба білді. Сөйтіп жүріп этностық қытайлар қоныстанған аймақтардың салық жинау істерін басқару мүмкіншілігіне ие болды. Құйік ұлы хан болғаннан кейін де бір мезіл маңызды міндеттер атқарды. Көп оттепей алайқтығы, жылпос әрекеттері әшкереленіп, жазага тартылып, өлтірлді.

<sup>62</sup> 1242 жыл.

<sup>63</sup> Мәтінде 六皇后乃马真氏 деп хатталған. «Наймажжәнъ Төрегене» деген атпен белгілі болды. Сондықтан, бұл тіркесті Наймажжәнъ қызы (Найман қызы) Алтыншы Тайху деп түсінуге тұра келеді. Үгедей қағанның әйелі. Өз аты Төрегене болса керек. Руы Наймажжәнъ (乃马真 – Найман). «Құпия шежіреде» оның есімі Дөрөгәнә (Dörekene // Dörägänä) деп жазылған. Оның аты-жөні туралы «Юаньши» кітабы берген мәліметтер де біркелкі емес, «托列哥那 (Толегенә)» және «六皇后秃纳吉纳 (Люхуанху Тұнацзина)» т. б. бірнеше тұрлі хаттаған. Жувейни, Рашид ад-дин қатаrlы мұсылман авторларының берген мәліметтері Töregene дегенге жуық келеді. Әдette, Төрегене-қатын уас меркіттің (Uwas-Merkit) бегі Дайыр-ұсқынның begayimy делінеді. Дегенмен, оны удуу меркіттің (Uduyt Merkit) аға бегі Тоқтоның ұлы Құдудың әйелі деушілер де бар (қараңыз: R. Pelliott. 1931. 204-бет). Шыңғыс хан меркіттерді жойғаннан кейін, оны меркіттерден олжалап алып, ұлы Үгедейге сыйға тартқан еді.

<sup>64</sup> Соғыс олжасы болған Төрегененің Үгедейдің әйелдері арасында оның онша жоғары болмаган еді. Дегенмен, оның бағына қарай қаған басқа әйелдерінен ұл сүйген жоқ, Төрегене Үгедейге тиғенниң кейін Құйік, Кетөн (Kötön), Қөшү (Koutchu), Қарачар (Qaratchar), Қачы деген бес ұл туды. Бұл бес ұлды дүниеге әкелу Төрегененің абыройын аспандатып жіберді. Оның үстіне ол аса ақылды, айлакер адам болғандықтан, уақыт өте келе қаған әйелдерінің арасындағы ықпалы арта түсті. 1241 жылы 11-айда Үгедей қаған өлген кезде, қағанның байбіше әйелі әлдеқашан о дүниеге кеткен еді. Төрегене Шагатай әулетінен тараган хандарды шыргалап, солардың қолдауымен мемлекет билігін бірден өз қолына алды. Төрегене елді 1241 жылдан 1246 жылға дейін бес жыл биледі. Ол билік жүргізген кезде көнекөз үәзірлер Шыңқай, Елюй-Чудай қатарлыларды биліктен шеттетіп, этностық қытайлар қоныстанған аймақтарды ортаазиялық мұсылман саудагері Абд ал-Рахман және Ялауачы сияқты адамдарға басқартты. Фатима атты әйел құшынаштың айтқанына сеніп жұмыс атқарды. 1246 жылды ұлы құрылтайға шақырылып, құрылтайда Құйікті ұлы хан етіп сайлады. Көп оттепей өзі де дүниеден отті.

<sup>65</sup> Бұл жыл 1244 жылға тұра келеді.

**«Юаньши», 2-цзюань,  
Патшалар шежіресі II  
«Динцзун»  
(«ЧХШЦ» нұсқасы, 39~42-66.)**

«元史» 卷二 本紀第二  
《定宗》  
(中华书局点校本第39 - 42 页) 译注

**Аударма және түсіндірмелер**

**Д**инцзун Цзяньпин хуанди<sup>1</sup>. Өз аты – Гюйю<sup>2</sup>. Тайцзун-ның тұнғыш ұлы. Анасы Алтыншы қатын, Наймачжэн Қорының қызы<sup>3</sup>. Ол кісі қағанды барыс жылы<sup>4</sup> туды. Тайцзун Аньчжидайдың<sup>5</sup> бастауымен ханзадаларды Цзинь мемлекетіне жорыққа аттандырган кезде, бұл жолғы жорықта қаған мұрагер ханзада ретінде бірге аттанған еді. Осы жолғы жорықта олар Цзинь елінің ханзадасын тұтқындалап алғып қайтты. Осыдан кейін ол тағы Бату бастаган ханзадалармен бірге батысқа жорыққа аттанып, Асу<sup>6</sup> жерінде бір мезгіл тұрды. Ағаш қорған тау бекінісіндеңі қамауды бұзып шығу кезінде, Бату отыздан аса адаммен ғана жаумен шайқасқан еді. Міне, солардың қатарында Динцзун мен Сяньцзун<sup>7</sup> да бар еді. Тайцзун бір кездері жарлық түсіріп, ұлы хан тағының мұрагері деп немересі Шилемәнъеді<sup>8</sup> белгілеген еді. Тайцзун дүниеден өткеннен кейін, ел билігін бір мезгіл қатын басқарды<sup>9</sup>. Содан соң ханзадалар мен нояндар Далянъдабасы<sup>10</sup> деген жерде бас қосып, [Гюйюді] қаған етіп ұлықтау туралы шешімге келді.

Динцзунның бірінші жылры<sup>11</sup> көктемнің бірінші айында, Чжан Жу<sup>12</sup> Хэлинъде<sup>13</sup> қаған ұлы Гюйюге келіп сәлем берді.

Күзгі 7-айда қаған Ванцзисуметули<sup>14</sup> деген жерде қағана ресми түрде отырды. Динцзун ұлы хан тағына отырганнан кейін де, елдегі келелі шешімдерді бәрібір Алтыншы қатын өзі жасап отырды.

Қыста аңға шығып, Емачуанъда арқар аулады. Мыңбегі Ши Цюань<sup>15</sup> қатарлыларды Хуайнанъда<sup>16</sup> қол топтап, Хутугуан қамалына<sup>17</sup> шабуыл жасаура бүйірді. Олар аталмыш қамалды алғып, Хуанчжоуды<sup>18</sup> қоршауға алды.

Екінші жылы<sup>19</sup> көктемде Чжан Жу Сычжоуға<sup>20</sup> шабуыл жасады. Жазда Цюйлюйхуайхэйхасу<sup>21</sup> жерін жайлады.

Күз айында батыс тарапты аралаған сапарға аттанды.

8-айда Еличжицзидаіға<sup>22</sup> Шосымань қосындарын<sup>23</sup> бастап, батысқа жорық жасауды бүйірді. Осы айда мәнгуларға әр жүз отбасынан бір бату<sup>24</sup> шығару туралы бүйіркүй шығарды.

9-айда Тайцзунның қосындары арасынан жарымын іріктеп алғып, бұл қосынды Ециймәнъдаәрдің<sup>25</sup> басқаруына тапсырды.

Қыстың 10-айында, ел-жұрттың басын қосып, халықты әр жерге топтастыра қоныстандырды.

Үшінші жылы, ұлу жылышын<sup>26</sup> көктемгі үшінші айында қаған Хэнсяниәр<sup>27</sup> жерінде дүниеден озды<sup>28</sup>. Ол үш жыл хан тағында отырып, 43 жасында қайтыс болды. Сүйегі Циняньгуге жерленді. Цзяньпин Хуанди деп құрметтеліп, храмдық аты Динцзун деп аталды.

Осы жылды ауарайында алапат құргақшылық болып, өзендер мен бұлақтар тартылып қалды. Құннің шілінгір ыстық болуынан жайылымдар өзінен-өзі өртеніп жатты. Сиыр мен жылқының оннан тоғызы жүттән қырылып, адамдарға жан сақтау қыынға түсті. Хандар мен әр рулас Яньцзинге<sup>29</sup> елші аттандырып, оңтүстік аймақтардан қажетті тұрмыстық бүйімдар, садақ, жебе, ат әбзелдерін көмекке алғызды. Кейбіреулері Сиойдегі Хуэйтуден асыл бүйімдар әкелтті. Енді біреулері Хайдуннен<sup>30</sup> қыран құстар алғызып жүрді. Сөйтіп, арлы-берлі жүрген арбалар мен жүргіншілер күні-түні сабылып жатты. Халықтың әл-ауқаты күрт төмендеп кетті. Сонымен бірге барыс жылышынан<sup>31</sup> бермен қарай зан-түзімнің бір арнаға түспеуі, іш пен сыртта бірдей алауыздықтардың етек алуы

себепті Тайцзун кезінен келе жатқан саясат құлдырауға бет бүрган еді.

<sup>32</sup> Тауық жылы.

<sup>33</sup> Ит жылы.

Динцзун қайтыс болғаннан кейін кімді қаган етіп ұлықтау ісі шешім таппай қалды. Нәтижесінде үш жыл бойы елде қаган болған жоқ. Осы уақытта ел өмірінде орын алған келелі саяси оқиғалардың жай-жапсарының қалай болғаны, қандай шешімдер жасалғанына қатысты жазба деректемелер өте тапшы болғандықтан, бұл туралы жазу мүмкін болмады.

## Тұсіндірмелер

<sup>1</sup> Қытайша 定宗简平皇帝 деп хатталады. Қүйік хан дүниеден өткен-нен кейін, кейінгі мұрагерлерінің оның аруағын құрметтеу негізінде берген қытайлық үлгідегі құрмет аты.

<sup>2</sup> Қытайша 贵由 деп хатталады, Қүйік дегеннің «Юаньши» кітабындағы транскрипциясы. Бұл туралы 116-беттегі 43-тұсіндірмелеге қараңыз.

<sup>3</sup> Бұл туралы 118-беттегі 63–64-тұсіндірмелеге қараңыз.

<sup>4</sup> 1206 жылғы барыс жылы айтылып отыр.

<sup>5</sup> Мәтінде 按只帶 деп хатталған. Бұл адамның аты 阿勒赤歹 (Аләчидал), 按只帶 (Анъчжидай), 按赤台 (Анъчжитай) деп те хатталады. Шыңғыс хан-ның екінші інісі Қатчығынның (Qaṣīyin) ұлы.

<sup>6</sup> Мәтінде 阿速 деп хатталған. Бұл Асы (Ās) немесе Алан (Ālān) деп аталған этонимінің «Юаньши» кітабындағы транскрипциясы. Қатысты деректемелерде олардың аты 阿思 (Асы), 阿宿 (Acy), 阿速惕 (Асути) деп те хатталады. «Құпия шежіреде» оларды Asut деп жазған. Рашид ад-дин кітабының орысша аудармашылары Os деп көрсеткен. Рашид ад-дин кітабының J. A. Boyle жасаған ағылшынша аудармасында Ās деп аударылған.

<sup>7</sup> 宪宗 — Менгу қаганың құрмет аты, қытай тіліндегі толық құрмет атагы 宪宗桓肅皇帝 (Сяньцзун хуансу хуанди) деп аталды.

<sup>8</sup> Мәтінде 失烈門 деп хатталады. Шіремүн Үгедей қаганың немересі, Үгедей қаганың екінші ұлы Көчүдің (Köchü) тұнғыш баласы. Шіремүннің аты «Юаньши» кітабынан басқа кейір қытай деректемелерінде 昔烈門 (Силемэн) деп хатталған. Жувейни оның атын Syugamwн деп, Рашид ад-дин Syugamwн деп жазып кеткен. Ал Плано Карпини оның атын Chirenen деп жазды. Бұл есім расында да Solomon деген аттың түркі-монгол тіліндегі формасы еді (қараңыз: R. Pelliot 1931. 203, 204-б.). Бұл есім ілгеріде несториан керейлердің арасын-

да жиі кездесетін. Дегенмен, бұл есім түрік-монголдар арасында әу бастан-ақ «Шілемүн» деген түрде кездеседі. «Құпия шежіреде» осы тектес адам есімін «Qori-Šilemün-taiži» (Хори-Шіләмүн Тайжы) деп жазған.

<sup>9</sup> Мәтінде қытайша 皇后临朝 (Хуанхуо линъчao) деп жазылған. Бұл жерде 皇后 (Хуанхуо), яғни «қатын» деп Төрекене қатын менделіп отыр.

<sup>10</sup> Мәтінде 答兰答八思 деп хатталған. Бұл реткі құрылтай Қарақорымға жақын маңдағы Шира ордада (Сары орда) болған.

<sup>11</sup> 1246 жыл.

<sup>12</sup> Мәтінде 张柔 деп хатталған. Цзинь мемлекетінің адамы, кезінде монголдардан жеңіліп, Шыңғыс ханга берілген.

<sup>13</sup> 和林 – Қарақорым. Бұл туралы 116-беттегі 40-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>14</sup> Мәтінде 王吉宿灭秃里 деген иероглифтермен хатталған. Бұл жердің орны Қарақорым маңында.

<sup>15</sup> Бұл адамның аты қытайша 史权 деп жазылады.

<sup>16</sup> Қытайша 淮南 деп хатталады.

<sup>17</sup> Қытайша 虎头关寨 деп хатталады.

<sup>18</sup> Қытайша 黃州 деп хатталады.

<sup>19</sup> 1247 жыл.

<sup>20</sup> Бұл жердің аты қытайша 泗州 деп хатталады, қазіргі КХР Цзянсу провинциясы аумағында болды.

<sup>21</sup> Мәтінде бұл жердің аты 曲律淮黑哈苏 деп хатталған.

<sup>22</sup> Мәтінде 野里知吉帶 деп жазылған. «Құпия шежіреде» осы тектес бір адамның аты «Elžigedei» деп жазылған. Ал қытай деректемелерінде бұл ат мәтіндегі үлгіден басқашалау болып 宴只吉帶 (Аньчжицзидаі), 额勒只吉歹 (Эләчжицзидаі), 按只得 (Аньчжидей) деп те хатталады. Үгедей ханның қосын бастығы ретінде мәлім болды. 1230 жылы қол бастап Цзинь еліне жорыққа аттанды.

<sup>23</sup> Шосыман қосындары (搠思蠻部) – бұл туралы «Циньчжәнлу» кітабында: «Тайцзун қаган мен Тайшанхуан ақылдаса келіп, Шолиманды (搠力蠻) Сиой жерін қайталай бағындыру жорығына аттандыры» деген дерек кездеседі. Осындағы Шолиман мен «Құпия шежіреде» кездесетін Чормақан (Согтақан) екеуі бір адам. Ол кезінде Орта Азия, Өңтүстік-Батыс Азия қатарлы жерлерге дейін жорық жасап, Кіші Азияны жаулап алған еді. Елжігедейдің бұрынғы Чормақанға қарасты қосындарды бастап, жорыққа аттанғаны туралы дерек Рашид ад-дин кітабында да бар. Мәтінде бұрынғы 里 иероглифиң орнына 思 иероглифи жазылып кеткендіктен, Шолиман (搠里蠻) деген ат Шосыман (搠思蠻) болып өзгеріп кеткен (қараңыз: «Юаньши», 1-том, 41-беттегі 9-ескертпе).

<sup>24</sup> Мәтінде 拔都 деп хатталған. Бұл батyr (батыр) деген сөздің қытайша транскрипциясы болатын.

<sup>25</sup> Мәтінде қытайша 也曲门答儿 деп хатталған.

<sup>26</sup> 1248 жылғы мешін жылы.

<sup>27</sup> «Юаньши» мәтінінде бұл жердің аты 橫相乙儿 (Хэнсяниэр) деп жазылады. Бұл Qum-Singgir деген байырғы топонимнің қытайша транскрипция-

сы деуге болады. R. Pelliot бұл жердің аты түркше Құм-Сәңгір (Qum-Sängir) дей отырып, оны Бешбалықтың солтүстігі немесе солтүстік-шығысындағы Алтай тау жоталары арасында дейді (R. Pelliot 1931. 197-бет.). Мамандардың анықтауынша бұл жердің нақты орны қазіргі ҚХР ШҰАА аумағындағы Шіңгіл ауданының оңтүстік-шығысында (қараңыз: Хань Жулинъ 1985. 188-6.).

<sup>28</sup> Құйік ханның өлімі туралы парсы авторлары Жүвеини мен Рашид ад-диннің еңбектерінде, не қытайдың «Юаньши» сияқты жәдігерлерінде мардымды дерек жоқ. Біз аударып отырған «Юаньши» кітабының да бұл туралы берген деректері осы ғана. Құйік ханның өлімі туралы бірден-бір мәлімет беруші Рубрук болды. Ол өз саяхатнамасында өзінің әлдекімдерден Құйіктің Бату берген бір дәріні жегеннен кейін тосыннан опат болғанын естігенин, тағы біреулерден осыдан бұрын Құйіктің Батуға тізе бұту туралы жарлық шашқанын, Бату Құйікпен кездесуге өзі бармай, өзінің Stican есімді інісін жібергенін, қонақасыда екеуі сөзге келіп, біріне-бірі қол жұмсал екеуінің де опат болғанын жағған (қараңыз: Plan Carpini және William Rubruk. 257-бет). Дегенмен, ордада орын алған түрлі жанжалдарға қараганда, Құйік пен Бату арасындағы жанжал қыпшақтарды жаулап алу жолында Дешті Қыпшақ жерінде жорықта жүрген кезде басталғаны байқалады. Сол кезде Құйік Батудың әскер басқарудағы кей әдістерін жараттпай оны қорлап, біраз сөздер айтқан көрінеді. Кейінде екеуінің арасындағы кикілжің өршіп кеткен. Сол себепті, Құйікті ұлы хан сайлау рәсіміне Батуды неше дүркін шақырса да, ол өзінің денсаулығын сұлтау етіп бармай қойған. Құйік ұлы хан тағына отырысымен елдің батыс жақ шекарасын көремін деген желеумен Еміл бойына қарай аттанып кетті. Бұл шындығында Батуға қарсы іштей жоспарланған жорықтың бастамасы еді. Оның бұл ойын сезгендердің бірі Төленің әйелі Сорқастани begim болды. Ол адам жіберіп бұл сұмдықты Батуға жеткізді. Бату өз әскерін бастап, шығысқа қарай жылжып келеді. Міне, осы оқигаларға негізделе отырып, Құйіктің өліміне Батудың қатысы болғаны туралы Рубрук хатқа түсірген қауесеттің жаны бар деуге де болады.

<sup>29</sup> Яньцзин (燕京) — қазіргі Пекин қаласы.

<sup>30</sup> Мәтінде 海东 деп хатталған. Қазіргі ҚХР Ішкі Монголия автономиясындағы Хулунъбэйәр (呼伦贝尔) көлі айттылып отыrsa керек.

<sup>31</sup> 1242 жыл.

<sup>32</sup> 1249 жыл. «Юаньши» кітабы бұл жылы болған оқигаларды көрсетпеген.

<sup>33</sup> 1250 жыл. «Юаньши» кітабында бұл жылы болған оқигалар да көрсеттілмеген.

**«Юаньши», 3-цзюань,  
Патшалар шежіресі III  
«Сяньцзун»  
(«ЧХШЦ» нұсқасы, 43—56-66.)**

«元史» 卷三 本紀第三  
《宪宗》  
(中华书局点校本第 43 - 56 页) 译注

**Аударма және түсіндірмелер**

**С**яньцзун Хуансу Хуанди<sup>1</sup>. Өз аты Мэнгу<sup>2</sup>. Толәйдің тұнғыш ұлы. Анасы Чжуаншэн Тайхоу<sup>3</sup>. Целе елінің қызы<sup>4</sup>, оның аты Солухэтени<sup>5</sup>. Ол ұлу жылы, 12-айдың 3 жаңасында қағанды туды<sup>6</sup>. Ол туылған кезде жүлдышнама аша білетін Хуанхуда руының<sup>7</sup> бір балгер адамы қағанга бал ашып: «бұл бала келешекте ұлы адам болады екен» деп сәуегейлік айтқан екен. Сол себепті, оған Мэнгу (Мэнгу — қытайша жасы ұзақ деген мағынада)<sup>8</sup> деп ат қояды. Тайцзун өз иелігінде хан болып жүрген сонау бір ерте кезде, оны өз қамқорлығына алып, Аньхуэй хуанхуудың<sup>9</sup> тәрбиелеуіне арнайы тапсырады. Мэнгу ержеткеннен кейін, оған Холула руындағы<sup>10</sup> Холичай<sup>11</sup> деген қызды айттырады және өзіне қарасты ел-жүртynan оған тиісті еншісін бөліп береді. Жуньцзун<sup>12</sup> қайтыс болғаннан кейін, Мэнгу оны өз иелігіне қайтып келуге бүйірлады. Ол өз өмірінде түрлі жорықтарға қатысып, небір ғажайып ерліктер жасады. Цинъча еліне жорық жасаган кезде<sup>13</sup> олардың ханы Бачиман<sup>14</sup> теңіздің ортасындағы бір

аралға барып бекінеді. Қаған<sup>15</sup> бұл хабарды алғаннан кейін дереу сол жаққа жорыққа аттанады. Ол бұл жерге барған кезде қатты дауыл тұрып, теңіз сүйін ығыстырып, аралмен ортаға су тартылып қалады да, ол аралға қарай отуге мүмкіншілік алады. Қаған бұған қатты қуанып: «Тәңірім бұл жолы менің жолымды ашып тұр екен!» дейді. Артынша жорық жасап аралға басып кіріп, жаудың әскерін қынадай қырып тастап, Бачиманды тірідей қолға түсіреді. Ол оған тізенді бұк деп бұйырады. Бачиман: «Мен бір елдің ханымын. Шыбын жаным үшін неге үлкен басымды кішірейтіп саған жалбарыным керек. Оның үстіне мен «шөк» десе шөгетін түйе емеспін. Мен не себепті қайдагы біреудің шөк дегеніне шөгуім керек?» — дейді. Сонымен, оны байлап-матап абақтыға салады. Сол кезде Бачиман құзетшілерге: «Мен теңіздің ортасына қашып келіп, балықтың көрген күнін көрдім. Сонда да шыбын жанымды сақтай алмай, қор болып қолға түстім. Бұл сірә, тәңірдің жазмышы шығар. Теңіз сүйіншің қайта шалқытын уақытын таяп қалды. Сендер енді әскерлерінді дереу шегіндірулерің керек» — дейді. Қаған бұл хабарды ести салысымен әскерін дереу кейін шегіндіреді. Соның аралығында теңіз сүйі да қайта шалқып барада жолды басып қалады. Нәтижесінде қосынның соңында қалған бір бөлім қол теңізден малтып отеді. Осыдан кейін ол Бату ханзадамен бірге Волосы тайпасына<sup>16</sup> жорық жасап, Елецзань қаласына<sup>17</sup> дейін барды. Осы соғыста олар қан майданға бел шеше кіріп, асқан ерлік көрсетіп, ақыры қаланы басып алады.

Мешін жылы<sup>18</sup> Динцзун<sup>19</sup> дүниеден өтті. Елге ұлы хан сайланбай, бұл орын көп уақытқа дейін бос тұргандақтанды, орданың іші-сыртында не түрлі өсек-аяндар тарап жүрді. Көпшілік қауым қағанды<sup>20</sup> лайықты деп қараганымен, хан тағынан дәмелілердің саны тым көп болып шықты. Сөйтіп, хан сайлау қиынға түсіп, уақыт созыла берді<sup>21</sup>. Ханзада Баду<sup>22</sup>, Мугә<sup>23</sup>, Алибугә<sup>24</sup>, Сойгэту<sup>25</sup> Тачаәр<sup>26</sup>, Улянхэтай<sup>27</sup>, Сунидей<sup>28</sup>, Темудеәр<sup>29</sup>, Есубухуа<sup>30</sup> қатарлылар Алатохулау<sup>31</sup> деген жерде бас қосты. Бас қосуда Баду бірінші болып Мәнгуді ұлы хан етіп ұлықтау туралы өз ұсынысын ортаға салды. Отыргандардың арасында Динцзуннің қатыны Хаймиши<sup>32</sup> жіберген Бала<sup>33</sup> деген елшісі бар еді. Ол: «Тайцзун өзінің көзінің тірісінде хан тағын өз немересі Шилемэнъге<sup>34</sup> беру туралы бүйрық бергенін осы отырган ханзадалар мен нояндар ет

құлақтарыңмен естіген едіндер. [Сендер] Шилемәнънің көзінің тірі тұрганына қарамастан хан тағын басқа біреуге бермекші болып отырысыңдар. Бұл Шилемәнъді қай басынғандарың?» дегенді айтады. Осы кезде Мугэ: «Тайцзунның жарлығына кім қарсы келер? Бірақ, өткен жолғы хан сайлауында, Динцзунды хан етіп сайлаған Толехунай<sup>35</sup> мен осы сендер емес пе едіндер? Ендеше, Тайцзуннің жарлығына ең бірінші болып мына сендер қиянат жасаған болатынсыңдар! Енді бүгін бізді қалай кінәламақшысыңдар?» — дейді. Сонымен, Баланың аузы буылып қала береді. Осыдан кейін сөз алған Улянъхадай: «Мәнгудің ақылы мол, аса білікті екенін жүрттың бәрі біледі. Сондықтан Бадудың пікірі өте орынды деуге болады» — деді. Іле-шала Баду бұл шешімді жүртқа жария етеді. Қөпшілік шешімді бірауыздан құптады. Мәнгуді хан сайлау шешімі міне, осылай қабылданды<sup>36</sup>.

Сяньцзунның бірінші жылы 6-айда<sup>37</sup>, батыс тараптағы ханзадалардан Безөргэ<sup>38</sup>, Тоха-Темуэр<sup>39</sup>, шығыс жақтағы ханзадалардан Егу<sup>40</sup>, Тоху<sup>41</sup>, Исунгэ<sup>42</sup>, Анчжидай, Тачаэр, Белигудай<sup>43</sup>, батыс жақтағы қолбасылардан Банличи<sup>44</sup> қатарлылар, шығыс тараптың қолбасыларынан<sup>45</sup> Есубухуа қатарлылар Хотеуаланъда қайтадан бас қосып, құрылтай өткізеді. Мәнгуді Вонань өзенінің жағасында ұлы хан деп ұлықтап, хан тағына отырғызды<sup>46</sup>. Шилемәнъ мен оның інісі НАОХУ<sup>47</sup> қатарлылар бұған құрылтай өткеннен кейін де ана-мына сөздерін айтып, наразылық танытып жүрді<sup>48</sup>. Қаған Сюэйле<sup>49</sup> мен Манкә Саэрға<sup>50</sup> әскер беріп, олардың басқан-тұрганын бақылап отыруды тапсырды<sup>51</sup>. Есу Манкә, Були<sup>52</sup>, Хочжә<sup>53</sup> қатарлы ханзадалар уағдалы жерге өз уақытында келмегендіктен, қаған Булянцзидәй<sup>54</sup> ноянға әскер беріп, олардан сақтануды бүйірді<sup>55</sup>. Сонымен бірге ел өміріндегі түрлі істерді шешудің жолдарын қарастыра бастады. Сонымен, этностың мәнгүлер мен этностың қытайлар қоныстанған аймақтарды басқаруды өз інісі Хубилайға тапсырды. Әмудария қатарлы жерлердің әкімшілік жұмыстарын басқаруды Аэрхунга<sup>56</sup> міндеттеді.

Осы жылы қыста, Анчжицзидай қаған жарлығына бағынбаған-дықтан, Хәданды<sup>57</sup> жіберіп, оны өлтіріп таstadtы әрі оның бүкіл мал-мұлкін тәркілеп алды.

Екінші жылы жазда<sup>58</sup> қаған Хәлинъге келіп, осы жерде ханзадаларды әр аймақтарға көшірді. Мұнда, Хаданды Бешибали

жеріне<sup>59</sup>, Мелиді<sup>60</sup> Еәрдәши өзенінің<sup>61</sup> бойына, Хайдуды<sup>62</sup> Хаяли жеріне<sup>63</sup>, Беәргені Гюйәрчжи жеріне<sup>64</sup>, Тотонды<sup>65</sup> Емили жеріне<sup>66</sup>, Мәнгәду<sup>67</sup> мен Тайцзунның қатыны Цилицзи-Хутәниді<sup>68</sup> Кодуан қоныстанған жердің<sup>69</sup> батыс жағындағы жерлерге қондырды. Бұрынғы Тайцзунның қатындарының иелігінде болып келген малмұлік ханзадалардың еншісіне бөлініп берілді<sup>70</sup>. Динцзунның қатыны мен Шилемәннің анасы бақсы ойнатып, сиқырлық жасатып, қарғыс айтқаны туралы оқиғаның беті ашылып қалғаннан кейін, олардың барлығы өлтірілді<sup>71</sup>. Шилемән, Есу, Були қатарлылардың атақ-дәрежесі төмендетіліп, Моточи<sup>72</sup> деген жерге жіберілді. Хәчжи<sup>73</sup>, НАОХУ, Есунто<sup>74</sup> қатарлыларды қосында бақылауда үстады<sup>75</sup>.

Құзғі 7-айда, Хубилайды Далиді<sup>76</sup> бағындыру жорығына аттандырып салды. Туәрхуа<sup>77</sup>, Сали<sup>78</sup> қатарлыларды Шэньдуды<sup>79</sup> бағындыру жорығына, Цедәбухуаны<sup>80</sup> Молисиді<sup>81</sup> бағындыру жорығына, Сюэйлені Сиойдегі Судан мемлекеттерін<sup>82</sup> бағындыруға жорыққа аттандырды.

9-жылы<sup>83</sup> қаған Даюйшань<sup>84</sup> тауында 52 жасында дүниеден өтті<sup>85</sup>. Ол ұлы хан тағында жиыны тоғыз жыл отырды. Ол өмірден озғаннан кейін Хэнсу Хуанди деген атақ берілді. Храмдық аты Сянцзун деп аталды.

Қаған қайсар әрі қырағы адам еді. Ер тұлғалы аса батыр болатын. Қөп ойланып, қөп толғанатын, мінезі шорт адам болатын. Сөзі аз, шарап ішіп той-думан, сауық-сайран құруға құлықсыз еді. Аста -төк ысырапшылдыққа жаны қарсы болатын. Өз қатындары болса да өлшеулі мөлшерден аспауды ескеертіп отыратын. Тайцзун билік жүргізген кезде, нояндар өз білгендерін істеп, елдің саяси өмірінде бір кез бейбастық етек алған заман болған еді. Сянцзун билік басына шыға салысымен, түрлі бүйректар мен патша жарлықтарын өз қолымен жазатын. Жазған дүниелерін кемінде төрт мәрте өзгертіп шыққаннан кейін барып, жария етуші еді. Қаған нояндарға аса қатал талаптар қоятын. Сонау бір кездері ол өзінің арнаулы жарлығын жария етіп: «Сендер егер менің аузымнан мадақтаған сөзді естісендер болды, аспансып, өздерінді қоярга жер таппай масаттанып кетесіндер. Жамандық атаулының барлығы міне осындай масаттанумен ілесе жүретінін білесіндер ме! Ондай болса, бұл жағын сендер әркез ескеріп отыруларың керек!» деген еді. Сянцзун қаған аң аулап саят құруға құмар аңқос адам еді. Мұнысын ол

өзі ата-бабаның салтын құрметтеу деп түсіндіретін. Ол еш уақытта басқа ел әмірін өзіне үлгі тұтпайтын. Дегенмен, ол бал аштырып, бағын сынатуга сеніп, оны әдепке айналдырган. Қандай да бір іс болсын ол қашанда балшыларға бал аштырып, мән-жайды сұрап отыратын. Ол бірде-бір күнін балсыз өткізбейтін, әрі мұндаидан әмірі жалақпайтын.

## Түсіндірмелер

<sup>1</sup> Сянъцзун Хуансу Хуанди (宪宗桓肃皇帝) — Менгу қаганның құрмет аты.

<sup>2</sup> 蒙哥 (Мэнгу) — Мөңке (Möngke). Мэнгу сөзінің мән-мағынасы туралы 116-беттегі 44-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>3</sup> Чжуаншэн Тайхоу (庄圣太后) — бұл Мөңке хан мен Құбылай хан-ның анасы болған Сорқақтани катын қайтыс болғаннан кейін, артта қалған үрпақтарының оны құрметтеу негізінде қытайлық үлгіде қойған құрмет аты.

<sup>4</sup> Мәтінде оның шыққан елін 怯烈 (Целе) деп хаттаған. Бұл — Керей этномимінің «Юаньши» кітабында кездескен тағы бір түрлі транскрипциясы.

<sup>5</sup> «Юаньши» кітабының бұл тұсында оның аты 唆魯禾帖尼 (Солухэтени) деп хатталған. Ал «Юаньши» кітабы, 106-цзюань, «Хоуфэйбяо» («后妃表») белімінде оның аты 缪勒噶塔纳 (Сауләгәтана) деп хатталады. Рашид ад-дин кітабының түрлі нұсқаларында да біркелкі емес. Онда Sôrqôqtai, Sorqôqtai және Srqûqtñ-bîkî болып кездеседі. «Құпия шежіреде» Сорқақтани-бекі (Sorqaqtani-beki) немесе Сорғақтани (Sorghaqtanî) болып келеді. Оның қалай аталғаны және атының неңдей мағынасы болғаны тұрасында, аталмыш заманды зерттеген ғалымдардың тоқталмаганы кемде-кем. П. Пелио бұл ат Soyourgha деген сөзден келген дей отырып, «түрік және монгол тілдерінің екеуінде де Soyourgha сөзі жоғары мәртебедегілердің өзінен төменгілерге берген сауғасы немесе жасаған мейір-шапағаты деген үғымды білдіреді» деп түсіндіреді (P. Pelliot 1930. 302, 303-беттер).

<sup>6</sup> Ұлы жылғы 1208 жылға тұра келеді.

<sup>7</sup> «Юаньши» кітабының осы белгінде бұл тайпаның аты 黄忽答 (Хуанхуда) деп транскрипцияланған. Бұл Конқотан (Qonqotan) деген ру атының тағы бір түрлі транскрипциясы болура тиіс. Конқотан (Qonqotan) тайпасының атын «Юаньши» кітабында 晁忽坛 (Хуанхутань) деп те жазған. «Құпия шежіре» қатарлы еңбектер оларды «Конқотан (Qonqotan)» немесе «Хонхотан» деп жазды.

<sup>8</sup> Мәтінде бұл сөздер қытайша: 蒙哥, 华言长生也 (Мэнгэ, хуаянь чаншэ-не) деп ұсақ иероглифтермен жазылған. Бұл тіркесті мәтінде көрсетілгендей «Менгу — қытай тілінде: жасы ұсақ деген мағынада» деп аударып, жақша ішіне алып қойдық.

<sup>9</sup> Мәтінде 昂灰皇后 (Анхуэй хуанхоу деп хатталған. Рашид ад-дин қатарлылар да Үгедейдің бұл әйелінің атын Аң-хәй қатын деп жазған.

<sup>10</sup> 火魯刺 (Холула) – Қорұлас (Qorulas//Qorlos) деп аталағын тайпа. Қонырат тайпасының бір тармағы. Бұл туралы толығырақ 91-беттегі 185-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>11</sup> Мәтінде 火里差 (Холича) деп хатталған. Рашид ад-дин де осылай деп жазады. Эйтсе де, Рашид ад-дин Мөңкенің бәйбіше әйелінің атын Құтықүй қатын деп жазған. Бойле болса Qutuqtai деп аударған. «Юаньши» кітабында Хутай және Худутай деп екі түрлі жазды, әрі оны Қоныраттың Дей шешенінші шөбересі дейді.

<sup>12</sup> 睿宗 (Жүйцзун) – Төленің қытайлық үлгідегі храмдық есімі.

<sup>13</sup> Бұл жорыққа олар 1235 жылы Монголиядан аттанды. Бұл туралы 116-беттегі 45-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>14</sup> Мәтінде 八赤蛮 (Бачиман) деген үш иероглифпен хатталған. Рашид ад-дин Бачман деп жазып, оның шыққан елін қыпшақтың олбурлук руының әмірі деп көрсеткен. Рашид ад-дин кітабының ағылшынша аудармасында ағылшын ғалымы J. A. Boyle бұл рудың атын Ülirlik деп аударған. Сонымен бірге бұл қыпшақтың Ilberi деген руы болуы керек деп түсіндірме берген (J. A. Boyle 1971. Р. 58).

<sup>15</sup> Мәтінің бұл бөлігінде «қаган» деп Мөңке қаган айтылып отыр.

<sup>16</sup> Мәтінде 鞢罗思部 деп хатталған. Бұл жерде орыс елі айтылып отыр.

<sup>17</sup> Мәтінде қытайша 也烈贊城 (Елеңзанъчэн) деп хатталған. Бұл Рязань деген қала атының аталағыш дәүірге тән қытайша транскрипциясы делінеді.

<sup>18</sup> Мешін жылы – 1248 жыл.

<sup>19</sup> 定宗 (Динцзун) – Қүйік хан.

<sup>20</sup> Бұл жерде Мөңкені мензеп отыр.

<sup>21</sup> 1249–1251 жылдар аралығында ұлы хан тарғы бос тұрды. Мемлекетті ұлы Қаймыш басқарды.

<sup>22</sup> 拔都 (Баду) – Жошы ханның тұнғыш ұлы Бату немесе Батый.

<sup>23</sup> 木哥 (Мугә) – Муке немесе Мука, Төленің ұлы.

<sup>24</sup> 阿里不哥 (Алибүгә) – Арық Бөкө (Ariq-böke) немесе Арық Буқа? (?–1266). Төленің ұлы, Құбылай ханның бірге тұган інісі.

<sup>25</sup> Мәтінде 噟亦哥禿 (Сойгәту) деп хатталған.

<sup>26</sup> 塔察爾 (塔察儿) – Тачар. Ол тарғы Тогочар деген атпен белгілі Темүге Отчигиннің немересі.

<sup>27</sup> 乌янхэтай (兀良合台) – Урянхатай немесе Урянхадай. Сүбегетей ба-тырдың ұлы.

<sup>28</sup> Мәтінде 速你帶 деп хатталған.

<sup>29</sup> 蒙木迭兒 (帖木迭儿) – Темүдер.

<sup>30</sup> 鄭不花 (也速不花) – Есүбұқа. Үгедей ханның немересі, Меліктің ұлы.

<sup>31</sup> Мәтінде 阿拉脫忽刺兀 деп хатталған. Жувейни бұл жердің атын Ala-qamaq/Ala-qamaq? деп, Бартольд Alaqamaq деп жазған. Пеллио 阿拉脫忽刺兀

(Алатохулаэр) деген тіркесті Ala-toghra'у<sup>32</sup> деп қалпына келтірген (P. Pelliot 1931, 210-бет). Сонымен, Ala-Toghraq/Ala-tograq<sup>33</sup> деп аталатын бұл жер Қойлық қаласының батыс жағында онша алыс емес жерде (жеті күндік жерде) болған. Бұл жер Алматы облысы аумағына тура келеді.

<sup>32</sup> 海迷失 (Хаймиши) – Ұғул-Қайміш (Uγul- Qaimish). Қүйік ханның бәйбішесі, ойрат begi Құтұқа бектің қызы. Ұғул-Қаймішті меркіт қызы деушілер де бар. Қүйік өмірден өткеннен кейін, Ұғул-Қайміш Еміл мен Қобықтағы Үгедей ұлысының ордасына қайтып келеді. Бату осыдан шамалы уақыт бұрын Қүйіктің батысқа жылжуының ішкі мәні туралы Сорқақтаниден құпия мәлімет алғаннан кейін, Қүйіктен келетін қауіптің алдын алу мақсатында өз қосындарымен Жошы Ұлысының шығыс бөлігіндегі Үгедей және Шагатай ұлыстарымен шектескен аймаққа келген еді. Бату бұл ретте қалыптасан жөнжосықтарға сәйкес, ұлы орданы Қүйіктің қатыны Ұғул-Қайміштің басқаруына беріп қойғанымен, іс жүзінде Төленің жесірі Сорқақтанимен байланыс жасай отырып, Мөңкені ұлы хан тағына отыргызуға әрекеттенді. Жувейнидің мәлімдеуіне қарaganда Ұғул-Қайміш өзінің діттеген мақсатына жету жолында кезінде Батумен арадағы қатынастарды реттеу үшін Quса, Naқу деген ұлдарын Батуға жиберген, бірақ Бату оған онша оң қабак танытпаса керек. Олар онда «бірер күн еру болып» кері қайтып кеткен көрінеді (Ju-vainy, I. 290-бет). Себебі, Бату Қүйіктің бір кезде Дешті Қыпшақты жаулап алу жорығында өзін қорлап айтқан сөзін еш уақытта ұмытпаған еді. Қала берді Қүйіктің ұлы хан тағына отыра салысымен «Емілдің бойына барып емделемін» деген сұлтаумен Батуға жорыққа аттанған қастандығы тағы бар. Осы себепті Батудың бастамашылығымен үйімдастырылған бұл реткі ұлы хан сайлау құрылтайына Үгедей әuletінен Қаданнан басқалардың барлығы қатысадан бас тартқан-ды. Ал, Шагатай әuletінен тарагандарға келсек, бұл тұста ұлыс билігін ұстап отырган Eсу-Мөңкені кезінде Төрегене қатын хан етіп ұлықтарғандықтан, олар да Үгедей әuletінің сойылын соғуға мәжбур болып қалған. Нәтижесінде Шыңғыс ханның тұңғыш ұлы Жошы мен кенже ұлы Төле әuletі бір топ, Шагатай мен Үгедейден тараган әulet бір топ болған тақ таласы тоңіргіндегі жанжал өрши тұсті.

<sup>33</sup> Мәтінде 八刺 деген хатталған. «Юаньши» кітабы бұл адамның шыққан тегін үйғыр дег мәлімдейді.

<sup>34</sup> 失烈門 (Шилемэн) – Шіремүн, өз дәүірінде түркіше Šlemün немесе Chiremün // Chiremun делінсе керек. Пеллио мұны монгол сөзі емес дей келіп, Salomon деген сөздің иран тіліне бейімделген көрінісі деп қарайды (P. Pelliot, J. A. 1914, I, 498; P. Pelliot 1931, 217-бет).

<sup>35</sup> Мәтінде Төрегене қатынның есімі 脱[忽列]列忽乃 деген хатталған. Бұл «Юаньши» 106-цзюань «Хоуфэйбяо» («后妃表») және басқа бөлімдерінде көрсетілген 脱列哥那 (Толегэна) деген транскрипцияларға негізделіп жасалған түзету (қараңыз: «Юаньши», 1-том, 54-бет, 2-ескертпе).

<sup>36</sup> Шын мәнінде бұл реткі хан сайлауында Шагатай мен Үгедей үрпақтары құрылтайға қатысадан бас тартып қана қоймай, ұлы хан сайлауы Монголиядағы

Шыңғыс хан ордасында өткізілуі керек деген сұлтаумен сайлау нәтижесін мойындаудан үзілді-кесілді бас тартты. Артынша монгол ақсүйектері арасында тақ таласы үшін қиян-кескі шайқас орын алды. Міне, осындай себептерге байланысты, келесі жылы Бату мен Мөңке Монголиядағы Шыңғыс ханның ұлы ордасында хан сайлауын қайтадан өткізуге бекінді.

<sup>37</sup> 1251 жыл.

<sup>38</sup> 别儿哥 (Беэргэ) — Берке. Батудың інісі. Бату бұл жолы Беркеге қалып қол бастатып, Мөңкені Монголияға қорғап алып баруга жұмсады. Сол арқылы монгол ақсүйектерінің арасындағы құрылтайға қатысқысы келмегендеге сес көрсетті.

<sup>39</sup> 脱哈帖木儿 — Тоқа-Темір.

<sup>40</sup> 也古 (Егу) — Йегу.

<sup>41</sup> 脱忽 — Тоху, Үгедейдің Мелік деген ұлының баласы.

<sup>42</sup> 亦孙哥 (Исуньгэ) — Иисунке, Жошы Қасардың ұлы.

<sup>43</sup> 别里古带 (Белигудай) — Билгутай.

<sup>44</sup> Mətinde 班里赤 деп хатталған.

<sup>45</sup> 也速忙可 (Есу манкә) — Йису-Менгү, Шагатай ханның ұлы.

<sup>46</sup> Бұл реткі құрылтайға Үгедей мен Шагатай әuletінен тараган ақсүйектер түрлі кедергілер жасаумен болды. Нәтижесінде құрылтай ашылмай, уақыт созыла түсті. Ақыр соңында Төле құрылтайды бұдан әрі кешіктіремеу туралы шешім қабылдады. Құрылтай 1251 жылдың маусымында Керулен өзенінің жоғарғы бойындағы Қөдеге-Аралдағы Шыңғыс ханның ордасында рең түрде өтті. Құрылтайдың батыс пен шығыстан келген хандар мен нојандар Мөңкені бірауыздан ұлы хан деп ұлықтады.

<sup>47</sup> 脑忽 (Наоху) — Наху (Naqu), Күйік ханның ұлы.

<sup>48</sup> Ұлы қаған ұлықтау рәсімі жасалып жатқан кезде Шіремүн мен Қүйік ханның ұлдары Нақу, Қарағардың ұлы Тоқтай қатарлылар бірлесіп, ордаға сөлем бергелі барамыз деген атпен ордада бүлік шығару қамына кіріскең еди.

<sup>49</sup> Mətinde 旭烈 (Сюэй ле) деп хатталған. «Юаньши» кітабында Хұлагу ханның аты 旭烈兀 (Сюйлеу) деп хатталады. Mətindеги 旭烈 (Сюэй ле) Хұлагу екені, не сол аттас ханзадалардың бірі екені беймәлім.

<sup>50</sup> Mətinde 忙可撒儿 деп хатталған.

<sup>51</sup> Бірақ бұл қастандықтары ашылып қалды да, Мөңке хан Мөңкесары мен Хулагуды жіберіп, олардың жолына тосқауыл қойды. Тексере келе Шіремүн нөкерлерінің бірі болған істі айтып береді. Сонымен, Мөңке бүлікке қатысы бар 70-тен аса адамды жазаға тартып, өлтіріп тастайды. Осы оқиғаны жоспарлаушылардың бірі Қадақ нојанды өлімге үкім етеді. Шагатай немересі Иесунто мен Шіремүн екеуі жоспардың бұзыла бастағандығын көріп, де-реу тізе бүгеді. Осыдан кейін Мөңке қолбасшыларына жарлық түсіріп, 100 мың әскермен Алтай тауларына қарай жорыққа аттандырып, Ұйғыр уәлаятты мен Қойлық жаққа қарай жорық жасайтын ыңғай танытады. Бұқа деген қолбасшысын 20 мың қосынмен Кем-Кемшік уәлаяттына жібереді.

<sup>52</sup> 不里 (Були) — Бури, Шагатайдың немересі.

<sup>53</sup> 火者 (Хочжә) — Кожа.

<sup>54</sup> 不怜吉得? (Булянъэйдэй) — Бүрүнтай. Деректемелерде Бүрүнтай ноян деген атпен әйгілі адам.

<sup>55</sup> Мөңке таққа отырганнан кейін Үгедей мен Шагатай әuletінен құрылтайға қатысадан бас тартқан хан нояндары мен қатындарына ордага келу туралы бүйріқ береді. Сонымен бірге елші аттандырып, Құйік хан кезінде парсы жеріне жіберген Елжігедей мен Шагатайдың немересі Буриді тұтқындал, Ба-тудың қолына берді. Шагатай ұлысының хан тағында отырган Иису-Менгуді орнынан алыш тастап, орнына осы жолғы хан сайлауында өзін қолдаған Қара-Хулагуды хан сайлайды. Осылайша жазалау жалғаса береді. Ақырында Шыңғыс ханның замандасы, монғолдың үш бірдей қағанына ақылшы болған қарт ноян Шыңқай да өлтіріледі. Сол сияқты Үғұл-Қаймішпен ниеттес болған үйір Ідиқ-Құттының да басы алынады. Осы жолғы тақ таласы барысында Мөңке Шыңғыс хан әuletінен тараган хандардан, қатындар мен нояндардан үзын саны 300-ден астам адамды өлтірді.

<sup>56</sup> 阿爾浑 (Аэрхунь) — Аргұн, ойрат тайпасының адамы. Үйғыр жазуына жетік болғандықтан, Үгедей ханның заманынан бітікші міндептін атқарумен бірге, қосымша Әмудариядан батысқа қарайғы парсы жерінің әкімшілік істерін басқаруға да жауапты болып келді. Мөңке хан тағына отырганнан кейін оны бұрынғысынша сол аймақтарды басқаруға жіберді. Оның мансабы Екеяр quchi деп аталды. Мөңке парсы жұртын бағындыру мен басқаруға Хулагу ханды жібергеннен кейін ол осы аймақтың қаржы істерін басқарды. Құлагу хан Ілхан хандығын орнатқаннан кейін Аргұн бұрынғысынша хандықтың қаржы істерін басқаруға жауапты болды. Кейін келе Хорезм аймағын биледі. 1275 жылы дүние салды.

<sup>57</sup> 合丹 (Хәдань) — Қадан.

<sup>58</sup> 1252 жылдың жазы айтылып отыр.

<sup>59</sup> 别石八里 — Бешалық, қаланың орны қазіргі ҚХР ШҰАА Үрімжі қаласынан шығысқа қарайғы Жемсары (吉木萨尔) аудан орталығының солтүстік жағындағы Почәнцызы деген жерде. Қала қытай деректемелерінде Бәйтін (北庭) деп атальп келді. Бесбалық (бес қала) дегенге жеке-жеке Beş baliq (别石八里), Qara-Qoča (哈刺火州), jambalıq (彭八里), Yangibalıq (仰吉巴里), Solmi/Sulmi (唆里迷) деген бес қала кірген (Шан Яньбинь 1999. 19-бет). М. Қашқарі бұл қалалардың атын: Сұлми, Құжы, Жанбалық, Бешбалық, Йаныбалық деген жазған (қараңыз: М. Қашқарі. 143-б.). Мұндағы бес қаланың ішіндегі Сұлми қаласының орны көп заманнан бері жұмбақ болып келген еді. Қытай ғалымдары Гэн Шэмін мен Чжан Гуанда қатарлылар «Сұлими туралы зерттеу» («唆里迷考») деген мақаласында Тұрпан жазбаларын мұсылман деректемелерімен салыстыра келіп, ең соңында Solmi/Sulmi деген Ағни (қытайша: 焉耆 — Яньци) қаласының тары бір аты деген қорытынды шығарады (Чэнь Дәчжи 1997 (13), 148-бет).

<sup>60</sup> 蔑里 (Мели) — Мелік немесе Мелік оғұл, Үгедейдің ұлы. Осы жолры ұлы хан тағы үшін болған күресте Мөңкенің жақтастарының бірі болды.

<sup>61</sup> «Юаньши» кітабының бұл тұсында Ертіс топонимі қытайша 叶儿的石河 的石河 деп транскрипцияланған. Бұған дейін Ертіс топонимінің 也儿的石 (Еэрдэши) деген транскрипциясы болған.

<sup>62</sup> 海都 (Хайду) — Қайду (Qaidu), Үгедей ханның немересі. Осы жолры ұлы хан тағы үшін болған күресте Мөңкенің жақтастарының бірі болды. Мөңке хан оның иелігіне Қойлық қаласын орталық еткен аймақты берді.

<sup>63</sup> Мәтінде 海押立 (Хаяли) деп хатталған. Бұл Жувейни «Qayalghı» (қараңыз: Juvalyu. 44-б), Рубрук «Cailac» деп жазған қаланың «Юаньши» кітабындағы қытайша транскрипциясы. Орны Алматы облысы Қойлық (бұрынғы Антоновка) ауылының шығыс жақ шетінде Аңыбылақ өзенінің жағасында (К. Байпақов 2005. 90-бет).

<sup>64</sup> Мәтінде 曲儿只 (Цюйэрчжи) деп хатталады. «Юаньши» кітабының басқа тұстарында 谷儿只 (гуэрчжи) деген транскрипция бар. Бұл Georgia, атап айтқанда Гурджистан (Грузия) дегеннің баламасы деп қаралады.

<sup>65</sup> Мәтінде 脱脱 деп хатталған. Тоқто — Үгедейдің төртінші ұлы Қарачардың ұлы. Еміл жері осыған дейін Қүйіктің кенже ұлы Хохудың (Хоқу) иелігінде болып келген еді. Мөңке хан осы жолы бұл иеліктің бір бөлігін Тоқтоның еншісіне бөліп берді.

<sup>66</sup> Мәтінде 叶密立之地 деп хатталған. Қытай деректемелерінде оның 叶迷里 (Емили) деген транскрипциясы да бар. Еміл ерте заманнан өзен аты, жер аты және қала аты ретінде белгілі. Ерте заманғы Еміл қаласының орны қазіргі КХР ШҰАА Дөрбілжін ауданының шығысында Еміл өзенінің бойында болды. Қаланы бір кездері батысқа ауған Қарақытай билеушісі Елюй-Тайшы астана еткен.

<sup>67</sup> Мәтінде 蒙哥都 деп хатталады. Рашид ад-дин қатарлылар оның атын Мункату немесе Мунгеду деп жазады. Мұнқату — Үгедей ханның Құттан деген ұлының баласы.

<sup>68</sup> Мәтінде 太宗皇后乞里吉忽帖尼 (Тайцзу хуанхуо Җилицзиҳутени) деп хатталған. Үгедей ханның әйелі. Рашид ад-дин кітабында Киргис-Хутәни деп жазылған.

<sup>69</sup> Мәтінде 扩端 деп хатталған. Бұл Кутан (Kötön) деген есімнің қытайша транскрипциясы. Өгөдей ханның ұлы, иелігі Хәси жерінде болған.

<sup>70</sup> Мөңке ханның Үгедей әулетіне жасаган жазасының бірі олардың ұлысын басқаларға таратып беру болды. Бұл шарада ол өзімен тату еткен Үгедей ханның Құттан деген ұлының Хәсидегі иелігінен басқасын, телім-телім етіп, бөліп жіберді.

<sup>71</sup> Бұл жерде Ұғұл-Қайміш пен Шилемэннің анасы айтылып отыр. Ол екеуінің «сиқырлық жасатып, қарғыс айтқан» қылмысынан тыс Мөңке ханның ордага келіп хан сайлауына қатысу туралы бүйрекінан бас тарқаны үшін, «хан жарлығына қарсы шыққан» деген айыптың өзі ол екеуін өлімге бүйіруга жеткілікті еді. Мөңке хан бұл екеуін Қарақорымға алғызып, сонда өлтірген.

<sup>72</sup> Мәтінде 没脱赤 деп хатталған.

<sup>73</sup> Мәтінде 和只 деп хатталады.

<sup>74</sup> Мәтінде [也]孙脱 деп хатталған. Мұны «Юаньши» мәтінтанушылары кезінде Жувейни еңбегіндегі Yesün-Тоқа туралы қатысты мәліметтерге негізделе отырып өзгертекен («Юаньши», 1-том, 55-б.).

<sup>75</sup> Шіремүн мен Наку, Есүн Тоқа қатарлылар Қытайдың Сун әuletімен арада жүріп жатқан соғыстың алдыңғы шебіне аттаңдырылып, кейін сол жақта қастандық жасалды (Чэнь Дэчжи 1997 (13), 339-бет).

<sup>76</sup> 大里 (Дали) — орны қазіргі ҚХР Юньнань провинциясындағы Далина. Мұсылман деректемелерінде бұл жердің атын Қаражан (Қандахар) деп жазады.

<sup>77</sup> Мәтінде 禿儿花 деп хатталған.

<sup>78</sup> Мәтінде 撒[立] деп хатталады. Төменде 撒里 (Сали) деп транскрипцияланған.

<sup>79</sup> 身毒 — Үнді.

<sup>80</sup> Мәтінде 怔的不花 деп хатталған. Мұсылман деректемелерінде Кет-Вида деген атпен әйгілі болған адам.

<sup>81</sup> Мәтінде 没里奚 деп хатталған.

<sup>82</sup> Мәтінде 西域素丹诸国 деп хатталған. Мұндағы 素丹 (Судань) Сұлтан деген сөздің қытайша транскрипциясы. Бұл жерде монголдарға бағынбаган Персияның солтүстігіндегі таулы аймақтарындағы Мұлаңидах мемлекеті, Бағдаттағы Халифат және Мысырдағы Мәмлүктер әuletі сияқты мұсылман елдері айтылып отыр.

<sup>83</sup> 1259 жыл.

<sup>84</sup> Бұл жер қазіргі ҚХР Сычуань провинциясы аумағындағы Хәчуань (合川) маңында болған.

<sup>85</sup> Мөңке хан қытайларды жаулап алу жолындағы жорықта жүріп, қазіргі ҚХР Сычуань провинциясы аумағында қаза болды. Бұл кезде ол аймақта жауынды маусым болғандықтан, толассыз жауган жаңбыр монгол әскерлеріне оңай тимеген еді. Сонымен, қосында оба ауруы тарап әскерлер өле бастайды. Қаған да қосында тараган оба ауруынан көз жұмады.

**«Юаньши», 117-цзюань,  
жеке тұлғалар өмірбаяны IV  
«Шучи»  
(«ЧХШЦ» нұсқасы, 2906-6.)**

«元史», 卷一百一十七, 列传第四  
«术赤»  
(中华书局点校本第2906页) 译注

**Аударма және түсіндірмелер**

Лучи<sup>1</sup> — Тайцзэудың тұнғыш ұлы. Ұлыстың іргесі қаланған тұста, [Шыңғыс хан] солтүстік-батыс тараптағы жерлерді ханзадалардың еншісіне бөліп берген еді. Оның еншісіне тиген жерлер ең шалгайды болып<sup>2</sup>, астанаға дейінгі қашықтығы ондаған мың ли<sup>3</sup> болатын. Ол жерден арнаулы бекеттер арқылы салт атпен сұыт жүргеннің өзінде 200 күннен астам уақытта астанаға әрең жетуге болатын еді. Сол себепті ол жердің ел-жүрті, қала-кенттері мен тұрмыс-тіршілігі туралы директор тым тапшы болып отыр.

Шучи өлгеннен кейін<sup>4</sup> оның тағына баласы Бату<sup>5</sup> отырды. Бату өлгеннен кейін оның орнына таққа Салида<sup>6</sup> отырды. Салида өлгеннен кейін оның орнына інісі Мангэ-Темуэр отырды<sup>7</sup>. Мангэ-Темуэр дүниеден озғаннан кейін оның орнына Тото-Мангэ<sup>8</sup> отырды. Тото-Мангэ дүниеден озғаннан кейін оның орнына Тото отырды<sup>9</sup>. Тото өлгеннен кейін оның орнына Байху<sup>10</sup> таққа отырды. Байху өлгеннен кейін оның орнына Юэцзыбе<sup>11</sup> мұрагерлік ет-

ті. Җилюань жылнамасының 2-жылы<sup>12</sup> Юәцзыбे астанаға елші жіберіп, орда тарапынан арнаулы жер иелігі мен ақша беріп, сол арқылы әскери бекеттерді қаржыландырып отыруды өтінді. Бұл кезде Юань патшалығы өкіметі тарапында мұндаі арнаулы мекеме жоқ еді. Сонымен, үшінші жылы<sup>13</sup> Юань патшалығы өкіметі арнаулы бір басқарма құрып, оның менгерушісіне үшінші дәрежелі шен берді және арнаулы таңба берді. Җида жылнамасының бірінші жылы<sup>14</sup> Юәцзыбे дүние салып, оның орнына ұлы Чжанибе<sup>15</sup> таққа отырды. Ол таққа отырганнан кейін Пинян<sup>16</sup>, Ҷинъчжоу<sup>17</sup>, Юнчжоу<sup>18</sup> қатарлы жерлер бұрынғысынша оның иелігіне берілді. Эр жыл сайын 2400 дин<sup>19</sup> Чжуантунчао<sup>20</sup> беріп тұруға келісті. Бұл қаражат Җилюань жылнамасының бесінші жылынан, яғни қоян жылынан<sup>21</sup> бастап берілетін болды.

## Түсіндірмелер

<sup>1</sup> Мәтінде Жошының есімі 术赤 (Шучы) деп хатталған.

<sup>2</sup> Жошы ұлысы туралы әр ел деректемелеріндегі атау біркелкі емес. Қытай деректемелерінде, соның ішінде «Циншиадядяньту» («经世大典图») атты кітапта және «Юаньши» кітабы (нақтап айтқанда: «元史. 地理志. 西北地附录» тарауында) бұл ұлысты «Өзбек Ұлысы» (Қытайша: 月租伯所封地) деп жазған. Мұсылман деректемелері мен батыс деректемелерінде Алтын Орда немесе Жошы Ұлысы деп атап отырды. Алтын Орда хандығы Шыңғыс ханың тұнғыш ұлы Жошының енісінде берілген иеліктер негізінде қалыптасты. Шыңғыс ханың көзі тірісінде Жошының иелігіне Ертістен батысқа қарайғы монгол әскерлерінің атының тұяғы тиғен жерлердің барлығы берілген еді. Жошының тірі кезінде ол Жайықтан шығысқа қарайғы Дешті Қыпшақтың кең даласы мен Әмударияның төмөнгі бойына, Хорезмнің солтүстігіндегі Сырдарияның Арас тенізіне құйғанына дейінгі жерлерге түгелдей билік жасап келді.

Шыңғыс хан батысқа жорық жасаған кезде монгол қосындары Жебе мен Сүбәдайдың қолбасшылығымен Кавказдың тау шатқалдарынан асып барып, Батыс Қыпшақ даласын жаулап алды. 1235 жылы Жошының екінші ұлы Бату қосын бастап, батысқа жорыққа аттаңды. Бұл жолғы жорықта ол бастаған монгол қосындары Жайықтың батысындағы, Еділ бойындағы қыпшақтарға, одан батысқа қарайғы жердегі бұлғар мен орыстарға сәтті жорықтар жасаіп отырып, ол жақтағы орыс княздықтарын өзіне салық төлеп тұруға мәжбүр етті, әрі одан да батыстарғы Еуропа жерінде болған жаулап алу жорықтарын жалғастырып жатты. Бұл жорық 1242 жылды Үгедей ханың қазасына байланысты аяқталды деуге болады. Осы жылды Бату атының басын кері бұрып,

Еділ бойына келіп тоқтады да, сол жерде Алтын Орда мемлекетін құруға кірісті. Оның аумағы шығыста Ертіс жагалауынан басталып, батыста орыстар қоныстанған аймақтарды тұтас алып жатты. Ұлыс жерінің солтүстігі Сібереяның қыыр терістігіне дейін жетті. Ал оңтүстік жақта Кавказ тауларынан оңтүстікке қарайғы қазіргі Иран жеріне дейін созылып жатты.

<sup>3</sup> Бұл жерде «астана» деп монголдың Юань әулетінің астанасы болған Ханбалық қаласы, атап айтқанда қазіргі ҚХР астанасы Пекин айтылып отыр.

<sup>4</sup> Жошының туған жылы туралы пікір әртүрлі. 1227 (?) жылы қайтыс болды.

<sup>5</sup> Бұл туралы 116-беттегі 42-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>6</sup> Мәтінде 撒里答 (Салида) деп хатталған, Сартақ деген есімнің қытайша транскрипциясы. Батудың тұңғыш ұлы Сартақ Қүйік хан қайтыс болғаннан кейін әкесі Батудың бүйірғы бойынша әскер бастап, шығысқа Мөңкені қолдау мақсатында жасалған жорыққа қолбасшылық етіп, Мөңкенің ұлы хан тағына отыруына айтарлықтай ықпалын тигізген. Осыдан кейінгі жерде көбінесе Алтын Орданың батыс болігін басқарды. Кейін келе орыс княздіктерін бірінен соң бірін өз иелігіне қосып алып отырған. 1255 жылы Қарақорымға, ұлы хан Мөңкеге сәлем беру үшін Монголияға сапар шеккен еді. Осы кезде Батудың дүниеден озғаны туралы сүйгі хабар келеді. Мөңке хан оны еліне қайтып барып әке тағына отыруды бүйірдеді. Бірақ ол хан тағына отырып ұлгермей, сапар үстінде мезгілсіз дүние салған. Л. А. Boyle 1971, 108-б.).

«Юаньши» кітабының бұл түсінде Алтын Орданың төртінші үрпақ ханы Ulachi туралы (1257 жылы хан болған), бесінші реткі ханы Берке туралы да мәлімет жоқ. Берке Жошының үшінші ұлы, Алтын Орданың хан тағына 1257–1266 жылдары арасында отырған еді. Билік басында болған жылдары Берке сарай қаласын салғызды. 1262 жылы және 1265 жылы екі рет жорыққа аттанып Кавказ тауын өз иелігіне қарату үшін Құлагу ханмен соғысты. Осы тұста Мысырдағы Мәмлүктөрмен одақ құрды. Нәтижесінде ислам діні Алтын Орда жерінде тез тарады.

<sup>7</sup> Мәтінде 忙哥帖木儿 (Мангэ темуэр) деп хатталған, Маңгу Темұр (Mangu Timur) немесе Мөңке Темұр (Möngke-Temür) деген есімдердің қытайша транскрипциясы. 1266–1282 жылдар аралығында Алтын Орданың хан тағына отырды. Алтын Орданың бесінші үрпақ ханы, Батудың екінші ұлы Тоқанның баласы. Оны Құбылай хан Алтын Орда ханы деп тағайындаған еді. Сол себепті ол бір кездерде өз қосындарын Қайдуға қарсы аттаңдырып, Қайду бүлігін тыныштаңдыруға атсалысты. Кейін Қайдумен бірге күш біріктіріп, Шагатай үрпағы Балаға қарсы шайқастарға қатысады. Өз кезінде Алтын Орда қосындарымен қатар орыс қосындарын да жорыққа ұйымдастырып, Кіші Азияға, Литвага және Кавказға бірнеше жорық жасады.

<sup>8</sup> Мәтінде 脱脱忙哥 (Тото Мангэ) деп хатталған. Алтын Орда ханы Төде-Мөңке (Töde-Möngke) айтылып отыр. 1280–1287 жылдар аралығында

тақта отырған (қарашыз: L. A. Boyle 1971, 109-б.). Төде-Мөңкенің таққа отырған жылын 1282–1287 жылдар деп қарашылар да бар (қарашыз: Чэнъ Дәчжи 1997 (13): 568-бет).

<sup>9</sup> Мәтінде 脱脱 (Тото) деп хатталған, Тоқто деген есімнің қытайша транскрипциясы. Алтын Орданың сегізінші үрпақ ханы, Мангү-Темүрдің бесінші ұлы, 1291–1313 жылдар аралығында хан тагына отырды. Л. А. Boyle-ле оның атының Рашид ад-дин еңбегінде хатқа түскен формасын Тоқта немесе Тоқто деп реконструкциялаған (қарашыз: L. A. Boyle 1971, 109-б.). Тоқто 1291 жылдың алды-артында Алтын Орданың жетінші үрпақ ханы Тола-Бұқаны (Tola-buqa, 1287–1291 жж. аралығында хан болған) өлтіріп тастап, хан тагына өзі отырған. 1293-жылдары әскер аттандырып, орыстарға қарсы жорықтар үйимдастырып, ондаган қаласын ойрандады. 1293–1300 жылдары Ногай ханның әскерлерін талқандап, Ногайды өлтірді. 1302 жылы Юань мемлекетінің қас жауына айналған Шагатай үрпағы Дува мен Үгедей үрпағы Чапарға қарсы соғысты. 1308 жылы монғолдың Юань әулетінің кезекті ұлы қаганы Хайшанк оның еңбектерін бағалап Нинсуван (宁肅王) деген атақ берді. Ол хан болған жылдары Ілхан хандығымен сауда-саттық өркендер, ел экономикасы айтарлықтай дамыды.

<sup>10</sup> Мәтінде Алтын Орданың бұл ханының аты 伯忽 (Байху) деп жазылған. «Юаньши» кітабының бұл деректемесі бойынша болғанда Байхуды (伯忽) Алтын Орданың тоғызынышы үрпақ ханы болды деуге келеді. Дегенмен, қатысты деректемелерде Алтын Орданың торызынышы үрпақ ханы Өзбек хан екені белгілі.

<sup>11</sup> Мәтінде 月即別 (Юэцзибе) деп хатталған. Бұл жерде Алтын Орданың тоғызынышы үрпақ ханы Өзбек хан айтылып отыр. Өзбек хан Алтын Орданың бесінші үрпақ ханы Мангү-Темүрдің немересі және сегізінші үрпақ хан Тоқтоның немерелес інісі болып келеді. Ол 1313–1341 жылдар аралығында хан тагына отырды. Өзбек ханының түсінде Алтын Орда дамудың шарықтау шыңына жетті деуге болады. Бұл дәүірде Алтын Орданың әскер саны 300 мың болды. Өзбек ханды Юань патшалығының төртінші үрпақ ұлы ханы Юань Жәнъцзун (өз есімі: Ayubarwada, монголдар оны Buyantu қаған деп атады. 1311 жылдан 1320 жылға дейін он жыл тақта отырды) өз тарапынан елші жіберіп ұлықтаған. Осы жылдар ішінде Юань мемлекеті мен Шагатай ұлысы арасында кең көлемді қақтығыстар бола бастаған еді. Шагатай ұлысының ханы Есен-бұға хан өзінің ту сыртынан келетін қауіптің алдын алу мақсатында Өзбек ханға елші жіберіп, өзара күш біріктіре отырып, Юань мемлекетіне қарсы ортақ күресуге үгіттеген екен. Дегенмен, оның мұндай ұсыныстары Жәнібек хан тарапынан қолдау таппаган көрінеді (қарашыз: Лю Ишэн 1985).

<sup>12</sup> 1336 жыл.

<sup>13</sup> 1337 жыл.

<sup>14</sup> Мәтінде бұл жыл көрсеткішін чжида жылнамасының бірінші жылы (қытайша 至大元年) деп көрсеткен. Бұл 1308 жылға тура келеді. Сонымен,

«Юаньши» кітабындағы бұл жыл көрсеткішінде ағаттық бары байқалады. Себебі, Жәнібек хан 1342–1357 жылдар аралығында Алтын Орданың ханы болған еді. 1342 жыл Юань патшалығының қытайлық үлгідегі жылнамалық есебі бойынша چىچىڭەن (қытайаша 至正) жылнамасының екінші жылына тура келеді. Соңдықтан, мәтінде көрсетілген 至大元年 (чжида жылнамасының бірінші жылы) емес, 至正元年 (чжиичжэн жылнамасының бірінші жылы) болуға тиіс. Чжиичжэн жылнамасының бірінші жылы 1341 жылға тура келеді. Мұндай болғанда Өзбек хан 1341 жылы дүниеден өткен болып шығады. Өзбек хан өлгеннен кейін 1341–1342 жылдар аралығында Алтын Орданың тағына Тінібек хан (Tini-bek) отырды. «Юаньши» кітабында Тінібек туралы да дерек жоқ.

<sup>15</sup> Мәтінде 札尼別 (Чжанибе) деп хатталған, Жәнібек (Žani-bek) дегеннің қытайша транскрипциясы. Өзбек ханының ұлы Жәнібек Алтын Орданың он бірінші ұрпақ ханы саналады. Жәнібек өлгеннен кейін 1357–1359 жылдар аралығында Бердібек, 1359–1360 жылдар аралығында Құлина (Qulina), 1360–1361 жылдар аралығында Неуруз (Neürüz) таққа отырған. Міне, осылайша 1357 жылдан 1380 жылға дейінгі аралықта Алтын Ордада хандар 20 рет ауысқан екен.

<sup>16</sup> Қытайшасы 平阳 деп хатталады.

<sup>17</sup> Қытайшасы 普州 деп хатталады.

<sup>18</sup> Қытайшасы 永州 деп хатталады.

<sup>19</sup> 錠 (дин) – Юань әулеті қолданысқа енгізген қағаз ақшаның есептік бірлігі. Монголдар әуелде қытайлық күміс ақша диннің (錠) сыртқы пішінін ескерсе керек, оның баламасы ретінде Süke (балта) деген сөзді қолданған («Құпия шежіре» 2006, 353-б.). Ал түркі тілді халықтар динді (錠) өз тілдерінде yastıq (жастық), парсылар balışh (бұл да жастық деген сөз) деп атап атады. Бұдан басқа түркі тілінде атамыш дәүірдегі ақшага қатысты қытайша атауларды Čao (钞), Satır (两), baqır (文) деп атап келгендігі Тұрпан жазбаларынан белгілі болды (Шан Яньбинь 1999, 20-б.). Бұл текстес терминдерді монголдар түркі тілінен қабылдаған. Олар да sijir (两), baqır (文) деп атап келген (қараңыз: Чэнъя Дәчжи, 1992).

<sup>20</sup> Қытайшасы 中统钞 деп хатталған. Юань дәүірінде таратылған қағаз ақшаның аты. 中统元宝交钞 (чжунтунюаньбаоцзяочао) деген сөздің қысқартылған түрі. Қағаз ақшаның отаны есептелеғін қытай елінде атамыш дәүірдегі қағаз ақша 钞 (Chao) деп аталауды. Кейін келе бұл термин Орта Азия халықтарының, араб, парсы халықтарының сөздік қорына сіңгені байқалады. Атамыш дәүірде бұл сөзді парсылар өз тіліне Ch`ao деп қабылдаған (қараңыз: Чжан Синлан 1978, 3-том, 201-бет; Шан Яньбинь 1999, 20-бет).

<sup>21</sup> Яғни 1339 жылғы қоян жылы.

**«Юаньши», 118-шзюань,  
жеке тұлғалар өмірбаяны V  
«Тә Сюэчань»  
(«ЧХШЦ» нұсқасы, 2915—2920-66.)**

«元史», 卷一百一十八, 列传第五

特薛禅

(中华书局点校本第2915~2920页) 译注

**Аударма және түсіндірмелер**

**Т**ә-Сюэчань<sup>1</sup> — шыққан тегі босыхуәр<sup>2</sup>, елі Хунцзила<sup>3</sup>. Өз заманында Шомо жерін<sup>4</sup> мекен еткен. Оның өз аты Тә, ол Тайцзумен бірге жорықтарға қатысып, еселі еңбек еткендіктен оны «Сюэчань» деп атақтаған екен. Сол себепті оның аты Тә-Сюэчань деп атала бастайды<sup>5</sup>. Оның Боэртай<sup>6</sup> есімді қызы болды, ол Тайцзудың Гуансяньшэнхуанхоуы<sup>7</sup> еди.

Оның ұлының есімі Аньчэнъ<sup>8</sup> еді. Тайцзумен бірге ұзын саны 32 мәрте ірі шайқастарға қатысады. Сися<sup>9</sup> бұлғін тыныштандыру, Тунгуань қамалына<sup>10</sup> барап жолды үзіп тастау, Хуэйхенің<sup>11</sup> Сионьсыған<sup>12</sup> қаласын жаулап алу сияқты елеулі шайқастардың барлығында еңбек сінірген. Доңыз жылы<sup>13</sup> оған «ұлыс нағашысы Аньчэнъ нојян» деген атақ берілді. Ұлу жылы<sup>14</sup> оған күміс таңба сыйға тартып, Хэсиван<sup>15</sup> деген атақ мәртебе беріп, оған сол елдің ел-жүртін басқаруды міндеттеді. Тауық жылы оған 20000 минь<sup>16</sup> ақша сыйға берді және қаған арнаулы түрде жарлық жарияладап, «бұдан былайғы жерде Хунцзила руынан қызы туса қатын болсын, ұл туса ханшайымдар ұзатылсын. Жылдың төрт мезгілінің бірінші айында

осы жарлық қайталай жарияланып тұрысын, осылайша үрпақтар бойы жалғаса беретін болсын!» деді. Мұнымен қоса оған тарғы тұтқынға алынған 5200 жауынгер мен қарапайым халықты сыйға тартты әрі түмен басылық міндетін жалғасты атқаруды тапсырды. Аньчэнь дүниеден өткеннен кейін<sup>17</sup> оның сүйегі Гуанъжэнъшань<sup>18</sup> тауына жерленді. Юаньчжэнь жылнамасының бірінші жылы екінші айда<sup>19</sup> оның аруагына қошемет көрсету мақсатында оған Цзининь-ван<sup>20</sup> деген атақ берілді және оның атын құрметтеп Чжуңу<sup>21</sup> деп атады. Оның әйелі Хачжэнъді<sup>22</sup> құрметтеп, оған Цзининь-ванфәй<sup>23</sup> деген атақ берді.

Оның ұлы Вочэнь<sup>24</sup>, ит жылы<sup>25</sup> түмен басы міндетіне тағайындалды. Оған Жүй Цзунның<sup>26</sup> қызы Есубуха ханшайым<sup>27</sup> үзатылды. Вочэнь өлгеннен кейін, оның мәйіті Бухайханға<sup>28</sup> жерленді.

## Тұсіндірмелер

<sup>1</sup> Мәтінде 特薛禪 деп хатталған. Қоңырат тайпасының адамы, Темүжіннің қайын атасы. Борте-Фуджиннің (Бөртө ханымның) әкесі ретінде белгілі. Жоғарыда «Юаньши», 1-цзоань, Патшалар шежіресі I, «Тайцзу» баянында оның аты 迭夷 (Де-и) деп хатталған болатын. Жалпы бұл есімді реконструкция жасаушылардың қорытындысы біркелкі емес. Рашид ад-дин оның атын Дай-Нойон және Дай-Цәцән, монгол деректемелері де Дай-Цәцән (Дей шешен немесе Дөй-шешен) деп жазады. Ғалымдар бұларды Dei setchen, Do-i-set-chén, Dai setchen т. б. деп реконструкция жасап келеді (қараңыз: René Grousset 1989, 338-б.).

<sup>2</sup> Мәтінде бұл тайпаның аты 孝思忽儿 деп хатталған. Қоңыраттардың тайпалық құрамы әр ел деректемелерінде әркелкі. XII ғасырда оларға қарасты тайпалар ретінде қоңырат, икирас, олхунуд, харанаут, құнқлиут, құралас, әлд-жиген және т. б. тайпалардың аты аталауды. Қытай деректемелері Дәй Сечен бастаған қоңыраттарды босыхуэр тайпасы деп жазады. Деректемелерде қоңырат этномимің орнына босыхуэр этномімі де қолданылады. Олар негізінен алғанда Һингян тау жоталарының онтустік-шығыс жақ сілемдерінен қытай қорғанына дейінгі жерлерді мекендеді. XII ғасырдың екінші жартысында олардың бір бөлімі Халха өзенінің бойына дейін жеткені белгілі болды. Қоңыраттардың бұл тобын қытайлардың Босыхуэр деп жазуына олардың отырықшылыққа бейім тіршілігі себеп болған тәрізді. Себебі «Босхур» сөзінің «отырықшы немесе жатақ» деген мәнісі болған (қараңыз: З. Қинаятұлы 2001, 134-б.).

<sup>3</sup> Мәтінде 弘吉刺 (хунцзила) деп хатталған, қоңырат дегеннің қытайша транскрипциясы. Қоңыраттар туралы толығырақ 84-беттегі 126-тұсіндірмеге қараңыз.

<sup>4</sup> Мәтінде 朔漠 деп хатталған. Бұл жер қазіргі Ішкі Монгол автономиялы өлкесінің аумағы деп тұсінуге болады.

<sup>5</sup> «Юаньши» бойынша қоңыраттардың бұл билеушісінің есімі 特 (тә) [Dei,

Dai немесе Do-i] болып шығады. Дегенмен, галымдардың пікірінше «Дэй» деген есімнің өзі де күмәнді. Сөйтіп, мұны да мансап аты деп қаастырудың мүмкіндігі бар (қараңыз: З. Қинаятұлы: 134-б.).

<sup>6</sup> «Юаньши» кітабының бұл тұсында Бөрте ханымның есімі 李儿台 деп хатталған.

<sup>7</sup> Мәтінде 光献翼圣皇后 деп хатталған. Бұл Шыңғыс ханның бірінші әйелі, қоңырат қызы Бөрте дүниеден өткеннен кейін оның ұрпақтарының оған құрмет ретінде берген қытайлық ұлгідегі атағы.

<sup>8</sup> Мәтінде 按陈 деп хатталған. Тарихи деректемелерде бұл есімнің 按赤 (Аньчи), 阿勒赤 (Аләчи) деген транскрипциясы да кездеседі. Соған қараганда оның аты «Энші» немесе «Алшы» болуы да мүмкін. Рашид ад-дин кітабының түрлі нұсқаларында оның аты Алчи-найон, Ан (?) чи-найон деген түрде кездеседі. Шыңғыс хан монгол ұлысын құрғаннан кейін оны мыңбегілікке тағайындалап, басқаруына қоңыраттардың 4000 тұтін елін берген.

<sup>9</sup> Мәтінде 西夏 деп Таңғыт елі айтылып отыр.

<sup>10</sup> Қытайша 潼关 деп хатталады.

<sup>11</sup> Мәтінде 回纥 деп хатталған. Қытай деректемелері VIII–IX ғасырларда Монголияда билік құрған үйғырларды 回纥 (хуәйхә) және 回鹘 (Хуәйгу) деп атаған. Юань дәүірінің алдындағы бір уақытта Орта Азиядагы Хорезм шах мемлекетін 回回国 (Хуәйхуәйго) деп атап келді (көшпенде түркі-монгол қауымы бұл елді «сартауыл» деп атады). Қытай деректемелерінде кей кездері үйреншікті әдет бойынша Хуәйхуәйго (回国) дегеннің баламасы ретінде байыргы заманғы 回纥 (хуәйхә) және 回鹘 (Хуәйгу) есімдері қолданылған. «Юаньши» кітабында да осы жиі қайталарап отырады. Соңдықтан мәтіндеғі 回纥 (Хуәйхә) атауын Хорезм шах мемлекеті деп түсінуге тұра келеді.

<sup>12</sup> «Юаньши» кітабының бұл тұсында Самарқанд қаласының аты 寻思干 деп хатталған.

<sup>13</sup> Доңыз жылы — 1227 жыл.

<sup>14</sup> Ұлу жылы — 1232 жыл.

<sup>15</sup> 河西王 (Хэсиван) — Хэси ваны Таңғыт елінің ваны (ханы) деген сөз. Хэси немесе Таңғыт туралы 76-беттегі 85-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>16</sup> 翽 (Минь) — Юань дәүіріндегі ақша бірлігі.

<sup>17</sup> Аньшэнъ 1237 жылы дүниеден өтті.

<sup>18</sup> Бұл таудың аты қытайша 官人山 деп хатталады.

<sup>19</sup> 1295 жыл.

<sup>20</sup> Қытайша 济宁王 деп хатталады.

<sup>21</sup> Қытайша 忠武 деп хатталады. Бұл сөз адад баңадүр деген мағынаға жуық келеді.

<sup>22</sup> Қытайша 哈真 деп хатталған.

<sup>23</sup> Қытайша 济宁王妃 деп хатталады.

<sup>24</sup> Мәтінде 韩陈 деп хатталған.

<sup>25</sup> 1238 жыл.

<sup>26</sup> 睿宗 — Төлеңің қытайща ұлгідегі құрмет аты.

<sup>27</sup> Мәтінде оның аты 也速不花公主 деп хатталған.

<sup>28</sup> Мәтінде 不海韩 деп хатталған.

**«Юаньши», 119-цзюань,  
жеке тұлғалар өмірбаяны V  
«Алаусы тицзихули»  
(«ЧХШЦ» нұсқасы, 2923—2924-66.)**

《元史》卷一百一十八 列传第七  
《阿刺兀思剔吉忽里》  
(中华书局点校本第2923至2924页) 译注

### **Аударма және түсіндірмелер**

**А**лаусы тицзихули<sup>1</sup> — Вангу тайпасының<sup>2</sup> адамы. Олар Шато Яньмән<sup>3</sup> үрпақтары болып келеді. Ағры тегі Буго<sup>4</sup> болып, олардың ата-бабасынан бері қарай ел билеп келген екен<sup>5</sup>. Цзиньюаньши<sup>6</sup> өз кезінде таудың үстін шекара етіп, жерді оңтүстік және солтүстік деп екі бөлікке бөледі де, Алаусы тицзихулиге өз ескерін басқартып, осындағы маңызды өткелдерді қорғап тұруды тапсырыпты.

Сол заманда солтүстік-батыс тарапта Найман<sup>7</sup> дейтін ел болушы еді. Олардың билеушісі Тайян кәханы<sup>8</sup> арнаулы елші жіберіп, өзара бірлескен одақ құрып, Шофанды<sup>9</sup> бірлікте иемденейік деп сәлем айтады. Ел ішінде кейбір адамдар бұл ұсынысты қолдап, осылай іске кірісуді жақтайды. Бірақ Алаусы тицзихули бұлай жасауды қолдамайды. Сонымен, өз елшілерін аттанадырып, сәлемдеме ретінде алты күбі арақ беріп жібереді және істің жай-жапсарынан мәлімет беріп Тайцзуды хабардар етеді. Ол заманда Шофан же-рінде әлі арақ деген зат жоқ кезі екен. Тайцзу бұл арақтың үш

күбісі таусылғанша ішіп, әрі қарай арақ ішуді тоқтатады да: «Бұл аз ішсөң дөлебенді коздыратын, көп ішсөң ақылыңды тоздыратын зат еken» деген еken. Онан соң [ол] келген елшілерді еліне қайта-рып, сыйлыққа 500 жылқы, 1000 қой айдатып жіберіпті. Сонымен бірге Тайян кәханге бірлікте жорыққа аттануға уағдаласыпты. Алаусы тицзихули алғашқылардың бірі болып өзі келіп бағынғандардың бірі болатын. Ол Наймандарды бағындыру соғысына қа-тысты. Чжунюань жеріне<sup>10</sup> жасалған жорықта қосынға жол бастап беріп, оңтүстікке баратын қақпалаарды ашып берді. Кейін Тайцзу Алаусы тицзихулиді өз еліне билік жүргізуге қалдырып кеткен еді. Осы кезде оның еліндегі онымен бұрыннан алауыздығы бар адамдар оны өлтіріп тастады. Оның тұңғыш ұлы Буянь Сибань<sup>11</sup> да онымен қоса өлтірілді.

Оның әйелі Алихәй<sup>12</sup> кіші ұлы Бояохә<sup>13</sup> мен немерелес ұлы Чжэнъгоны<sup>14</sup> ертіп қашып шығады. Тұнделетіп шекара қамалына қашып барып, болған жағдайды сондағы күзетшілерге хабарлайды. Одан кейін қала кенттерді сағалап жүріп, ақырында Юньчжун<sup>15</sup> қаласына келіп бой тасалайды. Тайцзу Юньчжунды алғаннан кейін, оны ізден тауып, оған мол сый-сияпат жасады. Алаусы тицзихулиге Гаотанваны<sup>16</sup> деген мәртебе берді. Алихәйге Гаотанван-фәй<sup>17</sup> деген мәртебе берді. Оның [Алаусы тицзихулидің] баласы Бояохә әлі кәмелетке толмаған жас болғандықтан, оның немерелес ұлы Чжэнъгога Бэйпинван<sup>18</sup> деген мәртебе берді. Чжэнъго өлгеннен кейін оның орнына оның баласы Негутай<sup>19</sup> мұрагерлік етті. Оған Жүйцзунның<sup>20</sup> қызы Думуган гунчжуды<sup>21</sup> ұзатты. Ол Цзянхуай<sup>22</sup> жорығына қатысып, ақырында соғыста қаза болды. Оның қазасын өтеу үшін Синъчжоу аймағынан<sup>23</sup> мың отбасын олардың иелігіне берді.

Бояохә қаршадай кезінде, Сиуюге жасалған жорықтарға қатыс-ты. Оның еңбегі ескеріліп, оған да Вэйпинваны деген мәртебе берілді. Оған Алахай беңзи гунчжуды<sup>24</sup> ұзатты. [Алахай беңзи] гунчжу аса зерек, өте ақылды әрі ерекше өжет болғандықтан күймесіне мініп алып төңіректің төрт бұрышына жасалған түрлі жорықтарға қатысып жүрді. Қалың қол жорықтарға аттанып кеткен кезде ордада қалып, орданы сақтап тұру міндеттін мұлтіксіз басқарып, жорыққа аттанған кездері арттагы орда ісіне аландамай алаңсыз жорық жасай беретін болды. Міне, осылай [Алахай беңзи] гунчжу

өз өмірінде аса елеулі еңбек еткен еді. Дегенмен, Бояхә [Алахай беңзи гунчжуден] бала көре алған жоқ-ты. [Алахай беңзи] гунчжу аса кең пейілділік танытып күйеүіне тоқал алып берді. Сонымен [Бояхә] одан Цзуньбухуа<sup>25</sup>, Айбухуа<sup>26</sup>, Чжолибухуа<sup>27</sup> деген үш ұл сүйді. [Алахай беңзи] гунчжу олардың барлығын өз туған баласын-дай көріп бағып-қағып тәрбиелейді. Бояхә өлгеннен кейін оған да ғаотанван деген мәртебе беріледі. Оның аруагын құрметтеп, оған Уи<sup>28</sup> деген ат берілді.

Оның баласы Цзюньбухуага Динцзунның<sup>29</sup> ұлкен қызы Елиміши гунчжуды<sup>30</sup> ұзатты. Айбухуага Шицзудың<sup>31</sup> кенже қызы Юэле гунчжу<sup>32</sup> ұзатылды. Чжунтун жылдарында<sup>33</sup> ол қол бастап Алибу-гэны<sup>34</sup> бағындыру жорығына аттанып, Кобухуаны<sup>35</sup> Аньтань хоэрхуань<sup>36</sup> жерінде жеңді. Үшінші жылы<sup>37</sup> Ли Танды Цзинаньда<sup>38</sup> қоршауға алып, оған өзі төтеп берді. Бұл оқига тынышталғаннан кейін, солтүстік-батыс аймаққа жорыққа аттанып, бүлік шығарушы ақсүйек Салиманьды<sup>39</sup> Кунгуле<sup>40</sup> деген жерде жеңді. Кейін келе Айбухуа дүниеден өтті де, оның артында Колицзисы<sup>41</sup> есімді ұлы қалды.

## Тұсіндірмелер

<sup>1</sup> Мәтінде 阿刺兀思剔吉忽里 деп хатталған. «Юаньши», 1-цзюань, Патшалар шежіресі I, «Тайцзу» деректемесінде 阿刺忽思 деп хатталған. Қатысты деректемелерде онғыт билеушісінің аты бізге Alāqūš-tīkīn-qūt (Алақұш-тегін-хури) деген атпен белгілі болып келді. Мұндағы Алакұш оның аты, тегін және хури дегендер оның мансабы немесе лауазымы деп тұсінуге болады. Мәтінде Алausы тицзи хули (阿刺兀思剔吉忽里) деген транскрипция «Алақұш-тегін-хури» дегеннің қытайша транскрипциясы деуге болады.

<sup>2</sup> Ванту (汪古) — яғни Оңгүт //Önggüt. Қытай деректемелерінде бұл тайпаның аты 雍古 (Юнгу), 王孤 (Вангу), 旺古 (Вангу), 汪骨 (Ванту), 汪古惕 (Вангуты) т. б. транскрипциялары бар. Рашид ад-дин бұл тайпаның атын онгут деп жаза отырып бұл этнонимнің мән-мағынасы туралы: «Бұл қауым ете бір өзгеше ел, солай дегенмен монголдарға ұқсайды. Олардың саны 4000 шаңырақ шамасында. Алтан хан деп ардақталып келген қытай билеушілері өз елін қорғау [үшін], монгол, керей, найман қатарлы елдер мен жақын маңдағы көшпендейлердің шабуылдан сақтану мақсатында бір қамал түргызады. Бұл қамалды монголша Ӧnkuh деп атаса, түрікше Būrqūrkeh деп атап келді. Кезінде бұл қамалды осы унгуттерге беріп, оларға қамалды қүзетіп тұру міндеті тапсырылған» деп жазды (қараңыз: Рашид ад-дин. ҚА, I-1, 229–230-б.). Сонымен, Рашид ад-дин бұл этнонимнің тегін монголша Unkuh деген сөзден ізделген. Эйткенмен бұл пайымдау толық иландыра алмайды.

<sup>3</sup> Мәтінде деп 沙陀雁门之后 хатталған. Мұндағы 沙陀 (Шато) байырғы түрік тайпасы ретінде белгілі. Олар бастапқы кезде қазіргі ШҰАА аумағындағы Жемсары, Баркөл қатарлы жерлерде отырған түріктердің чуюэ (处月) тайпасының бір тармагы ретінде Шато туцзое (沙陀突厥) деген атпен белгілі болып келді. 785—804 жылдар аралығында тибеттердің атамыш аймаққа ықпалының өсуіне байланысты Шатолар тибеттерге бағынышты болып қалды. Олар болса Шатоларды қазіргі Гансу провинциясындағы Гатайдан (高台) шығысқа қарайғы Жошуй (弱水) өзенінің жогары бойына таман апарып қоныстандырыды. Шамалы уақыттан кейін, яғни 808 жылды Шато билеушісі Чжусечжий (朱邪执宜) елін бастап, қытайдың Тан әuletіне бодандық танытып, қазіргі Шаньси провинциясы аумағындағы Динбянь (定边) маңына көшіп барып қытай билеушілері тарапынан мансап алды. Кейін келе Тайюань (太原) маңына таман барып орналсты. 859—873 жылдар аралығында Чжусечжиидің ұлы Чисинь (赤心) қытайлардың тибеттерге жасаған жорығында елеулі еңбек көрсеткендігі үшін қытай императоры оған өз әuletінің фамилиясы болған Ли (李) фамилиясын сыйга берді әрі Гочан (国昌) деген ат берді. Ол Тан патшалығы ыдырағаннан кейін қытай жерінде Хоутан (后唐) мемлекетін құрушу Шатолардың аргы атасы саналады. Ал оның немересі болып келетін Ли Кэюн (李克用) кезінде Тан патшалығына қарсы үйімдасқан шаруалар көтерілісін жаңыштауда еселі еңбек көрсетіп, император тарапынан Цзинъван (晋王) деген атақ алған еді. Бұдан тыс Тан патшалығы құрығаннан кейін қытай жерінде құрылған Хоуцзин (后晋) мемлекетінің құрушысы — Ши Цзинтан (石敬瑭), Бэйхань (北汉) мемлекетінің құрушысы — Лю Чжиюань (刘知远) қатарлылардың барлығы да осы Шато түріктерінің үрпақтары болатын. Біз мәтінде «沙陀雁门之后» деген деректемеге қарай отырып Оғыт//Önggïd тайпасы байырғы Шато түріктерінің үрпағы дейміз.

<sup>4</sup> Мәтінде 远祖卜国 деп жазылған. Фалымдар осындағы Буго (卜国) дегенді Буго кәхань 卜国可汗 деп қарайды (қараңыз: Хань Жулинь 1985, 107-бет). Түркі халықтары арасында аты аңызға айналған тұлғаның есімі «Юаньши» кітабында 不[古]可汗 (Bu[gu]кәхань), «高昌王世勋碑» («Гачан ван ши сюнь вэй») сияқты еңбекте 卜古可罕 (Бугукәхань) деп хатталып келді. Мұсылман деректемелері мен еуропалық дерек көздерінде де бұл туралы бірізділік сақталмаған, жеке-жеке Bögu (qan), Bügü qan, Bögü qan, Biqü qan, Bughug (Biquγ), Bughu деп түрліше транскрипцияланып келді. Бұл тұлға туралы 183-беттегі 7-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>5</sup> Жоғарылардың ата тегіне қатысты дерек оңғыттардың түркі текті тайпа болғандығын бірден дәлелдей алады. Дегенмен, оңғыттардың этностық құрамы біршама құрделі болған. Олардың негізгі бөлігі Жонғариядан көшіп келген Шато түріктері мен 840 жылды оңтүстікке ауған бұрынғы Ұйғыр қағанаты құрамындағы түркі тілдес тайпалардан құралғаны байқалады. Соның өзінде олардың бұдан кейінгі кездерде де Монголиядан оңтүстікке таман ауып кетіп отырған түркі текті тайпалармен толығып отырғанын байқау

қыын емес. Олардың түркі текті этнос болғанын түр келбетінің монголдардан парықты болып келуі және өлім-жітімде бетін жыртсып жылау сияқты түркі халықтарына тән салттары да дәлелдей алады (қараңыз: Хань Жулин 1985, 107-бет). Ляо, Цзинь дәүіріндегі қытай жәдігерлері оларды нағыз монголдардан парықтал Ақ татар (白达达部 Байдадабу) деп атап келді. Оңғыттардың басым көшшілігі наймандар мен керейлер сияқты несториан дінін тұтынған, әрі олармен түрлі қарым-қатынастар жасап отырған. Олар монгол жорығанан бұрын негізінен қытай қорғанының сыртында Иньшань (阴山) тауларын мекендерген. Кейін келе қытай қорғанының ішіндегі аймақтарға қоныстана бастады. Бұл жерлерде олар мал өсірді, жер өңдеумен айналысты, қала-кенттерде тұрып қолөнер, кәсіптің түрлі салаларымен шұғылданды. Мұны археологиялық қазба жұмыстар да дәлелдеп отыр. Оңғыттар бірнеше тілде жазуды толық меңгерендіктен олардың арасында аудармашылықты қоса еткендер де көп кездеседі. Мұнда олар көне үйгир жазуымен қатар қытай және сирія жазуын да меңгерендігін археологиялық олжалар дәлелдейді.

<sup>6</sup> Мәтінде 金源氏 деп хатталған. Бұл жерде шұршітердің Цзинь мемлекетінің билеушісі айтылып отыrsa керек.

<sup>7</sup> Найман (乃蛮) — яғни найман.

<sup>8</sup> Мәтінде 太阳可汗 деп хатталған. Бұл 大王 (Даван) деген қытай сөзі мен қаган (可汗) деген түркі сөзінің қосындысынан жасалған наймандар «Tai-Ог қаған» деп атаған тіркестің қытайша транскрипциясы.

<sup>9</sup> Мәтінде Шоған (朔方) деп қытай қорғанының сыртында жатқан ұлы дала айтылған.

<sup>10</sup> Чжунюань (中原) — яғни Орталық Қытай аймақтары.

<sup>11</sup> Мәтінде 不彔昔班 деп хатталған. Мұны Баян Шайбан деп реконструкциялауга болады.

<sup>12</sup> Мәтінде 阿里黑 деп хатталған.

<sup>13</sup> Мәтінде 孝要合 деп хатталған.

<sup>14</sup> Мәтінде 镇国 деп хатталған. Рашид ад-дин бұл адамның атын Š (a)nkūī деп жазған. Ол Алаусы тицзихулидің інісінің немесе ағасының ұлы.

<sup>15</sup> Юньчжун (云中) — ерте заманғы аймақ. Орны қазіргі Шаньси (山西) провинциясындағы Датун (大同) қаласы тұрган жерде.

<sup>16</sup> Гаотанваны (高唐王) — байырғы заманнан келе жатқан қытайлық үлгідегі атақ. Гаотан ханы деген мағынада.

<sup>17</sup> Гаотанванфәй (高唐王妃) — әйел адамдарға берілетін, байырғы заманнан келе жатқан қытайлық үлгідегі атақ. Гаотан ханымы деген мағынада.

<sup>18</sup> Бәйпинван (北平王) — байырғы заманнан келе жатқан қытайлық үлгідегі атақ. Бәйпин ханы деген мағынада.

<sup>19</sup> Мәтінде 耆古台 деп хатталған.

<sup>20</sup> Жүйцзун (睿宗) — яғни Юань Жүйцзун (元睿宗). Жүйцзун — Төленің қытайлық үлгідегі храмдық есімі.

<sup>21</sup> Мәтінде 独木干 деп хатталған.

<sup>22</sup> Цзянхуай (江淮) — қытай жеріндегі байырғы әкімшілік аймақ.

<sup>23</sup> Синчжоу (兴州) — қытай жеріндегі байырғы әкімшілік аймақ.

<sup>24</sup> Мәтінде 阿刺海別吉公主 деп хатталған. Рашид ад-дин оны Alāğāl-bīkī деп жазған.

<sup>25</sup> Мәтінде 君不花 деп хатталған. Мұны Күн-бұқа деп реконструкциялауга болады.

<sup>26</sup> Мәтінде 爰不花 деп хатталған. Мұны Ай-бұқа деп реконструкциялауга болады.

<sup>27</sup> Мәтінде 拙里不花 деп хатталған. Мұны Жол-бұқа деп реконструкциялауга болады.

<sup>28</sup> Қытайша 武毅 деп хатталады.

<sup>29</sup> Қинцзун (定宗) — яғни Қүйік хан.

<sup>30</sup> Мәтінде бұл ханшайымның аты 叶里迷失公主 деп хатталған.

<sup>31</sup> Шицзу (世祖) — яғни Құбылай хан.

<sup>32</sup> Мәтінде бұл ханшайымның аты 月烈公主 деп хатталған.

<sup>33</sup> Чжунтун жылдары — Шицзудың (世祖, яғни Құбылай хан) жылнамасы. Бұл жылнама 1260—1264 жылдар аралығына тұра келеді.

<sup>34</sup> 阿里不哥 (Алибугә) — Арық-Бөке (Ariq-böke) немесе Арық-Бұқа? (?~1266). Төлеңің ұлы, Құбылай ханның бірге туған інісі.

<sup>35</sup> Мәтінде 阔不花 деп хатталған.

<sup>36</sup> Мәтінде 按檀火儿欢 деп хатталған.

<sup>37</sup> 1262 жыл.

<sup>38</sup> Җизинань (济南) — бұл жердің орны қазіргі Шаньдун провинциясының орталығы болған Җизинань (济南) қаласы тұрган жерде.

<sup>39</sup> Мәтінде 撒里蛮 деген уш иероглифен хатталған, Saraban деген есімнің қытайша транскрипциясы. Сарабан Мөңке ханның Юран таш деген баласынан туған немересі.

<sup>40</sup> Мәтінде 孔古烈 деп хатталған.

<sup>41</sup> Мәтінде оның аты 阔里吉思 деген иероглифтермен хатталған. Бұл несториандың Georges (Giwargis немесе Gorgoz) деген есімнің қытайша транскрипциясы. Гортоз аса оқымысты әрі қару өнерінің түр-түрін жетік менгерген, әрі қаламгер, әрі қаруғер адам болған. Өз үйнен кітап қоры ондаған мың цзюань келетін кітапхана ашқан. Өзі несториан бола тұра конфуциші оқымыстылармен дәйім пікір алысып, діни мазмұндарғы кітаптар туралы қызу талқылар жасап отыратын болған. Құбылайдың немересі Худадмиш бике мен Құбылайдың шебересі Айяшил бикелерге үйленген. Кейін келе Қарақорымға жіберіліп, сонда тұрып, Қайду бұлғарына қарсы тұрды. 1287 жылы Эбуген бастаған бұлкішілердің қолын талқандады. Осыдан кейін Гаттанван деген атақ берілді. Осыдан кейін ол Қайду, Дуа қатарлылармен арадағы түрлі шайқастарда қолбасшылық етіп отырды. 1298 жылы Дуа қосындары тұтқынға алышп, азаптап өлтірді.

**«Юаньши», 120-цзюань,  
жеке тұлғалар өмірбаяны VII  
«Чжабаэрхочжаның өмірбаяны»  
(«ЧХШЦ» нұсқасы, 2960—2961-66.)**

«元史» 卷一百二十 列传第七

«札八儿火只传»

(中华书局点校本第2960至2961页) 译注

### **Аударма және түсіндірмелер**

**Ч**жабаэрхочжа<sup>1</sup> — шылқан тегі Сайи<sup>2</sup>. Сайи деген бұрын-  
гы кездे Сиойдегі бір тайпаның билеушісінің аты екен,  
уақыт өте келе Сайи деген бір рудың атына айналып ке-  
тіпти. «Хочжи»<sup>3</sup> деген олардың мансап аты. Чжабаэр ұзын бойлы,  
қаба сақалды, тікше көзді, кең маңдайлыш аса келбетті адам еді.  
Өзі батыр, әрі атқан оғы жерге түспейтін аса мерген адам болған.  
Тайцзу оны бірінші мәрте қосында көрген кезде, оның оңай-ос-  
пақ адам емес екендігін бірден байқайды. Кейін келе Тайцзу мен  
кәленің<sup>4</sup> Ванханы арасында жанжалдар туындаï бастайды. Бір  
күні кеште Ванхан әскер аттандырып келеді. Қапияда еш даяр-  
лық болмағандықтан, қосындар күйрей жеңіледі. Тайцзу қолын  
бастап қашып шығады. Бұл жолы оның артынан бар болғаны 19  
адам ғана ереді. Міне осы 19 адамның бірі Чжабаэрхочжа еді.  
Олар Балжун өзенінің бойына барып жетеді. Ас-суы таусылып,  
иен далада ішерге тамақ таптай сергелдең күн кешеді. Осы кезде  
иен далада солтүстікке беттеп бара жатқан құланға кездесіп, Хач-

жаәр<sup>5</sup> құланды атып алады. Терісін бітеп сойып, тастың үстіне от жағып, өзеннің лай суынан су әкеп тас қуырдақ жасап, сонымен өзегін жалғайды. Тайцзу екі қолын зенгір көкке жайып: «Алдымыздығы ұлы мұратты орындау үшін, осы азаматтармен азап пен рақатты бірге көруге серт еттік. Егер кім серттен тайса осы өзеннің суындаі болсын» деп көк тәңіріне серт берді. Бұл жауынгерлердің жабырақа жаңына едәүір медет береді.

Ванхан жойылғаннан кейін, Сиүйдегі басқа елдер де арт-артынан тыныштанды. Осыдан кейін Чжабаәрхочжаны Цзинь мемлекетіне елшіге жіберді. Цзиньдер оған дөрекілік жасап қайтарды. Цзиньдер жағы жау Цзюйонгуан қамалынан<sup>6</sup> басып кіреді деп қорқып, темір балқытып, қамалдың темір қақпаларын бекемдей бастайды. Қамалдан жұз ли жерге дейінгі аралыққа ең жақсы жарақталған қосындарды орналастырып, қорғанысты мейлінше қүшайте түседі. Чжабаәрхочжака қайтып келгеннен кейін Цзинь елінің Мәнгу елшілеріне дөрекілік жасағандығы туралы және олардың Цзюйонгуан қамалындағы қорғаныс жайы туралы құнды мәліметтер жеткізеді. Артынша Тайцзу жорыққа аттанып, Цзюйонгуан қамалынан жұз шақырым аралыққа дейін барса да, бірақ одан әрі қамалды алу мүмкін болмайды. Сонымен Чжабаәрді<sup>7</sup> шақырып алыш қамалды қалай алу туралы ақыл сұрайды. [Чжабаәр] оған: «Осы жерден солтүстік тарапқа қарай жүргенде, қалың қара орман бар. Орман арасында салт атты адам ғана жүретіндегі жалғызаяқ тар соқпақ жол бар. Мен кезінде сол жолмен бір рет жүргенмін, егер біз қолды бастап осы жолмен тұнделетіп жорыққа аттанатын болсақ, қамалға бір түннің ішінде жетуімізге болады» дейді. Тайцзу Чжабаәрді алдын ала салт атты қосындармен шолғыншыға аттандырады. Күн бата шатқалды бойлап қалың қолмен жолға шыгады. Таң ата бере қалың қол аланқайға шыгады. Олар осы жерден қамалдың оңтүстік қақпасына тұтқыыл шабуыл жасайды. Цзинь қосындары соғылған дабыл үнін естігенде төбесінен жай түскендей болып, үйқылы-ояу күйде мардымды қарсылық көрсете алмайды. Цзюйонгуан қамалының қолдан кетуі Чжуңдоуды<sup>8</sup> беймаза күйге түсіреді. Цзинь әuletі амалсыздан астанасын Бяньға<sup>9</sup> көшіріп кетеді. Тайцзу Чжуңдоу қаласын жаулап алыш, қаладагы көрікті жерлерді аралап көргеннен кейін, ерекше қуанады. Ол қасындарына: «Мениң осындаі көрікті жерге ие болуым Чжабаәр-

дің арқасы!» дейді. Содан кейін Чжабаәрге: «Сен садағыңды алып шығып, жебенде тарт. Атқан оғың түскен жерден бергі аумақ түгелдей сенің меншігіңе тиеді!» дейді. Тайцзу солтустікке қайтқаннан кейін, Чжабаәрге және басқа қолбасшыларға Чжуандоуды сақтап тұруға бұйырады. Сонымен бірге оны Хуанхәден солтустікке, Темәннен<sup>10</sup> оңтүстікке қарайғы өлкенің ду-далухуачи<sup>11</sup> етіп тағайындаиды.

Чжабаәр әр жолғы соғыста үстіне қалың сауытын күп, ер қаруы бес қаруын түгел асынып, астына түйе мініп, қолына ұзын наїза ұстап, майданға қарай беттеген кезде, оның жолын бірде-бір пенде тосып көрген емес. Бір кезде Куньлунь тауында тұратын даосизміш Цючжэнъжән<sup>12</sup> деген адам бар деген хабар тараіды. Бұл хабарды алғаннан кейін, оны шақырып келуге Чжабаәрді жібереді. Цючжэнъжән Чжабаәрге: «Мен сіздей мырзамен таныстым» дейді. Сонда Чжабаәр тұрып: «Мен де Цючжэнъжәнмен таныстым» дейді. Екеуі жайғасып отырғаннан кейін Цючжэнъжән Чжабаәрдан: «Мырза сіз бай болып, сән-салтанатты өмір кешіруді армандаісіз ба, әлде өрен-жаранды болуды армандаісіз ба?» деп сұрайды. Чжабаәр оның бұл сауалына: «Егер жасым жүзден асар болса, одан кейін сән-салтанат пен байлықты қайтемін, үрпағым өсіп-өніп, өрен-жаранды болсам болдығой!» деп жауап берген еken. Цючжэнъжән оның бұл сөзіне: «Тағдырдың жазғанын көрерсіз» депті. Чжабаәрдің бұл арманы орындалып, ол 118 жас жасайды. Оның Алиханъ<sup>13</sup>, Минлича<sup>14</sup> деген екі ұлы болды.

## Тұсіндірмелер

<sup>1</sup> Мәтінде 札八儿火只 деп хатталған, оны Жапарқожа деп қалпына келтіруге болады. Монголияға Орта Азия мен Қазақстан аумагынан барған қожа үрпағы. Ол жақша Шыңғыс хан монгол мемлекетін құрудан бұрын барған. «Қожа» – Мұхаммедтің алғашқы төрт халифаларының үрпағы. Орта Азия мен Қазақстан жерінде мұсылман дінін таратушылар мен оны уағыздаушылар «қожа» деп аталаған келген. Бұл сөз парсы тілінде «ие», «мырза» деген мағынада, ал араб тілінде «агартушы» деген мағынаны білдірген.

<sup>2</sup> Мәтінде 赛夷 (Сайи) деген екі иероглифпен хатталған. Мұны біз Sait дегеннің қытайша транскрипциясы деп тұсіндік. Орта Азия мен Қазақстан жеріне ислам дінін таратушы мұсылмандардың бір бөлімі кезінде өздерін Сайт деп атаған. Қазірде қазақ қожаларының ұлкен тобы өздерін Сейті

қожа руы деп атайды. Олар өз ішінен тағы ақкорғандық қожалар, қорасан, қырықсадақ, бақсайыс, гүр, саяқтар, сұнақтар, қарахандық қожалар, диуана қожалар, қылышты деген топтарға жіктелген.

<sup>3</sup> Мәтінде 火只 (Хочжи) деген екі иероглифпен хатталған, «Қожа» деген сөздің қытайша транскрипциясы.

<sup>4</sup> 克烈 — керей.

<sup>5</sup> Мәтінде 哈札儿 деп хатталған, Қасар есімінің «Юаньши» кітабындағы тағы бір түрлі транскрипциясы.

<sup>6</sup> Қытайша 居庸关 деп хатталады. Қытай қорғанындағы әйгілі қамалдардың бірі.

<sup>7</sup> Мәтіннің бұл бөлігінде Жапарқожаның атын қысқартып 札八儿 (Чжабаэр) деп атаған. Төменде де солай.

<sup>8</sup> 中都 (Чжундоу) — қазіргі Пекин қаласы. Монголдар Пекин қаласына бірінші рет 1215 жылы кірді.

<sup>9</sup> 汴 (汴) — яғни Бянъцзин (汴京), оны қазіргі ҚХР-дің Хэнань провинциясындағы Кайфэн (开封) қаласы.

<sup>10</sup> Мәтінде 铁门关 деп хатталған. Бұл жерде 居庸关 қамалы айтылып отыр (қараныз: Чэнь Дэчжи 1997 (13), 369-бет).

<sup>11</sup> 都达鲁花赤 — Бас даруқаш.

<sup>12</sup> «Юаньши» кітабы бұл адамның аты-жөнін 丘真人 деп хаттап, оны «道之士也» (Даосизмші) деп түсіндірген.

<sup>13</sup> Мәтінде 阿里罕 (Алихань) — Алихан.

<sup>14</sup> Мәтінде 明里察 (Миньлича) — Менлікчар.

**«Юаньши», 120-цзюань,  
жеке тұлғалар өмірбаяны VII  
«Шучитайдың өмірбаяны»  
(«ЧХШЦ» нұсқасы, 2962—2963-66.)**

《元史》卷一百二十 列传第七  
《术赤台传》

(中华书局点校本第2962至2963页) 译注

**Аударма және түсіндірмелер**

Лучитай<sup>1</sup> — шыққан тегі улуутай<sup>2</sup>. Оның ағры атасының аты Лачжәнъ баду<sup>3</sup> деген адам. Батырлығымен, ақылдылығымен атақ-данқы барша жүртқа тараган адам болған. Оның Улуутай, Ману, Чжалаэр, Хунцзила, Ихәласы деген бес ұлы болған екен. Ұлыс құрылудың алдында ол осынау ұлы мақсат жолында аса елеулі еңбек еткен еді. Ұлыс құрылышп, Тайцзу таққа отырғаннан кейін, оның ұлдары мен немерелерінен тараган үрпақтарын өз алдарына жеке ру етіп үйымдастырып, оларды «бес тоуся»<sup>4</sup> деп атады. Шоған<sup>5</sup> аймағы тыныштандырылғаннан кейін, 65 адам мыңбегі<sup>6</sup> болып тағайындалған кездे, солардың арасында Улуутайдың немересі Шучитай да бар еді.

Шучитай аса ақылды әрі ержүрек батыр, әрі асқан мерген адам ретінде өз дәүіріне белгілі болды. Бір кездері целе<sup>7</sup> Ванханнның ұлы Сянкунъ<sup>8</sup> аса ақылды әрі ержүрек адам болғандықтан, алысжуықтарғы елдің көбі сол кісіден именетін болған. Целеи қатарлылар әскер бастап жорық жасап келіп, Халахачжәнъ Шато деген

жерде соғысады. Соғыс сәтсіз болды<sup>9</sup>. Осы кездे Хуэйиндаэр но-ян<sup>10</sup> тұрып: «Қазіргі жағдай өте қысылтаяң, нояндардың арасында Шучитайдан өткен батыр жоқ. Жаудың алдынан соны жіберейік» деген үсіншіс қояды. Қаған бұл үсіншісты жөн көреді. Шучитай бүйректы алғаннан кейін жалғыз топпен жаудың арасына еніп, Сянкунъды атып, Шилемән<sup>11</sup> қатарлы қолбасшысын тізе бүктірді. Сонымен, Целе жері<sup>12</sup> жаулап алынды. Наймандар мен Меэрцитай<sup>13</sup> күш біріктіріп шабуыл жасады. Қөптеген тайпалар олармен астыртын тіл біріктіріп, бір-бірімен одақ құрган еді. Ойламаған жерден Тайцзу әскер бастап, жорық жасап дер кезінде барғандықтан, тайпалар бет-бетіне тарап кетті. [Тайцзу] осы орайда оларға шабуыл жасады. Шучитай олардың Чжаха цзянпу<sup>14</sup> деген билеушісі мен оның екі қызын тұтқындалп алып келді. Тайпалар түгел бағынды, [Тайцзу] Чжаха цзянпумен одақ құрып, оны өзіне қосып алды. Қөп ұзамай наймандар қайта бүлінді. Шучитай Чжаха цзянпудан айласын асырып, оның өзін өлтіріп тастап, мемлекетін тыныштандырыды<sup>15</sup>.

Шучитай целеиге<sup>16</sup> жасалған жорық кезінде, Ханъха<sup>17</sup> деген жерден жолға шығып, Баньчжэн қөлді<sup>18</sup> басып өтіп, түмен ли жол бастап, жол азабын мейлінше тартты. Ол соғыстың бәрінде бірінші шепте жүрді. Сондықтан қаған оған: «Сен менің көзіме асқар таура тұсқен күн сәулесіндей болып көрінесің» деп мадақтаған еді. [Қаған] оған Ибаха беңзіді сыйға берді<sup>19</sup> және улуудардың 4000 адамын үрпағының үрпағына дейін басқаруга берді.

## Түсіндірмелер

<sup>1</sup> Мәтінде 术赤台 деп хатталған. «Құпия шежіре» бойынша Žürtchedei, Рашид ад-дин және Жувейни қатарлы мұсылман авторлары бұл адамның есімін Джурчәдай ноян деп жазған.

<sup>2</sup> Мәтінде 兀魯兀台 (Улуутай) деп жазылған. «Құпия шежіреде» бұл тайпаның атын «Ұрғұт» деп, Рашид ад-дин кітабында «урут» деп жазған.

<sup>3</sup> Мәтінде бұл адамның аты 刺真八都 деп хатталған.

<sup>4</sup> 投下 (Тоуся) — Монгол-Юань дәүірінде ханзадаларға, күйеубалалар мен нояндарға берілген халық. «Тоуся» сөзі қытай тілінде арнаулы термин ретінде алғаш рет Ляо әулеті заманындағы деректемелер бетінен кездеседі. Онда 头下 (тоуся), 投项 (тоусян), 头项 (тоусян) т. б. болып келеді. Соран негізделіп тоуся сөзінің төркіні қидан (қарақытай) тілінен деп келген еді.

Соңғы кездері қытайлық монголтанушы Чжоу Лянсяо бұл терминнің шығу төркінін қытай тілі деп түсіндіргенін көздестірдік (қараңыз: Чэнь Дэчжи 1997 (13). 984-6.). Түркі-монгол тілдерінде тоуса атауының баламасы ретінде «Айтаң» деген термин қолданылған. Қытайлық әдебиеттерде бұл Айтаң сөзінің 爱马 (Айма) деген қытайша транскрипциясы да кездеседі. Мұндағы «аймақтар» түркі-монголдардың қоғамдық-саяси өмірінде ежелден болған деуге негіз бар. Шынғыс хан монгол ұлсысын құрганнан кейін, бұрынғы монголдарға көрші отырған ұлыстардың халқын өз інілеріне, ұлдарына, күйеу балалары мен нојандарына үлестіріп берді. Нәтижесінде монголдар арасында этностық жақтан ала-құла болып келетін тоуса қызымындар, атап айтқанда, «аймақтық қауымдар» пайда болды. Кейін келе монголдардың Монголиядан тыс жерлерге жасаған жорықтарының үдей түсіне байланысты, олар Орта Азия мен Қытай жерінен көп мөлшердегі тұтқындарды олжалап, оларды өздерінің жеке мүлкінің бір бөлігі ретінде Монголияға көшіріп әкеle бастады. Нәтижесінде монголдар арасында тоуса қызымының үлкен тобы қалыптасты. Олар жайшылықта өз иелері үшін түрлі кәсіппен айналысып, еңбек етті. Соғыс кезінде өз қожайындарының қосындарына барып, олармен бірге жорыққа аттанды. Монголдар Қытай жерінен Юань мемлекетін құрганнан кейін, тарихтан жалғасып келе жатқан осынау түзімге өздері құрган мемлекеттің саяси өмірін тиісті орын беріп, оны монгол нојандарының мұддесі үшін пайдаланды. Монголдар Қытай жерін біржолата жаулап алғаннан кейін, ендегі әуелі этностық қытайлардың сахара тіршілігіне көндікпеуі, қала берді қытай жерінде мұндағы тоуса қызымындардың көбейіп кетуіне байланысты Монголияға көшіріп апаруды тоқтатып, оларды Ишкі Қытай жерінде гі арнаулы аймақтарға орналастырып, өздері тағайындалап жіберген уәкілдері арқылы басқарып отырды.

<sup>5</sup> 朔方 (Шофан) — көне заманда қытайлар Хуанхэнің солтүстік жағын, атап айтқанда қазіргі Шаньси (陝西) провинциясының солтүстігі мен Ишкі Монгол автономиялы өлкесін осылай деп атаған. Бірақ бұл жерде бұдан әлдеқайда кең аумақтарды мензеп отырғаны байқалады.

<sup>6</sup> Мәтінде бұл соғыс 千夫长 деп хатталған. Оны «мыңбегі» деп аударуға болады. Монгол тіліндегі баламасы minggh an-i поуан деп аталған. Қытайлық қатысты әдебиеттерде minggh an-i поуан сөзінің 明安讷那颜 (мин ань нә на янь) деген транскрипциясы да кездеседі.

<sup>7</sup> Мәтінде 恙列 деп хатталған. Бұл керей этномінің қытайша тағы бір түрлі транскрипциясы.

<sup>8</sup> Мәтінде 鲜昆 деп хатталған. Бұл Seңgüm деген мансап атының қытайша тағы бір түрлі транскрипциясы. Бұл жерде Сянкунь (鲜昆 // Seңgüm) деп керей ханзадасы Илқа Сенгүм айтылып отыр.

<sup>9</sup> «Юаньши» кітабының түпнұсқасының осы бөлігінде біраз қателіктер орын алған. Түпнұсқада: «怯列亦哈刺哈真沙陀等帅众来侵, 兵战不利 (Целие Халачжэн Шато дән шуай чжун лай цинь, бин чжань бу ли)» дедінеді. Бұл сөйлемді «керей Халачжэн Шато қатарлылар қол бастап шабуыл жасап

келді. Соғыстық. Соғыс сәтсіз болды» деп түсінуге болады. Қытайлық және мұсылман деректемелеріне жүгінер болсақ, мұндағы 恃列亦 (Целеи) тайпа аты болып, қытай деректемелерінде «керей» этномимінің тағы бір түрлі транскрипциясы деп қаралады. 哈刺哈真沙陀 (Халахачжэн Шато — бұл мұсылман деректемелерінде кездесетін Қалааджин-Елет деген жер еді. Монголдық деректемелерде де бұл жердің аты «Qarqalžit-elet» делінеді. Шын мәнінде бұл да «Юаньши» кітабында орын алған қателіктедің бірі саналады. «Юаньши» кітабының «ЧХШЦ» нұсқасында, мәтінтанушы ма-мандар жоғарыда айтылған дәйектерді ескере отырып, бұл сөйлемді: «恵列亦等 帅众来侵，兵战哈刺哈真沙陀，不利» (Целеи қатарлылар қол бастап жорық жасап келіп, Халахачжэн Шато деген жерде соғысты, соғыс сәтсіз болды.) деп түзету енгізген (қараңыз: «Юаньши», 120-цзюань, X том, 2972-б.). Мәтіннің бұл жерін біз осы түзету негізінде аудардық.

<sup>10</sup> Мәтінде 近臣忽因答儿 (Цзинченъ Хуэйндаэр) делінген. Монголдық деректемелер оны Хойлдар нойон деп атайды. Мұсылман деректемелерінде Қойлдар-сәчән (Quyildar-sechen) делінген.

<sup>11</sup> Мәтінде 失列門 деп хатталған. Бұл жерде «Құпия шежіре» қатарлы еңбектерде «Qori-Šilemün-taiži» (Хори-Шіләмүн Тайжы) деген атпен атала-тын Оң ханның қолбасшысы айтылып отыр. Бұл туралы толығырақ 122-бет-тегі 8-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>12</sup> Мәтінде «逐并有恵列之地» делінеді. Бұл сөйлемді: «Сонымен, ке-рейлердің жерін тартып алды» деп түсінуге болады. Бұл жерде осы жолғы керейлер мен монголдардың арасында болған шайқастың монголдардың жеңісімен емес, керінше керейлердің жеңісімен аяқтағандығын, осы соғыста монголдардың жеңіліп тозып кеткенін ескерткіміз келеді.

<sup>13</sup> Мәтінде 灭儿乞台 (Меэрцитай) деп транскрипциялаган. Бұл «Юаньши» авторлары әмір сүрген дәуірге тән транскрипция деуге болады. Сейтіп, оны Меркіт этномимінің «Юаньши» кітабындағы транскрипциясы деп қараяуға тұра келеді.

<sup>14</sup> «Юаньши» кітабының бұл түсінде 扎哈坚普 (Чжаха Цзяньпу) деп хатталған. Жоғарыдағы мәтіндерде біз бұл кісінің атының 札阿紺亭 (Чжаа-ганьбо) деген транскрипциясын кездестірген едік. Жақа-Қамбұ туралы 74-беттегі 77-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>15</sup> Мәтіннің бұл бөлігінде баяндалған оқығалар тым қым-қуыт болып көрінеді. Мұнда баяндалып отырган наймандар мен меркіттердің күш бірік-тіріп жасаған шабуылы деп керей ұлсысы құйрекеннен кейін найман билеу-шісі Тайаң ханның шырысқа жасаған жорығы айтылып отырса керек. Бұл соғыстың 1204 жылы болғаны белгілі. Жорық кезінде найман ұлсысмен топтасқан тайпалардың саны да көп болған еді. Атап айттар болсақ, олардың қатарында «Тоқтай бек бастаган меркіттер, Ален тайши және кезінде Оң ханнан бөлініп қашып келген керейлердің бір бөлімі, Құтуқа-бек пен оның ойраттары, Жамұқа мен оның жажиratтары, сондай-ақ дурбан, татар, қатақин, салджиут қатарлылардың соғыста жеңіліп қашып кеткен қалдықтары

болған» (қараңыз: Рашид ад-дин, СЛ II т., 3-б. және Рашид ад-дин, ҚА, I-1, 225, 226-66.; «Юаньши», 1-џзоань, Патшалар шежіресі I, «Тайцзу» баяны («ЧХШЦ» нұсқасы, I т., 12-б.). Соғыс наймандаρдың жеңілісімен аяқталды. Олардың маңына топтасқан тайпалар бет-бетіне тарап кетті. Бір бөлігі монголдарға бағынды. Бұл жолғы найман одагына қатысқандардың арасында керейлердің әйгілі ұлығы Ален тайшиден басқа Оң ханның інісі Жақа-Қамбұ да болған. Ол осыдан біраз жыл бұрын агасы Оң ханмен жанжалдастып, керей ұлысының батысындағы найман ұлысына қашып кеткен болаттын. Наймандаρмен арадағы осы жолғы соғыста жеңіске жеткеннен кейін «术赤台俘其主扎哈坚普及二女以归，诸部悉平，与扎哈坚普盟而归之» («Шучитай олардың Чжака цзяньпу деген билеушісі мен оның екі қызын тұтқындағы алып келді. Сөйтіп, тайпалар түгел бағынды. [Тайцзу – Ж. О.] Чжака цзяньпумен одақ құрып, оны өзіне қосып алды» делінсе, одан әрі «未及，乃蛮复叛，术赤台以计袭扎哈坚普，杀之，遂平其国。» («Көп ұзамай наймандаρ қайта бұлінді. Шучитай Чжака цзяньпудан айласын асырып, оның өзін өлтіріп тастап, мемлекетін тыныштандырды» делінген. Біздің түснігімізше бұл деректерде ешқандай қарама-қайшылық жоқ сияқты. Жақа-Қамбұдың наймандаρмен одақтастып, монголдарға қарсы жорыққа қатысқаны, соғыстың сөтсіз болып оның Шучитай бастаған монрол қосындарының қолына түскені, Шыңғыс ханға бағынып, оған қызын бергені, кейін келе бұрынғы найман жерінде наймандаρмен бірге қайта көтеріліс жасағаны айтылаған деуге болады. Мәтінде «наймандаρдың қайта бұлінуі» мен «Жақа-Қамбұдың өлтірілуі» арасындағы қатынасқа келсек, Жақа-Қамбұдың бұл кезде найман жерінде тұруы мен көтерілісті наймандаρмен бірлесе жасағандығымен байланысты деуге болады. Бұл дерек наймандаρ мен керейлердің арақатынасын зерттеуде біраз көмексі мәселелерді анықтауға көмектес алады.

<sup>16</sup> Мәтінде 怯列亦 деп хатталған. Бұл да керей деген этнонимнің «Юаньши» кітабындағы транскрипцияларының бірі.

<sup>17</sup> Мәтінде 韩哈 деп хатталған.

<sup>18</sup> Мәтінде 班真海子 (Банъчжэнхайцзы) деп хатталған. Бұл Балжұна көлі болуы керек.

<sup>19</sup> Мәтінде 亦巴哈別吉 (Ибаха беңзі) деп хатталған, Ибаха begi (м) деп қалпына келтіруге болады. «Құпия шежіреде» оның атын Ibaqa-beki деп жазады. Рашид ад-дин кітабының В нұсқасы мен Березин аудармасында Abqek, С және L нұсқаларында Abiqeh. Керей ұлысы жойылғаннан кейін Жақа-Қамбұдың бұл қызын Шыңғыс хан өзі алған еді. «Құпия шежіреде» Шыңғыс ханның оны Жүрчедейге (Zhürchedei) сауғага бергені сөз болады. Ал Рашид ад-дин кітабында Шыңғыс хан бір күні үйқыдан шошып оянған бойда оны (Abiqeh khātūn) далада күзетте тұрган K (a)hti-pūtān деген кезекшіге бере салғаны баяндалған.

**«Юаньши», 120-цзюань,  
жеке тұлғалар өмірбаяны VII  
«Чжэнъхайдың өмірбаяны»  
(«ЧХШЦ» нұсқасы, 2963—2964-66.)**

(《元史》卷一百二十，列传第七  
《镇海传》  
(中华书局点校本第2963至2964页) 译注)

### **Аударма және түсіндірмелер**

**Ч**жэнъхай<sup>1</sup> — шыққан тегі Целетай<sup>2</sup> тайпасы. Ертерек-тен қол бастаған қолбасшы. Тайцзумен бірге Банъчжуни өзенінен<sup>3</sup> су ішкендердің бірі. [Монголдың] ақсүйек хан, нояндарымен бірге Унань өзенінің<sup>4</sup> бойында бас қосқан құрылтайды ол Тайцзуға «Чэнцзисы хуанди»<sup>5</sup> деген құрмет атақ беруді ұсынған. Жылқы жылы<sup>6</sup> Тайцзумен бірге наймандарды бағындыру жорығына қатысып, шайқаста ерекше ерлік көрсеткені үшін [Тайцзу оған] сыйлық ретінде саігүлік тұлпар тарту етті. Мешін жылы<sup>7</sup> Цюйчу<sup>8</sup> қатарлы мемлекеттерді<sup>9</sup> бағындыру жорығына қатысып, соғыстағы ерлігі үшін сыйлыққа інжү ту беріп марапаттады және сап алтыннан жасалған барыс белгісі берілді<sup>10</sup>. Сонымен бірге оған Шээрби<sup>11</sup> деген мансап тағайындалды. Татар, Цинъча<sup>12</sup>, Тану<sup>13</sup>, Чживэнъ<sup>14</sup>, Цидань<sup>15</sup>, Нюйчжи<sup>16</sup>, Хэси<sup>17</sup> қатарлы елдерге жасалған жорықтарға қатынасып, сансыз мал-жанды олжалаپ, соның барлығын қағанға табыстады. Қаған оны Алухаунда<sup>18</sup> тың игеруге

бүйірып, Чжэнъхай қаласын тұргызып, қаланы оның басқаруына берді<sup>19</sup>.

Мешін жылы<sup>20</sup> Тайцзумен бірге Хань жеріне<sup>21</sup> жорыққа атта-нып, Лунсин<sup>22</sup> деген жерде Цзинь елінің қолбасшысы Хучахумен<sup>23</sup> соғысты. [Чжэнъхай] оқ тиген денесін таңып алып шайқасты жа-ғастыра берді. Міне, солай ол төрт жерінен оқ тиіп жараланғанына қарамай шайқасты. Оның бұл ерлігі бүкіл қосындағы жауынгерлер-ге шабыт беріп, олардың мерейін асыра түседі. Яньцзин қаласын басып алғаннан кейін, Тайцзу оған төрт атырапқа қаратып төрт оқ атқызып, содан соң оның оғы түскен жердің ішіндегі бау-бақша-лар мен сарайларды түгелдей оған сыйға тартады. Көп өтпей оны чужуншуючәнсян<sup>24</sup> етіп тағайындады.

Сиыр жылы<sup>25</sup> Тайцзун хан тағына отырды, осы жылы ол қол бастап Сицзинъға<sup>26</sup> дейін барып, одан әрі қарай Хэчжун<sup>27</sup>, Хэ-нань<sup>28</sup>, Цзюньчжоу<sup>29</sup> қатарлы аймақтарға жорық жасады. Жылан жылы<sup>30</sup> Цайчжоу<sup>31</sup> аймағын басып алды. Осы жолғы соғыста жасаған ерлігі үшін иелігіне Эньчжоу<sup>32</sup> аймағынан 1000 отбасы бе-рілді. Осыдан шамалы уақыт бұрын әр жерден әкелінген кәмелет-ке толмаган ұл-қыздар мен түрлі қолөнер шеберлерін Хунчжоуга<sup>33</sup> топтастырған еді. Кейін келе Сиой жақтан келген жібек тоқушы 300 шеберді және Бяньцзинде<sup>34</sup> жүннен кездеме тоқитын 300 ше-берді де Хунчжоуга апарды. Бұларды басқару жұмысы Чжэнъхайга тапсырылды. Динцзун<sup>35</sup> хан тағына отырғаннан кейін Чжэнъхайга алдыңғы хандардың заманынан келе жатқан қарт уәзір ретінде мәміле жасап, оған бұрынғысынша Чужуншуючәнсян мансабын берді. Кейін қартайып 84 жасында қайтыс болды<sup>36</sup>.

## Түсіндірмелер

<sup>1</sup> Мәтінде 镇海 деп хатталған. Қатысты деректемелерде 称海 (Чэнхай) деген транскрипциясы да бар. Өз дәуірінің адамдары оны Тянь Чжэнъхай (田镇海) деп те атаған. Бір кездегі мансабы мен лауазымына қарай 田相公 (Гянъ сянгун) деп те атаған. Плано Карпини өз саяхатнамасында оның атын Tchinqaï деп жазған. Дом Жан Беке, Луи Гамбис қатарлылар кезінде: «Плано Карпини бұл адамның атын ете дұрыс жазған. Біз болсақ ол кісінің атын Cingay дегеннен ғөрі Chingay деп жазған дұрыс деп қараймыз» деп жазады (қараңыз: Plan Carpini, Histoire des mongols, Қыт. аудармасы, 159-бет.) Шынқай немесе Шыңдай (1169–1252 жж.) болуы мүмкін. Шынқай

туралы мәліметтер «Юаньшиде» гана емес, Сюй Южэнънің (许有壬) «Ючэнсянцелегуншэнъдаобай» «右丞相怯烈公神道碑» сияқты еңбектерінде де кездеседі. Оnda Шыңқайдың шыңқан тегі керей дей отырып, оның Оң ханның беделі асқаңтап түрган кезден бастап, Темүжінге қызмет еткені туралы мәлімет бар. Дегенмен, оның шыңқан тегі үйгір деген деректі жақтай отырып, Монголиядағы керей елінің арасына барып, соларға сіңгеннен кейін өзін керей атаған деген пікір ұсынушылар да бар (қараңыз: Дин Гофан, Чжэнъхай өзүлетінің ата тегі Юаньши үзі бәйған минцзашы яныңзю цзикань, № 10).

<sup>2</sup> Керейтай — бұл тайпаның аты «Юаньшиде» 怯烈台 (Целетай) деп хатталған. «(台) Тай» иероглифінің қосылуын кейінгі «Юаньши» авторлары жасаған дәүірге тән өзгеріс деп те, одан кейінгі замандарда орын алған өзгеріс деп те қаруаға болады.

<sup>3</sup> Мәтінде 班朱尼河 деп хатталған. «Күпия шежіреде» осыған сәйкес келетін Балжұн арап немесе Балжұна көлі деген жер аттары кездеседі. «Юаньшиде» бұл жерде 班朱尼河 (Банъчжуну өзені) делінген.

<sup>4</sup> Мәтіннің бұл тұсында Онан өзенінің атын 兀难河 деп хаттаған. «Юаньши» 幢难河 деп те хаттайды.

<sup>5</sup> Мәтінде 成吉思皇帝 деп хатталған. Бұл «император Шыңғыс» дегенге сәйкес келеді. Монголдар кезінде бұл сөздің баламасы ретінде «Шыңғыс қаган» деген атақты қолданғаны белгілі.

<sup>6</sup> 1210 жыл.

<sup>7</sup> 1212 жыл.

<sup>8</sup> 曲出 (Цюйчу) — найман ханзадасы Күшлік есімінің тағы бір түрлі транскрипциясы. «Юаньши» 120-цзюань, «Исмайылдың өмірбаянында» және «Циньчжэнлу» кітабында оның есімі 曲出律 (Цюйчулой) деп хатталған. Ал «Юаньши», 121-цзюань, «Шосының өмірбаянында» бұл есім 曲书律 (Цюйшулой) деп транскрипцияланады. Бұдан тыс «Юаньшидің» кейір тараулары мен «Ляоши» кітабында 屈出律 (Цюйчулой) деп хатталған.

<sup>9</sup> Мәтінде 曲出诸国 (Цюйчу қатарлы мемлекеттер...) деп қана жазылған. Мұнда 曲出 (Цюйчу) деп Күшліктің бұрынғы Қарақытай мемлекетінің орнынан құрған Найман мемлекеті айтылып отыр.

<sup>10</sup> Алтын барыс белгісі — көне заманда ескери жорықтарда қолданылатын ерекше белгі. Белгі мыс, жez, алтын сияқты металдан соғылды. Белгі екі бөліктен тұрды. Оң бөлігі хан ордасында сақталды, сол бөлігі қол бастайтын қолбасыға берілді. Жорықтарға аттанған кезде осы белгі негізгі айғақ саналады.

<sup>11</sup> Мәтінде Шээрби (阇儿必) деп хатталған. Деректемелерде бұл мансап 扯儿必 (Чиэрби) деген түрде де кездеседі. Бұлар Cherbi деген мансап атының әртүрлі транскрипциясы. Монгол деректемелері оны «шэрби» деп жазған. Шэрби — монгол мемлекетін құрған кезде берілген мансап. «Шилинъгуанцзи» («事林广记») атты еңбектің «Мэнгуюй» («蒙古译语») деген бөлігінде бұл туралы «Шээрби деген үзайсян» [уәзір. — Ж. О.] деген анықтама берген.

<sup>12</sup> Циньча (钦察) — қыпшақ этномінің тағы бір түрлі транскрипциясы.

<sup>13</sup> Тану (唐兀) — Таңғыт.

<sup>14</sup> Мәтінде 只温 (Чживэн) деп хатталған. Біз осыған үқсас елдің атын Рашид ад-дин кітабынан ғана көздестірміз. Автор «Джион» деген рудың атын атап, оны меркіттердің бір тайпасы ретінде көрсеткен. «Юаньши» кітабындағы 只温 (Чживэн) мен Рашид ад-дин айтқан Джион екеуі бір елдің аты екені беймәлім.

<sup>15</sup> Җидань (契丹) — Қитан (Qitan), бұл жерде Қарақытай мемлекеті мензеліп отыр.

<sup>16</sup> Нийчжи (女直) — Шүршіт. Бұл жерде Солтүстік Қытай жеріндегі этностың шүршіттер құрган Җэйн мемлекеті айтылып отыр.

<sup>17</sup> Хәси (河西) — Таңғыттар айтылып отыр. Мәтіндеғі Хәси (河西) мен Тану (唐兀) бір елдің бір дәүірдегі екі түрлі аты. Мәтіндеғі көрініс «Юаньши» авторының агаттығынан туындалған.

<sup>18</sup> Мәтінде бұл жердің аты 阿鲁欢 деп хатталған, кейін деректемелерде Улиянхуань (兀里羊欢) делінеді. «Чанчунь Чжэнъжэнь си ю цзи» атты кітапта бұл маңдағы таудың атын Абухань таусы (阿不罕山) деп жазды (қараңыз: Ян Җзянсинь 1987. 199-бет). Қаланың орны қазіргі Монголияның Қобда аймағының шығысындағы Қайырхан тауының солтүстігінде (Чэн Дэчжи 2005, 60-б.).

<sup>19</sup> Шыңғыс хан Шыңқайға откен жорықтарда қолға тускен соғыс тұтқындарын басқарып («Юаньшидің» осы бөлігінде бұл жердің аты 阿鲁欢 (Алухуань) деп жазылған), тың игеріп, егін салып, осы жерден қала түрғызууды, тұтқындардың арасындағы қолөнер шеберлерін үйімдастырып, шеберханалар ашып, қолөнер бүйімдарын өндіруді бүйірады. Жаңадан түрғызылған бұл қаланың атын Шыңқайдың атымен «Шыңқай қаласы» деп атаган. «Чанчунь Чжэнъжэнь си ю цзи» атты еңбекте бұл қаланың «田镇海八刺喝孙» (Тянь Чжэнъхай балахәсунь) деп аталаған айтылған (қараңыз: Ян Җзянсинь 1987. 199-б.). Қала шамамен 1216–1218 жылдар аралығында түрғызылған. Орны қазіргі Монголияның Қобда аймағының шығысында болғанға үқсайды (қараңыз: Чэнь Дэчжи 2005, 55-60-б.).

<sup>20</sup> 1212 жыл.

<sup>21</sup> Мәтінде 汉地 деп хатталған. Бұл сөзді «Қытай жері» деп түсінуге тұра келеді. Мәтінде ілгеріде 16-түсіндірmede айтылған Җэйн мемлекеті мензеліп отыр.

<sup>22</sup> Мәтінде 隆兴 деп хатталған.

<sup>23</sup> Мәтінде 忽察虎 деп хатталған.

<sup>24</sup> Чжуншуючэнсян (中书右丞相) — Монголдың Юань мемлекетінің саяси жүйесіндегі мансап. Оны сол кезде «Ұлық Бітікші» деп, қытайша 中书丞相 деп атаган. Ол атқаратын міндеттіне қарай 中书右丞相 (Чжуншуючэнсян) және 中书左丞相 (Чжуншузочэнсян) деп бөлінген. Бұл кезде 中书右丞相 (Чжуншуючэнсян) болған Шыңқай үйғыр жазуы қолданылатын түркі-монгол тілді халықтар қоныстанған аймақтардың бітік жұмыстарына жауапты болған.

<sup>25</sup> 1229 жыл.

<sup>26</sup> Қытайша 西京 деп хатталады.

<sup>27</sup> Қытайша 河中 деп хатталады.

<sup>28</sup> Қытайша 河南 деп хатталады.

<sup>29</sup> Қытайша 钧州 деп хатталады. Орны қазіргі Хэнань провинциясы аумағындағы Юйсянь (禹县) ауданы аумағында.

<sup>30</sup> 1233 жыл.

<sup>31</sup> Қытайша 蔡州 деп хатталады. Орны қазіргі Хэнань провинциясы аумағындағы Жунаньда (汝南).

<sup>32</sup> Қытайша 恩州 деп хатталады.

<sup>33</sup> Қытайша 弘州 деп хатталған. Орны қазіргі Хэбэй провинциясындағы Яньюан (阳原) деген жерде.

<sup>34</sup> Бянъцзин (汴京) — қазіргі Хэнань провинциясындағы Кайфэн (开封) қаласы.

<sup>35</sup> Динцзун (定宗) — ягни Күйік хан.

<sup>36</sup> Рашид ад-дин қатарлы мұсылман деректемелеріне негізделгенде Мөңке ұлы хан болғаннан кейін осы реткі хан тағы үшін болған таласта Күйік хан әuletінің жақтастары қатарында болған Шыңқайды жазага тартып өлтірғен. Сөйтіп ол Шыңғыс хан үрпақтарының арасындағы тартыстың құрбаны болды. Дегенмен, оған берілген ауыл-аймақтарға қиянат жасалған жоқ. Бұл аймақтарға оның артында қалған ұлдары мұрагерлік етті және Шыңқайдың ұлдары Юань әuletінде елеулі мансаптарға тағайындалып келді.

**«Юаньши», 120-цзюань,  
жеке тұлғалар өмірбаяны VII  
«Хэсымайлидің өмірбаяны»  
(«ЧХШЦ» нұсқасы, 2969—2970-66.)**

**«元史» 卷一百二十 列传第七**

**«曷思麦里»**

**(中华书局点校本第2969至2970页) 译注**

## **Аударма және түсіндірмелер**

**X**эсымайли<sup>1</sup> — Сиойдегі Гуцзэвоэрдо<sup>2</sup> қаласының адамы. Бұрын Батыс Ляо<sup>3</sup> елінің билеушісі Коэрханның<sup>4</sup> сенімді уәзірлерінің бірі болған. Кейін келе Гуцзэвоэрдо қаласына қарасты Қесань<sup>5</sup> қаласының басқагы<sup>6</sup> болған. Тайцзу батысқа жорық жасаған кезде Хэсымайли Қесань қатарлы қалалардың әмірлерін бастап, өз еркімен келіп Чжэбе<sup>7</sup> ноянга берілді. Қаган Хэсымайлиді Чжэбенің маңдаійалды қолы болып аттанып, наймандарға жорық жасауға бүйрек береді. Наймандар бағындырылып, олардың ханы Цюйчулуй<sup>8</sup> өлтірілді. Чжэбе Хэсымайлиға Цюйчулуйдің басын кесіп алыш, оны өз жеріне апарып көрсетуді бүйірады. Қәшихаәр<sup>9</sup>, Яэрцянъ<sup>10</sup>, Водуанъ<sup>11</sup> қатарлы қалалардың елі оны көріп, жапа-тармагай келіп бағынды.

Ол қаганмен бірге жалғасты жорыққа аттанып Ничабуэр қаласын<sup>12</sup> бағындыру шайқасына қатысып, қаланы алды. Қаган қосынды өзі бастап Сюэмисыганъге<sup>13</sup> аттанып, олардың билеуші

әмірі Чжаладинмен<sup>14</sup> Юәцзечи<sup>15</sup> жерінде соғысып, оларды жеңді. Соғыс алаңынан қашып кеткен Чжаладин мен оның нөкерлөрін Алахәй қаласында<sup>16</sup> қуып жетіп, Тумаувәнь тауында<sup>17</sup> соғысып, тағы бір мәрте жеңді. Одан әрі тағы қуып барып Ханъянъ қаласының<sup>18</sup> батысындағы қорғанда соғысып тағы да талқандады. Чжаладин қашып тенізге барып тырылды. Хэсымайли оның алтын-күміс, асыл заттарын олжаларап қайтты. Осыдан кейін Юйәргу<sup>19</sup>, Дәхэнъ<sup>20</sup> деген екі қаланы алды. Мұнан соң көп үзамай Ханъянъ қаласын да алды.

Қаған Чжәбайді Цинъчаларға<sup>21</sup> сұыт жорық жасап барып, оларды бағындырып келуге аттандырды. Хэсымайлиға Цюйертә<sup>22</sup>, Шиэрваньша<sup>23</sup> қатарлы қалаларға өз еріктөрімен бағыну туралы қаған жарлығын жеткізууді тапсырады. Гуәрчжи тайпасы<sup>24</sup> мен Асу тайпасының<sup>25</sup> жеріне барғанда олар әскерін бастап шығып қанша қарсыласқанымен, бірақ жеңіліп тізе бүкті. Осыдан кейін Хэйлинъ қаласын<sup>26</sup> бағындырып, волосыларға<sup>27</sup> Теэр тауында<sup>28</sup> шабуыл жасап, оларды да жеңіп, бұл елдің әмірі Мичжисыланы<sup>29</sup> қолға түсірді. Чжәбай бұл тұтқындарды Шучи тайцзыға<sup>30</sup> апарып беруді Хэсымайлиге тапсырады. Ол оны өлтіріп тастады. Бұдан кейін Канлилерге<sup>31</sup> жорыққа аттанып, олардың Боңзыбалы<sup>32</sup> қаласына барып, олардың ханы Хотосыханмен<sup>33</sup> соғысып, олардың әскерін де жеңді. Ол жерден шығып, цинъчаларға барып, оларды да тыныштандағы<sup>34</sup>. Осы жерде жорықты аяқтатып, ат басын кері бүрді. Чжәбай дуниеден өтті.

## Түсіндірмелер

<sup>1</sup>曷思麦里 (Хэсымайли) деп транскрипцияланады. Мұны Ислайыл деп қалпына келтірудің мүмкіндігі бар.

<sup>2</sup> 谷则斡儿朵 (Гүзэвөэрдо) – Құз Ордо деген сөздің транскрипциясы. Қатысты деректемелерде бұл қаланың аты туралы 虎思斡儿朵 (Хусывөэрдо), 虎司窝鲁多 (Хусыволудо) деген сияқты транскрипциялар да бар. М. Қашқари өз еңбегінде: «Орду – Баласагұнға жақын қала, Баласагұнды да Құз-Ұрду дейді» деп жазады (қараңыз: М. Қашқари. 154-бет). Автор енді бірде бұл қаланың «Құз-Ұлыш» деп аталатындығын атап көрсеткен.

<sup>3</sup> Батыс Ляо (西辽) – шұршіттерден жеңіліп батысқа ауып кеткен Қидан ханзадасы Елюй Даши құрган Қарақытай мемлекетін өз кезінде қытайлық деректемелер Силяо (西辽), ягни Батыс Ляо деп атаған.

<sup>4</sup> 阔儿罕 (Коэрхань) — ягни Құр хан.

<sup>5</sup> Мәтінде 可散 (Кэсань) деп хатталған.

<sup>6</sup> Мәтінде 八思哈长官 (Васыха чжангуан) деп хатталған. Бұл тіркесті түркі тіліндегі мансап аты «Басқаң» деген сөздің транскрипциясы деуге болады.

<sup>7</sup> Чжэбай (哲伯) — ягни Жебе. Ол Жебе ноян деген атпен әйгілі.

<sup>8</sup> Мәтінде 曲出律 (Чыңшыл) деп хатталған. Бұл Құшлік есімінің тағы бір түрлі транскрипциясы.

<sup>9</sup> Кэшихаэр (可失哈儿) — ягни Қашқар.

<sup>10</sup> Яэрцянь (押儿牵) — ягни Яркен қаласы. Орны қазіргі ҚХР ШҰАА аумағында.

<sup>11</sup> Водуань (斡端) — ягни Хотан.

<sup>12</sup> Нишибуэр (尼沙不儿城) — ягни Нишапур қаласы.

<sup>13</sup> Сюэмисығань (薛迷思干) — Семізкент, ягни Самарқанд қаласының сол кездеі түрікше аты.

<sup>14</sup> 扎刺丁 (Чжаладин) — ягни Жалал ад-дин. Бұл жерде Хорезм шах айтылып отыр.

<sup>15</sup> 月揭赤 (Уцзечи) деп хатталған. «Юаньши» кітабының басқа тарауларында 乌龙杰赤 (Улунцзечи) деген транскрипция көбірек кездеседі. «Юаньши» кітабы бұл жерде Үргеніш қаласының атын осылай деп хаттаған.

<sup>16</sup> Мәтінде 阿刺黑 деп хатталған.

<sup>17</sup> Мәтінде 秃马温 деген иероглифтермен хатталған.

<sup>18</sup> Мәтінде ぶる қаланың аты 憨颜 деп хатталған.

<sup>19</sup> Мәтінде 玉儿谷 деп хатталған.

<sup>20</sup> Мәтінде 德痕 деп хатталған.

<sup>21</sup> Цинъча (钦察) — қыпшақ этномінің тағы бір түрлі транскрипциясы.

<sup>22</sup> Цюйэртэ (曲儿忒) — ягни Құрті.

<sup>23</sup> Шиэрваньша (失儿湾沙) — ягни Шірванша қаласы.

<sup>24</sup> Гуэрчживу (古儿只部) — ягни Грузия.

<sup>25</sup> Асу (阿速部) — ягни Asud//Ās. Бұл елдің аты Alan деп те аталған. Атальыш дәүірде астардың бір бөлігі қыпшақ тайпаларының құрамында болған.

<sup>26</sup> Мәтінде 黑林城 деп хатталған. Бұл шамасы Галич қаласы болса кепек.

<sup>27</sup> Волосы (斡罗思) — ягни орыстар.

<sup>28</sup> Мәтінде ぶる таудың аты 铁儿山 деп хатталған.

<sup>29</sup> Мәтінде орыс билеушісінің аты 密只思腊 (Мичжисыла) деп хатталған, Мистислав деген аттың транскрипциясы.

<sup>30</sup> 术赤太子 (Шучи тайцзы) — ягни Жошы ханзада.

<sup>31</sup> 康里 (Канли) — ягни қаңлы. Қытай деректемелерінде бұл тайпаның аты 康礼 (Канли), 抗里 (Канли), 航里 (Ханли), 夯力 (Ханли), 杠斤 (Ханцзинь) деп те транскрипцияланған. Қаңлылар монгол шапқыншылығына дейінгі уақытта Жайықтан бастап, Араб теңізінің солтүстік-шығысына дейін созылғып

жатқан далалық аймақтарға қоныстанған түркі тайпасы ретінде белгілі болды. 1223 жылды орыстар мен қыпшақтарды жаулап алып шығысқа беттеген Сүбегетай мен Жебе ноян бастаған монгол әскерлері қаңлылардың жеріне келгенде, олармен соғысып, жеңген.

<sup>32</sup> Мәтінде 孝子八里 (Боңзыбали) деп хатталған. Бұл дыбысталуы жағынан Бозбалық дегенге ете жуық келеді.

<sup>33</sup> Мәтінде қаңлылардың бұл ханының аты 霍脱思罕 (Хотосыхань) деп транскрипцияланған.

<sup>34</sup> Бұл жерде айтылып отырган Цинъча (қыпшақтар) қаңлылармен қанаттас отырган қыпшақтардың бір тармагы болса керек.

**«Юаньши», 121-цзюань,  
жеке тұлғалар өмірбаяны VIII  
«Субутайдың өмірбаяны»  
(«ЧХШЦ» нұсқасы, 2975–2982-66.)**

(《元史》卷一百二十一，列传第八  
《速不台传》

(中华书局点校本第2975至2982页) 译注

**Аударма және түсіндірмелер**

**С**убутай<sup>1</sup> — Мәнгудың уллянхә<sup>2</sup> тайпасының адамы. Оның арғы атасы бір кездері Вонань өзенінің жағасында аң аулап жүріп, Дүнбинай қағанмен<sup>3</sup> кездесіп, екеуара дос болған екен. Содан, Тайцзудың заманына жеткенге дейінгі арада бес ата аралаған еді. Нелибиден<sup>4</sup> Бохуду<sup>5</sup> туады. Халқы оны құрметтеп «Чжэлима»<sup>6</sup> деп атайды. «Чжэлима» деген сөздің қытай тіліндегі мәнісі: білгір, айлакер адам деген сөз. Оның шөбересінің аты Хэчивэн<sup>7</sup> болып, одан Хабан<sup>8</sup> туады. Хабаннан екі ұл туады. Оның ұлкенінің аты Хулухун<sup>9</sup>, кішісінің аты Субутай болатын. Кейін бұл екі ұлдың екеуі де асқан батырлығымен, қас мергендігімен ел көзіне түседі. Тайцзу Банчжуни өзенінде тұрган кезінде, Хабан сый-сыяпат үшін бір қора қой айдалап келе жатқан жолда қарақшылардың шабуылына ұшырап, қолды болады. Артынан Хулухун мен Субутай келіп қалып, қарақшылардың біреуін атып атымен құлатады, қалғандары қашып құтылады. Олар әке-

сін құтқарып алып, қоралы қойды айдал ордаға келеді. Хулухун жүзбасылық мансап алып қағанға еріп, наймандармен ұлы қорған-ның<sup>10</sup> оңтүстігінде соғысады. Хулухун оларды садақпен атқылап, бетін қайтарады. Олар қашып Коитан тауына<sup>11</sup> барып, сонда тозтозы шықты.

Субутай қағанның қолбаласы тәрізді оның қасынан екі елі қалмай нөкерлік міндет атқарумен қатар, қосымша жүзбасылық міндет атқарады. Мешін жылы<sup>12</sup> Цзинь еліндегі Хэнъчжоуга<sup>13</sup> шабуыл жасады. Осы жолғы шайқаста Субутай қамалды бұзып кіріп, қаланы басып алды. Қаған оның осы жолғы көрсеткен ерлігі үшін бір арба жібек мата тарту етті. Бұл уақытта мелицзилер<sup>14</sup> әлі есе бермей тайталасып жатқан-ды. Тышқан жылы<sup>15</sup> қаған Туула өзеніндегі<sup>16</sup> Хэйлинде<sup>17</sup> қолбасыларының басын қосып, олардан: «Мен үшін мелицзилердің көзін құртып келетін қайсыларың бар<sup>3</sup>» деп сұрайды. Жорыққа аттануды Субутай өзі тілеп алады. Қаған оған рұқсатын береді. Сонымен, Аличуды<sup>18</sup> сұрыпталған жүз адаммен алдыңғы жаққа барлаушы етіп шолғынға жібереді де, Субутай неғізгі қосынды бастап олардың сонынан жолға шығады. Субутай Аличуга: «Сендер өздеріңмен бірге біраз жас сәбілерді қосып ала жүріңдер, онда барғаннан кейін қонған жұрттарыңа жас сәбілерді қалдырып кетіп отырыңдар. Сонда олар сендерді қашып жүрген босқындар еken деп, сендерден күдіктенбейтін болады» деп тапсырады. Мелицзилер оларды көріп, айтқанындаи-ақ бұлар босқындар еken деп ойлад, олардан еш күдіктенбейді. Қоян жылы<sup>19</sup> қалың қол Чань өзенінің<sup>20</sup> бойында мелицзилермен кездесіп, алрашқы сайystардың өзінде олардың екі бірдей қолбасшысын қолға түсіріп, елін түгел тізе бүктіреді. Олардың begi Ходу<sup>21</sup> қашып цинъчага кетті. Субутай олардың қыр сонынан қалмай қуып барып, Юйой<sup>22</sup> деген жерде цинъчалармен соғысып, оларды жеңді<sup>23</sup>.

Жылқы жылы<sup>24</sup> қаған Хуэйхуэй еліне<sup>25</sup> жорық жасады. Бұл елдің ханы Мели<sup>26</sup> елін тастай қашты. Оны қуу Субутай мен Чжибеге<sup>27</sup> тапсырылды. Олар оны Хули<sup>28</sup> өзені бойында қуып жетіп соғысқан еді, бірақ соғыс сәтсіз болды. Субутай өзеннің шығыс жақ жағалауында әскерімен еру жатты. Ол өзінің әскер салынын көбейтіп көрсету үшін қосындағы әрбір жауынгерге түнде үш жерден от жағып тастауды тапсырды. Олардың ханы түнделетіп бұл жерден тары қашып кетті. Олар он мың адамдық қосынмен

жалғасты қуу туралы қаған бүйрігын алыш, Бухандығы<sup>29</sup> Билихан қаласына<sup>30</sup> қарай қуып кетті. Олар жол бойы сусыз шөл далалардан өтті. Дарияның арғы жағасына өткеннен кейін алдымен мың адамдық шағын қосынды шолғынға жіберіп, қалың қол олардың артынан түнделетіп жорыққа шықты. Олар ол жаққа жеткен кезде Мелидің теңіздің ортасына қашып барып тығылып, сол жерде бір айға толмайтын уақыттың алдында ауырып өлгені мәлім болды. Сонымен, одан қалған асыл қазыналарды түгелімен олжага алыш, барлығын қағанға апарып табыс етті.

Қой жылы<sup>31</sup> Субутай қағанға цинъчаларға қарсы жорық жасау туралы ұсыныс қойды. Қаған оның бүл ұсынысын қабылдады. Ол қалың қол бастап, Куань дин үзисі теңізін<sup>32</sup> айналып өтіп, Тайхэлин тауына барған кезде<sup>33</sup> құз қиялардан жол салып, бұрын-соңды жан баспаған қын асудан асып, оларға тұтқыыл шабуыл жасады. Олар ол жаққа барғаннан кейін, Юйлицзи<sup>34</sup> және Татахаәр<sup>35</sup> деген билеушісінің басқаруында Буцзу өзенінің<sup>36</sup> жағасында отырған жерінде, оларға шабуыл жасап, бүл елдің тоз-тозын шығарды. Осы соғыста із-түзсіз ұстаптай қашып кеткен Юйлицзидің ұлының орман ішіне барып тығылған жерін оның құллы әшкерелеп қойғандықтан ол да қолға түсті. Халқының қалған бөлігі қотарылып келіп тізе бұкті. Міне осылайша олардың жері түбебейлі бағындырылды. Осыдан кейін ол Алицзи өзенінің<sup>37</sup> бойына жетіп, волосылардың<sup>38</sup> Үлкен және Кіші Мичисылаомен<sup>39</sup> кездеседі. Нәтижесінде олар бір шайқасуға да шамасы жетпей тізе бұкті. Көп өтпей асуларға барып, оларды шауып алды. Субутай баяғыда өз ханының жасырынған жерін айтып берген цинъча майайының қарамағына біраз елдің басын құрап беріп, оны қосынның қатарына қосып алған еді. Кейін бүл істі қағанға айтады. Қаған: «Өз ханына опа жасамаған құл басқаға адалдық істеуші ме еді?» дейді де оны өлтіртіп тастанғы. Ол тағы қағаннан мелицзи<sup>40</sup>, найман<sup>41</sup>, целе<sup>42</sup>, ханцзинь<sup>43</sup>, цинъча қатарлы тайпалардың мыңдықтарын біріктіріп, арнаулы бір қосын үйимдастыруды өтінді. Қаған оның бүл ұсынысын қабыл көрді. Емилихочжи<sup>44</sup> тайпасын шауып, олардың он мың жылқысын олжалап келді.

Қаған Хәсиге жорыққа аттанбақшы болды. Ол Субутайдың талай жылдан бері шет жерде жорықта жүргенін ескеріп, үйде ата-анасы сағынған болар деп ойлад, оған адам жіберіп үйіне қай-

тып, ата-анасын көріп қайту туралы кеңес береді. Субутай келген адамнан өзінің қағанмен бірге батысқа жорыққа аттанғысы келетінін айтады<sup>45</sup>. Сонымен қаған оған бұл жорықта шөл даланы қақ жарып өтуді бүйірады. Ит жылы<sup>46</sup> Саливәйтө(лә)[цинь]<sup>47</sup>, чиминь<sup>48</sup> қатарлы тайпаларды бағындырды. Сонымен бірге Дәшун<sup>49</sup>, Чжэнъжун<sup>50</sup>, Лань<sup>51</sup>, Хуэй<sup>52</sup>, Таохэ<sup>53</sup> қатарлы жерлерді бағындырып, осы жерлерден бес мың бие олжа алыш, барлығын ордаға табыс етті. Доңыз жылы<sup>54</sup> қаған дүниеден өтті деген сұық хабарды естіп, атының басын кері бүрді.

Сиыр жылы<sup>55</sup> Тайцзун таққа отырып, ол Тумеган гүнчжумен некеленді<sup>56</sup>. Қағанмен бірге Тунгуган<sup>57</sup> қамалына шабуыл жасап, сәтсіздікке үшырап, қаганның сыйнағынан үшырады.

Қой жылы<sup>58</sup> Тайцзун<sup>59</sup> Баду<sup>60</sup> қатарлы ханзадаларды батыс тараптағы Бачиманды<sup>61</sup> бағындыруға аттандырды. Қаған: « Бачиман өте ержүрек батыр деп естімін, біздің Субутай да асқан батыр ғой. Оны жеңіп шығатын болар» дейді. Сонымен, оны бірінші шепке аттандырып, Бачиманмен соғысуға жіберіп, оның артынан қалың қолды аттандырды. Олар Куаньдин цзи сы теңізі жағасында Бачиманның бала-шағасын қолға түсірді. Бачиман өзі Субутай келе жатыр екен деген хабарды ести салысымен, қорыққанынан қашып теңіздің ортасына кетіп қалыпты.

Сиыр жылы<sup>62</sup> Тайцзу ханзада Баду қатарлыларды улусы тай-пасының<sup>63</sup> билеушісі Елебаньге<sup>64</sup> жорық жасауға бүйірді. [Бірақ] олардан жеңіліп қалды. Артынша Тулисығә қаласын<sup>65</sup> қоршауға алыш, қаланы ала алмады. Баду қағанға әскерді Субутайға басқарту туралы өтініш жолдады. Сонымен Субутай Хабицицзюнь<sup>66</sup> және Целянъкоу<sup>67</sup> қатарлылардан елу адамды сұрыпташ алыш шепке аттанып, Елебаньды тұтқындаады. Артынан Тулисығә қаласына шабуыл үйімдастырып, айналасы үш күннің ішінде қаланы басып алды. Сөйтіп, улусыларға қарасты елдерді түгелімен бағындырып қайтты. Осыдан соң Хацзали тауынан<sup>68</sup> асып, Мачжаэр<sup>69</sup> билеушісі Целянъға<sup>70</sup> шабуыл жасады. Субутай бірінші шепке аттанип, Баду, Юйлиу<sup>71</sup>, Сибань<sup>72</sup>, Хадань<sup>73</sup> қатарлылар бес бағытқа бөлініп жолға шықты. Олар «Целянънің қосындары өте мықты, жеңіл-желі қарауға болмайды» десті. Субутай түрлі айла қолдана отырып, Целянънің қосындарын алдап Чуньнинхэ<sup>74</sup> өзенінің жағалауына таман әкелді, ханзадалар қосындарына дарияның жогары

жағынан өтіп шабуыл жасауды тапсырды. Дарияның жоғары жағындың сүй таяз болғандықтан, шеріктедің атпен өтіп кетуіне болатын еді, оның үстіне ол жақта дарияның үстіне салынған көпір де бар еді. Сонымен, Субутай өз қосындарын бастап барып, өзеннің төменгі жағынан өтетін болды. Бұл жақта өзеннің сүй терең, ағыны қатты, атпен өту қиын, көпір де жоқ болғандықтан, өзеннің бұл тұсынан тек сал жасап өтуге тұра келді. Дегенмен, бұл жерден өту арқылы жаудың ту сыртынан шабуыл жасауга болатын. Бұл кезде дарияның жоғары жағындағы ханзадалар бастаган қосындар дариядан өтіп, Целянъың қосындарымен қақтығыстарға түсे бастаган еді. Бадудың қолы дариядан өтіп, көпірге таласамын деп жүргенде, ауыр соққыға ұшырап, отыз шақты шерігінен айрылады, Бахату<sup>75</sup> деген қолбасшысы сол майданда мерт болады. Ханзадалардың қолы дариядан өткеннен кейін қарсы жақтың қосынның ерекше көп екенін көреді. Олар Субутайға алдымен қосынды шегіндірейік, шабуыл жасауды содан соң қарайластырмыз деген ұсыныс қояды, бірақ бұл бастамаға Субутай қосылмайды. Ол: «Сендер қайтыларың келсе қайта беріңдер, мен Ту на<sup>76</sup> өзеніндегі Мача қаласына<sup>77</sup> бармай шегінбеймін!» дейді. Осыдан кейін әскерін бастап Мача қаласына барады, ханзадалар да әскерін бастап сонда барады. Олар қаланы алып, қайта қайтады. Осыдан кейін ханзадалармен бас қосады, осы кезде Баду: «Хонин өзені бойында өткен соғыста, Субутай уағдалы жерге кешігіп келіп, соның салдарынан, қолбасшым Бахатудан айрылдым» деген өкпесін айтады. «Ханзада, сіздер дарияның жоғары жағындың сүй таяз, көпір бар болғандықтан өзеннен өте салып соғысуға болатынын білесіздер. Ал менің дарияның төмен жағында дарияға сал салып әуре болғанымды неге түсінбейсіз. Енді мені кешікті деп мінегенше, менің кешігүіме не себеп болғаны туралы ойласаңыздар болмай ма!» дейді. Сонымен, Баду да мән-жайды түсінгендей болады. Кейін ұлы жиын той тойлап, қымыз, жүзім шарабын ішіп, женіс тойын тойлайды. Целянъге жасалған жорық туралы: «Бұл соғыста қол жеткізген табыстың барлығы Субутайдың еңбегі!» деседі. Барыс жылы Тайцзун қайтыс болды<sup>78</sup>. Қоян жылы<sup>79</sup> хандар бас қосып құрылтай ашатын болды. Баду бұл құрылтайға барғысы келмеді. Субутай оған: «Ханзада, барлығы өз туысыңыз, өз бауырыңыз бола тұра, құрылтайға бармаганыңыз бола ма?» деген сауал қойды. Ұлу жылы<sup>80</sup> Ечжили өзенінде<sup>81</sup> бас қосты.

Жылқы жылы<sup>82</sup> Динцзун<sup>83</sup> таққа отырып, ол ордага келіп сәлем берді. Ол жерден шығып Тула өзенінің жағасындағы өз ауылына қайтып барды. Мешін жылы<sup>84</sup> 73 жасында дүние салды. Оның ұлының аты Улянхэтай<sup>85</sup>.

### Тұсіндірмелер

<sup>1</sup> Мәтінде 速不台 деп хатталған. Кей деректемелерде оның аты 雪不台 (Сюэбутай), 速別台 (Субетай), 速別額台 (Субеэтай) деп те жазылған. Оның атын «Құпия шежіре» Sübegetei-Bayatur деп, Рашид ад-дин Субэтей (Sūbātāī) деп жазады.

<sup>2</sup> Мәтінде 兀良合 деп хатталған. «Құпия шежіреде» бұл тайпаның атын Урианхай деп жазады. Мұсылман деректемелері Уранқат (aūrānkh (a)t) деп жазған.

<sup>3</sup> Мәтінде 敦必乃皇帝 (Дуньбинай Хуанди) деп хатталған. Деректемелерде оның аты Tumbinai-sechen деген атпен әйгілі.

<sup>4</sup> Қытайша 捏里必 деп хатталған.

<sup>5</sup> Қытайша 字忽都 деп хатталған.

<sup>6</sup> Қытайша 折里麻 деп хатталған.

<sup>7</sup> Хәчивәнь (合赤温) — яғни Хачиун.

<sup>8</sup> Хабан (哈班) — яғни Qaban.

<sup>9</sup> Хулухун (忽魯浑) — яғни Хулықун.

<sup>10</sup> 长城 (Чанчэн) — Ұлы қорған, яғни Қытай қорғаны.

<sup>11</sup> Мәтінде 閻亦檀山 деп хатталған.

<sup>12</sup> 1212 жыл.

<sup>13</sup> Мәтінде 桓州 деп хатталған.

<sup>14</sup> Мелиззи (灭里吉) — Меркіт. Бұл этнонимнің басқаша транскрипциялары туралы 79-беттегі 98-тұсіндірмеге қараңыз.

<sup>15</sup> 1216 жыл.

<sup>16</sup> Туула (秃兀刺) — Тола (Toyla// Tuylula) өзені.

<sup>17</sup> Хәйлинъ (黑林) — Қара орман деген сөздің қытайша мәғиналық аудармасы. «Құпия шежіреде» «Tuylula-in Qara-Tüne» делінген. Мәтіндегі 秃兀刺之 黑林 (Туула чжи Хәйлинъ) деген дәл сол «Tuylula-in Qara-Tüne» деген сөздің мәғиналық аудармасы болуы керек. Бұл жер — бұрынғы керей Оң ханның ордасы. Шыңғыс хан керей ұлысын жойғаннан кейін өз ордасын осында экеп тіккен. Орны қазіргі Ұланбатыр қаласының оңтүстік-шығыс тарапында.

<sup>18</sup> Мәтінде Алчудың аты 阿里出 (Аличу) деп транскрипцияланған, қонырат тайпасының адамы Алчу ноян.

<sup>19</sup> Қоян жылы — 1219 жыл. «Юаньшидің» бұл жерде берген мәліметінде қателіктер орын алған. Бұл туралы Ван Юның «Улянши сяньмяобәймин» (王恽 «兀良氏先庙碑铭») кітабы да осындағы мәлімет берген. Керінше, Рашид ад-дин меркіттердің қалдығы Құдудың басшылығында, осыдан

кейін он шақты жыл бойына Балқаш көлі аумагын, оңтүстікте Сыр мен Ертістің аралығын өз биліктерінде ұстап отырды, ақыр соңында хижраның 612 жылы, яғни сиыр жылы, Сұбәдай қолынан жойылды деп жазды. Дегенмен, П. Пелио кезінде Рашид ад-диннің бұл тұжырымына күмен келтіре отырып, қытай-монгол жылнамасындағы сиыр жылы Нижраның 612 жылы емес, 613 жылына, яғни 1217 жылға тұра келетіндігін атап кеткен (Pelliot P., JA, 1920, 162). «Құпия шежіреде» бұл оқиға 1206 жылға жатқызылған.

<sup>20</sup> Җанъхә (蟾河) — бұл өзеннің аты деректемелерде әртүрлі. «Цинчжэнлу» кітабында «峩河» (Чжанъхә — Чжанъ өзені), Рашид ад-дин кітабында «Чан-мурән», ал «Құпия шежіреде» «Сүйі-түгеп» делінген. Бұлардың барлығы Шу өзені туралы деректер.

<sup>21</sup> Ҳоду (霍都) — яғни Қоду. «Құпия шежіреде» оның атын Qutu деп жазған.

<sup>22</sup> Мәтінде 玉峪 (Юйюй) деп хатталған. Бұл 玉理伯里 (Юйлибайли) деген топонимнің тағы бір түрлі транскрипциясы болуы мүмкін. 玉理伯里 (Юйлибайли) туралы осы кітаптың 199-бетіндегі 5-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>23</sup> «Юаньши» кітабының бұл түсінда Ҷинъча (қыпшақ) қыпшақтардың Инас ханы басқарған тобы айтылып отыр. Бұл туралы осы кітаптың 193—204-беттерін қараңыз.

<sup>24</sup> Жылқы жылы — 1222 жыл.

<sup>25</sup> Мәтінде 回回国 (Хуэй-хуэйго) деп хатталған. Бұл жерде Хорезм мемлекеті айтылып отыр. Ескерте кетер болсақ, Юань дәүіріндегі қытай деректемелерінде мұсылмандарды «回回人 (хуэй-хуэйжән)» деп атаса, Орта Азиядағы мұсылман елдерін «Хуэй-хуэйго» деп атаған. Сол сияқты, монголдың Юань әuletі заманында қытайлар қытай жеріне келген мұсылмандарды 回回人 (хуэй-хуэйжән) деп, ал сол дәүірдің көшпенде түріктері мен монголдары оларды сартауылдықтар немесе сарттар деп атаған. Қытай жерінде тұратын, мұсылман дінін тұтынбаған, мал өсіруші сары үйгырлар мұсылман хуэйцзуларды (дунғендерді) «сартауыл» деп атап келе жатқаны осының бір дәлелі. Сол секілді байырғы заманғы хуэй-хуэй қауымының үрпағы саналатын, қытай жерінде тұратын, монгол тілді мұсылман этносы дунсянъдар өздерін күni бүтінге дейін «сарт» деп атап келеді.

<sup>26</sup> Мели (灭里) — Мухаммед Хорезм шах. «Юаньши» Хорезм мемлекетінің шахы мен оның басқа билеушілерінің атын бір-бірімен жиі шатастырып отырган. Мели (灭里) дыбысталуы жағынан Мелік дегенге жақын келеді. Бұл деректемелерде кездесетін Хорезм мемлекетінің Мелік атты уәзірлерінің бірі деуге болады. Бірақ мәтінде оқиға оның жай уәзір емес, шах екенінен дерек береді. «Юаньши» «Баршукарт тегінің өмірбаянында» Хорезм билеушісінің атын 罢勉力锁潭 (Ханъмяньли-сотаны), яғни «Хан Мелік Сұлтан» деп атаған. Ал атамыш дәүірдегі Хорезм шах мемлекетінің билеушісі Мұхаммед Алға ад-дин деген атпен белгілі болды. Ол монголдардан жеңіліп, қашып жүріп, ақыры 1220 жылы Каспий теңізіндегі бір аралға барып тығызып, ұзамай сонда науқастанып өлеуді.

<sup>27</sup> Чжибе (只別) — ягни Жебе.

<sup>28</sup> Мәтінде бұл өзеннің аты 灰里河 (Хүэйлихә) деп хатталған. Дыбысталау жағынан Херируд (Негіруд) өзеннің атымен үқсас, бірақ дәл сол болуы дүдемдәл.

<sup>29</sup> Мәтінде 不罕川 (Буханчуань) деп хатталған. Бұл жердің орны белгісіз.

<sup>30</sup> Мәтінде бұл қаланың аты 比里罕城 (Билиханъчэн) деп хатталған. Бұл Балық қаласы деуге болады. «Юаньши», «География шежіресі», «Батыс-солтүстіктің географиясына қосымша мәліметтер» деген бөлімінде 八里黑城 (Балихайчэн) деп жазылған қала аты кездеседі. Бұл дыбысталау жағынан «Балқ» деген қала атына өте-мәтे жуық келеді. Мұсылман деректемелерінде Сүбегетай мен Жебенің кезінде Пенжаб маңынан Әмудариядан өтіп, Балқ қаласына шабуылдағаны туралы мәліметтер бар.

<sup>31</sup> 1223 жыл.

<sup>32</sup> Куандин үзи сы хай (寛定吉思海) — ягни Куан теңіз. Мұндағы «куан» монголша көл деген мағынадағы сөз. Бұл топоним бүрынғы түрікше «теңіз» деген сөздің алдына сол «куан» сөзін қосарлау арқылы жасалған. Каспий теңізі бір кездері осылай аталған.

<sup>33</sup> Тайхэлин (太和嶺) — ягни Кавказ.

<sup>34</sup> Мәтінде қыпшақ билеушісінің есімі 玉里吉 (Юйлицзи) деп хатталған.

<sup>35</sup> Мәтінде 塔塔哈儿 (татахаэр) деп хатталған.

<sup>36</sup> Мәтінде бұл өзеннің аты 不租河 (Будзухә) деп транскрипцияланған.

<sup>37</sup> Мәтінде бұл өзеннің аты 阿里吉河 (Алицихә) деп транскрипцияланған.

<sup>38</sup> Мәтінде орыс этнонімі — 鞑羅思 (Волосы) деп транскрипцияланады. «Юаньши» кітабында орыс этнонимі бірінші рет Субутай оңтүстік орыс даласына аяқ басқан 1223 жылдан мәлім бола бастаған. Осы дәүірге тән қытай деректемелерінде бұл этноним жеке-жеке 鞑羅思 (Волосы), 阿罗斯 (Алусы), 凝魯思 (Улусы) және 乌魯斯 (Улусы) деген сияқты бірнеше түрлі болып транскрипцияланған.

<sup>39</sup> Мәтінде 大小密赤思老 (Да Сяо Мичисылао) делінген, Үлкен және Кіші Мистиславтар деген мағынада. Бұл дәүір орыс қауымының жекелеген князьдастарға бөлініп тұрған кезі болатын. Олардың ішіндегі ең күштісі Суздалъ немесе Владимир деген атпен белгілі болды. Монгол шапқыншылығы қарсаңында олар Владимир қаласын орталық етіп тұрған. Осы тұста қыпшақтардың монголдардан жеңілген Котан (Құтан немесе Құтан) есімді билеушісі орыстардың ортасына қашып барды. Ол Галич қаласы билеушісінің қайын атасы болған. Котан онда орыстарды монгол шапқыншыларына қарсы тұруға ойыстырады. Галич билеушісі оңтүстік орыс даласындағы княздардың басын Киевке қосып, қыпшақтармен біріге отырып, монголдармен соғысу туралы мәмілеке келеді. Киев, Черничов, Галич княздарының үшеуінің де аты Мистислав болған.

<sup>40</sup> «Юаньшидің» бұл жерінде меркіт аты 灭里吉 (Мелицзи) деп хатталған.

<sup>41</sup> Мәтінде 乃蛮 (Найман) деп транскрипцияланған. Бұл басқа деректемелердегі транскрипциямен бірдей.

<sup>42</sup> Мәтінде 怯烈 (Целе) деп транскрипцияланған. Бұл да «Юаньши» кітабындағы керей этнонимі туралы дәйім кездесетін транскрипция.

<sup>43</sup> Ханцзинь (杭斤) — ягни қаңды.

<sup>44</sup> Мәтінде бұл тайпаның аты 也迷里霍只 деп хатталған.

<sup>45</sup> Мәтінде «速不台奏，愿从西征» деп жазылған. Біз осындағы «西征» (батысқа жорық жасау) дегенді батыс жаққа емес, «Хэсиге», яғни таңғыттарға жорық жасау деп түсінудің жөн санаймыз.

<sup>46</sup> 1226 жыл.

<sup>47</sup> Мәтінде 撒里畏吾特 (勒) [勤] деп хатталған. Бұл тіркесті сары үйгыр тегін деп қалпына келтіруге болады. Бұл жерде Ганьсу маңындағы сары үйгырлар айтылып отыр.

<sup>48</sup> Мәтінде 赤闵 (Чиминь) деп хатталған. Бұл тайпаның аты кейде 寺门 (Сымэнь) деп хатталады.

<sup>49</sup> Мәтінде 德顺 деп хатталған.

<sup>50</sup> Мәтінде 镇戎 деп хатталған.

<sup>51</sup> Мәтінде 兰 деп хатталған.

<sup>52</sup> Мәтінде 会 деп хатталған.

<sup>53</sup> Мәтінде 洮河 деп хатталған. Ганьсу провинциясы аумағында. Бұл жерлердің дені монгол жорығына дейін таңғыттардың аумағы болып келген.

<sup>54</sup> 1227 жыл.

<sup>55</sup> 1229 жыл.

<sup>56</sup> Мәтінде 禿灭干公主 деп хатталған. Мұндағы Тумегань оның аты, гүнчжу — қытай тілінде ханшайым деген мағынада, түркі-монгол тілдеріндегі «Бегім» деген сөзге тұра келеді.

<sup>57</sup> Қытайша 潼关 деп хатталады.

<sup>58</sup> 1235 жылға тұра келеді.

<sup>59</sup> Тайцзун (太宗) — яғни Үгедей хан.

<sup>60</sup> 拔都 (Баду) — Жошы ханың тұнғыш ұлы Бату немесе Батый.

<sup>61</sup> Бачимань (八赤蛮) — яғни Бачман. Ол туралы 129-беттегі 14-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>62</sup> Яғни 1241 жыл.

<sup>63</sup> Улусы тайпасы (兀魯思部) — яғни орыс тайпасы.

<sup>64</sup> Мәтінде 也烈班 деп хатталған.

<sup>65</sup> Мәтінде 禿里思哥城 деп хатталған.

<sup>66</sup> Мәтінде 哈必赤军 деп хатталған.

<sup>67</sup> Мәтінде 怯怜口 деп жазылған. Монгол тіліндегі Ger-ün köhüd деген сөздің қытайша транскрипциясы. Әуелгі мәнісі «қолбала» деген мағынада болған. Түрік тілді халықтар мұндаі «қолбалаларды» ew-orlan деп атаған. Бұл сөз Юань дәуірінде ханзадалар мен нойяндарға тәуелді, солар үшін мал бағып, егіп егіп, қолонермен айналысадын адамдар Ger-ün köhüd деп аталды (қараңыз: Хань Жулинь 1985.78-бет).

<sup>68</sup> Мәтінде 哈咂里山 (Хацзалишань) деп транскрипцияланған. Бұл Қарпат тауы болуы мүмкін.

<sup>69</sup> Мәтінде 马札儿部 (Мачжаэрбу) деп транскрипцияланған. Бұл мажарлар еді.

<sup>70</sup> Мәтінде мажар билеушісі 怯怜 (Целянь) деп транскрипцияланған. Чжан Синлан мұны мажар билеушісі Kirali есімінің қытайша транскрипциясы деп қарайды (Чжан Синлан. I т., 171-бет). Әйткенмен, бұл адам есімі емес, король деген сөздің қытайша транскрипциясы болуы да мүмкін.

<sup>71</sup> Мәтінде 吼里兀 (Юилиу) деп хатталған.

<sup>72</sup> Сибань (昔斑) — ягни Шайбан.

<sup>73</sup> Мәтінде 哈丹 деп транскрипцияланған.

<sup>74</sup> Мәтінде бұл өзеннің аты 漯宁河 деп транскрипцияланған. Қытайлық мамандар оны Мажарстанның шығыс бөлігіндегі өзен деп қарайды (Чэнъ Дэчжи, «Чжунго тунши» 14-том, 87-бет).

<sup>75</sup> Мәтінде 八哈秃 (Бахату) деп транскрипцияланған.

<sup>76</sup> Мәтінде 翁纳河 деп транскрипцияланған. Чжан Синлан бұл өзенди Дүнай өзені деп есептейді (Чжан Синлан. I т., 171-бет).

<sup>77</sup> Мәтінде 马茶城 (Мачачэн) деп хатталған. Мажар қаласы дегеннің транскрипциясы болуы мүмкін. Мұндай болғанда мәтінде Будапешт қаласы менде ліп отыр деуге болады.

<sup>78</sup> Барыс жылды 1242 жылға тұра келеді. Біз Үгедей ханның бұдан бір жылдырын, 1241 жылды қайтыс болғанын білеміз. Сондықтан, мәтінде көрсетілген жыл көрсеткішінде араттық бар.

<sup>79</sup> 1243 жыл.

<sup>80</sup> 1244 жыл.

<sup>81</sup> Мәтінде 也只里河 деп хатталған.

<sup>82</sup> 1246 жылды.

<sup>83</sup> Динцзун (定宗) — ягни Күйік хан.

<sup>84</sup> 1248 жылды.

<sup>85</sup> Улянхәтай (兀良合台) — Урянхатай немесе Урянхадай.

**«Юаньши», 121-цзюань,  
жеке тұлғалар өмірбаяны VIII  
«Чаосының өмірбаяны»  
(«ЧХШЦ» нұсқасы, 2993—2995-66.)**

«元史» 卷一百二十一，列传第八  
«抄思传»

(中华书局点校本第2993至2995页) 译注

### **Аударма және түсіндірмелер**

**Ч**аосы<sup>1</sup> — шыққан тегі найман. [Оның] Бұдан басқа Далу<sup>2</sup> деген лақап аты бар. Оның арғы атасы Тайян<sup>3</sup>. Өз кезінде найман елінің ханы болған. Атасының аты Цюйшулуи<sup>4</sup>. Өз әкесінің аты Чанвэнь<sup>5</sup>. Тайцзу қол бастап оған қарсы жорыққа аттанып онымен соғысты. Соғыста Күшлік женіліп елжүртynan айырылды. Чанвэнь Циданье<sup>6</sup> қашып барып, сонда дүние салды. Әкесі қайтыс болған кезде Чаосының бұғанасы қатпаган жас бала еді, анасы екеуі тентіреп жүріп ең соңында Тайцзуға келіп бағынды.

Чаосы есейе келе өте ержүрек, өжет азамат болды. 25 жасынан бастап Тайцзумен бірге түрлі жорықтарға аттанады. Дай<sup>7</sup>, Ши<sup>8</sup> аймақтарын жаулап алу жолындағы соғыста қарша бораған оқ пен тасқа қарсы аттанып, әр жолы бірінші болып қамал бұзып отырды. Сол сияқты Яньмэн шайқасы<sup>9</sup> кезінде ол басқарған ұрыстардың бірде-бірінде женіліп көрген жоқ. Осыдан кейін Тайцзун оны Жуйцзунмен<sup>10</sup> бірге Цзинь мемлекетіне жорыққа аттаңдырды. Чаосы цзинъдермен болған небір шайқастарда асылдаі жарқыл-

дап, оған ешбір дүшпан төтеп бере алмады. Ұлу жылы<sup>11</sup> қосын Цзюньчжоуга<sup>12</sup> жетті. Цзинь қосындары Санфэншань<sup>13</sup> тауына қамал тұргызып, бекініп алып, қарсылық көрсетті. Чаосы жау қамалының соншалық берік жасалмағанын біліп, қамалға тас қараңғы түнде шабуыл жасады. Ол цзинь қосындарының тегеурінді қарсылық көрсетуіне қарамастан, Саньфэншань қамалын олардан тартып алады. Шайқас аяқталғаннан кейін, Жуйцзун Чаосының мұндай ерен еңбектерін мадақтап, ордага мәліметтер берді. Қаған жарлық түсіріп, Танинъ ауданындағы Хуанчжаопу деген жердегі 117 отбасын оның иелігіне берді. Бірақ Чаосы бұл сыйлықты алушан бас тартты. Осыдан кейін оған тағы ері бар, әйелі бар 50 адамды және тұргын үй-жай, алтын кісе, сап алтыннан жасалған шөлмек және алтыннан жасалған шарап ішетін тостаған сияқты қымбат бағалы сый-сыяппаттар жасалды. Ол осы сыйлықтардың өзін қабылдаудан қайта-қайта бас тартып, ақыр соңында зорға алды. Осыдан соң оны түменбегі етіп тағайындаады. Мешін жылы 44 жасында қайтыс болды. Артында Бедэйнъ<sup>14</sup> есімді ұлы қалды<sup>15</sup>.

## Түсіндірмелер

<sup>1</sup> Мәтінде 抄思 деп хатталған.

<sup>2</sup> Қытайша 答祿 деп хатталады.

<sup>3</sup> Найман ханы Таян ханының аты «Юаньши» кітабының бұл тұсында 泰阳 (тайян) деп хатталған. «Юаньши» кітабының басқа тарауларында 太阳汗 (Тайянхан) деген транскрипция көбірек кездеседі.

<sup>4</sup> Цюйшүлуой (曲书律) – яғни Күшлік.

<sup>5</sup> Мәтінде 敝溫 деп хатталған.

<sup>6</sup> Җидань (契丹) – яғни Қидан//Қытай. 契丹 (Җидань) – «Қытай» сөзінің көпші түрінің транскрипциясы.

<sup>7</sup> Мәтінде 代 деп хатталған.

<sup>8</sup> Мәтінде 石 деп хатталған.

<sup>9</sup> Яньмэнъ (雁门) – қытай жеріндегі байырғы аймақ.

<sup>10</sup> Жуйцзун (睿宗) – яғни Юань Жуйцзун (元睿宗), Төленің қытайлық үлгідегі храмдық есімі.

<sup>11</sup> 1232 жыл.

<sup>12</sup> Қытайша 钧州 деп хатталады. Қытай жеріндегі байырғы аймақ.

<sup>13</sup> Қытайша 三峰山 деп хатталады.

<sup>14</sup> Мәтінде 别的因 (Бедэйнъ) деп хатталған.

<sup>15</sup> Найман мемлекетінің хан әuletінің тіке үрпақтары болған Далу найман әuletінің соңғы дәүірлердегі тарихы туралы ғалым Бақыт Еженханұлы толық зерттеулер жасаған. Бұл туралы толығырақ қараңғыз: B. Yezhenkhanuly. A Naiman kin in China during the Yuan and Ming periods. Shygys, 2004, № 2.

**«Юаньши» 122-цзюань,  
жеке тұлғалар өмірбаяны IX  
«Баэршуаэртә дәңзининің өмірбаяны»  
(«ЧХШЩ» нұсқасы, 2999–3002-66.)**

«元史» 卷一百二十二，列传第九  
《巴儿术阿而忒的斤》  
(中华书局点校本第2999至3002页) 译注

**Аударма және түсіндірмелер**

**Б**аэршуаэртә дәңзинь Идиху<sup>1</sup>. Мұндағы «Идиху» де-  
ген Гаочан мемлекеті<sup>2</sup> билеушілерінің атақ-мәртебесі еді.  
Олардың арғы ата-бабалары Вэйуэр жерінде<sup>3</sup> тұрган.  
Ол жерде Хэлинъ<sup>4</sup> тауы деген тау болыпты. Сол таудан бастау  
алатын екі өзен болған екен. Бірі — Тухула<sup>5</sup>, екіншісі — Сюэлин-  
гэ<sup>6</sup> деп аталады екен. Құндердің бір күні, аспаннан гажайып бір  
нұр көрініпті де, сол нұрдың сәулесі бір түп дарақтың үстіне ке-  
ліп түсіпті. Екі өзеннің арасында тұратын адамдар әлгі дарақтың  
қасына барып, дарақты сырттай байқап жүріпті. Құдіреттің ісінше  
бір кездे әлгі дарақтың діңінде бөртеш без пайды болыпты. Одан  
соң дарақтан жүкті әйелдің нышандары біліне бастапты. Осыдан  
бастап баяғы нұр дәйім жарқырап тұратын болыпты. Сонымен,  
тогыз ай, он күн дегенде дарақтың қабығы жарылып, одан бес  
ұл туыпты. Бұл жердің тұргындары жаңа тұған нәрестелерді ба-  
уырына салып, оларды асырап, сақтапты. Балалардың ең кішісінің  
аты Бу[гу] кәханъ<sup>7</sup> деп аталыпты. Ол ержетіп, елі мен жерін бас-

қаруга шамасы келген кездे, халқы оны хан көтеріпті. Осылайша арада отыздан аса хан билік құрып, Юйлюнь дәңзиньнің<sup>8</sup> заманына жеткенде, ол Тан еліне<sup>9</sup> неше мәрте жорық жасап, олармен соғысыпты. Ақыры екі жақ ымыраласып, бір-бірімен құда-андалы болып, арадағы жаугершілік соғысты тоқтатып, халық пен әскерге тыныш заман орнататын болып келіседі. Сөйтіп Тан елі өзінің Цзинълянь деген гүнчжуын<sup>10</sup> дәңзиньнің мұрагер ұлы Гэли дәңзиньгеге<sup>11</sup> үзатады, ол Хэлиньдегі<sup>12</sup> Белиболида<sup>13</sup> деген тауда тұрды. Бұл тау қатындар тұратын тау делінетін еді. Бұл жерде бұдан басқа Тяньгэлиюйдах<sup>14</sup> деген тағы бір тау болған, оның мәнісі «тәнірдің киелі тауы» деген сөз еді. Оңтүстік жақта Хулидах<sup>15</sup> деген тағы бір тасты тау бар еді. Бұл сөздің мағынасы «құтты тау» деген сөз еді. Тан елінің осында келіп-кетіп жүрген елшілерінің бірі өз еліне қайтып барғаннан кейін ондагыларға: «Хэлиньнің соншалықты құдіретті болып отырудары барлық сыры олардың сол бір тауында екен. Бұл елді әлсіретудің бірден-бір амалы — олардың сол тауын құрту керек» деген мәлімет береді. Сонымен, олар дәңзиньдерге: «Сендер құдандалы болып қызы алғыларың келсе, онда біздің де сіздерге қояр бір талабымыз бар еді, соны айтуымызға бола ма? Бізше болғанда сіздердің жердегі Фушань<sup>16</sup> тауындағы анау бір тастың сіздердің елдерінің үшін еш кереті жоқ көрінеді. Ал біздің Тан елінің адамдары болса, сол тасты өз көзімен көруге құмар болып отыр» деген сәлем айтады. Дәңзин әуелі оларды тас тұрған жерге ертіп барып тасты көрсетеді. Тан адамдары бұл тасты көшіріп әкетпекші болады, бірақ тас тым ұлкен болғандықтан, оны орнынан қозғауға шамасы келмейді. Сонымен олар тастың үстіне лаулатып от жағып тасты қыздыра бастайды. Тас әбден қызғаннан кейін, тастың бетіне қышқыл сүйиқтық заттар шашады. Осы кезде тас қақырап бөлшектеніп кетеді, ал аналар болса тасты арбага тиеп алып өз жолына түседі. Сол күннен бастап осы жерде тіршілік ететін құстар аса мұңлы үнмен сұңқылдаған дыбыс шығаратын болады. Жеті күннен кейін Юйлюньтегін дүниеден өтеді. Одан кейін түрлі апаттар жиі-жиі белгі беріп, халықтың тыныш тіршілігі бұзыла бастайды. Артынша тақ мұрагері тағы да мезгілсіз дүниеден озады. Сонымен, олар жаңадан жұрт шалып, қоныс ізделеп, ақыры жаңа қонысқа Цзяочжоу<sup>17</sup> аймагын лайықты деп қарайды. Цзяочжоу деген Хочжоу<sup>18</sup> аймағы еді. Олар Бешибали жерін<sup>19</sup> ор-

талақ етті. Жерінің солтүстік жағы Ашу өзеніне<sup>20</sup> дейін, онтүстік жағы Цзюцуаньға<sup>21</sup> дейін жетті. Шығыс жақ шекарасы Удуң<sup>22</sup>, Цзяшихаға<sup>23</sup> дейін созылып жататын. Елдің батыс жақ шекарасы Сифаньмен<sup>24</sup> жалғасатын. Олар бұл жерді 170 жыл бойы қоныстынып отырды. Сонымен Баәришшаэртә дәңзиньнің заманына жеткенде, олар цидандарға<sup>25</sup> бағынышты болып қалған еді.

Жылан жылы<sup>26</sup> Тайцэу Шофандада<sup>27</sup> қуатты ел болды деген хабарды алғаннан кейін, циданьдардың жіберген цзянъго қатарлы<sup>28</sup> мансаптылырын өлтіріп тастап, бағыныштылық танытқысы келгенімен, дер кезінде келе алмай қалды. Кейін қаган бұл елге өз елшілерін жіберді. Идуху<sup>29</sup> бұған ерекше қуанды. Ол өзінің елшілерін дереу қаган ордасына аттандырып: «Уәзіріңіз қаганның асқақ мәртебесін естігеннен кейін, циданьдармен арадағы ескіден келе жатқан байланысты дөгарып тастап, енді өзінізге бағынатын ниетімді танытпақ болып дайындалып жатқанымда, еліме сіздің жіберген елшілеріңіз келіп жетті. Мен бүгіннен бастап, бұқіл елімді бастап сізге бағынуға дайынмын» деп сәлем айтып жіберді. Бұл тұста қаган Даян кәханьға<sup>30</sup> жорық жасап, оның Тото есімді ұлын атып өлтірді<sup>31</sup>. Тотоның ұлдары Ходу<sup>32</sup>, Чилауэн<sup>33</sup>, Мачжаэр<sup>34</sup>, Тусюәганы<sup>35</sup> төртеуі оның мүрдесін алып кетуге ұлгерменедіктен, басын кесіп алып, Еәрдәши өзенін<sup>36</sup> кешіп өтіп кетеді де, Идухуға қарай қашып кетеді. Олар онда барудан бұрын, оларға елшілер жібереді, бірақ Идуху болса оның елшілерін өлтіріп тастайды. Әлгі төртеуі<sup>37</sup> келіп Чанъхә<sup>38</sup> өзенінің жағасында қанды соғыс салады. Идиҳу өзінің бір уәзірін жіберіп, болған оқиғаны қаганға мәлімдеген еді, қаган оған жауаптар айтып өз елшілерін жіберді. Кейін келе ол сыйлыққа бағалы алтын бүйімдарын беріп тарту-таралғылар жіберді.

Кой жылы<sup>39</sup> Целулянь өзенінің<sup>40</sup> бойында қаганға сәлем бере барып, қаганға: «Қаган, егер маған мейірім етсеңіз мен сіздің төрт ұлыныздың артынан ерген ұлыңыз болып, бойымдағы барлық күш-жігерімді сіздің жолдарыңызға жұмсайын деген едім» дейді. Қаган оның бұл айтқандарына ерекше риза болып, оған өзінің Елианьдуң<sup>41</sup> деген қызын береді және өз ұлдарының қатарында ұлым деп таниды. Ол Чжиби нојнмен<sup>42</sup> бірге Ханмянъли<sup>43</sup>, Сяотань<sup>44</sup>, Хуэйхуэй елдеріне жасалған жорықтарға қатысып, өзінің түмен адамдық қосынын бастап, осы шайқастарда ыңғай да бі-

рінші шепте жүрді. Ол өзі басқарған қосынның тәртібін ерекше мықты қадағалап отыратындықтан, осынау ұрыстардың барлығында жеңіске жетіп отырды. Кейін келе ол қағанмен бірге Нишабу<sup>45</sup> жорығына, Хәсі жорығына аттанып, осы шайқастардың барлығында ерекше ерлік көрсетті. Ол өлгеннен кейін, оның орнына екінші ұлы Юйгулунъчидәңзин<sup>46</sup> мұрагерлік етті.

## Тұсіндірмeler

<sup>1</sup> Мәтінде 巴儿术阿而忒的斤亦都护 (Баәршуаәртә дәңзинъ идуху) деп хатталған. Қытайлық түрколог Хань Жулинъ қытай иероглифтерімен хатталған бұл тіркесті: «Barchuq-Alt-Digin Iduq-qut» деп қалпына келтірген (қараңыз: Хань Жулинъ 1982. 316-бет). Атамыш дәуірдегі Бешбалық үйғырларының ең үлкен билеушісі өздерін Ідүқ-құт деп атап келді. Ідүқ-құт туралы ең бірінші дерек Орхон ескерткішінде кездеседі. Мұнда «Білге қаған» ескерткішінде: «Yigirmi yašıma başnil iduq qut oyuşum bodun ärti. Arqış idmaz tiyin sülädim» делінеді. Түрік тайпаларының ішінде бұл мансап аты басмілдердің арасында кездескен еді. Сол себепті болса керек, әдетте үйғырлар бұл атауды басмілдерден қабылдаған делінеді. Ұақыт өте келе Ідүқ-құт сөзі Иди-құт болып өзгерген тәрізді. «Құпия шежіреде» Iduyt, Рашид ад-дин кітабында idī-qūt делінеді.

<sup>2</sup> Гаочан мемлекеті (高昌国) – бұл жерде үйғыр Ідүқ-құты айтылып отыр. Қытай деректемелерінде «Гаочан (高昌)» аты алғаш рет Хань дәуірінде көріне бастады. Оның мәртебесі әр дәуірде бірдей болған жоқ. Қала ретінде де, әкімшілік аймақ ретінде де, мемлекет аты ретінде де кездесті. «Гаочан (高昌)» қала ретінде Мин патшалығы дәуіріне дейін сақталды. Кезінде жергілікті халық бұл қаланы Хожо деп атаған. Сол себепті Түрғанның шығысында жатқан ескі қала жұрттың жергілікті үйғырлар күні бүтінге дейін Қарақожа (Qara-khodja) деп атап келеді. Қоғам үйғыр құжаттарынан белгілі болуынша бұл қаланың «Идиқұт шаһары» деген аты да болған.

<sup>3</sup> Вэйуэр чжиди (畏兀儿之地) – Орхон, Толы және Селеңгे өзендерінің бойы айтылып отыр.

<sup>4</sup> 和林山 (Хәлинишань) – Қорым тауы дегеннің қытайша транскрипциясы. Қытайлық деректемелерде кейде Қарақорым (Qara-Qorum) тауы мен Қарақорым қаласының атын қысқартып 和林 (Хәлинь) деп хаттайды.

<sup>5</sup> Мәтінде 禿忽刺 (Тухула) деп хатталған. Бұл транскрипция атамыш өзеннің көне түрік ескерткішіндегі toyla, tuyla деген транскрипциясына жақын келеді. Алайда, монгол дәуіріне жеткенде бұл атау азынаулақ өзгерістерге ұшырап «Толы» немесе «Тола» деп атаған. «Юаньши» қатарлы өңбектерде атамыш өзеннің транскрипциясы 土拉河 (Тулахә) т. б. болып хатталған.

<sup>6</sup> Сюэлингэ (薛灵哥) – яғни Селеңгे (Seleńge). Бұл транскрипция өзеннің көне заманғы аталауына біртабан жақын. Ілгерідегі қытайлық

хроникаларда Селеңге топонимін Сяньъэхэ (仙俄河), Ша лин шүй (裴陵水) деп хатталған. Бұл өзен күні бүгінге дейін Селеңге атанип келеді.

<sup>7</sup> «Юаньши» кітабының біз пайдаланып отырган «ЧХШЦ» нұсқасында: 不[古]可汗 (Бу[гу]кәхан) деп хатталған. Түркі тілдес халықтар арасында бір кездері аты аңызға айналған бұл тарихи тұлғаның есімі қытай деректемелерінде де біркелкі емес. Мысалы, «高昌王世勋碑» («Гаочан ван ши сионь вэй») сияқты еңбекте 卜古可罕 (Бугукәхан) деп хатталған. Осынау аңыз кейіпкері болған ханың (тегіннің) кім екені туралы ғалымдар түрлі болжамдар айтып келеді. Нақты есімі туралы да пікірталастар бар. Bügү qan, Bügү qan, Bügү qan деп атаушылар да, Biyu qan, Bughug (Buuyu), Bughu деп атаушылар да бар (қараңыз: Абе Такео, 130-133-беттер). Рашид ад-динде «(Ол) ерте заманда откен ұлық әмір, үйгырлар және [басқа да] көптеген халықтар оны ерекше құрметтейді [сағынып еске алады]. Олар оны бір тал агаشتан тұған деп айтады» делінген (қараңыз: Рашид ад-дин СЛ, I-1, С.139; Рашид ад-дин. ҚА, I-1, 227-бет). Бұл аңызды Марко Поло да өз саяхатнамасына жазып кеткен: «Олардың айтуынша өздерінің ең алғашқы ханы адамнан тумаган, агаشتың дініне есіп шыққан esca атты агаш безінен туылған-мыс» (Абе Такео, 129-бет.). Бұл туралы Жувейнидің берген дерегі де «Юаньши» кітабы берген дерекпен мазмұндас. Жувейни агаشتан тұған бес баланың атын үлкенін кішісіне қарарай «Sonqur Tegin, Qotur Tegin, Tükel Tegin, Or Tegin, Biyu Tegin» деп берген (қараңыз: Juvainy, 58-бет).

<sup>8</sup> Мәтінде 玉林的斤 деп хатталған.

<sup>9</sup> Тан (唐) – қытайдың Тан әулеті айтылып отыр. Түркі халықтары өз кезінде бұл елді «Табғаш» деп атаган.

<sup>10</sup> Мәтінде 金莲公主 (Цзинълянь гүнчжу) деп хатталған. Түркілер қытай елімен құдандалы болып, олардың қызын алumen бірге, император қызына қатысты терминдерді де қоса қабылдаған. Солардың бірі 公主 (гүнчжу) терминін көне түріктер «Күнчүй» деп атаган. Бұл сөз Орхон жазбаларына Qipchui деп жазылған. Мәтіндегі 公主 (гүнчжу) дегенді «қүнчүй» деп атауға да болады.

<sup>11</sup> Мәтінде 葛励的斤 (Гэли дәңзинь) деп жазылған. Мұндағы Гэли (葛励) оның аты, дәңзинь (的斤) мансабы, яғни тегін деген мансап атының қытайша транскрипциясы. Тегін сөзі бұдан бұрынғы қытайлық деректемелерде 特勤 (Тецинь) немесе 特勒 деп хатталып келді. «Юаньши» кітабында 的斤 (дәңзинь) деген транскрипциясы көбірек кездеседі.

<sup>12</sup> Мәтінде 和林 (Хэлинь), яғни Қорым тауы, атап айтқанда Қарақорым айтылып отыр. Таудың немесе қаланың аты ретінде емес, тұтас Ұйғыр қағанатының баламасы ретінде айтылады.

<sup>13</sup> Мәтінде 别力跋力答 (Белиболидә) деп транскрипциялап, одан соң «言妇所居山也» (бул сөз қатын тұратын тау деген мағынада) деп түсіндірілген. Бұл таудың көне түрік тілінде қалай аталғанын мәтіндегі иероглифтердің оқылуына қарап межелеу тым қиын. Дегенмен, ҚХР Үрімжі қаласының маңындағы Тянь-Шань тау жоталарының бір бөлігі күні бүгінге дейін «Қатын бояғда тауы » деп аталаып келеді.

<sup>14</sup> Мәтінде бұл таудың атын 天哥里于答哈 (Тяньгэлийдаха) деп транскрипциялап, одан соң «言天灵山也» (бұл сөз тәнірдің киелі тауы деген мағынада) деп түсіндірлген. Мәтіндеғі 天哥里 (тяньгэли) деген үш иероглифтің тәрігі деген сөздің транскрипциясы екені шүбесіз. Әйткенмен, соңғы үшінде 于答哈 (Юйдаха) деген үш иероглифпен жасалған транскрипцияны қалпына келтіру қыындық туғызып келеді. Түркі руникаларында кездесетін киелі ötükänyiš/yiš па ötükänyiš/yiš туралы қытай деректемелері бұдан бұрын: 于都斤 (Юйдуцзинь), 度斤 (Дуцзинь), 都尉健 (Ду вэй цзянь), 于督斤 (Юйдуцзинь), 于督军 (Юйдуцзюнь), 尉督健 (Вэйдуцзянь), 乌德健 (Удэцзинь), 乌德健 (Удэцзянь), 乌罗德健 (Улодэцзянь), 郁都斤 (Юйдуцзинь) деген сияқты транскрипциялар жасап келді.

<sup>15</sup> Мәтінде бұл таудың атын 胡力答哈 (Хулидаха) деп транскрипциялап, одан соң «言福山也» (бұл сөз «құтты тау» деген деген мағынада) деп түсіндірлген. Бұл тіркесті Құт тақ немесе Құл тақ деп қалпына келтіруге болады.

<sup>16</sup> Мәтінде 福山 (Фушань) деп хатталған. Бұл «Baқ тауы» немесе «Құт тауы» деген мағынада. Бұл жерде жоғарыда аталған 胡力答哈 (Хулидаха) тауы айтылып отыр.

<sup>17</sup> Мәтінде 交州 Цзяочжоу деп хатталған.

<sup>18</sup> Хочжоу (火洲) — яғни Хожо.

<sup>19</sup> Бешибали (別石八里) — яғни Бешбалық Beş baïq. Бұл туралы 132-беттегі 59-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>20</sup> Мәтінде 阿术河 деп хатталған.

<sup>21</sup> Цзюцуань (酒泉) — Батыс Қытай жеріндегі байырғы аймақ. Орны қазіргі Ганьсу провинциясында. Қазір де ерте заманғы атымен Цзюцуань (酒泉) деп аталады.

<sup>22</sup> Удунь (兀敦) — яғни Үддун. Ұйғырлар бұл жерді Хотан деп атап келеді.

<sup>23</sup> «Юаньши» кітабының бұл тұсында 甲石哈 (Цзяшиха) деп хатталған. Бұл «Қашқар» сөзінің транскрипциясы саналады.

<sup>24</sup> Мәтінде 西蕃 деп хатталған. Тіркестегі бірінші иероглиф 西 «батыс» деген мағынада, ал екінші иероглиф 蕃 бірнеше түрлі мағынада қолданылады. Мәтінде бұл иероглиф этностық жақтан қытай емес ұлттар мен шетелдіктер деген мағынада, тұтас бір географиялық үрым ретінде қолданылып отыр.

<sup>25</sup> Цидань (契丹) — яғни қарақытайлар.

<sup>26</sup> 1209 жыл.

<sup>27</sup> Шофаң (朔方) — яғни Монголия.

<sup>28</sup> Мәтінде бұл мансаптыларды 监国等官 деп жазған. Цзяньго (监国) мансабының негізгі міндеті өзі барған елді бақылау болды. Қоңе түріктер мұндағы мансапты Тұртұн (吐屯) деп атаған. Монгол дәуірінің алды-артындағы заманда түркі тілдес халықтар оны «басқақ», деп монголдар «даруқаш» деп атаған. Жувейни кітабында: «Қарақытай Горханы оған өзінің Шаукем (shaukem) есімді Шахнасын (shahna) жіберді» дейді (қараңыз: Juvainy, 46-

бет). Мұндағы Шахна араб-парсы тілдерінде басқаң дегенниң баламасы. Эйткенмен, ол айтқан Шаукем адам атынан гөрі, басқақтың қытайша баламасы болған Сюоцзянь (小监) дегенге жуықтау келеді. Бұл жағын қытайлық деректемелер де растай алады. Мысалы, «高昌契氏家传» («Гаочанциши-зячуань») атты деректемеде қарақытайлардың үйгырларга жіберген басқағы қытайша «小监» деп көрсетілген (қаранды: «Гүйчжайвэнъязи»).

<sup>29</sup> Бұл жерде Баәршуаәртә дәңзинь (Barchuq-Alt-Digin) айтылып отыр.

<sup>30</sup> «Юаньши» кітабының бұл жерінде Найман елінің билеушісі Таиан ханды 大阳可汗 (Даян кәхан), яғни «Даяң қаган» деп жазған. Бұл біздің «ұлысы ұлы Найман мемлекетінің» ең жоғарғы билеушісі кезінде өзін «қаган» деп атаған деген пікірімізді растайды.

<sup>31</sup> Мәтінде «是时帝征大阳可汗，射其子脱脱杀之» («Осы кездे қаган Даян кәханығе жорық жасап, оның ұлы Тотоны атып өлтірді») делінген. Бұл жерде «Юаньши» елеулі қателік жіберген. Біріншіден, Найман Ұлысының билеушісі Таиан хан бұдан әлдеқашан бұрын, яғни Тышқан жылғы (1204 ж.) қыргында мерт болды. Бұл заманда ол кісі өмірде жоқ болатын. Екіншіден, Тото Таиан ханың ұлы емес. Наймандардың негізігі одақтастарының бірі болған меркіт елінің бегі. Қала берді мәтінде айтылып отырған соғыс Таиан ханға қарсы жасалған жоқ. 1208 жылдың қыс айында Таиан ханың ұлы Күшлік пен меркіт билеушісі Тоқто ағабекке қарсы жасалған болатын.

<sup>32</sup> Мәтінде 火都 (Ходу) делінген. Рашид ад-дин еңбегінде Qūdū делінеді. Пеллио оның атын Qodou деп қалпына келтірген (қаранды: Pelliot P., J A, 1920, I, 162.).

<sup>33</sup> Мәтінде 赤刺温 (Чилавэн) деп жазылған. Рашид ад-дин кітабында бұл меркіт бекзадасының аты Джилаун делінеді. «Күпия шежіреде» Čilaqun деп жазылған.

<sup>34</sup> Мәтінде 马札儿 (Мачжаэр) деп хатталған. Бұл адамның есімі туралы мұсылмандар еркемелерінде де осыған жуықтау келетін «Маджар» деген транскрипция жасалған.

<sup>35</sup> Мәтінде 秃薛干 (Тусюэгань) делінген. Рашид ад-дин еңбегінде Tūseh және Tūs (a) kan, «Күпия шежіреде» Tusaqa деп жазылған.

<sup>36</sup> Еәрдәши (也儿的石河) — яғни Ертіс өзені.

<sup>37</sup> Бұл жерде меркіт Тоқто ағабектің жоғарыда аты аталған төрт ұлы айтылып отыр.

<sup>38</sup> Мәтінде меркіттер мен үйгырлардың бұл реткі соғысқан жерін қытайша 蟠河 (Чанъхэ) — яғни Чань өзені деп көрсеткен. Бұл туралы кешенді зерттеулер жасаган жапон ғалымы Абе Такео бұл өзенде қазіргі Үрімжі қаласының батыс жағындағы 昌吉河 (Чанцзи) өзені деп қарайды (қаранды: Абе Такео, 24-бет). Қалай деген күнде де бұл өзен Бешбалық маңынан тым алыста болмауға тиісті.

<sup>39</sup> 1211 жыл.

<sup>40</sup> Целулянь өзені (怯绿连) — Келүрен // Керулен өзені.

<sup>41</sup> Мәтінде 也立安敦 деп хатталған.

<sup>42</sup> Жебе ноянның аты «Юаньшидің» осы жерінде — 只必那演 (Чжиби наянъ) деп жазылған.

<sup>43</sup> Мәтінде 罕勉力 (Ханъмяньли) деп хатталған. Бұл Хан-Мелік деген сөздің транскрипциясы болуы мүмкін.

<sup>44</sup> Мәтіндегі 销潭 (Сяотань) — Сұлтан дегеннің қытайша транскрипциясы деуге болады. Бірақ қай сұлтан екені беймәлім.

<sup>45</sup> «Юаньши» кітабының бұл тұсында Нишапур қаласының аты 你沙卜里 (Нишабули) деп транскрипциялаған.

<sup>46</sup> Мәтінде 玉古伦赤的斤 деп хатталған.

**«Юаньши» 122-цзюань,  
жеке тұлғалар өмірбаяны IX  
«Хасананың өмірбаяны»  
(«ЧХШЦ» нұсқасы, 3016-66.)**

«元史» 卷一百二十二， 列传第九  
《哈散纳》  
(中华书局点校本第3016页) 译注

**Аударма және түсіндірмелер**

**X**асанна<sup>1</sup> — шыққан тегі целеи тайпасы<sup>2</sup>. Тайцзу заманында онымен бірге Ванханды бағындыру жорығына қатысып, еңбек сіңірген. [Қаған] Банъчжуни өзенінің<sup>3</sup> суын бірге ішуге бүйірды және: «Бұл суды менімен бірге ішкен адамдар бұдан былай маған қызмет жасайды» деді. Кейін келе ол Аэрхунь қосындарын басқарды<sup>4</sup>. Одан кейін Тайцзумен бірге Сиойге жорық жасап, Сюэ ми үзэ гань<sup>5</sup>, Бухуала<sup>6</sup> қатарлы қалаларды бағындырды. Тайцзун заманына жеткенде, бұрынғысынша Аэрхунь қосындарын басқарып тұрды, әрі үш мың үйлік хуэйхуэй<sup>7</sup> қолөнер шеберлерін басқарып Цяньмалиньде<sup>8</sup> тұрды. Пинян<sup>9</sup>, Тайюань<sup>10</sup> руладының<sup>11</sup> даругашы міндеттін атқарды. Қосымша әр елден келген қолөнер шеберлерін басқарды. Кейін келе науқастанып қайтыс болды.

Кейін оның міндеттін баласы Негубай<sup>12</sup> атқарды. Ол Сяньцзун-ның<sup>13</sup> Даюйшаньге<sup>14</sup> жасаған жорығына қатысып, соғыста ерекше ерлік көрсетті. Кейін ауырып дүние салды. Оның орнын баласы

Садәмиши<sup>15</sup> басты. Садәмиши өлгеннен кейін, оның орнына баласы Мубала<sup>16</sup> тағайындалды. Ол мыңбегілік міндет атқарды және Сиойдегі қаған армиясының орынбасар, қолбасылық міндетіне тағайындалды. Дадәнің бірінші<sup>17</sup> жылы ол науқастанып, дүние салды. Оның орнына інісі Туманъда<sup>18</sup> тағайындалды. Туманъда өлгеннен кейін орнына баласы Халачжан<sup>19</sup> тағайындалды.

### Тұсіндірмелер

<sup>1</sup> Мәтінде оның аты 哈散纳 (Хасанъна) деп хатталған.

<sup>2</sup> Мәтіннің бұл жерінде керей этнонимі 怯烈亦 (Целей) деп хатталған.

<sup>3</sup> Мәтінде 班朱尼河 деп хатталған. Бұл туралы 91-беттегі 182-тұсіндірмеге қараңыз.

<sup>4</sup> 阿尔浑军 – Аэрхунь қосындары, бұл қосынды аргұн (арғын) тайпасынан құралған қосындар деп тұсінуге болады. Бұл тайпа-ның аты осы дәуірге тән қытай деректемелерінде: 阿鲁浑 (Алухунь), 阿尔浑 (Аэрхунь), 阿鲁温 (Алувэнь), 阿刺温 (Алавэнь) т. б. болып бірнеше түрлі хатталады. Ғалымдар түрлі тарихи деректемелерге сүйене отырып, бұл тайпаны монгол шапқыншылығына дейін Тараздан Баласағұнға дейінгі жерлерді мекен еткен, ислам дінін тұтынған түркі тайпасы деп қарайды (Чэнь Дэчжи 1997 (13)–286-б). М. Қашқарі өз еңбегінде «Аргу: екі таудың арасы. Тараз (Талас) бен Баласағұн арасындағы шаңарларды «Аргу» дейді. Өйткені, ол жерлер екі тау арасында жатыр» деп жазады (қараңыз: М. Қашқарі. 157-б). Ол тағы да Аргу деген түрік тай-пасының атын да атаиды (Бұл да сонда). Қытай ғалымы Чжоу Циншу (周清澍) бұл тайпаның атын «Арқұн» деп атап, бұл сөздің әуелгі мәнісі жабайы айғыр мен қолда үйретілген жылқыдан туған құлын деген сөз болып, ол будан, араласпа қан деген сөз деп тұсіндіреді және бұл этнонимнің М. Қашқарі кітабында, Тұрпан жазбаларында бар екенін ескертеді (Цай Мэйбяо, 1986. 257-б). Чжоу Циншу (周清澍) «Арқұн» сөзінің мағынасы туралы мұндай тұсінікті М. Қашқарі кітабынан алса керек (М. Қашқаридің бұл туралы мәліметтерін М. Қашқарі – 138-беттен оқи аласыз). Қысқасы, мәтіннен біріншіден, аталмыш дәуірде Аэрхунь деген ел болғанын, екіншіден, монголдар олардың жерін жаулап алғаннан

кейін олардың адамдарынан арнаулы қосын жасақтап, оны «аэрхун қосыны» деп атағанын білеміз.

Аэрхун қосындары моңғол армиясының қатарында әуелі Хорезм қатарлы Орта Азия жерін жаулап алу жорықтарына қатынасып, ерекше жауынгерлігімен көзге түсті. Кейін моңғол қосындарының қытай жерін жаулап алу жорығы басталғаннан кейін, моңғолдармен бірге сол жаққа аттанды. Олардың бір бөлім өкілдерін Юань әuletі әскери және әкімшілік мансаптарға тағайындалап, олар елдің саяси, әскери және мәдени өмірінде өз таланттын танытты. Қытай жерінен барған аэрхун қосындарының үрпақтары кейін келе қытайдағы мұсылман этнос хуэйхуэйлердің (дүңгендердің аргы ата-бабалары) құрамына енді. «Юаньши» кітабында Юань әuletі өміріндегі ерекше тұлға саналған аэрхун тайпасының өкілдерінен Чылитетуэр қатарлы адамдардың арнаулы өмірбаяны бар. Мысалы, «Юаньши», 142-дүзюань, «Чылитетуэрдің өмірбаянында»: «Чылитетуэр — руы алу-вәнь (қытайша 阿鲁温 деп хатталған. Бұл да Аэрхун дегенниң тағы бір түрлі транскрипциясы. — Ж. О.). [Оның] аргы атасы кезінде соғыста еселі еңбектер сіңірген әрі Сиойдегі (бұл жерде Сиой деп аэрхундар қоныстанған Қазақстан мен Орта Азия жері айтылып отыр. — Ж. О.) аса ірі әuletтеп шықкан» деп жазады (қараңыз: «Юаньши». 142-дүзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны XXIX, «Чилитемуэр». «ЧХШЦ» нұсқасы, 3403-б.).

<sup>5</sup> «Юаньши», 1-дүзюань, Патшалар шежіресі I, «Тайцзу» баянында Самарқанд қаласы туралы 薛迷思干 (Сюэ ми сы гань) деген транскрипцияны көздестірген едік. Мәтіннің бұл тұсында оның 薛迷则干 (Сюэ ми цээ гань) деген транскрипциясы берілген. Бұл да «Семізкент» деген түрік сөзінің қытайша транскрипциясы деуге болады.

<sup>6</sup> Бухуала (不花刺) — яғни Бұхара.

<sup>7</sup> �回人 (Хуэйхуэйжәнъ) — Мұсылмандар. Аталмыш дәуірге тән қытай деректемелерінде бірінші рет Орта Азиядағы мұсылман елдерін, мұнда Хорезм шах мемлекетін 五回国 деп атағаны байқалады. Кейін келе осы аймақтың мұсылман тұрғындарын жалпылама беттік 五回人 (Хуэйхуэйжәнъ) деп атайды. Уақыт өтеде келе бұл атау осы аймақтан қытай жеріне барған мұсылмандар мен олардың кейінгі үрпақтарына қолданылатын болады. Сондықтан, мәтінде «Хуэйхуэй» дегенді мұсылмандар деп түсінуге тура ке-

леді. Чэнь Дэчжи өз еңбегінде: «қарлықтар мен аэрхундар хуэй-хуэйлер тобына кірмегенмен, уақыт өте келе барлығы бір мұсылман болғандықтан, олармен құдандалы болып кетті» дейді (Чэнь Дэчжи 1997 (13)–286-6).

<sup>8</sup> Мәтінде 莜麻林 деп хатталған. Бұл жер қазіргі Хәбәй провинциясындағы Чжанцзякоу қаласының батыс жағында, қазіргі аты 洗马林 (Сяньмалинь) деп аталады.

<sup>9</sup> Қытайшасы 平阳 деп хатталады.

<sup>10</sup> Қытайшасы 太原 деп хатталады.

<sup>11</sup> 路 – Юань дәүіріндегі жергілікті әкімшілік құрылым. Луды орталықтан арнаулы жіберген «даруқаш» басқарды. Юань мемлекеті аумағында жиыны 185 лу болды.

<sup>12</sup> Қытайша 捏古伯 деп хатталған.

<sup>13</sup> Сяньцзун (宪宗) – ягни Мөңке хан.

<sup>14</sup> Қытайша 钓鱼山 деп хатталады. Дядоюйшаньның орны қазіргі ҚХР Сычуань провинциясындағы Хәчуань (合川) деген жердің шығыс жағында.

<sup>15</sup> Қытайша оның аты 散的迷失 деп хатталған. Оны Садырмыш деп қалпына келтіруге болады.

<sup>16</sup> Мәтінде оның аты 木八刺 деп хатталған. Мұбарат деген мұсылманша есімнің қытайша транскрипциясы болуы мүмкін.

<sup>17</sup> 1297 жыл.

<sup>18</sup> Мәтінде оның аты 禿满答 деп хатталған. Мұны Тұмандад деген реконструкциялауга болады.

<sup>19</sup> Мәтінде оның аты қытайша 哈刺章 деп хатталған. «Қарагян» деген сөздің қытайша транскрипциясы ретінде мәлім.

**«Юаньши», 124-цзюань,  
жеке тұлғалар өмірбаяны XI  
«Тататунаның өмірбаяны»  
(«ЧХШЦ» нұсқасы, 3048—3049-66.)**

《元史》卷一百二十四 列传第十一  
《塔塔统阿》

(中华书局点校本第3048至3049页)译注

**Аударма және түсіндірмелер**

**Т**ататуна<sup>1</sup> — [шыққан тегі] вәйү<sup>2</sup>. Ол өте ақылды, асқан шешен кісі болған екен және өз елінің жазуын аса жетік менгерген білгір адам болған деседі. Найманнның Дянкэханы<sup>3</sup> оны абыз тұтып құрметтеп, өзінің алтын таңбасымен қазына, астық қамбасын сол кісінің басқаруына берген. Тайцзун батысқа жорық жасап, Найман мемлекетін жойған кездे, Тататуна таңбасын қойына тығып алғып, қашып бара жатқан жерінде тұтқындалады. Тайцзун оған: «Даянханның елі мен жері маған қарады. Мына таңбаның енді не керегі бар?» дейді. [Қаганнның] бұл сауалына [Тататуна]: «Бұл менің міндеттім, мен өлсем де оны аман сақтап, өз хан иеме табыс етуім керек!» дейді. Сонда Қаган: «Бұл нағыз адад адам екен!» дейді. Содан соң одан бұл таңбаның неге істетілетінін сұрайды. Ол: «Қазына мен қамбаның кіріс-шығысы, ұлықтарды тағайындау — осылардың барлығына қолданылады. Мұндай құжаттарға осы таңба басылғанда ғана сенімді болады» дейді. Қаган оған кешірім жасап, оны өз қасына қалдырады. Осы-

дан кейін жарияланған жарлық атаулыға таңба басылатын болады. Ал бұл міндет тағы соған [Тататунаға] тапсырылады. Енді бірде қаган одан: «Сіз өз еліңіздің жазуын жақсы білесіз гой?» деп сұрайды. Тататуна өзінің жазуды жақсы билетінін айтады. Сонымен оған ханзадалар мен олардың балаларына вэйу жазуын үйретуді тапсырады.

Тайцзу таққа отырғаннан кейін, орданың таңбасы мен қазыналық кіріс-шығыс жұмыстарын басқару міндеті [Тататунаға] тапсырылады. Оның әйелі Ухәлишиді<sup>4</sup> ханзада Халачаэрдың<sup>5</sup> сұтанасты етіп белгілең, оған көп сый-сыяппаттар жасайды. Тататуна өз балаларына: «Қағанымыз сендердің аналарыңа ханзаданы тәрбиелеу міндетін тапсырып, мол сыйлық жасап отыр, бұдан былай сендер не зат болса да ең алдымен ханзадаға беріңдер. Одан асқанын өздерің бөлісіңдер» деп ақыл айтады. Қаған бұл сөзді естігеннен кейін нојандарына «Тататуна менің оған сыйлаған сыйлықтарымды ең бірінші ханзадаға беріп отыр. Міне бұл оның шексіз адальдырын білдіреді» дейді. Содан соң оның осы адальдығы үшін еселеп сыйлықтар береді. [Кейін Тататуна] ауырып қайтыс болды. Чжиданың төртінші жылы<sup>6</sup> оған Чжунфэндайфу<sup>7</sup> атағы беріліп, Яньмэнъцзюньгун<sup>8</sup> деп құрметтелді.

## Түсіндірмелер

<sup>1</sup> Мәтінде 塔塔统阿 (Тататуна) деп хатталған.

<sup>2</sup> Вэйу (畏兀) – ягни үйгир.

<sup>3</sup> Мәтінде 大扬可汗 деп хатталған. «Юаньши» кітабының Найман билеушісі Таиан хан туралы тағы бір транскрипциясы. Бұл дерек наймандардың ең жоғарғы билеушісінің шынымен де «қаған» деп аталғанын тағы да еске салады.

<sup>4</sup> Мәтінде 吾和利氏 (Ухәлиши) деп хатталған. Бұл оның өз аты не шық-қан рұының аты екені белгісіз.

<sup>5</sup> Халачаэр (哈刺察儿) – ягни Қарачар, Үгедей ханның ұлы.

<sup>6</sup> 1310 жыл.

<sup>7</sup> Чжунфэндайфу (中奉大夫) – Юань дәүіріндегі мансап. Әдетте хан ордасында бітік жұмыстарымен айналысадын шенеуніктерге беріледі. Тататунаға бұл мансап ол өлгеннен кейін көп жылдардан кейін, оны құрметтеу негізінде берілген.

<sup>8</sup> Яньмэнъцзюньгун (雁门郡公) – Юань дәүіріндегі ең үлкен атақтардың бірі. Бұл атақ та ол өлгеннен кейін, көп жылдардан кейін берілген.

**«Юаньши», 128-щюань,  
жеке тұлғалар өмірбаяны XV  
«Тутуханың өмірбаяны»  
(«ЧХШЦ» нұсқасы, 3131—3138-66.)**

«元史» 卷一百二十八 列传第十五  
«土土哈»  
(中华书局点校本第3131至3138页) 译注

**Аударма және түсіндірмелер**

**Т**утуха<sup>1</sup> — оның аргы ата-бабалары ерте кездे Упиннің<sup>2</sup> солтустік жағындағы Шэлянь жазығындағы Аньдахань тауын мекен еткен ру еді<sup>3</sup>. Цюйчұ<sup>4</sup> кезінде бұл жерден көшіп солтустік-батыс жақтағы Юйлибайли тауына<sup>5</sup> ауып кеткен екен. Онда барғаннан кейін өз руының атын солай деп атаған<sup>6</sup>. Ал мемлекет атын Цинъча<sup>7</sup> деп атайды. Бұл ел Чжунгодан<sup>8</sup> 30 мың ли шалғайда, жаздығұні тұн өте қысқа болады. Кеш бата салысымен қайтадан арайладап таң атады. Цюйчуден Сомона<sup>9</sup>, Сомонадан Инасы<sup>10</sup> туады. Бұл кісілердің барлығы өз заманында цинъча елінің хандары болады.

Тайцзу мелиңзилерге<sup>11</sup> жорық жасаған кезде олардың билеушісі Ходу цинъчалардың арасына қашып барды. Инасы оны жылы қабылдады. Тайцзу<sup>12</sup> арага елші салып: «Сен мен атқан жаралы бұғыны қайда жасырып отырсың, тезірек өзіме қайтарып бер, қай-

тармасаң өз обалың өзіңе!» деген сәлем жолдайды. Инасы келген елшіден: «Қаршығадан қашып, бұтага қорғалаған торғай да аман қалады. Мен бұта құрлы жоқпын ба?»<sup>13</sup> деп жауап қайтарады. Сонымен, Тайцзу оған жорық жасауды бүйірады<sup>14</sup>. Бұл кезде Инасы қартайып, елінің тыныштығы кетіп, елде түрлі зобалаңдар туындаі бастаған еді. Кейін Инасының ұлы Хулусуман<sup>15</sup> Тайцзунге<sup>16</sup> елші жіберіп, бағыныштылық танытады. Ал, Сяньцзун<sup>17</sup> қол бастап жорық жасап, олардың жеріне келген кезде Хулусуманың ұлы Бандуча<sup>18</sup>, елін бастап келіп оған бағынады. Ол қосынмен бірге Майцесыға<sup>19</sup> жасалған жорықта біздің қосындармен бірге аттанып, осы жолғы шайқаста еселі еңбек көрсетеді. Ол тағы Шицзумен<sup>20</sup> бірге цинчаның жүз сан жауынгерін бастап, Дали<sup>21</sup>, Сун мемлекеттерін бағындыру жолындағы жорықтарда батырлығымен танылды. Қағаның қасында күтушілік қызметтерді, соның ішінде жылқы бағып, қымызы ашыту міндетін атқарып, өте сапалы қымызы әзірлеп, ордага жеткізіп түрді. Оның ашытқан қымызының түсі бөлеекше, әрі дәмді болғандықтан, «қара қымызы»<sup>22</sup> деген атпен әйгілі болды. Сондықтан, оның қол астындағы адамдар «Халачи»<sup>23</sup> деп аталаған кетті.

Тутуха Бандучаның ұлы еді. Чжунтуннның бірінші жылы<sup>24</sup>, әкелі-балалы екеуі Шицзумен бірге солтүстікке жорыққа аттанып, осы жолғы соғыста көрсеткен еңбегі үшін марапатталды. Ал, Бандуча өлгеннен кейін ол әкесінің орнын басып, қосында қызмет атқарады.

Қайду<sup>25</sup> бұлғагы тұсында<sup>26</sup> Шицзу тұтас елдің амандығы үшін ханзада Бәйпинванға<sup>27</sup> барлық ханзадаларды басқартып жорыққа аттанырады. Чжиюаньнің 14-жылы<sup>28</sup> Тотому<sup>29</sup>, Шилеңзи<sup>30</sup> қатарлылар бүлік шығарып, сол маңдағы тайпалардың шырқын бұзып, оларды барымталай бастады. Олар ата-баба мұрасы болған үлкен орданы тартып алғып кетеді. Тутуха әскер бастап, оларға қарсы жорыққа аттанып, олардың қол бастаушысы Тоэрчиянъды<sup>31</sup> Налань була<sup>32</sup> деген жерде жеңіп, барымтага алынған елді түгелдей қайтарып алды. Осыдан кейін, Инчандық тайпаның атаманы Чжиэрватай<sup>33</sup> бүлік шығарды. Тотому да өз қосындарын бастап барып бүлікшілердің қатарына қосылады. Олар жорық үстінде Тутухага кезігіп қалады. Екі жақ бірден соғысқа кіріседі. Соғыс бастала салысымен олардың он шақты қолбасшысы қолды болады. Нәтижесінде Тотому өз әскерін бастап шегіне бастайды. Чжиэр-

ватаійдың қолы осы жолры шайқаста біржололатада жойылады. Ол Тотому қатарлыларды Туула өзенінің<sup>34</sup> бойына дейін қуып барып, онда үш күн еру болып аттың басын кері қараій бүрады. Кейін оларды Вохуань өзенінің<sup>35</sup> бойында тағы бір мәрте жеңіп, өткен жолы тартып әкеткен атадан қалған ұлы орданы олардың қолынан қайта тартып алды. Сонымен бірге олардың соңынан ерген ел-жүрттү түгел қайтарып алыш, оларды Бәйпін<sup>36</sup> маңына көшіріп апарып қондырады.

15-жылы<sup>37</sup> қалың қол солтүстікке жорыққа аттандырылған кезде, [Тутухага] цинъчалардың мың сан атты қосынын бастап жорыққа аттану бүйірылады. Ол Шилеңзіді Цзиньшань<sup>38</sup> тауынан асыра қуып, Чжахутай<sup>39</sup> қатарлыларды тұтқындалап алыш келеді. Одан кейін Куанчжәдай<sup>40</sup> қатарлы бүлікшілерді жеңді. Ол небір жанкешті ұрыстар жасап, қой, жылқы сияқты қыруар мал-мұлікті олжага алды. Ордага оралғаннан кейін қаған оны қасына айырым шақырып алыш, оның жасаған еселі еңбегіне жоғары баға берді. Алтын, құмістен жасалған шарап құятын ыдыстар, жүз лиян құміс, тогыз алтын теңге берді және әр жыл сайын қонақасы беріп, орда киімімен қамдап тұратын болып келісті. Қосымша тағы бір ақсұңқарды сыйға тартты және осы жолры жорықта бүлікшілердің қолынан қайта тартып алған ұлы орданы оның өзіне сыйға тарту етті. Сонымен бірге оған: «Ата-бабадан қалған қасиетті орда жай уәзірлерге берілуге тиісті емес. Мениң бұл орданы бұл кісіге беру себебім, оның ұлы орданы дүшпаниң қолынан тартып алған еңбегі үшін сыйлап отырмын» деді. Және «Алдағы жерде цинъчалардың жан-жаққа шашылып жүрген елін және ханзадалардың жеке иелігіндегі аймақтарға қарасты болып бытырап кеткен елінің басын түгелдей бір жерге қосып, олардың барлығы Тутуханың басқаруында болатын болсын. Олардың әрбір отбасына 2000 гуан ақша<sup>41</sup> таратылып, жыл сайын астық пен мата беріліп тұрсын. Олардың ішінен батыр жігіттерді іріктең алыш, қосындарға қабылдасын» деген жарлық шығарды.

Қайду Цзиньшань тауына қол бастап жорық жасады. [Тутуха] Дацзянцюнь Даердохуаймен<sup>42</sup> бірлікте алдыңғы қорғаныс шебіне аттанды. 24-жылы<sup>43</sup> ханзада Цзунвань Найянь<sup>44</sup> бүлік бастады. [Тутуха] оның Ебугань<sup>45</sup>, Шэнлаха<sup>46</sup> қатарлыларға астыртын тіл біріктіруге жіберген елшісін ұстап алыш, олардың жоспарын біліп

алды. Осы кездे Шәнлаха екі қолбасшыны қонаққа шақырады. Доәрдахуай қонаққа барады. Ал Тутуха болса, олардың қастандығын сезіп, қонаққа бармай қояды. Сонымен, Шәнлаханың ойлағаны іске аспай қалады. Қөп өтпей Шәнлаханы шырыс жол арқылы ұлы хан ордасына келсін деген жарлық түседі. Тутуха Бәйанъянға<sup>47</sup>: «Оның иеліктері шығыста жатыр, бұл дегеніңіз арыстанды орманға ертіп кіргенмен бірдей емес пе?» дейді. Сонымен оған хан ордасына батыс жол арқылы баруға бұйырады. Осыдан кейін Ебугань бұлік шығарды деген хабар таралады. Қолбасшылар бұл хабарды алдымен хан ордасына хабарлап, одан кейін жорық жасауды ұсынады. Тутуха «Суыт жорық жасау керек, егер олар шынымен де бұлік шығарған болса, онда біз олардың ойламаған жерінен шығып, оларды тізе бүктіреміз. Жағдай керісінше болғанда олармен келісімге келіп, кері қайтып кетеміз» дейді. Ол осы күні жорықты бастап, күн-түн демей суыт шеру тартып жеті күн дегенде Туула өзенінен өтіп, Боце тауында<sup>48</sup> соғысып, оларды ойсырата жеңеді. Ебугань жалғыз өзі зорға қашып құтылады. Осы тұста Шицзу өзі қол бастап, Найяныгे қарсы жорыққа аттанған еді. Ол бұл хабарды естіп, Тутухага олардың барлық қосындарын бастап, өзенде бойлап жолға шықсын деп бұйрық берді. Олар жолда бұлікші ханзада Етегенің<sup>49</sup> бір түмен қолымен кездесіп, оларға сілейте соққы беріп, қыруар жылқы олжалаады. Және тағы бір бұлікші ақсүйек Хаәрлуды<sup>50</sup> қолға түсіріп, оны ордага тапсырып берді. Олар оны өлімге үкім етті. Бұлік болған аймақтарда тұратын цинчалар мен канлилердің<sup>51</sup> арасындағы өз еркімен келіп тізе бүккендерін түгелімен Тутуханың басқаруына береді. Сонымен бірге Халалу түмендігі<sup>52</sup> құралды және осыған дейінгі уақытта Аньсидегі<sup>53</sup> ханзадалардың қарамағында әр жерде бытырап жүрген цинчаларды жинап, осылардың барлығын оның басқаруына беруді бұйырды.

Осы кезде қаған өз немересі Чәнцзунды<sup>54</sup> қалың қолмен сол түстікке жорыққа жібереді әрі Тутухага онымен бірге жорыққа аттануды бұйырды. Олар Найяның қалдық күштерін Халавәнь тауына дейін қуып барып, бұлікші ақсүйек Утакайды<sup>55</sup> өлтіріп, оның жақтастарын түгел тізе бүктірді. 25-жылы<sup>56</sup> ақсүйек Ечжили<sup>57</sup> бұлікші ақсүйек Холухасунның<sup>58</sup> шабуылдарына тап болғандығы туралы ордага шұғыл хабар келіп түседі. Сонымен, хан немересі тағы

да қалың қолмен көмекке қосын аттандырады. Олар Улухуәйді<sup>59</sup> жеңіп, Халавәнь тауына барып, Гюйле өзенінен<sup>60</sup> түнделетіп өтіп, бүлікші ақсүйек Хаданьді<sup>61</sup> жеңіп, Ляоцзо<sup>62</sup> жеріне қарасты рустайпаларды түгел бағындырып, ол жерден Дунлуваньхуфуын<sup>63</sup> қүрді. Шицэу оның осынау ұшан-теніз еңбегін ескеріп, Ечжилидің әйелінің сіңілісі Талунды<sup>64</sup> әйелдікке берді.

26-жылы<sup>65</sup> қағанның немересі Цзинъваммен<sup>66</sup> бірлікте Қайдуға қарсы жорыққа аттанды. Олар Ханхай тауында<sup>67</sup> шеп құрып қақтығысқа түсті. Жау тау қойнауларының құз-қияларына бекініп алғандықтан, әр бағыттағы қолдардың барлығы жеңіле бастайды. Тек Тутуханың басқаруындағы қол атойлап шепке аттанып, Цзинъванды қауіптен құтқарып шығады. Ең мықты әскери бөлімшелерді үйімдастыра отырып, арттан өкшелей құған құғыншылардың алдын бөгейді. Сонымен, қарақшылар бұдан әрі жылжуға жүрек-сінеді. Құзгі 7-айда қаған өзі аттанып солтүстік шекараны қарап, оны қасына шақырып алады да, оған: «Кезінде Тайцзу мен оның нояндары қындыққа тап болып, Баншу өзенінің<sup>68</sup> суын ішіп сертескен еді. Бүгінгі мынау оқиға да бұрынғылар бастан кешкен сол бір оқиғамен бірдей болып отыр. Осының бері сіздің еселі еңбегініңдің нәтижесі» дейді. Ордаға қайтып барғаннан кейін, қаған ноядардың басын қосып аста-төк қонақасы береді. Қонақасы үстінде Тутухага: «Шоған жақтан келгендердің айтуынша, Қайду Ханхай соғысында егер олардың қолбасшыларының барлығы Тутуха сияқты болғанда, мен тып-типыл болатын едім деп жүріпті» деп оның осынау соғыстағы ерлігін тағы бір рет мадақтайды. Сыйлық таратқан кезде қаған сыйлықты ең алдымен циньча жауынгерлеріне таратпақшы болады. Тутуха: «Сыйлық таратуда жол-жосын бойынша сыйлық ең бірінші мәнгү қолбасшыларына таратылу көрек» дейді. Қаған оған «Тартынбаның! Мәнгулардың дәрежесі сіздерден жогары болғанымен, олардың соғыстағы көрсеткен еңбегі сіздерден жогары емес шыгар?»<sup>69</sup> дейді. Сөйтіп, оның қолбасшыларына қымбат сыйлықтар сыйлап, марапаттайды.

28-жылы<sup>70</sup> Тутуха қағанға: «Халачи қосындарының саны бір түменге толды, енді соғыстарға аттануға болады» деген өтініш білдіреді. Сонымен оған інжуленген бөрік, інжуленген тон, алтын кісе, ақық белбеу және ақсұңқар тарту етілді. Оның қол астындағыларға арнап мамық тон және неше түмен орам мата берілді. Сонымен

ол Халачи түмендігімен солтустікке беттеп барып, Ханътахайда<sup>71</sup> аң аулап саят құрды. Бұл хабарды естігенде шекара аймағындағы қарақшылардың барлығы бойын аулаққа салып, шекарадан шегіне бастады.

29-жылы күзде<sup>72</sup> Цзиньшань тауына жорық жасап барып, ондағы Қайдудың 3000 тұтіннен астам елін қайтадан көшіріп Хэлинье<sup>73</sup> алып келді. Артынша Цилицзисылерге<sup>74</sup> жорық жасау туралы бүйрық алды. 30-жылы<sup>75</sup> көктемде Цянь өзенінің<sup>76</sup> жағасына, ақ қар көк мұзда неше құн бойы жорықта жүріп, ақыры олардың жеріне жетіп, бес тайпа елін түгел бағындырып, әскерін сонда орналастырып, сол аймақты сақтап тұрды. Хайду Цилицзисылерді бағындырып алыпты деген хабарды естіп, әскер аттандырып Чянь өзенінің жағасына келгенде, олармен тарғы бір мәрте соғысып жеңіп, оның Болоча<sup>77</sup> деген қолбасшысын қолға туғірді.

31-жылы<sup>78</sup> Чэнцзун таққа отырғаннан кейін, оны шекара қорғанысы істеріне жауапты етіп тағайындағы және оған астанаға арнайы келіп қағанға кездесіп, сәлем беру рәсімін атқармай-ақ қоюды бүйірді. Сонымен бірге елшілер жіберіп, оның атына арнаулы сый-сияппаттар жіберді.

Дадәнің бірінші жылы<sup>79</sup> екінші айда, 61 жасында дүниеден өтті.

## Түсіндірмелер

<sup>1</sup> Мәтінде 土土哈 (Тутуха) деп хатталған. Хань Жулинь «Юаньши» кітабы жасаған 土土哈 (Тутуха) деген транскрипцияны Тūtāq (Тұтак) деп реконструкциялаган (қараңыз: Хань Жулинь 1982, 76-бет). 土土哈 (Тутуха) деген транскрипцияны «Тұтқа» деп реконструкциялауға да болады. Қатысты деректемелерге негізделгенде Тутуха 1237 жылы туылып, 1297 жылы дүниеден өткен.

<sup>2</sup> Мәтінде 武平 деп хатталған. Ғалымдар бұл жерді Қытайдың солтустік-шығыс аумағында деп қарайды. Чэнь Дәчжи «Ляоши», «Циданьгочжи» сияқты хроникалық еңбектерге сілтеме жасай отырып, Упиннің (武平) Ляо әuletі заманында 武安 (Уань) деп аталаған келгенін, кейін келе Цзинь әuletі заманында, яғни 1167 жылы Упин (武平) деп өзгертулгенін дәлелдейді (қараңыз: Чэнь Дәчжи 1997 (14) – 320-бет.).

<sup>3</sup> Мәтінде 折连川按达罕山部族 (Шэляньчуйань Аньдаханьшан буцзу) деп хатталған. Хань Жулинь, Чэнь Дәчжи сияқты ғалымдар мәтіндегі Шэляньчуйань (折连川) «Юаньши» кітабының басқа тарауларында кездесетін 折连怯儿

(Шәләнъцеәр), 折连怯耶儿 (Шәләнъцеәр) және 折连怯呆儿 (Шәләнъце-дайәр) деп түрліше транскрипцияланған жер деп қарап, бұлардың барлығы «бөкен жазығы» деген мағынадағы түркі-монгол тіліндегі «Jeren ke'er» топонимінің әрқылы транскрипциясы деп қарайды (қарандыз: Хань Жулинь 1982, 75-бет; Чэнь Дэчжи 1997 (14) – 320-бет). Эйткенмен, мәтіндегі тіркестің қалған бөлігі «Анъдахань тауы» («按答罕山») туралы ештеңе айтпаған. Олар одан әрі баяуыт руының қыпшақтар мен қаңылардың тайпалық құрамында болудан тыс монголдар арасында да болуына қарап, бұлардың барлығы «моңгол баяуыттарын» тараған деген пікір ұсынады («Қыпшақ, қаңыл, монгол баяуыттары», қарандыз: Хань Жулинь 1982, 75-86-беттер). Монгол шежірелері баяуыттарды некүз бен қияттан тараған дарлекин монголдарынан тарқатады. Чэнь Дэчжи осыны ескере отырып, баяуыттарды Ергүнекүннан ертеректе шығып, оқтостіктегі си тайпаларының жеріне (түріктер си (奚) тайпаларын тат немесе татабы деп атады. – Ж. О.) қоныстанған монгол тайпасына жатқызады (қарандыз: Чэнь Дэчжи 1997 (14) – 320-бет). (Қыпшақтардың бұл тобы бұрынғы кездे Жәхәнің орта бөлігіндегі жерлерді қоныстанған. Ағыс тегі монгол тайпасы еді, кейін келе солтустік-батыс тарапқа қоныс аударып, сол жаққа орнырып қоныстанып қалғандықтан, өз атын қыпшақ деп өзгертіп, халқы түрктене бастайды (қарандыз: Хань Жулинь 1982, 75-бет; Ту Цзи – 1060-бет).

<sup>4</sup> 曲出 (Цюйчу). Қытай галымдары Тутуханың аталарының атының бір-сыпыра деректемелерде 曲年 (Цюйянъянь) деп жазылуына негізделе отырып, оның атының 曲出 (Цюйчу) екенине күмән келтіреді. Сөйтіп олар оның аты 曲年 (Цюйянъянь) болу керек деген болжамдар айтқан (қарандыз: «Юаньши», 128-цзюань, X т., 3140-бет). Біз мәтіндегі 曲出 (Цюйчу) деген транскрипцияны «Күчү» деп қалпына келтіргіміз келеді.

<sup>5</sup> Мәтінде 玉里伯里山 (Юйлибайлишань) деп хатталған. Бұл таудың атын алғаш рет Пеллио Yür-beli (Үйрбелі) деп дәлелдеген (Pelliot P., 'À propos des Comans', JA, 1920, I.). Юйлибайли тауының орны туралы Хань Жулинь «句容君王世绩碑» («Цзийжунъцзюньваньшицзебэй»), «句容君王纪绩碑» («Цзийжунъцзюньваньшицзебэй») сияқты түпнұсқаларда сақталған деректерге сүйеніп, Үйрбелі тауы Еділ мен Жайықтың арасында деп дәлелдеген еді (қарандыз: Хань Жулинь 1982, 75, 76-бет). Қытай деректемелерінде бұл топонимің әртүрлі транскрипциясы бар. «Юаньшидің» 134-цзюанында «Юйэрбайли» (玉耳伯里), 124-цзюань «Мантэ Саэрдің өмірбаяныңда» 稳儿别里 «Вэнъэрбайли», «Шицзебэй» (世绩碑) атты еңбекте «Юйлибайли» (玉黎伯里), «Юйлибайлигуншэндаобэймин» («玉吕伯里公神道碑名») атты еңбекте «Юйлюйбайли» (玉吕伯里) болып транскрипцияланған. Бұларға алғашқылардың бірі болып реконструкция жасаушы Пеллио «бұл жердің бұрынғы аты Yürbeli деп аталса керек» деді (Пеллио 1920, 30-бет). К. Д'Оссон қыпшақтардың он бір руының бірін Elberli деп жазған. Қытай галымы Фэн Чэнцзюн «Юйлибайли» осы Elberli руына қатысты деп қарайды (К. Д'Оссон 2004, 149-бет). Юйлибайли тауы туралы ең бірінші болып пікір білдіргендердің бірі Ту Цзи болды. Ол: Юйлибайли деген бүтінгі Кас-

пийдің солтүстігіндегі Орал тауы деді (Ту Цзи, 154-цзюань, «Ру-тайпалар көрсеткіші», Қыпшақтар. 1060-бет). Хань Жулинь «Еділ мен Жайықтың арасындағы бұл тау биік емес, осы екі өзенниң теңізге құяр тұсындағы адырлар. Оны екі өзенниң жоғарғы бойындағы Орал жақтан іздеудің қажеті шамалы дейді (қараңыз: Хань Жулинь 1982, 76-бет).

<sup>6</sup> Біз «因以为氏» деген сөзді осылай деп, яғни Юйлибайли (Үрбелі// Елбөріл) деп атады деп түсіндік.

<sup>7</sup> Цинъча (钦察) — яғни қыпшақ.

<sup>8</sup> Чжунго (中国) — яғни Қытай. Бұл жерде Орталық Қытай аймақтары айтылып отыр.

<sup>9</sup> Мәтінде 嗣末纳 (Сомона) деп хатталған.

<sup>10</sup> Мәтінде 亦纳思 (Инасы) деп хатталған.

<sup>11</sup> Мелици (蔑里乞) — яғни меркіттер. Бұл жерде қыпшақтарға қашып барған Тоқтоға бектің Қоду қатарлы ұлдары мен олардың бастауындағы меркіттер айтылып отыр.

<sup>12</sup> (Тайцзу) 太祖 — яғни Шыңғыс хан.

<sup>13</sup> Мәтінде: «逃鶴之雀，从薄独能生之。吾顾不如草木耶?» деп жазылған. Бұл сөзді тәржімелегендеге қазақ тіліндегі «бұта да торғайға пана болады» деген мәтел сөзді қайталайтын «Қаршығадан қашып, бұтага қорғалған торғай да аман қалады, мен бұта құрлы жоқпын ба?» деген сөз шығады. Дәл осындаі тұрақты тіркестегі сөз «Құпия шежіреде» де бар.

<sup>14</sup> Шын мәнінде бұл жолы Шыңғыс хан Инасыға қарсы арнаулы жорық үйімдастырыған жоқ. Инасы бастауындағы қыпшақтарға жасалған жорық кейінгі уақытта болуға тиісті. Мәтінде осы оқиғаға байланысты «Сонымен, Тайцзу оған жорық жасауды бүйірлады» дедінген. Шыңғыс хан осы жолы қыпшақтарға жаза жорығын жасады деген дерек осыдан басқа еш жерде кездеспейді. Қыпшақтарды жаулап алу кейін монғолдардың «батысқа жорығы» кезінде болып, кейін «ханзадалар жорығы» кезінде жалғасты, бірақ бұл жорықтардың жоғарыдағы оқиғаларға қатысы жоқ еді. «Бұл кезде Инасы картайып, елінің тыныштығы кетіп, елде түрлі зобалаңдар туындаі бастаған еді. Инасының ұлы Хулусуман Тайцзунге (Үгедейге) елші жіберіп бағыныштыльқ танытады. Дәл осы мезетте қол бастап, жорықта жүрген Сянцзун (Мәңке) жорық жасап олардың жеріне енген тұста Хулусуманың ұлы Баңдуча оз елін бастап оған бағына келеді» (қараңыз: «Шицжибай» «世绩碑». Бұл туралы қараңыз: Хань Жулинь 1982, 77-б.). Ескере кетер болсақ, бұл оқиға тауық жылы, яғни 1237 жылы болған. Демек, бұл жердегі Шыңғыс ханның Инасыға жорық жасауды бүйірғаны туралы мәлімет жалған деуге тұра келеді.

<sup>15</sup> Мәтінде 忽魯速蛮 (Хулусуман) деп транскрипцияланған.

<sup>16</sup> Мәтінде 太 (祖) [宗] деп хатталған. Себебі, «Юаньши» кітабының «ЧХШЦ» нұсқасы жасалудан бұрынғы түрлі көне нұсқаларында 太祖 (Тайцзу — яғни Шыңғыс хан) деп хатталып келген, кейін келе «ЧХШЦ» нұсқасының мәтінтанушылары түпнұсқадағы Тайцзу (太祖) дегенді 太宗 (Тайцзун — яғни Өгедей хан) деп өзгерктен (қараңыз: «Юаньши» — 3140-б.).

<sup>17</sup> Сянцзун 宪宗 — ягни Мөңке хан.

<sup>18</sup> Мәтінде 班都察 (Бандуча) деп жазылған.

<sup>19</sup> Мәтінде 麦怯斯 (Майдесы) деп транскрипцияланған. Бұл — тарихта «Микесс» аталған қала. Оның аты Рашид ад-дин кітабында «Мангасс» дедінген. «Юаньши» кітабында бұл туралы транскрипцияда бірізділік жоқ. Мысалы, «Юаньши», 122-цзоань, «Сили линбудың өмірбаянында» 灭怙思 (Мехусы) деп, ал «Юаньши», 132-цзоань, «Батуәрдің өмірбаянында»: 篓怯思 (Медесы) деп транскрипцияланған.

<sup>20</sup> Шицзу (世祖) — ягни Құбылай хан.

<sup>21</sup> Далиго (大理国) — Қазіргі КХР-дың оңтүстік-батысындағы Юньнань провинциясы аумағында. 937—1235 жылдар аралығында этностың байцузулар құрған мемлекет. Мұсылман және батыс әдебиеттерінде бұл елді Қараджан деп келген. Бұл атаудың қытайлық деректемелерде 哈刺章 (Халачжан), 哈喇章 (Халачжан), 阿刺章 (Алачжан) деген бірнеше түрлі транскрипциясы бар. Мұнда哈刺 (хала) деген түркі-монгол тілдеріндегі «қара» деген сөздің баламасы. Ал 章 (чжан) туралы талас бар. Негізінде бұл осы аймақтың көнеден келе жатқан аты дедінеді.

<sup>22</sup> Мәтінде 黑马乳 деп хатталған. Бұл сөзбе-сөз аударғанда «қара түсті жылқы сүті» болып шығады. Біз бұны саумал емес, қымыз екенін ескеріп «қара қымыз» деп аудардық.

<sup>23</sup> Мәтінде 哈刺赤 (Халачи) деп хатталады. Бұл сол кездегі Qarachi деген сөздің қытай тіліндегі транскрипциясы еді. Тұтас Юань әuletі заманында қыпшақтардан құралған «халачилер» (Qarachi) қауымы мыңдықтар мен жүздіктерге бөлініп, арнаулы түрде бие сауып қымыз ашытумен айналысып келді. Кейін келе қыпшақтардың бұл тобы «Qarachi» деген атпен монголдарға сіне бастады. Уақыт ете келе, Мин әuletі дәуіріндегі деректемелерде олардың аты монгол тайпаларының бірі ретінде 哈刺噴 (Халачэн), 哈刺真 (Халачжэн), 哈刺慎 (Халашэн), 哈刺庆 (Халацин), 哈刺沁 (Халацин) деген аттармен Ордас өлкесінде әйгілі болды. «Сиойтучжи» кітабы бойынша жонғарларға қарасты 12 отоқтың бірі 哈喇沁 (Халацин) дедінеді. Бұларды да сол баяғы Бандуча бастаған қыпшақтардың үрпағы деуге болады.

<sup>24</sup> 1260 жыл.

<sup>25</sup> Хайду (海都) — ягни Қайду. Үгедей ханның Қашін деген ұлының баласы. Қашін 1257 жылы туылып, 1308 жылы өмірден өткен.

<sup>26</sup> Хайду бұлғары — Қайду мен Құбылай арасындағы тақ таласынан туындаған соғыс. Ұлы хан тағына Мөңке отырганнан кейін Үгедей үрпақтары биліктен шеттетіле бастаған еді. Осы орайда Мөңке хан Қайдуды Қойлық қаласы өңіріне көшіріп жіберген. Кейін Құбылай мен Арықбеке арасындағы жанжалда ол Арықбекені қолдаган. Арықбеке жеңілгеннен кейін ол Үгедей әuletінен тараган үрпақтар хан болу керек дегенді желеу етіп, өзін ұлы хан деп жариялаудың қамына кіріседі. 1269 жылы Бала қатарлы Шағатай үрпақтары мен Жошы үрпақтарының басын қосып, Талас өзенінің бойында құрылтай өткізіп, одак құрып, одакқа өзі басшылық ететін болды. Сөйтіп, Ұлы хан Құбылаймен және Ілхан хандығының ханы Абагамен қресті. Оның

ең негізгі одақтасы болған Бала өлгеннен кейін, оның орнына Баланың ұлы Дуваны Шагатай хандығының ханы етіп сایлаپ, онымен одақтаса отырып, солтүстік Енесей бойындағы қырғыздар қоныстанған аймақтар мен Алтай тауларынан бастап, оңтүстік тарапта Үйгір үелаятына дейін, одан әрі Хотан өніріне дейінгі жердегі бұрыннан Құбылай ханға қарасты делінетін аймақтарды алу жолында түрлі жорықтар үйімдастырыды. 1301 жылы Дувамен (Du-wa//Du-a) бірге Алтай тауынан асып, оңтүстікке жорыққа аттанып бара жатқан жолда Камала мен Хайшанк бастауындағы Құбылай қосындарының соққысына үшірап, ауыр жарақат алады. Артынан жорық үстінде қаза болады. Ол өлгеннен кейін әкесінің тағына оның ұлы Чабар (Čabar) мұрагерлік етеді. Қайду бұлғары Шыңғыс хан үрпақтары құрган ұлыстар арасындағы тәуелділікті әлсіретіп, ұлыстардың өз алдына дербес ел ретінде дамуын жеделдете түскен маңызды тарихи оқиға болды.

<sup>27</sup> Бэйпинван (北平王) — монголдың Юань әулеті заманында ханзадаларға берілетін атақ. Тұңғыш Бэйпинван атағы 1266 жылы Құбылай қаганнның төртінші ұлы Номуганга берілді. Бұл жолғы жорықты сол Номуган басқарған. Номуганға көмекші етіп Мухулай үрпағы Хантомды жіберген.

<sup>28</sup> 1277 жыл.

<sup>29</sup> Мәтінде 脱脱木 деп хатталған. Деректемелерде оның аты 脱脱木儿 (Тотомуэр), 脱铁木儿 (Готемуэр), 脱黑铁木儿 (Тохайтемуэр) деп те транскрипцияланған. Бұлардың барлығы — Тоқтемір деген есімнің қытайша әртүрлі транскрипциялары. Тоқтемір Төле үрпағы, Сүйгудудың ұлы. 1271 жылы Номуганнның бастауымен Қайду бүлігінен қорғану үшін Алмалыққа аттанған. Онымен бірге жорыққа аттанғандардың арасында Мөңке ханнның төртінші ұлы Шірги де болған еді. Ол 1276 жылы Тоқтемірдің бастауымен болған бұлікке атсалысты.

<sup>30</sup> Мәтінде 失烈吉 (Силецжи) деп хатталған. Шірги дегениң транскрипциясы. Деректемелерде Шірги туралы 习列吉 (Силецжи), 昔列吉 (Силецжи) деген транскрипциялар да бар. Шірги — Мөңке ханнның төртінші ұлы. Ол 1267 жылы Қайду бастаған бұлғақтан сақтану мақсатында Алмалыққа жіберілді. 1276 жылы Тоқтемірмен бірге бұлік шығарды. Олар оны өздеріне хан көтерді. Келесі жылы Қарақорымға басып кіріп, онда Юань қосындарынан женіліп қалып, батыс тарапқа қарай беттеді. Осы кезде ханзадалар арасында алауыздықтар орын алып, Тоқтемір оның орнына Төленің немересі Салиман-ды хан сайлады. Тоқтемір өлгеннен кейін қақтығыстар Салиман мен Шірги арасында жалғаса түсті. Кейін келе қолды болып, Оңтүстік Қытай жеріне жер аударылып, сонда ауырып өлді.

<sup>31</sup> Мәтінде бұл адамның аты 脱儿赤颜 деп хатталған.

<sup>32</sup> Мәтінде бұл жердің аты 纳兰不刺 (Налань Була — Нарын бұлақ?) деп хатталған. Қазіргі орны белгісіз.

<sup>33</sup> Мәтінде 应昌部族只儿瓦台 (Инчан буџзу Чжиэрватай) деп хатталған. Чжиэрватай — Инчандық қонырат тайпасынан шыққан қаганнның күйеу баласы Волочәннің туған інісі.

<sup>34</sup> Туула (秃兀刺) — Тола (Toyla// Tuylula) өзені.

<sup>35</sup> Вохуань (斡欢河) — ягни Орхон өзені.

<sup>36</sup> Қытайшасы 北平 деп хатталады.

<sup>37</sup> 1278 жыл.

<sup>38</sup> Цзиньшань 金山 — ягни Алтай тауы.

<sup>39</sup> Мәтінде 扎忽台 деп хатталған.

<sup>40</sup> Куанчжэгэ (宽折哥) — ягни Қоншәгә.

<sup>41</sup> Мәтінде Чao (钞) деп жазылады. Мұндай қағаз ақшаны қытайлар ез заманында 交钞 (Цзяочао) деп те атады. Ол кездегі қағаз ақшаның бірлігі — 贯 (гуань) деп аталды. Қағаз ақша ең бірінші рет Қытайдың Сун, Цзинь дәүірлерінде жарық көрді. Юань дәүіріне жеткенде қағаз ақша елдің күнделікті өмірінде көп қолданылды. Бұл сөз кезінде парсы деректемелерінде «Chānk» деп те транскрипцияланған (қараңыз: Чжан Сиан 1978, III т., 201-бет).

<sup>42</sup> Дацзянцюнь Доэрдохуай (大将军朵儿朵怀) — ягни Дүрдақа.

<sup>43</sup> 1287 жыл.

<sup>44</sup> Цзунвань Найянь (宗王乃颜) — Тәмугә Отчиғиннің шөпшегі. Олардың әулеті осыған дейін арғы аталары Тәмугә Отчиғиннің Қараун тауындағы (қазіргі Үлкен Хингян тауының батысы мен шығысы және Ляодунның көп жері) иелігінің заңды мұрагері болып келген. Ол 1287 жылы монголдардың басқа да ақсүйектерімен біріге осы аймақта Құбылай билігіне қарсы бүлік шығарған еді. Нәтижесінде, Құбылай қосындарынан жеңіліп, Құбылай оны өлтіріп тастайды.

<sup>45</sup> Ебугань (也不干) — ягни Эбугэн.

<sup>46</sup> Шэнлаха (胜刺哈) — ягни Шынлақар.

<sup>47</sup> Қытайша 北安王 деп хатталады.

<sup>48</sup> Мәтінде 李怯岭 (Боцелин) деп хатталған.

<sup>49</sup> Мәтінде 也铁哥 (Етегә) деп хатталған.

<sup>50</sup> Мәтінде 哈儿鲁 деп хатталған.

<sup>51</sup> Канли 康里 (Канли) — ягни қаңлы (Qaŋlī).

<sup>52</sup> Халалу ванъхуфу (哈刺鲁万户府) — ягни қарлук түмендігі. Этностық қарлуктардан құралған әскери қосын, әрі әкімшілік бірлік. Біз бұл сөзді «қарлук түмендігі» деп атадық.

<sup>53</sup> Қытайша 安西 (Ансы) деп хатталады.

<sup>54</sup> Чэнцзунь (成宗) — ягни Юань Чэнцзун (元成宗). Құбылай ханның немересі. Өз аты Темүр, 1265 жылы туылып, 1307 жылы қайтыс болды. 1294—1307 жылдар аралығында Юань мемлекетінің ұлы ханы болды. 1293 жылы Юань мемлекетінің барлық қолын басқарып, солтүстікке ұлы далага жорыққа аттандырылды. 1294 жылы Құбылай хан қайтыс болғаннан кейін, ұлы хан тағына отырды. Монголдар оны құрметтеп «Өлжейтү қаған» (Öljeitü qaghan) деп атады.

<sup>55</sup> Мәтінде 兀塔海 (Утакай) деп хатталған.

<sup>56</sup> 1288 жыл.

<sup>57</sup> Мәтінде 也只里 деп хатталған.

<sup>58</sup> Холухасун (火鲁哈孙) — ягни Қорқасұн.

<sup>59</sup> Улухуэй (兀鲁灰) — ягни Үрүк.

<sup>60</sup> 贵烈河 (Гүйлехэ) — бүл өзен қазіргі кездे 归流河 (Гюйлюхэ) деп аталады.

<sup>61</sup> Хадань (哈丹) — ягни Қадан. Шыңғыс ханның інісі Қачиунның нересі.

<sup>62</sup> Мәтінде 辽左 деп хатталған.

<sup>63</sup> Дунлуваньхуфу (东路万户府) — ягни Шыңғыс Лу түмендігі делінеді. Толық аты Дунлумэнгуваньхуфу (东路蒙古军万户府) — ягни Шыңғыс жол монгол түмендігі делінді. Юань мемлекетінің өскери органды.

<sup>64</sup> Мәтінде 塔伦 (Талунь) деп хатталған.

<sup>65</sup> Ягни 1289 жыл.

<sup>66</sup> Цзиньвань (晋王) — Юань дәүірінде қаракөк ханзадаларға берілген атақ. Бұл атақ Юань дәүірінде хан тұқымдары арасында бірінші мэрте Құбылайдың екінші ұлы Чжэнцзиньнен (真金) тұган немересі Камалага (甘麻刺) берілді. Мәтіннің бүл жерінде дәл сол Камала айтылып отыр.

<sup>67</sup> Ханхай тауы (杭海岭) — ягни Қаңқай (Qangqai) тауы.

<sup>68</sup> Мәтінде 班术河 (Баньшухэ) — ягни Баншу өзені деп жазылған. Бұл жерде жоғарыдағы деректемелерде кездескен 班朱尼河 (Баньчжунихэ) айтылып отыр. 91-беттегі 182-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>69</sup> Юань дәүірінде тұтас елдің азаматтары төрт дәрежеге бөлініп, әр дәрежедегі адамдардың елдің саяси және қорамдық өміріндегі орны мен құқықтары әр басқа болды. Этностиқ монголдар елдің бірінші дәрежелі азаматтары саналяп, ел өмірінде ең алдымен солардың құқықтары қорғалып, мемлекет ең бірінші солардың мүдделерін қорғап отырды. Екінші дәрежелі азаматтарға ел тұрғындарының «Сәмужәнъ (色目人)» деп аталатын тобы жатты. Этностиқ ханьдар үшінші дәрежелі азаматтар болды. Төртінші дәрежелі азаматтарға наньжәнъ (南人) — ягни Оңтүстік Қытай тұрғындары жатты. Қыпшақ, хуәй-хуәй, үйгир, қаңы, асу, оғыт, наиман, қарлук, тибет қатарлы 23 түрлі (кей деректемелерде 31 түрлі делінеді) ел сәмужәнъдердің қатарына жатты. Мәтінде жайт осындағы тарихи шындықтан туындаған. Қыпшақтар монголдардан бір дәреже төмен «Сәмужәнъ (色目人)» санағандығы себепті сыйлық тарату расімінде жол-жосын бойынша сыйлық алдымен этностиқ монголдарға берілуі керек болды.

<sup>70</sup> 1291 жыл.

<sup>71</sup> Мәтінде бүл жердің аты 汉塔海 (Ханътакай) деп хатталған.

<sup>72</sup> 1292 жыл.

<sup>73</sup> Хэлинь (和林) — ягни Қарақорым қаласы.

<sup>74</sup> Мәтінде қыркыз этноним 乞力吉斯 (Цилицзы) деп транскрипцияланған.

<sup>75</sup> 1293 жыл.

<sup>76</sup> Цяньхэ (欠河) — ягни Кем өзені.

<sup>77</sup> Болоча (孛罗察) — ягни Болаша, Хайдудың қолбасыларының бірі.

<sup>78</sup> 1294 жыл.

<sup>79</sup> 1297 жыл.

**«Юаньши», 130-цзюань,  
жеке тұлғалар өмірбаяны XVII  
«Бухумудың өмірбаяны»  
(«ЧХШЦ» нұсқасы, 3163—3164-66.)**

《元史》卷一百三十，列传第十七  
《忽木传》

(中华书局点校本第3163至3164页) 译注

**Аударма және түсіндірмелер**

**Б**ухуму<sup>1</sup> оның тағы бір аты Шион<sup>2</sup>, лақап аты Юнчэн<sup>3</sup>. Арғы аталары канли<sup>4</sup> тайпасының беделді билеушілері болған<sup>5</sup>. Канли деген Хань патшалығы дәуіріндегі де-ректемелерде кездесетін Гаочэ мемлекеті еді<sup>6</sup>. Оның арғы атасы Хайланьбай<sup>7</sup>, кезінде кәленің Ван кәханына<sup>8</sup> қызмет еткен еken. Ван кәхань жойылғаннан кейін, ол өз үйін тастап, неше мың сан қолын бастап, солтүстік-батыс тарапты бетке алып сүйт сапарға аттанады. Осы кезде Тайцзу оның артынан елші жіберіп, оны кері қайтуға үгіттеген еken, бірақ ол артынан қуып барған елшілерге: «Мен бүрын қағанмен<sup>9</sup> бірге Ван кәханға қызмет атқарған едім. Бұғін Ван кәхан женіліп қалды деп, өз тірлігімді өзгерктім келмейді» дегенді айтЫП өз алдына кете барған. Оның сол бойы қайда кеткені белгісіз.

Оның артында қалған он баласы түгелімен Тайцзудың тұтқынына түседі. Кенже ұлы Яньчжэн<sup>10</sup> бұл кезде бар болғаны алты жаста болатын. Тайцзу бұл баланы Чжуаншэн хуанхоуга<sup>11</sup> бағуға тапсырады. Ол оны мәпелеп бағып өсіреді. Бұл бала ес кіріп,

етек жапқаннан кейін Құбылайға нөкер болып қызмет атқарады, жорықтарға қатысып, елеулі еңбектер көрсетіп көзге түседі... Құбылай таққа отырғаннан кейін, Яньчжэн манызды жұмыстарға тағайындалып үлгермей, тағдырдың жазмышымен мезгілсіз қазага тап болады. Бухуму оның екінші ұлы болатын.

### Түсіндірмелер

<sup>1</sup> Қытайша 不忽木 деп хатталады.

<sup>2</sup> Қытайша 时用 деп хатталады.

<sup>3</sup> Қытайша 用臣 деп хатталады.

<sup>4</sup> Қанли 康里 (Канли) – яғни қаңлы (Qaṇlī).

<sup>5</sup> Қаңлылардың Алтай таулары мен Монголиядан бой көрсетуі туралы дерек 1175 жылдың еншісіне жатады. Мұнда «Цзиньши» 7-цзюань, «Шицунның шежіресінде»: Дадиннің 15-жылы [1175 ж. – Ж. О.] «Нянъбауинь [Найман. – Ж. О.] өздеріне қарасты Қанли Богу қатарлыларды бастап, бағыныштылық білдірді» дегінсе, осы еңбектің 121-цзюань «Нянъгэханьнуңдың өмірбаянында» болған оқиғаны нақтылай түсіп: «Осы жылы Нянъбайнь [Найман. – Ж. О.] билеушілері Салия, Интэсі қатарлылар қанли билеушісі Богуды және 30 мың тұтіннен астам елді бастап бағыныштылық білдіріп, бұрынғы Дашидің берген таңбасын тапсырып алғып, орнына [Цзинь] орда-сының таңбасын беруді талап етті» дегінеді. Қаңлылардың наймандармен аралас отырғаны туралы деректі Қек Ертіс маңында қаңлылармен аралас отырған деп Рашид ад-дин де хабарлайды. Қаңлылардың Оң ханның керейлерінің арасынан бой көрсетуі бұлардың тарихи тамырластығын көрсетеді. Бұл туралы қытай ғалымы Ту Цзи: «керейлердің батыс жақтағы бөлігі қанц-зюй [қаңлы. – Ж. О.], шығыс жақтағы бөлігі керей деп аталған» деп пайым-дайды (қараңыз: Ту Цзи–20-цзюань).

<sup>6</sup> Бұл жерде «Юаньши» «Қанли дегеніміз Хань дәүіріндегі деректемелерде кездесетін Гаочә мемлекеті еді» деген қателік жіберген. Гаочә атавы Хань патшалығы дәүіріндегі деректемелерде емес, Солтүстік және Оңтүстік патшалықтар дәүіріне жататын «Вэйшу», «Бэйши» сияқты еңбектерде кездеседі.

<sup>7</sup> «Юаньшиде»: 海藍伯 (Хайланьбай). 海藍 (Хайлань) деген екі иероглифті «Қайран» деген сөз деуге болады. Дегенмен, қытай деректемелерінде 伯 иероглифінің түрік-монгол тіліндегі адам аттарындағы «Бай», «би», тіпті «Бек» деген сөздің баламасы ретінде де қолданылғандығын кездестіреміз. Осыған қарап бұл адамның атын «Қайранбай», «Қайранби», тіпті «Қайранбек» деп те қалпына келтірге болар еді.

<sup>8</sup> Ван қәхан (王可汗) – Оң қаған, яғни керейдің Оң ханы айтылып отыр.

<sup>9</sup> Бұл жерде Темүжін айтылып отыр.

<sup>10</sup> Мәтінде оның аты 燕真 деп жазылған.

<sup>11</sup> Чжуаншэн Хуанхуо (庄圣皇后) – яғни Сорқақтани катын.

**«Юаньши», 149-цзюань,  
жеке тұлғалар өмірбаяны XXXIV  
«Го Баоюйдің өмірбаяны»  
(«ЧХШЦ» нұсқасы, 3520—3526-66.)**

«元史» 卷一百四十九 列传第三六  
《郭宝玉传》  
(中华书局点校本第3520至3526页) 译注

**Аударма және түсіндірмелер**

Го Баоюй<sup>1</sup> — лақап аты Юйчэн<sup>2</sup>, Хуачжоу аймағы Чжэнсянь ауданында<sup>3</sup> туылған, Тан әuletі заманындағы чжуншулин Цзин<sup>4</sup> деген адамның тікелей үрпағы. Астрономия, соғыс өнері жақтарында аса қабілетті кісі, ат жалында ойнайтын шабандоз және қас мерген. Цзинь мемлекетінің соңғы дәүірінде Финянцюнъун<sup>5</sup> деген атақ беріліп, қосымша мэннань<sup>6</sup> міндетін атқарған. Цзинь елі Доуцзисычжун<sup>7</sup>, Пу Санкюй<sup>8</sup> қатарлыларға чжуншулин мансабын беріп, қалың қолмен Ушабао қамалын тұргызуға аттандырады. Осы кездे Таши Мухуалидің қолы келіп, олардың 30 мың адамдың қалың қолын күйрете жеңеді. Доуцзисычжун қатарлылар жеңіліп, қашып кетеді. Ал Го Баоюй өзіне қарасты қосындарды бастап тізе бүгеді.

Мухуали оны Тайцзуға ертіп барып кездестіреді. [Тайцзу] одан Чжунюань<sup>9</sup> жерін қалай бағындыру туралы ақыл-кеңес сұраған кезде, Го Баоюй: «Чжунюань аймағының күші аса мығым, оған жеңіл-желпі қарашаға әсте болмайды. Оңтүстік-шығыстағы бұратана

елдер<sup>10</sup> өте жауынгер халықтар, соларды пайдаланған жөн. Сондықтан біз ең алдымен соларды өзімізге қаратып алуымыз керек. Егер біз Цзинь еліне осы халықтардың күшін пайдалана отырып, шабуыл жасайтын болсақ, түбегейлі жеңіске жетер едік», «мемлекет құрган алғашқы кездे түрлі жеңілдіктер берілген жаңа жарлықтар шығару керек» деп кеңес береді. Қаған оның бұл пікірін де жөн санайды.

Ит жылы<sup>11</sup> қағанмен бірлікте циданьдердің қалдықтарын бағындыру үшін, Гусюйгүй мемлекетінің<sup>12</sup> Эйдо қатарлы қаласын<sup>13</sup> басып өтіп, олардың 30 мың адамдық әскерін талқандады. Осы жолғы соғыста Баоюйдің қеудесіне оқ тиіп, ауыр жарақат алды. Қаған бір сиырды сойдырып, оны сол сиырдың қеудесіне салып емдейді, ұзаққа бармай оның жарақаты сақайып, қайтадан жорыққа аттанып кетті. Сонымен ол Бешибали, Бешилань<sup>14</sup> қалаларын алды. Осыдан кейін Хучжан<sup>15</sup> өзені бойына келіп жетеді. Мұнда батыстықтар екіге бөлініп шеп жайып соғыс жасады. Соғыс мейлінше қызыған кезде, Баоюй олардың қосындары жаққа қарап: «Батыс шептің әскерлері қашып барады» деп айқай салады. Бұл сөзге алданған олар да шегіне бастайды, осы орайда оларды құя соғып, әскерін түгелге жуық қырып тастайды. Артынша Сяньсығань<sup>16</sup> қаласына шабуыл жасап, оны алып, Аньмударияның<sup>17</sup> жағалауларына жеткен кезінде, дүшпандар қарсы жақ жағаға оннан аса жерден бекініс түрғызып, қайықтарды дарияның үстінен тоқтатып, өзеннен өткізбей қояды. Оның үстінен қатты дауыл соғып, толқын күшіне түскендіктен, өте ауыр жағдайға тап болады. Осы кезде Баоюй қайықтарды отты жебемен атқылатады, ұзамай қайықтар түгел отқа оранады. Осы аласапыранды пайдаланып жағаға қарай шабуылға өтеді. Өзен жағасына бекінген 50 мың қолдың тоз-тозы шығады да, Цзоли<sup>18</sup> деген қолбасының басын кесіп алады. Артынша жағадағы бекіністерді бірінен соң бірін талқандап, Мали<sup>19</sup> қатарлы төрт қаланы басып алады.

Жылан жылы<sup>20</sup> Кәфуча мемлекетінің<sup>21</sup> Юйсуаньдуань ханы<sup>22</sup> Найман мемлекетін<sup>23</sup> талқандап, одан соң әскер аттаңдырып Сяньсығань қаласын басып алды. Кейін қаған келе жатыр екен деген хабарды естігеннен кейін, зәресі ұшып, қаланы тастап оңтүстікке қарай қашып кетті. Ол Темір қақпадан<sup>24</sup> әрі өтіп қарлы тауға барып тығылады. Баоюй оны одан әрі таман, Иньду<sup>25</sup> жаққа қарай қуып таstadtы.

## Түсіндірмелеर

<sup>1</sup> Қытайша 郭宝玉 деп хатталады.

<sup>2</sup> Қытайша 玉臣 деп хатталады.

<sup>3</sup> Қытайшасы 华州郑县 деп жазылады.

<sup>4</sup> Чжуңшулин (中书令) — Тан әuletі заманындағы мансап. Мәтінде Го Баюй Тан әuletі заманындағы Чжуңшулин (中书令) 子仪 (Цзыи) деген адамның үрпағы делінеді. Бұл әйгілі қолбасшы Го Цзыи еді.

<sup>5</sup> Мәтінде 汾阳郡公 (Финъянцзюньгуңы) делінген.

<sup>6</sup> 猛安 (Мәнань) — мансап аты. Шұршіттердің әріден келе жатқан әскери және рулық мансабы. Шұршіттер Солтүстік Қытай жерінде Цзинь мемлекетін құрганнан кейін этностық шұршіт мыңдықтарын басқарушы мыңбегінің атына айналды. Бұл Мәнаньмоук (猛安谋克) деп атауды. Шығу төркіні жағынан көне түріктедің «Мыңбегі» деген сөзінен келді деген болжам да бар.

<sup>7</sup> Қытайша 独及思忠 (Дуцзисыккүй) деп хатталған.

<sup>8</sup> Қытайша 仆散揆 (Пу Санккүй) деп хатталған.

<sup>9</sup> 中原 (Чжуңюань) — Орталық Қытай аймақтары мен зеліп отыр.

<sup>10</sup> Бұл жерде Орталық Қытай аймагының оңтүстік-шығысындағы этностық тибеттер, таңғыттар мен Қараджан (Юньнань) өлкесіндегі қытай емес халықтар айтылып отыр.

<sup>11</sup> 1214 жылға тұра келеді. Бұл жерде берілген мәлімет дұрыс емес. Мұсылман деректемелері мен «Циньцзинлу» қатарлы еңбектер бойынша Шыңғыс хан 1218 жылы (бұл тайцзудың 13-жылына, яғни барыс жылына тұра келеді) Жебе ноянды 20 мың қолмен Қүшлікті бағындыруға аттандырығаны туралы мәліметтер бар. «Юаньши» кітабының «Тайцзу шежіресі» мен «Циньцзэнлу» қатарлы еңбектердің берген мәліметтерін салыстырып қаралғанда, Шыңғыс ханның Орта Азияга жорық жасаған жылы тайцзудың 14-жылы, яғни қоян жылы болған. Бұл 1219 жылға сәйкес келеді.

<sup>12</sup> Мәтінде 古徐鬼国 (Гусюйгүйго) деп хатталған. Мұнда найман ханзадасы Қүшлік бұрынғы Қарақытай мемлекетінің негізінде құрган мемлекет «Қүшлік мемлекеті» делініп отыр.

<sup>13</sup> (讹夷朵) Эй до қаласы. Бұл монгол-түрк тіліндегі «орда» сөзінің қытайша тағы бір түрлі жазылуы болуы мүмкін. Егер бұл болжам дұрыс дегенде Қүшлік мемлекетінің ордасы бұрынғы Қарақытай мемлекетінің астаналық қаласында түрді деуге болады. Қытай деректемелері оны бірде Хусы-волудо 虎思斡鲁朵 деп, енді бірде 古则斡鲁朵 Гуцзы-волудо деп атаған. Бұлар Хуз орда деген сөздің қытайша транскрипциясы болып шығады. Бұл қалалар бізге байырғы Баласағұн қаласының тағы бір аты ретінде белгілі.

<sup>14</sup> Мәтінде «收別失八里, 別失兰等城» делінген. Мұндағы 别失八里 (Бешибалиды) үйгир жеріндегі Бешбалық қаласы деген күнде 别失兰 (Бешлань) қаласының қайда болғаны беймәлім. Оның үстіне үйгир Идүқ-құтының монголдарға айдың-күннің аманында багынып, Орта Азияга жасалған осы реткі жорыққа Бешбалық үйгирларының қосындары монгол қосындары қатарында жорыққа аттанғаны да белгілі.

<sup>15</sup> 忽漳河 (Хучжанхэ) — Хоженд өзені, яғни Сырдарияның Хоженд маңындағы тұсы, өз кезінде Хоженд өзені деп аталған.

<sup>16</sup> Сяньсыгансы (揷思干) — яғни Самарқанд.

<sup>17</sup> Аньмұхә (暗木河) — яғни Эмудария.

<sup>18</sup> Мәтінде 佐里 деп хатталған.

<sup>19</sup> Мәтінде 马里 деп хатталған, Мерв қаласы атының тағы бір транскрипциясы.

<sup>20</sup> Яғни 1221 жыл.

<sup>21</sup> «Юаньши» кітабының бұл жерінде қыпшақ елін 可弗叉国 (Кәфучаго) деп транскрипциялаган.

<sup>22</sup> Мәтінде «辛巳, 可弗叉国唯算端罕破乃蛮国, 引兵据揷思干» делінген. Θекінштісі, бұл оқиғаның анық-қанығына көз жеткізуге көмектесе алатындаï қосымша мәлімет әзірше болмай отыр.

<sup>23</sup> Мәтінде 乃满国 (Найманго — Найман мемлекеті) деп хатталған. Бұл жерде Қүшлік басқарған, бұрынғы Қарақытай мемлекеті негізінде құрылған Найман ұлысы айтылып отыр.

<sup>24</sup> Қытайшасы 铁门关 (Темәнъгуань) деп жазылады.

<sup>25</sup> Иньду (印度) — яғни Үнді.

**«Юаньши», 63-цзюань,  
шежіре XV, География VI  
«Солтүстік-батыс аймақтардың  
географиясы туралы  
қосымша мәліметтер»  
(«ЧХШЦ» нұсқасы, 1567—1581-66.)**

«元史» 卷六十三 志第十五 地理六  
《西北地附录》  
(中华书局点校本第1567 - 1581页) 译注

### **Аударма және түсіндірме**

Дулай темуэр<sup>1</sup>.

Тулуцзи<sup>2</sup>.

Хәэрлү жері<sup>3</sup>.

Вәйүәр жері<sup>4</sup>. Чжиюань жылнамасының 20-жылды<sup>5</sup>. Вәйүәрлар жерінен төрт жерден чжан<sup>6</sup> және қағаз ақша қамбасы жасалды.

Гәцзинин<sup>7</sup>.

Кәбули<sup>8</sup>.

Бадахачан<sup>9</sup>.

Тусы<sup>10</sup>.

Тәэрми<sup>11</sup>.

Бухуала<sup>12</sup>.

Нахәйшабу<sup>13</sup>.

Дэлианъ<sup>14</sup>.  
Самаэрганъ<sup>15</sup>.  
Хучжанъ<sup>16</sup>.  
Маэринан<sup>17</sup>.  
Кэшихаэр<sup>18</sup>.  
Хутанъ<sup>19</sup>.  
Кэти<sup>20</sup>.  
Утилаэр<sup>21</sup>.  
Бабу<sup>22</sup>.  
Эцзиханъ<sup>23</sup>.  
Вочи<sup>24</sup>.  
Куча<sup>25</sup>.  
Кэсань<sup>26</sup>.  
Атэбаши<sup>27</sup>.  
Балиман<sup>28</sup>.  
Чачи<sup>29</sup>.  
Еюньчи<sup>30</sup>.  
Илабали<sup>31</sup>.  
Пула<sup>32</sup>.  
Емиши<sup>33</sup>.  
Алимали<sup>34</sup>.

Қайдудың ордасы осы Алимали қатарлы жерлерде болды. Бұрындары бұл жер оның ұлсысна қарасты болатын. [Алимали] Шандудың<sup>35</sup> солтүстік-батыс жағында 6000 мың ли<sup>36</sup> жерде. Ол жерге барап жолдың бойында Хуэйгурлердің<sup>37</sup> Учэн<sup>38</sup> қаласы бар. Ол қаланың аты Тан дәүірінде Бәйтін<sup>39</sup> деп аталып, онда Духуфу<sup>40</sup> құрылған еді. Осы жерден солтүстік-батыс тарапқа қарай тағы төрт-бес мың ли жол жүргенде Алимали қаласына жетуге болады. Чжииоань жылнамасының бесінші жылы<sup>41</sup> Қайду бүлік шығарды. Ол қол бастап, оңтүстік тарапқа қарай жорық жасады. Шицзу оған қарсы қол бастап жорыққа аттанып, оны Бәйтіндеге жеңді. Одан әрі Алималиге дейін қуып барды. Ол одан да әрі 2000 ли келетін шалғай бір жерге қашып кетті. Қаған одан әрі құмаңдар деген бүйрек берді де, ханзада Вәйпинванга қосындарды басқартып, Алималиді қорғап тұруды бүйректеді. Оған көмекші етіп қасына Аньтунды<sup>42</sup> жіберді.

Халахочжә<sup>43</sup>.

Лугу<sup>44</sup>.

Бешибали<sup>45</sup>.

Чжиюань жылнамасының 15-жылы<sup>46</sup> Басачалигे<sup>47</sup> барыс белгісін<sup>48</sup> беріп, Бешибали Вэйу<sup>49</sup> қаласынан әскери бекет салуды тапсырды. 17-жылы<sup>50</sup> мыңбейгі Цигунчжиді<sup>51</sup> Бешибалиді қорғауга жіберді. 18-жылы<sup>52</sup> ханзада Ачжәчжидің ұсынысы бойынша Дахэлиннен Бешибалиге дейін отыз жерден жаңа бекеттер тұрғызылды. 20-жылы<sup>53</sup> Бешибали, Хәчжоу<sup>54</sup> қатарлы жерден Сюаньвэйсы<sup>55</sup> құрды.

Тагусин<sup>56</sup>.

Яңдзибали<sup>57</sup>.

Гутаба<sup>58</sup>.

Чжанбали<sup>59</sup>.

Чжиюань жылнамасының 15-жылы Долучжиге<sup>60</sup> Алтын барыс белгісін беріп, Чжанбалидің әскери бекет істеріне жауапты етіп тағайындады.

Юәцзубе<sup>61</sup>

Цәэркәс<sup>62</sup>.

Аланъасы<sup>63</sup>.

Цинъча<sup>64</sup>.

Тайцзун заманындағы тышқан жылы<sup>65</sup> ол ханзада Бадуды Си-юйдегі Цинъча<sup>66</sup>, Асу<sup>67</sup>, Волосы<sup>68</sup> қатарлы елдерге жорыққа аттандырылды. Сыры жылы<sup>69</sup> Сянцзунды<sup>70</sup> жорыққа аттандырылды. Тауық жылы<sup>71</sup> олар Куаньтяньцзисы<sup>72</sup> теңізінің жағасына жетті. Цинъча ханы Бачиман<sup>73</sup> қашып барып теңіздің ортасындағы шағын аралды барып паналаган еді. Осы кезде қатты дауыл тұрып, теңіз суын теңіздің ортасына қарай ығыстырып жібереді де, аралға баратын жол ашылады. Сөйтіп, Бачиманды тірідей қолға түсіреді. Осыдан кейін Бату қатарлы ханзадалар Волосы еліне жорыққа аттанып, Елецзань қаласына барып<sup>74</sup>, жетінші күні қаланы басып алды. Жылан жылы<sup>75</sup> оңтүстікке қарай жорыққа аттанды, күйеубала Лажжэннің<sup>76</sup> ұлы Цидайды<sup>77</sup> даруқаш етіп тағайындалап, Волосы, Асы<sup>78</sup> қатарлыларды басқартты.

Алосы<sup>79</sup>.

Булиаэр<sup>80</sup>.

Сацзила<sup>81</sup>.

Хуалацзымо<sup>82</sup>.

Сайлань<sup>83</sup>.  
 Баэрчихань<sup>84</sup>.  
 Чжаньдэ<sup>85</sup>.  
 Бусайинь<sup>86</sup>.  
 Бахалаинь<sup>87</sup>.  
 Цеши<sup>88</sup>.  
 Бацзида<sup>89</sup>.  
 Суньданьния<sup>90</sup>.  
 Хулимоцзы<sup>91</sup>.  
 Кэцзалун<sup>92</sup>.  
 Шэлацзы<sup>93</sup>.  
 Селацзы<sup>94</sup>.  
 Куфа<sup>95</sup>.  
 Васидэ<sup>96</sup>.  
 Ухэбала<sup>97</sup>.  
 Маосили<sup>98</sup>.  
 Шэливань<sup>99</sup>.  
 Лоэр<sup>100</sup>.  
 Цилиманшахан<sup>101</sup>.  
 Ланьбачээр<sup>102</sup>.  
 Нахаваньди<sup>103</sup>.  
 Исыфахань<sup>104</sup>.  
 Сава<sup>105</sup>.  
 Кэшан<sup>106</sup>.  
 Дилянь<sup>107</sup>.  
 Хуваэр<sup>108</sup>.  
 Симонян<sup>109</sup>.  
 Аламотэ<sup>110</sup>.  
 Кэцзиюнь<sup>111</sup>.  
 Амоли<sup>112</sup>.  
 Салия<sup>113</sup>.  
 Тамишэ<sup>114</sup>.  
 Цзаньчжан<sup>115</sup>.  
 Абахаэр<sup>116</sup>.  
 Салиман<sup>117</sup>.  
 Чжуличжан<sup>118</sup>.  
 Дэсисыдань<sup>119</sup>.

Баэрдаа<sup>120</sup>.  
Даэрбань<sup>121</sup>.  
Бамоу<sup>122</sup>.  
Табасинь<sup>123</sup>.  
Бусытә<sup>124</sup>.  
Фаинь<sup>125</sup>.  
Найшабуәр<sup>126</sup>.  
Салахадай<sup>127</sup>.  
Баваэрдә<sup>128</sup>.  
Малиу<sup>129</sup>.  
Талигань<sup>130</sup>.  
Балихәй<sup>131</sup>.

Цзилицзисы<sup>132</sup>, Ханъхэна<sup>133</sup>, Цяньчжоу<sup>134</sup>, Иланьчжоу<sup>135</sup> қатарлы жерлер. Цзилицзисы деген сөз кезінде Хань жерінен<sup>136</sup> келген қырық қызы осында келіп, Усының<sup>137</sup> жігіттерімен үйленген екен. Сонымен, олардың қоныстанған жері осылай деп атанды кеткен көрінеді<sup>138</sup>. [Бұл жер] Оңтүстіктең Дадудан<sup>139</sup> он шақты мың ли шалғайды. Айтуларына қарағанда найман елі осы өңірді қоныстанған екен<sup>140</sup>. Юань әuletі дәүіріне жеткенде бұл елде тоғыз мың түтін болды. Ол жердің үзындығы 1400 лиге созылып жатады, ал ені соның тен жарымына тұра келеді. Цянь өзені<sup>141</sup> ол жерді қақ жарып, солтүстік-батыс тарапқа ағып жатады. Ол жердің оңтүстік-батыс жағында Апу<sup>142</sup> деген өзен бар. Солтүстік-шығыс жақта Юйсюй<sup>143</sup> деген тағы бір өзен бар. Олардың барлығы да аса үлкен өзендер болып, осы өзендердің қай-қайсысы да Цянь дариясына барып құяды да, одан әрі таман барғанда Анкәла дариясымен<sup>144</sup> қосылып, солтүстік тарапқа қарай ағып тенізге барып құяды. Олардың салт-дәстүрі басқа елдерге ұқсамайды. Тілдері вәйүәр<sup>145</sup> тіліне ұқсас. Киіз үйде тұрады. Жердің шүйгінін, судың тұнығын іздейп көшіп-қонып жүреді. Егіншіліктің қыр-сырын да жақсы біледі. Қар жауғаннан кейін ағаш атқа<sup>146</sup> мініп алып аң қуады. Жерінде сайтулік жылқылар өсіріледі, ақсұңқар, бүркіт сияқты қыран құстар болады. Анкәла деген ат аталмыш өзеннің атымен аталған, ол жер Цзиэрцзисығе қарайды. Бұл жер мен Дадудың арасы 25000 ли келеді. Олардың тілі Цзиэрцзисы тілінен сәл парықты. Ол араның күні үзын, түні қысқа болады, күн бата бере қазанға салған қойдың қабырғасы сылынып піскенше шығыстан таң белгі бере бас-

тайды. Бұл жер Тан дәүіріндегі тарихи деректемелерде айтылатын Гулигань мемлекеті еді<sup>147</sup>. Усы деген бұл атау да дарияның атымен байланысты қойылған атау болып табылады. Олар Цзилицзисылердің шығысында, Цянь өзенінің солтүстік жағында. Олаардың салты бойынша әр жылы маусым айының басында ақ жылқы, сиыр және қой сойып, жылқының қымызын Усы өзеніне құйып, өзен піріне тасаттық береді. Бұлай ету себебін өздерінің ата-бабаларының осы өзеннен шыққандығын, соның құрметі үшін өздерінің осындағы ырым жасаітындығымен түсіндіреді. Ханъхена — «қап» деген мағынада. Бұл қаптың аузы тар, бүйірі қампиган кең болып келеді. Ал бұл жердің жер түзілісі дәл сол қапқа ұқсайдындықтан, солай деп аталып кеткен. Бұл жер Усының шығысында, Цянь өзені сол жақтан бастау алады. Ол жерге кіріп-шығатын бар болғаны екі жол гана бар, бұл өлкеге тек осы екі жолмен гана баруға болады. Айналасы асқар тау, құз-қиялармен және асау өзендермен, ит тұмсығы өтпестей қалың ну орманмен қоршалып жататындықтан, басқадай жол табу қыын. Онда жабайы аң-құстар аса мол, дегенмен, мал аз болады. Кедейлерінің тұрақты мұлкі болмайды, сиртyn қайың қабықтарымен жапқан ағаш күркелерде тұрады. Киім-кешектерді бұғы терісінен тігіп киеді, бұғыға мініп, бұғы сүтін ішіп, қарағайдың ұрығын, шаньдань<sup>148</sup>, шаою<sup>149</sup> сияқты шөптердің тамырын тамақ етеді. Қыста олар да ағаш атқа мініп аң қуады. Цяньчжоу — бұл да өзен атына байланысты аталған. Дадуға дейінгі аралығы 9000 ли келеді. Ол жер Цзилицзисылердің онтүстік-шығысында, Цяньхә өзенінің солтүстік-батыс жағында, Танлилин тауының<sup>150</sup> солтүстігінде. Тұрғындарының саны неше мың тұтін. Олаардың арасында мәнгулар мен хуэйхәлер<sup>151</sup> де бар. Бұл жерде біраз қолөнер шеберханалары бар. Олаардың көбі — ұлыс құрылған кездे арнайы көшіріліп апарылған этностық ханъдар<sup>152</sup>. Бұл жердің топырағы құнарлы, егін егуге аса қолайлы. Егінді көктемде егіп тастап, күзде орып алуға болады, егілген егін пәлендей бағып-баптауды керек етпейді. Айтуларына қарағанда Ванхан бастабында осы жерді қоныстанған екен<sup>153</sup>. Илан — бұл жердің аты «жыланның» атымен аталған. Өткен бір кезде осы уәләялттың аумағында тау арасында тұратын бір адам бұл жерден аса ірі бір жыланды кездестірген екен. Жыланнның ұзындығы он адым екен. Жылан дәйім өз інінен шығып, өзенге түсіп су ішіп жүреді екен. Оның иісінің күштілігі

сонша неше ли жерден мұрынга келеді еken. Сонымен, ақыры бұл жер жылан уәлаяты деп аталып кеткен. Қжиюань жылнамасының 7-жылы<sup>154</sup> қаған Лю Хаоли<sup>155</sup> деген адамды Цзилицзисы, Ханьхэна, Цянъчжоу, Иланъчжоу қатарлы жерлердің жарғышы етіп тағайындауды. Сонымен, бұл аймақтың аумағынан астық қоятын қоймалар, тұрғын үйлер тұрғызып осы аймақты басқарып тұрды. Бұған дейін бұл жердің тұрғындары ас ішетін ыдыс-аяқтарды, су таситын заттарды түгелімен ағаштан жасап келген еken, егіншілкке қолданатын құрал-саймандар өндіруді де білмеген. Лю Хаоли бұл жайтарды патша ордасына мәлімдеп, ол жақтан арнаулы ұсталар мен шеберлер алғызып, саз балшықтардан шыны ыдыстар жасаудың, темір қорытудың қыр-сырын үйретіп, жергілікті халық үшін аса игілікті істер істеді.

## Тұсіндірмелер

<sup>1</sup> Мәтінде қытайша 笛来帖木儿 деп хатталған.

<sup>2</sup> Мәтінде 途魯吉 деп хатталған. «Юаньши» кітабының «ЧХШЦ» нұсқасын шығарушы мәтінтанушылар Тулуцзи (途魯吉) деген ру аты дей келіп, мәтінде 途魯吉 деген тіркестің соңындағы 地 деген иероглиф түсіп қалған, дұрысы 途魯吉地 (Тулуцзи жері) болуға тиісті деп ескерткен (қараныз: «Юаньши» – 1584-бет).

<sup>3</sup> Мәтінде 柯耳魯地 (Хәэрлуди) деп хатталған. Сөзбе-сөз «Қарлұқ жері» деп аударуга болады. Қарлұқ этнонимінің қытай деректемелерінде 哈刺魯 (Халалу), 合儿鲁 (Хәэрлү), 穀禄鲁 (Ханълуу), 匣刺魯 (Сялалу), 哈刺奴儿 (Халануэр) деген транскрипциялары да бар.

<sup>4</sup> Мәтінде 畏兀儿地 (Вэйүерди) деп хатталған. Бұл тіркесті сөзбе-сөз «Үйғыр жері» деп аударуга болады. Үйғыр этнонимі аталмыш дәүірге тән қытай деректемелерінде 畏吾儿 (Вэйүэр), 畏吾而 (Вэйүэр), 伟兀 (Вэйү), 卫吾 (Вэйү), 委兀 (Вэйү), 瑞古 (Гюйгу), 乌鵲 (Уюй), 外五 (Вайй) деп те транскрипцияланған. Үйғыр қоныстары монгол шапқыншылығына дейінгі дәүірде Қочо мен Бешбалық маңымен шектеліп келген. Бұны М. Қашқари да растайды, ол өз еңбегінде: «Үйғыр – Бес шахардагы бір елдің аты» деген қысқаша мәлімет берген (қараныз: М. Қашқари, 1-том, 142-бет).

<sup>5</sup> 1283 жыл.

<sup>6</sup> Чжан (站) – Жам (Жам).

<sup>7</sup> Гэцзинин (哥疾宁) – Газна (Ghazna) немесе Газни (Ghazni).

<sup>8</sup> Кәбули (可不里) – Кабул.

<sup>9</sup> Бадахачан (巴达哈伤) – Бадақшан.

<sup>10</sup> Тусы (途思) – Тұс (Tus). Қытай деректемелерінде бұл топонимнің 徒思 деген де транскрипциясы бар.

<sup>11</sup> Тээрми (忒耳迷) — Термез.

<sup>12</sup> Бухуала (不花刺) — Бұхара. «Юаньши» кітабының басқа тарауларында Бұхара дегенін蒲華 (Пухуа) 卜哈儿 (Бухаэр) деген транскрипциясы да бар.

<sup>13</sup> Нахэйшабу (那黑沙不) — ягни Нақшаб (Nakhshab).

<sup>14</sup> Қытайшасы 的里安 (дэ ли ань) деп хатталған.

<sup>15</sup> Самаәргань (撒麻耳干) — ягни Самарқанд. «Юаньши» кітабы мен басқа да қытай деректемелеріндегі Самарқанд туралы жасаган транскрипция да біркелкі емес. Мысалы, Самаәргань 寻思干城 (Сюнъсығань), 薛米思干 (Сюэмисығань) деген транскрипциялары да бар.

<sup>16</sup> Хучжань (忽毡) — ягни Ходженд.

<sup>17</sup> Мәтінде 麻耳亦囊 деп хатталған.

<sup>18</sup> Кәшихаэр (可失哈耳) — Қашқар.

<sup>19</sup> Хутань (忽炭) — Қотан.

<sup>20</sup> Мәтінде 柯提 деп хатталған.

<sup>21</sup> Утилаэр (兀提刺耳) — ягни Отырар. «Юаньши» кітабы мен басқа да қытай деректемелеріндегі Отырар туралы жасаган транскрипция да біркелкі емес. Отырар туралы 讷答刺城 (Эдала қаласы), 翰脱罗儿 (Вотоллоэр), 兀答刺儿 (Удалаэр) деген транскрипциялар да кездеседі.

<sup>22</sup> Мәтіннің бұл түсінда 巴补 деген екі иероглифпен транскрипцияланған.

<sup>23</sup> Эцзихань (讹迹邗) — ягни Θэкенд.

<sup>24</sup> Вочи (倭赤) — Ош.

<sup>25</sup> Куча (苦叉) — Күшар. Орны қазіргі ҚХР ШҰАА аумағындағы Күчә ауданында.

<sup>26</sup> Мәтінде 柯散 деп хатталған.

<sup>27</sup> Мәтінде 阿忒八失 деп хатталған.

<sup>28</sup> Мәтінде 八里茫 деп хатталған.

<sup>29</sup> Мәтінде 察赤 деп хатталған.

<sup>30</sup> Мәтінде 也云赤 деп хатталған. «Сишицзи» атты еңбекте Баласағұн қаласының маңындағы өзенді Июнь өзені (亦运河) деп жазады. Қытай ғалымы Дин Цянь (丁谦) бұл өзенді «Юаньши» «Солтүстік-батыс аймақтардың географиясы туралы қосымша мәліметтерде» кездескен 也云赤 (Еюньчи) деп қарап, оны Шу өзенінің жоғарғы бөлігі деп есептеген (Ян Цзянсинь 1987, 246-бет).

<sup>31</sup> Илабали (亦刺八里) — ягни Ілебалық. «Юаньши» кітабының кей тарауларында 伊力巴里 (Илибали) деп хатталған. Ал «Бай ши цзи» атты кітап Или чэн (益离城) деп жазады. Қытай ғалымдары бұл қаланы Қазіргі ШҰАА аумағындағы Құлжа (伊宁— Ининь) қаласы деп қарайды (Ян Цзянсинь 1987, 236-бет).

<sup>32</sup> Мәтінде 普刺 деп хатталған. Бұл қала туралы қытай деректемелерінде мәліметтер біршама мол, соган орай қаланың аты да әр деректе әр басқа болып хатталып келді. «Юаньши» кітабы «Елуйсиляннің өмірбаянында» Була (布拉), «Си ю лу» атты еңбекте Була (不刺) деген транскрипциялар бар.

Бұл қаланың орны қазіргі ҚХР ШҰАА аумағындағы Бұратала өзенінің жоғарғы бойында және қазіргі Болә (博乐) қаласы тұран жерде болды деген пікірлер бар. Қойлық, Ілебалық, Ики-Окуз, Еміл қатарлы қалалармен бір дәуірде бой көтеріп, бір деңгейде дамыған қала болды. Пула қаласы туралы мұсылман деректемелері мен европалық деректемелерде де мәліметтер бар.

<sup>33</sup> Мәтінде 也迷失 деп хатталған. «Юаньши» кітабының «ЧХШЦ» нұсқасын жасаушы мәтінтанушылар 也迷里 (Емили) Еміл дегеннің жаңсақ жазылуы деген қорытынды жасаған (қараңыз: «Юаньши» – 1584-б.). (额敏 – Эминь, бұл да Еміл дегеннің қытайша транскрипциясы). Еміл қаласының орны қазіргі ҚХР ШҰАР аумағындағы Дөрбілжін аудан орталығының оңтүстік жағында Еміл өзенінің бойында болған. Қытай деректемелерінде қала аты, өзен аты және аймақ аты болған «Еміл» атауы туралы 业满 (Емань), 叶密里 (Емили) деген транскрипциялар да бар.

<sup>34</sup> Алимали (阿里麻里) – яғни Алмалық. Алмалық қаласының орны қазіргі ҚХР ШҰАА Қорғас (қытайшасы: 霍城 – Хочэн) ауданы аумағында.

<sup>35</sup> Шанду (上都) – Юань мемлекеті астаналарының бірі. Орны қазіргі ҚХР Ішкі Монгол автономиялы өлкесі аумағындағы Чжэнлань қошынының (正蓝旗) шығыс жағында.

<sup>36</sup> Ли (里) – қытайлық дәстүрлі үзындық өлшемі. 1 ли = 500 м шамасында.

<sup>37</sup> Хуэйгу (回鹘) – ყұйғыр этнонимінің Тан дәуіріндегі транскрипцияларының бірі.

<sup>38</sup> Мәтінде қытайша 五城 деп хатталған. Бұл сөзбе-сөз аударғанда «Бес қала» деген мағынада. Бұл жерде Бешбалық айтылып отыр.

<sup>39</sup> Тан дәуірінен бастап қатысты деректемелерде 北庭 деп атала бастаған. Кей кезде 庭州 деп те атайды. 北庭 (Байтін) – орны қазіргі ҚХР ШҰАА жеріндегі Жемсары ауданы маңында.

<sup>40</sup> Қытайшасы 都护府 деп хатталады.

<sup>41</sup> 1268 жыл.

<sup>42</sup> Аньтун (安童) – қатысты деректемелерде Хантун ноян деп аталағы. Жалайыр Мұқұлайдың үргапагы.

<sup>43</sup> Халахочжә (哈刺火者) – яғни Қарақожо. Қазіргі ШҰАА Тұрпан ойпатындағы көне қаланың және сол төңіркete құрылған мемлекеттің түркі тілдес халықтар қойған аты. Тұрпаннан табылған көне түрік жазбаларында Қожо (Khoco) деген қала атауы кездеседі. Қытай деректемелері бұл жерді Гаочан (高昌) деп атап келді. Қытайдың Гаочан дегені де осы көне түрікше атаудың қытайша транскрипциясы деуге болады. Қазіргі Тұрпан қаласының шығысындағы бір жердің аты күні бүгінге дейін Қарақожо деп аталағы келеді.

<sup>44</sup> Луту?(鲁古?) – Лұқшын.

<sup>45</sup> Бешибали (别失八里) – Бешбалық.

<sup>46</sup> 1278 жылы.

<sup>47</sup> Мәтінде 八撒察里 деп хатталған.

<sup>48</sup> 虎符 (Хуфу) — барыс белгісі, көне қытайда әскери жорықтарда қолданылатын арнаулы белгі. 虎符 (Хуфу) — металдан, көбінесе мысттан, алтыннан және жезден барыс бейнесінде жасалды. Белгінің оң жақ бөлігі патша ордасында сақталды, сол жақ жартысы жорыққа қолбасшылық етуші бас сардарға берілді. Сөйтіп бұл қол басқарудағы ең басты белгі болып саналды.

<sup>49</sup> Мәтінде 别失八里畏兀城 деп хатталған. Бұл тіркесті Бешбалық қаласы деп түсінуге болады.

<sup>50</sup> 1280 жыл.

<sup>51</sup> Яғни Чжиюань жылнамасының 17-жылы, бұл 1280 жылға сәйкес келеді.

<sup>52</sup> Яғни Чжиюань жылнамасының 18-жылы, бұл 1281 жылға сәйкес келеді.

<sup>53</sup> Яғни Чжиюань жылнамасының 20-жылы, бұл 1282 жылға сәйкес келеді.

<sup>54</sup> Хэчжоу (和州) — Кожо, яғни Қарақожо.

<sup>55</sup> Сюаньвэйсы (宣慰司) — Қытайлық үлгідегі әкімшілік орган.

<sup>56</sup> Тагусин (他古新) — Токсын.

<sup>57</sup> Янцзибали (仰吉八里) — Іаңгibalық.

<sup>58</sup> Қытайша 古塔巴 деген иероглифтермен хатталған.

<sup>59</sup> 彰八里 (Чжанбали) — Чамбальық.

<sup>60</sup> Мәтінде 朵鲁知 деп хатталған.

<sup>61</sup> Юэцзубе (月祖別) — яғни Өзбек. Өзбек хан Алтын Орданың бесінші үрпақ ханы Маңғұ-Темұрдің немересі және сегізінші үрпақ хан Тоқтоның немерелес інісі болып келеді. Ол 1313–1341 жылдар аралығында хан тағына отырды. Төмендегі аталған жерлер Өзбектің иелігіндегі жерлер ретінде көрсетіледі.

<sup>62</sup> Чээркэсы (撤耳柯思) — яғни Черкес. «Құпия шежіреде» бұл елдің аты Serkesüt деп жазылған.

<sup>63</sup> Мәтінде 阿兰阿思 деп хатталған Алан және Асы деген екі этноним-нің қосылуынан жасалған атау. Тарихи деректемелерде «Алан» және «Асы» екеуі бір елдің аты ретінде белгілі. Бұл жерде Аландар, яғни Астар қоныстанған аймақтар мензеліп отыр.

<sup>64</sup> Цинъча (钦察) — яғни Қыпшақ.

<sup>65</sup> 1234 жыл.

<sup>66</sup> Мәтіннің бұл түсында Қыпشاқ этнонимін 钦叉 (Цинъча) деген екі иероглифпен хаттаған.

<sup>67</sup> Асу (阿速) — яғни Ас // Алан, монгол деректері бойынша Асұт.

<sup>68</sup> Волосы (斡罗思) — яғни орыс.

<sup>69</sup> 1235 жыл.

<sup>70</sup> Сянцзун (宪宗) — Мөңке хан.

<sup>71</sup> 1237 жыл.

<sup>72</sup> Куаньтяньцзисы (寛田吉思) — бұл Көл-теңіз деген сөздің қытайша транскрипциясы болуы да мүмкін. Бұл жерде Каспий теңізі айтылып отыр.

<sup>73</sup> Бачиман (八赤蛮) — ягни Бачман.

<sup>74</sup> Елеңзань (也列贊城) — ягни Рязань қаласы.

<sup>75</sup> 1257 жыл.

<sup>76</sup> Лачжэнъ (刺真) — бұл Лашын (Lachin) деген түркі-монголдық кісі есімінің қытайша транскрипциясы деуге болады.

<sup>77</sup> Җидай (乞歹) ягни Қытай.

<sup>78</sup> Асы (阿思) — ягни Ас немесе Asy // Алан.

<sup>79</sup> Мәтінде 阿罗思 деп хатталған. Бұл орыс этонимінің тағы бір түрлі транскрипциясы деуге болады.

<sup>80</sup> Булиаэр (不里阿耳) ягни Бұлғар.

<sup>81</sup> Мәтінде 撒吉刺 деп хатталған.

<sup>82</sup> Хуалацзымо (花刺子模) — ягни Хорезм (Khorazm).

<sup>83</sup> Сайлань (赛兰) — ягни Сайран қаласы. Қытайша деректемелерде ең ертеде бұл қаланы 白水城 (Байшуйчэн, ягни ақ сулы қала деген мағына береді) деп жазды. М. Қашқарі бұл қаланың атын Исбижап (сөзді-парсы тілінде ақ су деген мағынада) деп атайды. Араб тіліндегі деректемелерде «Мединат ал-Байдә» (Ақсу қаласы деген сөз) деп аталағаны мәлім. Қаланың орны қазіргі Шымкент қаласынан 50 км жердегі Арыс өзенінің солтүстік жағасында.

<sup>84</sup> Мәтінде 巴耳赤弔 деп хатталған. Ортағасырлық байыры қала Баршылыкент — Барчангкент — Барчкент — Барчин (Barchin//Parchin) атының қытайша транскрипциясы. «Юаньши» кітабының ілгерідегі тарауларында 八儿真 (Баэрчжэн) деп транскрипция жасалған.

<sup>85</sup> Чжанъдә (毡的) — ягни Женд (Jand).

<sup>86</sup> Мәтінде 不赛因 деп хатталған.

<sup>87</sup> Мәтінде 八哈刺因 деп хатталған.

<sup>88</sup> Мәтінде 怯失 деп хатталған. Кедж? немесе Кеш? дегеннің қытайша транскрипциясы деп қарастыруға да болады.

<sup>89</sup> Мәтінде 八吉打 деп хатталған. Бұл Бағдад дегеннің қытайша транскрипциясы болуы да мүмкін.

<sup>90</sup> Мәтінде 孙丹尼牙 деп хатталған.

<sup>91</sup> Мәтінде 忽里模子 деп хатталған.

<sup>92</sup> Қәңзалун (可咱隆) — ягни Казерун дегеннің қытайша транскрипциясы.

<sup>93</sup> Шэлацзы (設刺子) — Шираз.

<sup>94</sup> Селацзы (泄刺子) — бұл да Шираз дегеннің транскрипциясы болуы мүмкін.

<sup>95</sup> Мәтінде 苦法 деп хатталған.

<sup>96</sup> Мәтінде 瓦夕的 деп хатталған.

<sup>97</sup> Мәтінде 兀乞八刺 деп хатталған.

<sup>98</sup> Маосили (毛夕里) — ягни Мавсиль немесе Моссул.

<sup>99</sup> Шэливань (设里汪) — ягни Ширван.

- <sup>100</sup> Лоэр (罗耳) — ягни Лур. Лурстан деп те аталған.
- <sup>101</sup> Мәтінде 乞里茫沙杭 деп хатталған.
- <sup>102</sup> Мәтінде 兰巴撤耳 деп хатталған.
- <sup>103</sup> Нахаванъди (那哈完的) — ягни Нехавенд.
- <sup>104</sup> Исыфахань (亦思法杭) — ягни Исфахан.
- <sup>105</sup> Мәтінде бұл жердің аты 撒瓦 деп хатталған.
- <sup>106</sup> Кәшан (柯伤) — ягни Кастан.
- <sup>107</sup> Мәтінде бұл жердің аты 低廉 деп хатталған.
- <sup>108</sup> Мәтінде бұл жердің аты 胡瓦耳 деген үш иероглифпен хатталған.
- <sup>109</sup> Симонян (西模娘) — ягни Семнан.
- <sup>110</sup> Аламотә (阿刺模忒) — ягни Аlamut.
- <sup>111</sup> Кәцзиюнь (可疾云) — ягни Газна. Газван немесе Газнан.
- <sup>112</sup> Мәтінде 阿模里 деп хатталған.
- <sup>113</sup> Мәтінде 撒里牙 деп хатталған.
- <sup>114</sup> Тамишә (塔米设) — ягни Термиз.
- <sup>115</sup> Цзаньчжан (贊章) — ягни Зэнджан.
- <sup>116</sup> Абахаәр (阿八哈耳) — ягни Абхар.
- <sup>117</sup> Мәтінде 撒里茫 деп хатталған.
- <sup>118</sup> Чжуличжан (朱里章) — ягни Джурджан, кезінде Гурган немесе Гиркание деп те аталған.
- <sup>119</sup> Дэсисыдань (的希思丹) — ягни Дехистан.
- <sup>120</sup> Мәтінде 巴耳打阿 деп хатталған.
- <sup>121</sup> Даәрбань (打耳班) — ягни Дербент.
- <sup>122</sup> Мәтінде 巴某 деп хатталған.
- <sup>123</sup> Мәтінде 塔八辛 деп хатталған.
- <sup>124</sup> Мәтінде 不思忒 деп хатталған.
- <sup>125</sup> Мәтінде 法因 деп хатталған.
- <sup>126</sup> Найшабуәр (乃沙不耳) — ягни Нишапур.
- <sup>127</sup> Мәтіннің бұл жерінде 撒刺哈歹 деп хатталған. Мәтінтанушылар қытай және мұсылман деректемелеріне сүйене отырып, мәтіндегі Салахадай (撒刺哈歹) Хорезм жеріндегі Мервтің оңтүстік-батысы мен түстік шығысындағы Серахс деп қарайды. Олар «мәтіндегі Салахадай (撒刺哈歹) деген Салахаси (撒刺哈夕) дегеннің жаңсақ жазылған түрі. Қателіктің орын алуына тіркестегі 夕 (Си) деген иероглифтің орнына 右 (дай) иероглифінің жазылып кетуі себепкөр болған» дейді (қараңыз: «Юаньши» 1585-бет).
- <sup>128</sup> Мәтінде 巴瓦儿的 деп хатталған.
- <sup>129</sup> Мәтінде 麻里兀 деп хатталған. Мерв дегеннің қытайша транскрипциясы болуы мүмкін. Жоғарыдағы деректемелерде Мерв топонимі туралы 马里 (Мали) деген транскрипция кездескен.
- <sup>130</sup> Талигань (塔里干) — ягни Таликан.
- <sup>131</sup> Балихәй (巴里黑) — ягни Балх.
- <sup>132</sup> Цзилицзисы (吉利吉思) — ягни Қырғыз (Qirqiz // Kirgiz). Бұл туралы 99-беттегі 247-түсіндірмеге қараңыз.

<sup>133</sup> Мәтінде 捷合納 деп хатталған. Қытай деректемелерінде бұл елдің аты бұдан басқа түрде 憲哈纳思 (Ханъханасы), 懿哈那思 (Ханъханасы), 合卜合納思 (Хэбухэнасы) деп те транскрипцияланған. «Күпиз шежіре» оларды Qabqanas деп жазған. R. Pelliot кезінде бұл сөзді Qarqanas деп қарап, түбірі түркі тіліндегі қар (қазақша — қар, дағар деген мағынада) сөзінен келгендейгін ескерткен. Сол сияқты башқұрттар арасында Qарда деген ру кездеседі. Бұл сөздің төркі тіліндегі аңшылық құралы Qарқап деп қарауга да болады (қаранды: Хань Жулинь 1982, 343, 344-бб.).

<sup>134</sup> Җяньчжоу (谦州) — яғни Кемчіхұт (Kemčihud). Қытай деректемелерінде бұл елдің атын 欠州 (Җяньчжоу), 欠欠州 (Җяньцяньчжоу), 谦谦州 (Җяньцяньчжоу) т. б. деп транскрипциялаган. Бұлардың барлығы Кем-Кемчіхұд (Kem-Kemčihud) дегеннің қытайша түрліше жасалған транскрипциясы еді. Бұл елдің аты өздері қоныстанған жердің атымен аталған. Олар Енесейдің жоғарғы бойы болған Ұлық Кем және Кічік Кем сұларының бойын қоныстанған.

<sup>135</sup> Иланьчжоу (益兰州) — яғни Иланчжуо (Папсіш).

<sup>136</sup> Ханъди (汉地) — Қытай жері айтылып отыр.

<sup>137</sup> Мәтінде 乌斯 деп хатталған. Тайпа аты, қытай деректемелерінде 乌思 (Усы), 兀速 (Ucy) деп те хатталған. Қытай деректемелері кезінде Саян жоталарының солтүстігіндегі Енесей өзенінің шығыс тармақтарының бірі болған Үрсұд (Ursud) өзенінің бойын қоныстанған түрғындарды Усы (乌思) деп атаған. Олардың аты Үрсұд өзенінің атымен аталған делінеді.

<sup>138</sup> Мәтінде берілген дерек бойынша «қырығыз» этнонимінің мәнін «қырық қызы» деген сөзден іздеуге тура келеді.

<sup>139</sup> Даду (大都) — яғни қазіргі Пекин қаласы. Аталмыш дәуірде көне түркі тілінде Ханбалық деп атанған.

<sup>140</sup> Найман елінің шығу тегі туралы ғалымдар арасында керегар пікірлер бар. Бұларды үш топқа жинақтауға болады. Бірі оларды бұрынғы Түркі-үйғыр қағанаты кезінен бері қарай осында қоныстанған тайпалардың үрпағы деген қарайды. Екінші топтағылар оларды Ұйғыр қағанаты құлағаннан кейін онтүстікке ауған қырығыз тайпалары деген есептейді. Ал үшінші топтағы пікірлер бойынша болғанда олар шығыстан батысқа қарай жылжыған монгол тайпалары болып шығады.

<sup>141</sup> Җяньхэ (谦河) — яғни Кем өзені.

<sup>142</sup> Мәтінде бұл өзенниң аты Апу (阿浦) деген екі иероглифпен хатталған. Абақан дегеннің қытайша транскрипциясы деп қаралады.

<sup>143</sup> Мәтінде 玉须 деген хатталған.

<sup>144</sup> «Юаньши» кітабының көне нұсқаларында бұл өзенниң аты 邱可刺河 (Маокэлахэ) деп хатталған екен. Біз пайдаланған ЧХШЦ нұсқасындағы 昂可刺河 (Анкэлахэ) деген форманы ЧХШЦ мәтінтанушылары өзгерткен. Сонымен 昂可刺河 (Анкэлахэ) деген Анқара өзенінің қытайша транскрипциясы деген қаралған (Бұл туралы қаранды: «Юаньши» 5-том, 1585-бет). Хань Жулинь қырығыздарға қарасты болып келген Анкэла тайпасының жері екі өзен

тоғысқан тұстан әрі Енесейдің төменгі бойы деп қарайды (қарандыз: Хань Жулинь 1982, 342-6).

<sup>145</sup> Вэйуэр (畏吾儿) — ягни Ұйғыр.

<sup>146</sup> Мәтінде 跨木马逐猎 деп жазылған. 木马 (Мума—ағаш ат деген мағынада) дегенді шаңғы деп түсінуге болады. Бұл жердің тұргындарының қар үстінде шаңғы тебу өнерінің өте жоғары болғаны туралы қытай деректемелерінде ертеден мәлім.

<sup>147</sup> «Юаньши» кітабының көне нұсқаларында бұл елдің аты 骨利斡 (Гуливо) деп хатталған екен. Біз пайдаланған ЧХШЦ нұсқасын баспаға дайындалған мәтінтанушылар оны 骨利干 (Гулигань) деп өзгерткен (қарандыз: «Юаньши» 5-том, 1585-бет). Бұл Құрықан деген топонимнің қытайша транскрипциясы деп қаралады. «Цзю Таншу» кітабы, 199-цзюань (II), Телә баяны, «Синь Таншу», 217 (II)-цзюань, Хуэйхә баяны қатарлы деректемелерде қатысты мәліметтер бар.

<sup>148</sup> Қытайшасы 山丹 деп хатталады.

<sup>149</sup> Қытайшасы 药苟 деп хатталады.

<sup>150</sup> Танлилин (唐丽岭) — ягни Танну-Ола (Tannu-Ola), көне түріктер бұл тауды көбінесе Қоқман (Kökman) деп атап келген.

<sup>151</sup> Мәтінде 回纥 (Хуэйхә) деп хатталған. Тан дәүіріндегі қатысты еңбектерде бұл екі иероглиф үйғыр этнонимінің баламасы ретінде қолданылды. Мәтіннің бұл тұсындағы 回纥 (Хуэйхә) этностық үйғырларды айтып отырағыны не ортаазиялық халықтардың өкілдерін айттып отыраны беймәлім.

<sup>152</sup> Хань (汉) — ягни этностық қытайлар.

<sup>153</sup> Мәтіндегі дерекке негізделгенде Оң хан бастаған керей ұлысы бастапқы кеңде осы өңірді мекен еткен деген қорытындыға келуге болады. Дегенмен, бұны растай алатын қосымша мәлімет жоқтың қасы. Соған қарамастан, керей ұлысы күшеген тұста олардың өріс-қоныстарының бір шеті осы маңға таман жеткенін байқауға болады. Оң ханның әкесі Құршақұс Бүйрек ханның тірі кезінде Оң ханды елдің шалғай аймақтарын басқаруға жіберіп отыран болатын. Демек, мәтіндегі «Оң хан бастабында осы жерді қоныстанған екен» деген деректі осындағы тарихи кезеңнің белгісі деп қарасты болады. Кей деректемелерде керейлерді Кем өзені маңынан оңтүстікке ауган тайпа деп қарастырып келеді. Бұл пікірді алғаш айтушылардың бірі ретінде Ту Цзиді атауға болады. Сөйтіп, керейлердің шығу тегі туралы олар «Кем бойынан келген» деушілердің саны тым аз емес, алайда жоққа шыгарушылар да бар (Бұл туралы қарандыз: Чэн Дәчжи 2005. 210 және 211-б.).

<sup>154</sup> Ягни 1297 жыл.

<sup>155</sup> Қытайша 刘好礼 деп хатталады.

## **Есімдер көрсеткіші**

- |                                      |  |
|--------------------------------------|--|
| <b>Айбұхуа</b> 145                   | <b>Байху</b> 135                             |
| <b>Алань</b> 32, 33                  | <b>Байсингхуэр</b> 35                        |
| <b>Алань гохо</b> 32                 | <b>Бала</b> 54, 125                          |
| <b>Алаусы тицзихули</b> 143, 144     | <b>Балахан</b> 46                            |
| <b>Алахай беңзи гүнчжу</b> 144, 145  | <b>Балидань</b> 35                           |
| <b>Алахусы</b> 48                    | <b>Балынь</b> 47                             |
| <b>Алаудоуэр</b> 42                  | <b>Балинсихэйлатухәбәйсой</b> 33             |
| <b>Алибугә</b> 125, 145              | <b>Баньличи</b> 126                          |
| <b>Алихань</b> 151                   | <b>Баньдуча</b> 194                          |
| <b>Алихай</b> 45, 46                 | <b>Баода</b> 17                              |
| <b>Алихай</b> 144                    | <b>Баоюй</b> 208                             |
| <b>Аличу</b> 168                     | <b>Бату</b> 112, 119, 120, 125, 135, 213     |
| <b>Алянь тайши</b> 49                | <b>Басачали</b> 213                          |
| <b>Алтыншы Хуанхуо</b> 112, 119, 120 | <b>Бахату</b> 171                            |
| <b>Анъдунашу</b> 42                  | <b>Бачимань</b> 170                          |
| <b>Анътань</b> 43, 44, 46, 47, 51    | <b>Баэршуаэртэ дәңзинь Идуху</b><br>179, 181 |
| <b>Анхуэй хуанхуо</b> 124            | <b>Бедэйнъ</b> 178                           |
| <b>Анъчэнъ</b> 140, 141              | <b>Белигутай</b> 38, 39, 49                  |
| <b>Анъчэнъ ногян</b> 140             | <b>Белигудай</b> 126                         |
| <b>Анътун</b> 212                    | <b>Беэргэ</b> 126, 127                       |
| <b>Анъчжидай</b> 119, 126            | <b>Бодуанъчаэр</b> 32                        |
| <b>Асилань ханъ</b> 52               | <b>Боханъгэдахэй</b> 32                      |
| <b>Аудулахәмандай</b> 112            | <b>Бохәдусаличжи</b> 32                      |
| <b>Ахудай</b> 111                    | <b>Болоча</b> 198                            |
| <b>Ачжәчи</b> 213                    | <b>Боли</b> 38                               |
| <b>Аэрхунь</b> 126, 187              | <b>Болохунь</b> 41, 50                       |
| <b>Бадай</b> 45                      | <b>Боэртай</b> 140                           |
| <b>Баду</b> 125, 126, 170, 171, 213  | <b>Боэршу</b> 41                             |

- Бохуду 167  
 Боту 47  
 Бояохә 144, 145  
 Буго 143  
 Бу[гу] кәханъ 179  
 Буула 51  
 Булухудә 41  
 Були 126, 127  
 Бухуму 205  
 Бухунчаәр 44  
 Булянъцзидәй 126  
 Бу(луой)[юйлу]ханъ 43  
 Буюлухан 40, 50  
 Буянь Сибань 144  
 Білге 18  
 Бәйанъван 196  
 Бәйпинван 144, 194
- Ван** 17, 39, 48  
 Ванханъ 39, 40, 41, 42, 43, 45, 46, 47, 48, 149, 150, 153, 187, 216  
 Ван кәханъ 205  
 Ванъянъ Чэнлинъ 111  
 Вокотай 53, 54, 110  
 Волила 20, 21  
 Вочэнъ 141  
 Вочицзинъ 48  
 Вәйван Юныцзи 52  
 Вәйминлинигун 51  
 Вәйпинван 212
- Гао Лингун 51  
 Гаотанваны 144  
 Гаотанванфәй 144, 145  
 Ганътянь ханшайым 21  
 Го Ваюй 207  
 Гор хан 44  
 Гуансянь хуанхоу 110
- Гуансяньшишэн хуанхоу 140  
 Гурхан 19  
 Гюйю 112, 119, 120  
 Гәбулиханъ 35  
 Гәли дәңзинъ 180
- Дадә** 188, 198  
 Дайэрусунъ 50  
 Далитай 43, 44, 47  
 Дали 127  
 Далу 177  
 Далухуачи 54  
 Дацзянцзюн 195  
 Даочу 38, 39, 45  
 Даши 16, 17, 18, 21  
 Даян кәханъ 181, 191  
 Дин 136  
 Динцзун 119, 120, 121, 125, 126, 127, 145, 159, 172  
 Динцзун Цзяньпин хуанди 119  
 Дин Сюэ 52  
 Доуцзисычжун 207  
 Долучжи 213  
 Доэрдохуай 195, 196  
 Дубушу 20  
 Дудалухуачи 151, 211  
 Думуган гунчжу 144  
 Дунпин Ван 21  
 Дүцзянъ 20  
 Дуньбинай 35  
 Дунбинай қаган 167  
 Дәи 41  
 Дәңзин 180  
 Дәңзун 21
- Ебегай** 38  
 Ебуганъ 195, 196  
 Егу 126  
 Едәтоболу 40

- Елианьдунь 181  
 Еликәхала 39  
 Елимиши гүнчжу 145  
 Еличжицэйдай 120  
 Елюй Ахай 53  
 Елюй Даши 16, 17  
 Елюй Сунь шань 19  
 Елюй Тегэ 20  
 Елюй Чжусюе 19  
 Елюй Чудай 111, 112  
 Елюй Яншань 20  
 Есу 126, 127  
 Есугай 36  
 Есу бухуа ханышайым 141  
 Есубухуа 125, 126  
 Есунто 127  
 Етегэ 196  
 Ештоймэнъдаэр 120  
 Ечжили 196, 197
- Ж**амуқа 36, 42, 43, 44, 47, 49  
 Жүйцзун 141, 177, 178  
 Жуньцзун 124, 144  
 Жәненцзун 21
- Ибаха беңзи 154  
 Идуху 52, 181  
 Илахә 40, 41, 43, 44, 45, 46, 48  
 Иле 21  
 Инаньчи 39  
 Инасы 193, 194  
 Инвәнь хуанди 110  
 Исуньгэ 126  
 Ихәласы 153
- К**анго 20, 21  
 Кобухуань 145
- Колицзысы 145  
 Кодуань 127  
 Коэрхань 163  
 Куанчжәдай 195  
 Күшлік 21, 177  
 Қайду 195, 197, 198, 212  
 Қайду бұлғағы 194  
 Қара қымыз 194  
 Қытай 126
- Л**ачжэнь 213  
 Лачжэнь баду 153  
 Леңзу 36, 39, 40  
 Ли Аньцзунь 51  
 Ли Тан 145  
 Лю Болинь 53  
 Лю Хаоли 217  
 Лю-юансы даван 19, 20  
 Ляо Синь цзюн 16
- М**ангәтемуэр 135  
 Манкәсаэр 126  
 Ману 153  
 Махәмодә Хуаласими 111  
 Мачжаэр 170, 181  
 Мели 127, 168, 169  
 Меликәкәхань 54  
 МеняньДудунь 33  
 Меучжәнсяолиту 38  
 Минь 140  
 Мичжисыла 164  
 Мичисылао 169  
 Минлича 151  
 Моналунь 33  
 Мубала 187  
 Мугә 125, 126  
 Мухуали 41, 54, 207  
 Мыңбеги 153  
 Мәнань 207

- Мәнгэ 112, 113  
**Найянь** 196  
 Наймачжэньши 112, 119  
 НАОХУ 126  
 НАЧЖЭНЬ 34, 35  
 НЕГУТАЙ 144  
 НЕКУНЬ 46  
 НЕЛИБИ 167  
 НЕГУБАЙ 187  
 НЯНХЭ ЧЖУНШАНЬ 111  
**Полико** 17  
 Пугучжишали 21  
 ПУ САНКЮЙ 207  
 Пусуван 21  
 Пэн Ибинь 55  
**Садэмиши** 188  
 Салида 135  
 Салимань 145  
 Сао Волила 19, 20  
 Сибань 170  
 Солухэтени 124  
 Сомона 193  
 Сойгэту 125  
 Суаны тайхоу Юэлунь 36, 44  
 Сунидэй 125  
 Субутай 167, 168, 170, 171  
 Сы-юань 19  
 Сюань-и 19  
 Сюечань 140  
 Сюэчэ 38, 39, 46  
 Сюэйле 126, 127  
 Сюэчэбэдзи 38, 39, 45  
 Сяньбухай ханды 50  
 Сянвэн 17  
 Сянцин 21  
 Сянкунь 153, 154  
 Сяньцзун 119, 124, 126, 127, 187, 194, 213  
 Сяо 19  
 Сядолубу 21  
 Сяо Да фэй 17  
 Сяоисюе 17  
 Сяола-абу 19  
 Сяотань 181  
 Сяочалаэрабу 20  
**Табуянь** 21  
 Тайхэ 50  
 Тайцзу 17, 18, 20, 36, 55, 110, 135, 140, 144, 149, 150, 153, 154, 158, 159, 163, 167, 170, 177, 181, 187, 192, 193, 194, 197, 205, 207  
 Тайцзун 20, 32, 110, 111, 119, 120, 121, 124, 126, 127, 170, 171, 177, 187, 191, 194, 213  
 Тайцзы 41, 44, 48  
 Тайфу Эда 51  
 Тайян кэхань 143, 144  
 Тайфу Сибиши 51  
 Тайчоу 46  
 Тайян хан 48, 49, 50, 177  
 Тайши Гован 54  
 Талунь 197  
 Тататуна 191, 192  
 Татахаэр 169  
 Тахайдалу 37  
 Тахайха 42  
 Тачаэр 125, 126  
 Таши Мухуали 207  
 Таэрбутай 36  
 Темучжэнь 32, 36, 45  
 Темудеэр 125  
 Тодуань хоэр чжэнь 36  
 Тоху 47, 126

- Тоэрчиянь 194  
 Тотому 194, 195  
 Тохатемуэр 126  
 Тобэнь Мелиңзянь 32  
 Толи 39  
 Толәй 54, 56, 110, 124  
 Толехунай 126  
 Тото 40, 43, 49, 50, 51, 127, 135,  
     181  
 Тото Мангә 135  
 Тумеган Гүнчжү 170  
 Тутайчаэр 36  
 Тутуха 193, 194, 195, 196, 197  
 Тусахә 44  
 Тусюэганды 181  
 Туэрхуа 127  
 Тучжи Шуминюаң ши 20  
 Туманьда 188  
 Тә 140  
 ТәСюәчань 140  
 Тянцин 16  
 Тяньцзо 17  
 Тянью патша 19  
 Тяньси 21  
 Угусунь Чжуңдуань 53, 54  
 Уи 145  
 Улуг 37  
 Улуутай 153  
 Улухүәй 197  
 Улянхәтәй 125, 126, 172  
 Умучжоу 18  
 Утакай 196  
 Ухәлиши 192  
 Ұлық Ясақтар 111  
 Үлкен және Кіші Мичисылао  
     169  
**Ф**атиянь ционь шәнухуанди  
     32, 55
- Финянцзюньтун 207  
**Х**абань 167  
 Хабицицзюнь 170  
 Хадань 126, 170, 197  
 Хайду 34, 35, 127  
 Хаймиши 125  
 Хайланьбай 205  
 Халачаэр 192  
 Халачжан 188  
 Ханмяныли 181  
 Ханху 41  
 Ханлиньинфән 16  
 Хасаэр 41, 42, 47, 49  
 Хасаньна 187  
 Хачжаэр 149  
 Хажжәнъ 141  
 Хачжиэр Чжиланьту 53  
 Хаэрлу 196  
 Хоачжәнъ байцзи 44  
 Ходу 168, 181, 193  
 Холухасунь 196  
 Холишилемәнъ 45  
 Холисубачи 49  
 Холицзинь 38  
 Холичай 124  
 Хотосы 164  
 Хочаэр 43, 44, 46, 47  
 Хочжи 149  
 Хочжә 126  
 Хуансу Хуанди 124  
 Хучаху 159  
 Хуинъдаэр ноян 154  
 Хубилай 49, 126, 127  
 Худухуа бецзи 49  
 Хутула 47  
 Хутуху 54, 112  
 Хуэршань 19  
 Хуэрчжәнъ 38

- Хуэрчжахусы бәйлу 39  
 Хулусумань 194  
 Хулухунь 167, 168  
 Хәдань 126  
 Хәсиван 140  
 Хәсымайли 163, 164  
 Хәчивэнъ 167  
 Хәчжи 127  
 Хәнсу Хуанди 127  
 Хәнань Ваны 54
- Ц**едәбухуа 127  
 Целянь 171  
 Целянькоу 170  
 Цинцзинван Чун 17  
 Цишили 45  
 Цидай 213  
 Цигунчжи 213  
 Цилицзи хутәни 127  
 Цзиньши 16  
 Цзиньюаньши 143  
 Цзинълянь гунчжу 180  
 Цзиньван  
 Цзининь Ван 141, 197  
 Цзининь ванфэй 141  
 Цзоли 208  
 Цзочэнсян 111  
 Цзунавань Найянь 195  
 Цзюньбухуа 145  
 Цзюйэр[хань] 39, 45  
 Цзяңпин хуанди 120  
 Цзя У 18  
 Цзягучжангэ 53  
 Цзянго 181  
 Цзянхуай 144  
 Цзячэн 19  
 Цыши 16  
 Цюйчу 112, 193  
 Цючжәнъжәнъ 151
- Цюйсюеу сабала 40  
 Цюйсюеу 41  
 Цюйчулой 50, 51, 163, 177  
 Цюйэр хань 42
- Ч**аоэр байцзи 44  
 Чаосы 177, 178  
 Чахэтай 53, 54  
 Чилаовэнъ 37  
 Чилаоэнъ 181  
 Чанвэнъ 177  
 Чжабаэр 149, 150, 151  
 Чжабаэр хочжа 149, 150  
 Чжаладин 163  
 Чжаланьдин 54  
 Чжан Жу 120  
 Чжанибе 136  
 Чжааганьбо 39, 40, 42, 45  
 Чжакха цзянпу 154  
 Чжахутай 195  
 Чжао-дэ 19  
 Чжаотаоши 19  
 Чжаотаофуши 19  
 Чжалаэр 153  
 Чжида 136, 192  
 Чжидан 55  
 Чжиюань 36, 55, 136, 194, 211, 212, 213, 217  
 Чжолибухуа 145  
 Чжунтун 145, 194  
 Чжоу 16, 17  
 Чжуну 141  
 Чжуаншэн Тайхоу 124, 205  
 Чжунтунчао 136  
 Чжуншүшэн 111  
 Чжуншулинь 111, 112, 207  
 Чжуншүлинцзин 207  
 Чжуншуючэнсян 159  
 Чжунфэндайфу 192

- Чжулугу 21, 22  
 Чжэлима 167  
 Чжэлимай 45  
 Чжэбай 164  
 Чжэбе 37, 49, 51, 52, 53, 163  
 Чжиби наянь 181  
 Чжэнъхай 111, 158, 159  
 Чжэнъго 144  
 Чжибе 168  
 Чжиэрватай 194  
 Чуангүэр 17  
 Чунь 17  
 Чунфу 21  
 Чэнлинь 111  
 Чэнцзисы хуанди 50, 158  
 Чэнчжи 16  
 Чэнцзун 196, 198  
 Чэнсян Ванъянъсян 38  
 Чэнтянь ханшайым 21
- Шаоуэр** 42  
 Шаошин 21  
 Шаояо 216  
 Шато янмень 143  
 Шанъдань 216  
 Шочжи 36  
 Шосымань 120  
 Шицюэр 38, 39  
 Ши Тяньни 55  
 Шилеменъ 119, 125, 126, 127, 154  
 Шилеңзи 194, 195
- Ши Цюань 120  
 Шидэу 145, 194, 196, 197, 212  
 Шилигэ ебуғань 37  
 Шион 205  
 Шумиоань фуши 19  
 Шучи 44, 53, 54, 135, 164  
 Шучитай 153, 154  
 Шыңғысхан 135  
 Шәнухуанди 55  
 Шәнлаха 195, 196  
 Шәньюань хуанди 36  
 Шәнъбай 50  
 Шәэрби 158
- Юаньчжэнь** 141  
 Юйлиу 170  
 Юйлицзи 169  
 Юйлюнь дәңзинь 180  
 Юйчэнь 207  
 Юйгулуньчи дәңзин 182  
 Юйсуаньдуань хань 208  
 Юнчэнь 205  
 Юнъцзи 52  
 Ючэнсян 111  
 Юэцзыбе 135, 136  
 Юэцзубе 213  
 Юэле гунчжу 145
- Ялаовачи** 112  
 Янъхотоэр 42  
 Янъчин 19, 20  
 Янъчжэнь 205  
 Янъмэнъцзюньгун 192

## **Этнонимдер көрсеткіші**

**А**ланьасы 213  
Алитиеэр тайпасы 51  
Алосы 213  
Ақ татар 17, 48  
Аньчи татар 43  
Асу 164, 169, 213  
Аэрхунь 187

**Б**алаху елі 34, 35  
Балахудегу 35  
Бигудә 17  
Босыхуәр 140  
Булиаэр 213  
Вангу 141  
Воила 51  
Волосы 125, 169, 213  
Вугули 17  
Вәйла 49  
Вәйү 191, 192  
Вәйүәр 51, 52, 207, 215

**Г**аочә 205  
Гуэрчжи 164

**Д**алагуай 17  
Дамили 17  
Даши 18  
Джаджирад 17, 20  
Дила 17, 20  
Доланцзи 37

Долубань 41, 42, 43, 46, 50  
Дунай 45  
**Е**дә-инали 51  
Емилихочжи 169  
Еси 17  
Ициле 42, 47

**К**анли 164, 196, 205  
Кәфучча 208  
Кәле 39, 48, 49, 149, 205

**Қ**идан 16  
Қолуласы 42  
Қонырат 17  
Қытай 16

**М**ану 37  
Мачжаэр 170  
Мелици 40, 45, 46, 49, 50, 51  
Мелицзи 168, 169, 193  
Мәнгү 32, 49, 111, 120, 124, 125,  
126, 127, 150, 167, 197, 216  
Меркіт 17

Меэрцитай 154

**Н**айман 38, 39, 40, 41, 43,  
44, 45, 46, 48, 49, 50, 143,  
144, 154, 163, 168, 169, 177,  
191

- Неэрцзинь 47  
 Нила 17  
 Нийчжи 158  
 Пусуван 17  
**Сали вэйутэ(лэ)[цинь] Сали**  
 127, 170  
**Сайи**149  
 Саньчжуу 41, 42, 43, 46, 49, 50  
 Сидэ 17  
**Тайчиу**36, 37, 41  
 Тангут 17  
 Тану 158  
 Татар 41, 43, 46, 49, 50, 158  
 Тулубань 49  
 Тулуцзи 211  
**Улууд** 154  
 Улуутай 153  
 Улусы 170  
 Уллянхэ 167  
 Усы 215, 216  
**Үйғыр** 18  
**Үлкен сары Шивей** 17  
**Хадацзинь** 41, 42, 43, 46,  
 50  
 Халачи 194, 197, 198  
 Халалу 196  
 Ханцзинь 169  
**Хатацзинь** 49  
**Холула** 47, 124  
**Хуанхуда** 124  
**Хумусы** 17  
**Хунцзила** 41, 42, 43, 46, 47, 110,  
 140, 153  
**Хуэйгу** 39, 212  
**Хуэйхуэй** 39, 187, 216  
**Хэчжу** 17  
**Целе** 124, 153, 154, 169  
**Целеи** 153, 154, 187  
**Целетай** 158  
**Целии** 45  
**Цивовэнь** 32  
**Цидань** 39, 158, 177, 181, 208  
**Цилицзисы** 51, 198  
**Циньча** 112, 124, 158, 164, 168,  
 169, 193, 194, 195, 196, 197,  
 213  
**Цэлицизисы** 215, 216, 217  
**Цзиэрцзисы** 215  
**Цзубу** 17  
**Цзюэрби** 17  
**Чахань татар** 43  
**Чиминь** 170  
**Чжалаэр** 37  
**Чжаоле** 37  
**Чжулицзинь** 45  
**Чживэнь** 158  
**Чээркэсъ** 213  
**Ялаиэр** 33, 35

## **Географиялық көрсеткіш**

Абахаэр 214  
Аламотә 24  
Алатохулау 125  
Алахәй 164  
Алимали 212  
Алиңзи өзені 169  
Алухаунь 158  
Алансай қамалы 43, 45  
Аләйщуань бұлагы 41  
Амоли 214  
Анкәла дариясы 215  
Аньдахань тауы 193  
Аньмудария 208  
Аньси 196  
Аньтай тауы 49  
Аньтань хоәрхуань 145  
Апу өзені 215  
Асу жері 119  
Атәбаши 212  
Ашу өзені 181

Әмудария 126

Бабу 212  
Баваәрдә 215  
Бадахачан 211  
Балаху 34, 35  
Балахүцегу 35  
Балахәй 35

Балжун өзені 149  
Балувань даласы 54  
Балиман 212  
Балихәй 215  
Бамоу 215  
Банъләхэ 53  
Банъчжуни өзені 47, 158, 167, 187  
Баньшу өзені 197  
Банъчжэн көлі 154  
Батыс Ляо 16, 163  
Бахалаинь 214  
Баңзида 214  
Баәрдаа 215  
Баәрхүчжән 40, 43  
Баәрчжэн 53  
Баәрчиҳань 214  
Белиболида тауы 180  
Бес тоуся 153  
Бешибали жері 126, 180, 208, 212, 213  
Бешилань 208  
Билихань қаласы 169  
БолитуньАлань 33  
Боце тауы 196  
Боңзыбали 164  
Бугу хан 18  
Бусайинь 214  
Бусытә 215  
Бухаэр 53

- Бухуала 187, 211  
 Бухайхань 141  
 Бухань 169  
 Бүцэу өзені 169  
 Бэйилечуань өзені 41  
 Бэйпин 195  
 Бэйтин 212  
 Бэйтин духуфу 17  
 Бянь 150  
 Бяньцзин 159
- Ваньлэгун сарайы** 112  
 Ванцзисуметули 120  
 Васидэ 214  
 Водуань 163  
 Волохай қаласы 51  
 Вонань өзені 38, 41, 47, 50, 126, 167  
 Вотолоэр қаласы 53  
 Вохуань өзені 195  
 Вочи 212  
 Воэрхань 111  
 Вэйву 17  
 Вэйу қаласы 213  
 Вэйуэр жері 179, 211
- Ганчжоу** 18  
 Гаоли 112  
 Гаочан мемлекеті 179  
 Гаочэ мемлекеті 205  
 Гуаньси 54  
 Гуанъжэнъшань 141  
 Гулиган мемлекеті 216  
 Гун 112  
 Гутаба 213  
 Гусюйгүй мемлекеті 208  
 Гүцээвөрдо 163  
 Гэцзинин 211  
 Гүйле өзені 197
- Гюйэржчи жері 127  
**Ғұз орда** 20
- Даду** 215, 216  
 Дай 177  
 Даланьдабасы 119  
 Даланьбаньчжусы 36  
 Дали 194  
 Далинь 17  
 Далян 55  
 Дамин басқармасы 55  
 Дахэлин 213  
 Дашилинь-я 16  
 Дашибайпо 52  
 Даэрбань 215  
 Дилянь 214  
 Духуфу 212  
 Дуншэн 53  
 Дунлуваньхуфу 197  
 Дэлиань 212  
 Дэн аймары 55  
 Дэсинфу 52  
 Дэсисыдань 214  
 Дэхэнь 164  
 Дэшун 170  
 Дяюйшань 127, 187
- Елебань** 170  
 Елецзань 213  
 Елецзань қаласы 125  
 Ели 54  
 Емачуань 120  
 Емили жері 127  
 Емиши 212  
 Ехулин 52  
 Ечжили өзені 171  
 Еэрдэши өзені 50, 51, 53, 181  
 Еюньчи 212

- Илабали** 212  
**Илан** 216  
**Иланьчжоу** 215, 217  
**Иньду** 55, 111  
**Инчан** 194  
**Исыбалана қаласы** 111  
**Исы фахан** 214
- Коитань тауы** 168  
**Куань динцисі** теңізі 169, 170, 213  
**Кунь лунь** 151  
**Куфа** 214  
**Куча** 212  
**Күтеуалали** 110  
**Кунгуле** 145  
**Кәбули** 211  
**Кәдуң** 17  
**Кәймәнъ қақпасы** 51  
**Кәсань** 163, 212  
**Кәти** 212  
**Кәшан** 214  
**Кәшихаәр** 163, 212  
**Кәцзалун** 214  
**Кәцзионь** 214
- Лань** 170  
**Ланьбачәэр** 214  
**Лицзили қорғаны** 50  
**Лоәр** 214  
**Лосы қаласы** 50  
**Лугу** 213  
**Лунсин** 158  
**Ляоцзо** 197
- Мача қаласы** 171  
**Майцесы** 194  
**Малу** 54  
**Малучаекә** 54
- Мали** 208  
**Малиу** 54  
**Маосили** 214  
**Маэринан**  
**Молиси** 127  
**Монача тауы** 40  
**Моточи** 127  
**Мулай мемлекеті** 54  
**Мулои мемлекеті** 111
- Найшабуәр** 215  
**Наймань мемлекеті** 191, 208, 215  
**Налань була** 194  
**Нахаваньди** 214  
**Нахәйшабу** 211  
**Ничабуәр** 163  
**Ничауәр** 54  
**Нишабу** 182
- Пинян** 136, 187  
**Пухуа қалсы** 53  
**Пула** 212
- Сава** 214  
**Сайлань** 214  
**Салахадай** 215  
**Салиман** 214  
**Саличуан** 55  
**Салия** 214  
**Салихә** 36, 40, 41  
**Самарқанд** 19  
**Самаәргань** 212  
**Санфэншань** 178  
**Саңзила** 213  
**Селаңзы** 214  
**Синь** 17  
**Суньданьния** 214  
**Сунсыгань** 53

- Сун елі 55, 111, 112, 194  
 Судань мемлекеттері 127  
 Силасы қаласы 54  
 Симонян 214  
 Сися 39, 42, 50, 51, 55, 140  
 Синъчжоу аймағы 144  
 Сифань Хочжоу 181  
 Сицзинь 159  
 Сюан вәйсы 213  
 Сиой 19, 52, 53, 54, 110, 112,  
     120, 127, 144, 149, 150, 159,  
     163, 187, 188, 213  
 Сюаньпин 52  
 Сюньсыган 140  
 Сюэмисыгань 163  
 Сюэмицзэгань 187  
 Сюэлингэ өзені 179  
 Сяньсыгань қаласы 208  
 Сянчжоу 16
- Т**абасинь 215  
 Тагусин 213  
 Тайханьчжай 50  
 Тайхэлин тауы 169  
 Тайюань 187  
 Тайчжоу 16  
 Тамишә 214  
 Танлилин 216  
 Тангу 112  
 Тан елі 55, 180, 207, 212, 216  
 Танин ауданы 178  
 Талиханьчжай 54  
 Талигань 215  
 Таохә 170  
 Темайгай даласы 48  
 Темэньгуан 53  
 Темірқақпа 208  
 Темэнъ 151  
 Телету шатқалы 39
- Теэр тауы 164  
 Тулисыгэ қаласы 170  
 Тулюйбейр өзені 42  
 Туна өзені 171  
 Тунгэцзэ 45  
 Тунгуань қамалы 55, 140, 170  
 Туула өзені 40, 168, 172, 195,  
     196  
 Тухула 179  
 Түцэилихулу 33  
 Тумаувэнь тауы 164  
 Тусы 54, 211  
 Тәэрми 211  
 Тяньгэлийдаха 180
- Ү** 53  
 Удуң 181  
 Улахай қаласы 51  
 Улута тауы 50  
 Улухуэйшилянъчжэнь өзені 43  
 Унань өзені 158  
 Упин 193  
 Утилаэр 212  
 Ухэбала 214  
 Учэн қаласы 212  
 Ушабао қамалы 51, 52, 207  
 Уюэин 52
- Ф**аинь 215  
 Фушань тауы 180  
 Фэнли 52
- Х**адинли 45  
 Хайдун 120  
 Хайлаэр Тэніхолухань жері 42  
 Халавэнь тауы 196, 197  
 Халавэнь шатқалы 39  
 Халаньчжэнь шато 47  
 Халаогу 55

- Халахунь тауы 47  
 Халахачжәнъ шато 153  
 Халахочжә 212  
 Халалу елі 52  
 Хань жеріне 159, 205, 215  
 Ханълинъ 16  
 Ханмянли 181  
 Ханъхәна 215, 216, 217  
 Ханътахай 198  
 Ханъха 154  
 Ханъхай тауына 49, 197  
 Ханъянь қаласы 164  
 Хацзали тауы 170  
 Хаяли жері 127  
 Ходуань 112  
 Хонин өзені 171  
 Хотеуалань 126  
 Хочжоу 180  
 Хуанчжаопу 178  
 Хуалацзымо 213  
 Хуваэр 214  
 ХуатегүХулань тауы 112  
 Хуанхә 51, 151  
 Хуанчжоу 120  
 Хуайнань 120  
 Хулидаха тауы 180  
 Хулубанъсюэбучжи жері 110  
 Хули өзені 168  
 Хуланъчжанъцы тауы 41  
 Хулимоцзы 214  
 Хунчжоу 159  
 Хутань 212  
 Хутугуан қамалы 120  
 Хутудзэ 41  
 Хучжан өзені 208  
 Хучжань 212  
 Хуэй 170  
 Хуэйгу мемлекеті 120  
 Хуэйфан 17  
 Хуэйхә 140  
 Хуэйхәчуан 52  
 Хуэйхуәй мемлекеті 19, 168, 181  
 Хәбәй 111  
 Хәбәй жері 55  
 Хәйлинъ 164, 168  
 Хәйшүй 17  
 Хәйсинъбаши 40  
 Хәэлинъ қаласы 112, 120, 126, 198  
 Хәэлин тауы 179, 180  
 Хәнань 159  
 Хәнъчжоу 168  
 Хәнсяниэр 120  
 Хәси 39, 45, 51, 169, 182  
 Хәчжоу 213  
 Хәчжун 159  
 Хәшо жері 54  
 Хәэрлу жері 211  
 Цайчжоу 159  
 Целойлянь өзені 52, 110, 181  
 Целе жері 154  
 Цеши 214  
 Цидан 51  
 Цилицзисы 215  
 Цилиманшахан 214  
 Цин 112  
 Циняньгу 120  
 Циэрман 19  
 Цзаньчжан 214  
 Цзеңзечаха 112  
 Цзинь 17, 38, 39, 45, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 110, 111, 119, 150, 159, 168, 177, 178, 207, 208  
 Цзиньшань тауы 195, 198  
 Цзиньчжоу 52, 136  
 Цзинань 145  
 Цзинчжоу аймағы 52

- Цыххэ 17  
 Цзянхэ 42  
 Цзяодуань 55  
 Цзюйонгуань қамалы 52, 150  
 Цзюньчжоу 159, 178  
 Цзюцуань 181  
 Цзянхэ өзені 42  
 Цзянътэгай тауы 49  
 Цзяочжоу 180  
 Цзяшиха 181  
 Цэлүлин өзені 42  
 Цюйдяо алань 110  
 Цюйлюйхуайхэйхасу 120  
 Цюйчу мемлекеті 158  
 Цюйэртэ 164  
 Цюсы 48  
 Цюэитань даласы 43  
 Цянь өзені 198, 215, 216  
 Цянъмалинь 187  
 Цянъчжоу 215, 216, 217
- Чань өзені 168  
 Чанхэ 181  
 Чачи 212  
 Чжан 211  
 Чжанбали 213  
 Чжаньдэ 214  
 Чжэнхай қаласы 159  
 Чжуличжан 214  
 Чжунду 53  
 Чжундоу 150, 151  
 Чжунго 193  
 Чжунюань 52, 144, 207  
 Чжунсинфу 51  
 Чжечжэ юнду тауы 48  
 Чжэнъжун 170  
 Чжэнсянь 207  
 Чундэ 17  
 Чуньнинхэ өзені 170
- Чәчәэр тауы 42  
 Шанду 212  
 Шығыс Үнді мемлекетіне 55  
 Ши 177  
 Шиэрваньша 164  
 Шо 53  
 Шофан 143, 153, 181, 197  
 Шомо жерін 140  
 Шошолань 54  
 Шэлацзы 214  
 Шэливань 214  
 Шэлянь 193  
 Шэнду 127
- Эдала қаласы 53  
 Эидо қаласы 208  
 Энъчжоу 55, 159  
 Эцзихань 212
- Ю**ань династиясы 136, 215  
 Юйлунцзечи қаласы 53  
 Юйлюйгэ бұлақ 36  
 Юйэргу 164  
 Юйой 168  
 Юйсюй өзені 215  
 Юйлибайли тауы 193  
 Юньнай 53  
 Юньчжун 111, 144  
 Юнчжоу 136  
 Юэцзечи 163
- Я**нь 17  
 Янцзигань 53  
 Яньцзин 120, 159  
 Яньмэн 177  
 Яньчжэн 205, 206  
 Янцзебали 213  
 Яэрцянь 163

## Шартты қысқартулармен берілген әдебиет

- Абе Такео  
Аргынбаев X.,  
Мұқанов М.,  
Востров В. 2000  
Әбілғазы. 1992.  
Б. Еженханұлы,  
Ж. Ошан және  
С. Сұңғатай.  
2006  
Б. Еженханұлы,  
Ж. Ошан, 2006  
В. В. Бартольд,  
1928  
К. Байпаков,  
1998  
К. Байпаков,  
2005  
B. Yezhenkhanuly  
Н. Я. Бичурин  
В. В. Бартольд,  
1922
- Абе Takeo.* Батыс үйір мемлекетінің тарихы туралы зерттеулер (Қытайша аудармасы: 安部健夫著, 宋肅瀛等汉译: «西回鹘国史的研究»). 乌鲁木齐, 1985年.
- Аргынбаев X., Мұқанов M., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 2000.
- Әбілғазы.* Түрік шежіресі. Алматы, 1992.
- Еженханұлы Б., Ошан Ж., Сұңғатай С.* Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. I том. Саяхатнамалар мен тарихи географиялық еңбектерден таңдамалылар. Алматы, 2006.
- Еженханұлы Б., Ошан Ж.* Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. IV том. Әзүлттік тарихи жылнамалар 2-бөлім. Алматы, 2006.
- Barthold W. W.* Turkestan down to the Mongol Invasion. London, 1928.
- Байпаков К. М.* Средневековые города Ка-захстана на Великом шелковом пути. Алматы, 1998.
- Байпаков К. М.* Қазақстанның байыры қалалары. Алматы, 2005.
- B. Yezhenkhanuly.* A naiman kin in china during the Yuan and Ming periods // Shygys. 2004, № 2.
- Бичурин Н. Я.* (Иакинф), Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. I-II, 1998. Алматы; Т. III. Алматы, 1999.
- Бартольд В. В.* История Тюркистана. Ташкент, 1922.

- Ван Цзинжу,  
1931 王静如著: «论阻卜与靼旦», 载«国立中央研究院历史语言研究所集刊» 第2 (3) 辑, 1931年。
- Виттфогел және  
Фэн, 1949 Wittfogel K. A. Feng Chia-sheng. The History of Chinese Society-Liao (907–1125). Philadelphia, 1949.
- Вэй Лянтао,  
1991 魏良韬著: «西辽史纲», 1991年, 北京。
- Фэн Чэнцзюнь,  
1939 冯承钧: «辽金北边部族考», 载«辅仁学志»第8 (1) 辑, 1931年。
- Гэн Шиминь,  
1978 耿世民: «两件回鹘文契约»(«中央民族大学学报»), 1978年第2期 (Екі парақ үйғырша келісімхат, Орталық Үлттар Институты ғылыми журналы, 1978, №2).
- Гэн Шиминь,  
2005. 耿世民: «古代突厥文碑铭研究», 中央民族大学出版社, 2005年.
- Гүйчжайвэнъцзи «高昌契氏家传» («Гаочанцишицзячуань»), «圭斋文集»卷11, 商务印书馆 «四部丛刊初编» («Гүйчжайвэнъцзи» цзюоань 11, Шан-у-иньшугуань, «Сыбусунканьчубяньбэнь»).
- Дин Гофан 丁国范: «镇海族源辩»元史及北方民族史研究集刊, 第10辑(Чжэнъхай әuletінің ата тегі, «Юаньши цзи бәйфан минцзуши яньцзю цзикань», № 10).
- E. Chavannes 1903 (қытайша  
аудармасы) Chavannes E. Documents sur les Tou-kiue occidentaux, St. Petersbourg, 1903. Қытайша аудармасы = [法] 沙畹著, 冯承钧译: «西突厥史料», 中华书局, 1958年).
- Ж. Бейсенбай-  
ұлы Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі. Алматы, 1995.
- Juvainy Juvainy Tarih-i-Jahan Gusha //J. A. Boyle (Ағылшынша ауд.) : The History of the World Conqueror. Manchester University Press, 1958 (Қытайша аудармасы: 何高济 译 «世界征服者史» (上, 下册) 商务印书馆. 2004年. 北京).

- J. A. Boyle, 1971 *J. A. Boyle* 1971. The Successors of Genghis – Khan, trans. From Rashīd al-Dīn: the Jāmi’āl-Tawārīkh, New Yoruk, 1971.
- Ә. Қинаятұлы, 2001 *Зардыхан Қинаятұлы*. Монгол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары IX–XII ғасырлар. Астана, 2001.
- И. Березин, 1858 *Березин И.* Труды Восточного Отделения Императорского Археологического Общества. Т. 5. 1858.
- И. Березин, 1861 *Березин И.* Труды Восточного Отделения Императорского Археологического Общества. Т. 7. 1861.
- И. Березин, 1868 *Березин И.* Труды Восточного Отделения Императорского Археологического Общества. Т. 13. 1868.
- И. Березин, 1888 *Березин И.* Труды Восточного Отделения Императорского Археологического Общества. Т. 15. 1888.
- К. Д'Оссон, 2003 К. Д'Оссон. От Чингисхана до Тамерлана. Алматы: Санат, 2003.
- К. Д'Оссон, 2004 К. Д'Оссон. Қытайша аударма: 冯承钧 译 «多桑蒙古史» 上, 下) (К. Д'Оссон. Монгол тарихы. I, II Том.)中华书局 2004.
- Қазақстан тарихы «Қазақ өркениеті», 2005 Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін, төрт томдық (1). Алматы: Атамұра, 1996.
- Құпия шежіре. 1992 Қазақ өркениеті. Алматы, 2005. №1.
- Құпия шежіре. 1998 Улизің Төрребат, Міркамал Жәлелхан аудармасы. Монголдың құпия шежіресі. 1992. Пекин.
- Сұлтанияұлы М. Монголдың құпия шежіресі. Алматы, 1998.

- Құпия шежіре 2006. *Базылхан Н. Қазақстан тарихы туралы монгол деректемелері. I том. Монголдың құпия шежіресі.* Алматы: Дайк-Пресс, 2006.
- Қыдырғали Жалайыр, 1997 *Қыдырғали Жалайыр.* Шежірелер жинағы. Алматы, 1997.
- Лю Ишэн, 1985 刘迎生: «元代诸汗国的约和及窝阔台汗国的灭亡», 《新疆大学学报》 1985年第2期。(Юань дәүіріндегі монгол ұлыстары ортасындағы бітімгершілік және Үгедей ұлысының жойылуы, Синьцзян Университеті журналы, 1985, №2).
- Лян Юаньдун, 1934 梁园东著: 西辽史, 1991年, 上海。
- Л. Н. Гумилев, 1994 *Гумилев Л. Н. Древние тюрки.* М., 1967. Қазақша аудармасы = Гумилев Л. Н. Көне туцзюлтер. Алматы, 1994.
- Л. Н. Гумилев, 1992 *Гумилев Л. Н. Қиял патшалығын іздеу «Прәдәр Иоанның мемлекеті» туралы аңыз.* Алматы, 1992.
- М. Қашқари *Махмут Қашқари.* Түрік сөздігі. Алматы, 1997.
- Marko Polo *Marko Polo. Le divisament dou monde.* London, 1938. (A. J. H Charigon тусіндермесін жазған нұсқа негізіндегі қытайша аудармасы) — «马可波罗行纪» 冯承钧 译, 中华书局, 1954年.
- P. Pelliot, 1920 P. Pelliot. ‘À propos des Comans’, JA, 1920, I).
- P. Pelliot, 1930 «T’ong pao». 1930, 24.
- P. Pelliot, 1935 «T’ong pao». 1935.
- P. Pelliot 1931 *Pelliot P. Les Mongols et la Papauté, Revue de l’Orient chrétien, 1931* (伯希和 《蒙古语教廷》 冯承钧 译 中华书局 1994).

- Пелео, 1934 *Pelliot P. Tokharien et Koutchéen. JA, Vol. 224, 1934. Қытайша аудармасы (аударушы Фэн Чэнцюнь) (伯希和、列维著, 冯承钧译: «吐火罗语考», 2004年, 北京).*
- Plan Carpin және William Rubruk *Plan Carpin. Histoire des mongols, William Rubruk. The Journey of William of Rubruk (Қытайша аудармасы: 耿升, 何高济 译: «柏朗嘉宾蒙古行纪, 鲁布鲁克东行纪» 中华书局 1985.*
- Рашид ад-дин I (1) *Рашид ад-дин. Сборник летописей. Издательство Академии Наук СССР. Москва-Ленинград, 1952.*
- Рашид ад-дин СЛ, I-1 *Рашид ад-дин. Сборник летописей. Т. 1. Книга первая / Перевод с персидского А. А. Хетагурова, Редакция и примечания проф. А. А. Семенова. М.-Л., 1952.*
- Рашид ад-дин СЛ, I-2 *Рашид ад-дин. Сборник летописей. Т. 1. Книга вторая / Перевод с персидского О. И. Смирновой, примечания Б. И. Панкратова и О. И. Смирновой, редакция проф. А. А. Семенова. М.-Л., 1952.*
- Рашид ад-дин СЛ, II *Рашид ад-дин. Сборник летописей. Т. 2 / Перевод с персидского Ю. П. Верховского, примечания Ю. П. Верховского, Б. И. Панкратова, редакция проф. И. П. Петрушевского. М.-Л., 1960.*
- Рашид ад-дин СЛ, III *Рашид ад-дин. Сборник летописей. Т. 3 / Перевод с персидского А. К. Арендса / Под ред. А. А. Ромаскевича, Е. Э. Бертельса и А. Ю. Якубовского. М.-Л., 1946.*
- Рашид ад-дин ҚА (қытайша аудармасы) *余大钧, 周建奇 译《史集》第一卷 第一分册, 第一卷 第二分册, 第三卷 商务印书馆, 1983 - 1985 年. 北京.*

- René Grousset, 1989 René Grousset. L'Empire mongol par (Кытайша аудармасы, 1989 ж.) 雷纳·格鲁塞 著, 龚钺 译, 翁独健 校: «蒙古帝国史»商务印书馆, 1989.
- René Grousset, 1998 René Grousset. L'Empire des Steppes (Кытайша аудармасы, 1998 ж.) 雷纳·格鲁塞 著, 蓝琪 译, 项英杰 校: «草原帝国» 商务印书馆, 1998.
- СШ «隋书» («Суйшү») 欧阳修: «新唐书» («Синь Таншу»). 中华全廿六史, 白话文版 [第八册] «元史», «新元史». 华侨出版社)
- «Синь Юаньши» 谭其骧主编: «中国历史地图集»第6册, 1982年, 上海。
- Тан Цисян «Тарихи карталар жинағы» (6) 屠寄: «蒙兀儿史记», 北京市中国书店, 1984年。
- Ту Цзи «Цзяньян жылдарынан бергі жылнамалар» 韩儒林: «建炎以来系年要录».
- Хань Жулинь, 1982 韩儒林: «穹庐集», 上海, 1982年。
- Хань Жулинь, 1985 韩儒林: «中国大百科全书. 中国历史» «元史» 中国大百科全书出版社, 北京. 1985.4
- Хань Жулинь, 1986 韩儒林主编: «元朝史», 1986年, 北京。
- Цай Мэйбяо, 1986 蔡美彪 主编: «中国历史大辞典» 辽, 夏, 金, 元史卷上海辞书出版社, 1986年.
- «Цзю Таншу» «旧唐书» («Цзю Таншу») 金史, 中华书局点校本, 北京, 1975。
- ЦШ «Цинъчжэнлу» «Шэн-у-цинъчжэнлу» («圣武亲征录») Ван Говэй тұсіндірме жазған нұсқасы. «Ван Говэй мұралары» 13-том, Шанхай Гуцзи чубаньшэ.

- Цзян Инян,**  
1990 江应梁 主编： «中国民族史», 民族出版社,  
1990 年。(Қытайдағы ұлттардың тарихы.  
Минъзы чубанышә, 1990, Пекин.).
- Чжан Синлан,**  
1978 张星烺： «中西交通史料汇编», 中华书, 1978  
年, 北京。
- Чэн Дэчжи,**  
1982 陈得芝： «耶律大石北行史地杂考», 载«历史地  
理»第2辑, 1982年。并收入陈得芝著： «蒙元  
史研究丛稿», 2005年, 北京。
- Чэн Дэчжи,**  
1986 陈得芝： «十三世纪前的克烈王  
国», 载«元史研究辑刊»第三辑,  
1986年, 北京。
- Чэн Дэчжи,**  
1992 陈得芝： «元代的钞法» (南京大学学报) 1992  
年第4期 (Юань әулетінің ақша түзімі, Нанкин  
Университеті ғылыми журналы, 1992. № 4).
- Чэн Дэчжи,**  
1997(13) 陈得芝： «中国通史» 第八卷, 中古时代, 元  
时期 (上) 13。上海人民出版社, 1997年。
- Чэн Дэчжи,**  
1997(14) 陈得芝： «中国通史» 第八卷, 中古时代, 元时期  
(下) 14。上海人民出版社, 1997年。
- Чэн Дэчжи,**  
2005 陈得芝： «蒙元史研究丛稿» 人民出版社, 北  
京, 2005 年。
- Чэн Дэчжи,**  
1980 陈得芝： «元称海城考» (Чжэнхай қаласының  
орны), «元史及北方民族史研究集刊», 1980.
- Чжоу Лянсяо,**  
1981 周良霄： «关于西辽史的几个问题», 载«中华文  
史论丛» 1981 年第3辑。
- Чжунго лиши да  
шыдянь** «中国历史大辞典», 上海, 2000年
- Шан Яньбинь,**  
1999 尚衍斌： «元代维吾尔研究» (Юань дәүіріндегі  
үйғырлар туралы зерттеулер), 民族出版社.  
1999年. 北京.
- Шу Фэнь, 1984** 舒焚著： «辽史稿», 湖北人民出版社,  
1984 年。
- Shêng wu ch'in-  
cheng lu** P. Pellit and L. Hambis, ed.and tr., *Histoire des  
campagnes de Gengis Khan*, Leiden, 1951.

- Ішкі Монгол      内蒙古社会科学院《蒙古族通史》 编组，  
FA. Тарих инс-      《蒙古族通史》(Монгол тарихы), 民族出版社.  
титуты
- «Юаньши»      宋濂: 《元史》, 中华书局点校本. 北京 1976  
(Сун Лянь. «Юаньши». Чжунхуашуцзюй  
нускасы, Пекин, 1976)
- Юй Дацзюнь      余大均: 《阻卜考》 (中国蒙古史学会1981年年  
1981      会论文), 收入中国蒙古史学会编: 《蒙古史论  
文选集》第1辑, 1983年。
- Ян Цзянсинь      杨建新 主编 《古西行记》选注 («Гусисинц-  
1987      зи»). 宁夏人民出版社. 1987.

## **Резюме**

В пятый том пятитомной серии “История Казахстана в китайских источниках” включены переводы на казахский язык отдельных глав древних китайских летописных книг, повествующих об истории тюркоязычных народов XII–XIV веков. В таких летописных книгах, как “Ляоши” [Liashi] (История династии Ляо), “Юаньши” [Yuanshi] (История юаньской династии), сохранены подробные сведения о Каракитайском ханстве, о ханствах найманов, кереитов, жалаиров, кипчаков, меркитов, коныратов, онгитов. Эти улусы, впоследствии ставшие основными составляющими казахского этноса, до завоевательных походов Темучина наряду со скотоводством занимались земледелием, имели города и торговые центры, достигли более высокого уровня развития, чем завоеватели. В источниках имеются ценные сведения о выдающихся представителях этих племен, ставших полководцами, государственными деятелями империи Чингисхана. Наряду с цзюанями (главами), посвященными сыновьям и внукам Чингисхана, имеются отдельные главы, рассказывающие об этих представителях тюркоязычных племен.

Указанные источники впервые переведены на казахский язык и снабжены научными комментариями, именным, этнографическим и географическим указателями.

## **Summary**

The fifth volume of the “History of Kazakhstan in Chinese Sources” (five-volume series) contains Kazakh translations of the chapters of ancient Chinese chronicles on the history of Turkic ethnic groups in XII-XIV centuries. The “Liashi” (“History of Lia Dynasty”) and the “Yuanshi” (“History of Yuan Dynasty”) preserve detailed information about the Karakaitais’ state and about the khanates of naiman, kereit, zhalaïr, kipchak, merkit, konyrat and ongit turkic tribes. These Turkic tribes, which subsequently became the core components of Kazakh ethnos, were engaged in agriculture along with cattle breeding, had cities and commercial centres before aggressive campaign of Temuchin. They reached the higher level of development than conquerors. In these sources there is valuable information about outstanding representatives of Turkic tribes, which became generals and statesmen in the empire of Chengis Khan. In addition to the tzyuans (chapters) devoted to sons and grandsons of Chengis Khan there are chapters, which tell about these representatives of Turkic tribes.

All translations are supported with scientific comments, nominal, ethnical, and geographical indexes.

# МАЭМҰНЫ

Кіріспе .....	5
«Ляоши», 30-цзюань, «Тяньцзо патшаның өмірбаянына қосымша: Батыс Ляо (Қарақытай) мемлекетінің тарихы» (Аударып, түсіндірмелерін жазған <i>Б. Еженханұлы</i> ) .....	15
«Юаньши», 1-цзюань, Патшалар шежіресі I, «Тайцзу» (Аударып, түсіндірмелерін жазған <i>Ж. Ошан</i> ).....	32
«Юаньши», 2-цзюань, Патшалар шежіресі II, «Тайцзун» (Аударып, түсіндірмелерін жазған <i>Ж. Ошан</i> ).....	110
«Юаньши», 2-цзюань, Патшалар шежіресі II, «Динцзун» (Аударып, түсіндірмелерін жазған <i>Ж. Ошан</i> ).....	119
«Юаньши», 3-цзюань, Патшалар шежіресі III, «Сянъцзун» (Аударып, түсіндірмелерін жазған <i>Ж. Ошан</i> ).....	124
«Юаньши», 117-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны IV, «Шучи» (Аударып, түсіндірмелерін жазған <i>Ж. Ошан</i> ).....	135
«Юаньши», 118-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны V, «Тэ Сюэчань» (Аударып, түсіндірмелерін жазған <i>Ж. Ошан</i> ).....	140
«Юаньши», 119-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны V, «Алаусы тицзихули» (Аударып, түсіндірмелерін жазған <i>Ж. Ошан</i> ).....	143
«Юаньши», 120-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны VII, «Чжабаәрхочжаның өмірбаяны» (Аударып, түсіндірмелерін жазған <i>Ж. Ошан</i> ) .....	149
«Юаньши», 120-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны VII, «Шучитайдың өмірбаяны» (Аударып, түсіндірмелерін жазған <i>Ж. Ошан</i> ) .....	153
«Юаньши», 120-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны VII, «Чжэнъ-хайдың өмірбаяны» (Аударып, түсіндірмелерін жазған <i>Ж. Ошан</i> ) .....	158
«Юаньши», 120-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны VII, «Хэсымайлидің өмір баяны» (Аударып, түсіндірмелерін жазған <i>Ж. Ошан</i> ) .....	163

«Юаньши», 121-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны VIII, «Субутайдың өмірбаяны» (Аударып, түсіндірмелерін жазған <i>Ж. Ошан</i> ) .....	167
«Юаньши», 121-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны VIII, «Чао- сының өмірбаяны» (Аударып, түсіндірмелерін жазған <i>Ж. Ошан</i> ) .....	177
«Юаньши», 122-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны IX, «Баэршуаэртә дәңзинънің өмірбаяны» (Аударып, түсіндірмелерін жазған <i>Ж. Ошан</i> ) .....	179
«Юаньши», 122-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны IX, «Хасананың өмірбаяны» (Аударып, түсіндірмелерін жазған <i>Ж. Ошан</i> ) .....	187
«Юаньши», 124-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны XI, «Тататунаның өмірбаяны» (Аударып, түсіндірмелерін жазған <i>Ж. Ошан</i> ) .....	191
«Юаньши», 128-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны XV, «Тутуханың өмірбаяны» (Аударып, түсіндірмелерін жазған <i>Ж. Ошан</i> ) .....	193
«Юаньши», 130-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны XVII, «Бухумудың өмірбаяны» (Аударып, түсіндірмелерін жазған <i>Ж. Ошан</i> ) .....	205
«Юаньши», 149-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны XXXIV, «Го Баоїйдің өмірбаяны» (Аударып, түсіндірмелерін жазған <i>Ж. Ошан</i> ) .....	207
«Юаньши» 63-цзюань, шежіре XV, География VI, «Солтүстік- батыс аймақтардың географиясы туралы қосымша мәліметтер» (Аударып, түсіндірмелерін жазған <i>Ж. Ошан</i> ) .....	211
Есімдер көрсеткіш .....	225
Этнонимдер көрсеткіш .....	232
Географиялық көрсеткіш .....	234
Шартты қысқартулармен берілген әдебиет .....	240
Резюме .....	248
Summary .....	249

**ББК 63. 2**  
**Қ 18**

**Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. V том.**  
**Қ 18** Әулеттік тарихи жылнамалар. 3-бөлім. — Алматы: Дайк-Пресс, 2006. — 256 б.

**ISBN 9965-798-61-3**

Бес томдық “Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері” сериясының бесінші томына XII—XIV ғасырлардағы түркітілдес халықтардың тарихы туралы баяндайтын ежелгі қытай жылнама кітаптарының жекелеген тараулатарының қазақша аудармалары қамтылған. “Ляши” (Ляо әулетінің тарихы), “Юаньши” (Юань әулетінің тарихы) атты кітаптарда Қарақытай хандығы, Найман, Керей, Жалайыр, Қыпшақ, Меркіт, Конырат, Оңғыт хандықтары туралы егжей-тегжейлі мәліметтер сақталған. Кейін қазақ этносының негізгі құрамдастары болған бұл ұлыстар Шыңғыс ханның жаулап алушылық жорықтарына дейін малшаруашылығымен қоса егіншілікпен шұғылданған, қалалары мен сауда орталықтары болып, жаулап алушылардан гөрі дамудың негұрлым жогары деңгейіне жеткен. Деректемелерде бұл ұлыстардың кейін Шыңғыс хан империясының қолбасшылары, мемлекет қайраткерлері болған көрнекті өкілдері туралы бағалы мәліметтер бар.

Аталған деректемелер қазақ тіліне алғаш рет аударылып, оларға ғылыми түсіндірмелер берілген, есім, этноним және географиялық көрсеткіштермен жабдықталған.

Кітап тарихшыларға, шығыстанушы ғалымдарға, сондай-ақ отан тарихын білмекке ден қоюшы көпшілік қауымға арналған.

**Қ 0503000000  
00(05)-07**

**ББК 63.3**

**ISBN 9965-798-61-3**

*Fылыми басылым*

**“Қазақстан тарихы туралы  
қытай деректемелері” сериясы**

**V том  
Әuletтік тарихи жылнамалар. 3-бөлім**

*ҚР БФМ Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану  
институтының Fылыми кеңесі мақұлдаган*

Редакторы *Р. Қ. Шаймерденов*  
Корректоры *Қ. Әбдіраман*  
Мұқаба дизайнны *К. Карпун*  
Компьютерде беттеген *Г. К. Шаккөзова*

Басуға 26.12. 2006 ж. қол қойылды. Пішімі 60x90<sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
Шартты б. т. 16,0. Есептік б. т. 15,56.  
Таралымы 3000 дана.

“Дайк-Пресс” баспасы,  
050010, Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 29.  
Тел./факс: 261-28-35.

Баспа директоры **Қазығұлов Б. А.**

Тапсыруышының диапозитивтерінен Қазақстан Республикасы  
“Атамұра” корпорациясы ЖШС-нің Полиграфкомбинатында басылды.  
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41-үй.

ISBN 9965-798-61-3



9 789965 798610

*ЖАЗУ YILIIH*

*ЖАЗУ YШИИ*